

76.02.15133)
С 90



Қыпышбай СҮНДЕТҰЛЫ

ҚАҒАРЛЫ ЖЫЛДАР ШЕЖІРЕСІ

(1941-1945 ж.ж.).



Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ

ҚАҺАРЛЫ ЖЫЛДАР ШЕЖІРЕСІ
(1941-1945 ж.ж.).

Ғ. СЛАНОВ АТЫНДАҒЫ
ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ
ӘМБЕБАП КІТАПХАНА

420146 с/б

Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы, 2015

Баспаға Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 2015 жылғы 18 мамырында өткен Ғылыми кеңесінің № 5 хаттамасының § 4.5 қаулысымен ұсынылған.

ӘОЖ 070 (075.8)

КБЖ 76.0

С 90

Шығаруға жауапты және редакторы:

Ә.С.Төлеуішов, Қазақстан журналистер одағының мүшесі.

Пікір жазғандар:

Ш.Нағимов – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Б.С.Нығметов – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент;

СҮНДЕТҰЛЫ Қ.

С 90 Қаһарлы жылдар шежіресі (1941-1945 ж.ж.). – : «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасы, 2015. 303 бет.

ISBN 978-601-262-184-6

Кітапта Ұлы Отан соғысы жылдарында Атырау облысындағы газет пен радионың қалың бұқара арасындағы жұмысы жан-жақты баяндалады. Мұрағатта сақталған дерек көздерін айналымға түсіру нәтижесінде отты жылдардағы ақпарат құралдарының жеңіске қосқан өлшеусіз үлесі анықтала түсті. Өлкедегі газеттер беттерінде жарияланған майдан мен тылдың бірлігі, еңбеккерлердің жанқиярлық ерлігі туралы материалдардан көлемді деректер бар.

Аталмыш еңбек студенттерге, журналистерге, тарихшыларға және өлке мәдениетін зерттеушілерге арналған.

ӘОЖ 070 (075.8)

КБЖ 76.0

ISBN 978-601-262-184-6

© Сүндетұлы Қ., 2015.

© «Атырау-Ақпарат», 2015.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
Кіріспе.....	6
I БӨЛІМ. Соғыс қарсаңындағы елдегі саяси-өлеуметтік жағдай	11
1.1. Облыс баспасөзі мен радиосының қарқынды дамуы.....	11
1.2. Ақпарат құралдарын соғыс жағдайына бейімдеу	22
II БӨЛІМ. Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін	43
2.1. БАҚ - майдан мен тылдағы жеңісті ұйымдастырушы.....	43
2.2. Ембінің «қара алтыны» – майданға	50
2.3. Ерлікке лайық ерлерім	54
2.4. Газет пен радио жұмысын қайта құру, шолу	57
III БӨЛІМ. Қаһарлы жылдардағы – аудандық газеттер мен радио	69
3.1. Отты жылдардағы – Жылыой.....	69
3.2. Құрманғазы ауданының баспасөзі мен радиосы.....	92
3.3. «Ленин жолы» – соғыс жылдарында.....	119
3.4. Қаһарлы жылдардағы мұнайшылар БАҚ-ы.....	138
3.5. Қызыл Тулы Новобогат ауданы.....	161
3.6. Индер ауданы – сұрапыл жылдарда	169
3.7. Маңғыстау түбегі – жеңіс жолында.....	181
3.8. ЛИТО – қатал цензура	190
IV БӨЛІМ. Қаһарлы сөз қамал бұзады	204
4.1. Мұғалім О.Шонаевтың ерлігі	204
4.2. Журналист Т.С. Амандосов және «Социалистік құрылыс.....	212
4.3. А.Тоқмағамбетов – өлке баспасөзінде	223
4.4. «Социалистік Эмба» – отты жылдар отауы	233
4.5. Ұлы Жеңіс жаршысы	240
4.6. Өлке баспасөзінің тарланы	244
4.7. «Атырау» газетінің – төл батыры	256
Қорытынды материалдар.....	263
Тест тапсырмалары	270
Ұсынылатын қосымша әдебиеттер.....	300

АЛҒЫ СӨЗ

Баспасөз қоғамның айнасы, ел шежіресін түзуші. Өркез баспасөздің қуат-күші ерекше. Қоғамда ол өзінің орнын дәлелдеп келді, алда да дәлелдей бермек.

Биылғы жылы 70 жылдығын тойлаған Ұлы Жеңіс адамзат тарихына өз ізін өшпестей етіп жазды. Күндей күркіреп өткен соғыс 1418 күн мен түнге созылды. Талай боздақтар майдан даласынан оралмады, ата-ана балаларынан, әйелдер жарларынан, ұл-қыздар өкелерінен айырылып, жетім-жесір атанды. Оның зардабы мен жарасы әлі жүректерде сақталып келеді.

Міне, осындай ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен қан кешкен сұрапылда өңірдегі БАҚ-ы ерлік пен елдікке үндеп, «Бәрі жеңіс үшін, бәрі майдан үшін» ұранымен еңбек етуге шақырды. Атырау облысы халқының майдандағы, тылдағы ерлік істерін паш етті. Мұны сарғайған газет парақтарынан көруге болады.

Ғалым, журналист Қылышбай Сүндетұлы осы тарихты тірілтіп, 30 жылға жуық түрлі мұрағаттардан Батыс өңірдің БАҚ-ының шежіресін зерттеп, зерделеп келеді. Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарындағы БАҚ-ының қалыптасуы мен алғашқы жарық көру кезеңдерінің тарихын біліктілікпен жазып шықты.

Бүгінгі қолдарыңызға тиіп отырған еңбекте Атырау облысындағы баспасөздің қаһарлы жылдардағы шежіресі түзілген. Бұл ғалымның ізденісті еңбегінің жемісі.

Мұнда сол жылдары шығып тұрған облыстық «Социалистік құрылыс», «Прикаспийская коммуна», «Балықшылар үні» және «Красный Каспий» (Теңіз), «Социалистік ауыл» (Жылыой), «Социалистік мал шаруашылығы» (Индер), «Социалистік Ембі» (Мақат), «Колхоз жолы» (Маңғыстау) газеттеріндегі ел тыныс-тіршілігі мен халықтың өр-рухы, жарияланған мақалалардың отаншылдық пен патриотизмге, жауга деген өшпенділік сезімін қалыптастырудағы рөлі жан-жақты көрсетілген. Бәрі-бәрі мұрағат деректерімен дәлелденген. Көп ізденістің, қарымды

қаламның табы байқалады.

Өңірдің отты жылдардағы шежіресін былайша түзу, оның тарихи бағасын беру, келешек ұрпақтың жадына ұялату орынды іс деп білемін және бұл жинақтың студент қауымына оқу құралы ретінде ұсынылуы әбден құптауға тұрарлық.

Бүгінгі жас буын аға ұрпақтың ерлік пен елдік рухына қанығып, олардың ел шежіресіндегі қайсар да қажырлы өмір жолдарымен танысары сөзсіз. Өңір БАҚ-ының қаһарлы жылдардағы тынымсыз тірлігінен хабардар болып, облысымыздың сол сұрапыл отты жылдардағы майдан мен тылдағы ерен ерлігі пен еңбегінің куәсі болады.

Ғалымға тек алдағы еңбегіне жеміс пен биік асулар тілеймін. БАҚ-ының шежіресін жазуда алғы лектен көріне бер демекпін.

Ө.Төлеуішов,
Қазақстан Журналистер Одағы Атырау облыстық
филиалы төрағасының орынбасары.

КІРІСПЕ

XX ғасырдың қойнауына кеткен тарихи оқиғалардың ішінде ұмытылмайтын адамзат тарихына жасалған қастандық екінші дүниежүзілік соғыстың зардаптары еді. КСРО үшін Қиыр Шығыста жапон империалистерімен Хасан көлі мен Халхин-Гол өзені маңындағы, Финляндиямен болған арадағы соғыс үлкен шайқастан хабар бергендей болды. 1940 жылы империалистік мемлекеттер Германия, Жапония және Италия ашықтан-ашық соғысқа әзірлене бастады. Олар Еуропаның, Азия мен Африканың жерлерін қарақшылықпен тікелей басып алып жатты. Бұл мемлекеттердің агрессиясы КСРО-ға қатты қауіп төндірді. Өзге капиталистік мемлекеттер оларға жағымпазданып, барлық күшті коммунистік елге бағыттауға күш салды. Осының бәрі кеңестік ел халқының қорғаныс қабілетін нығайтып, оның әскери-шаруашылық мүмкіншілігін арттыру үшін, соғыс қуатын нығайту үшін бар күшті жұмылдыруды талап етті.

Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін Кеңестер Одағы сапында болған Қазақстан Республикасының еңбекшілері де жаңа қоғам орнату жолында білек сыбана кірісіп, саяси-экономикалық және мәдени саласында бірқатар табыстарға қол жеткізді. Республиканың өнеркәсіп пен транспортты өркендетуде, ауыл шаруашылығын дамытуда келелі ауқымды жұмыстар атқарылды. Еңбекшілер арасындағы саяси және мәдени-ағарту жұмыстары өрістеді. Сол майданда идеологияның қуатты құралдары баспасөз бен радио жауапты міндеттерді атқарып, үгіт-насихат және ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырды. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашығында озат тәжірибелерді кеңінен насихаттап, еңбек озаттарының іс-тәжірибелері бетшелер түрінде берілді.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында патшалы Ресейде таралымы 2,7 миллион дана 859 газет шығарылған болса, ал 1939 жылы КСРО-да таралымы 38 миллион данамен 9000-ға дейін газет шықты. 1939 жылы газеттердің жалпы саны 1913 жылмен салыстырғанда 10 есе, барлық таралымы 14 есеге өсті. КСРО-дегі газеттер 70 тілде жарық көрді. Сондай-ақ, 1592 журнал шығып, олардың таралымы 253 миллионнан артық болды.

1940 жылы Бүкілодақтық кітап палатасының «СССР-дің баспасөзі туралы» шығарған кітабының «Қазақстан баспасөзі» атты бөлімінде мынадай мәліметтер бар: «1923 жылы Қазақстан газеттерінің бір шыққандағы жалпы таралымы 25 мың 750 дана болса, 1940 жылы наурыздың 1-не Қазақ КСР газеттерінің саны 213-ке жетіп, бір шыққандағы жалпы таралымы 917 мың дана болды. Мұнымен қатар республикада көп тиражды 70-ке жуық газет шығып, республикадағы журналдар мен бюллетеньдердің жалпы саны 23-ке жетті» [1]. Республикамыздың баспа ісі де жылдан-жылға өсті. Қазақстанда 200 баспахана болса, оның 163-і аудандық баспаханалар еді. Оларда 53 линотип, 11 ротация және 76 баспа машиналары болды. 1939 жылы Қазақстанның баспасөзіне (күрделі құрылысты қоспағанда) 17 миллион 400 мың сом бөлінді. Бұл 1930-1935 жылдардан екі еседей артық. 1940 жылы берілген қаражаттың сомасы 22 миллион 500 мың сомға дейін жетті. Соғыс басталар шақта республикада 322 газет жарық көрген болса, оның 9-ы республикалық, 28-ы облыстық және 193-ы аудандық газеттер болды. Дәл осы уақытта Атырау облысында 2 облыстық, 6 аудандық газеттер жарық көрді. Олар: «Социалистік құрылыс» пен «Прикаспийская коммуна» (облыстық), аудандық - «Балықшылар үні» және «Красный Каспий» (Теңіз), «Социалистік ауыл» (Жылой), «Социалистік мал шаруашылығы» (Индер), «Социалистік Ембі» (Мақат), «Колхоз жолы» (Маңғыстау) [2, 78-п.].

Күн өткен сайын басылымдардың таралымы да өсе түсті. 1938-1939 жылдары Атырау облысында: «Прикаспийская коммуна» - 12 мың, «Социалистік құрылыс» - 15 мың, «Колхоз жолы» - 1,5 мың, «Социалистік мал шаруашылығы» - 2 мың, «Балықшылар үні» - 2 мың, «Красный Каспий» - 1 мың, «Социалистік ауыл» - 1,5 мың және «Ембі жұмысшысы» - 2 мың данамен жарық көрді [3, 12-п.].

Атырау облысының баспасөзі мен радиосы осы тұста үлкен жауапты міндеттер атқарды. Олар бұл кезде үгіт-насихат және ұйымдастыру жөнінен біраз тәжірибе жинақтады. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығында социалистік жарысты ұйымдастырып және оны дамытып отыру, еңбек озаттарының тәжірибелерін өрістетуге, сауатсыздықты толығымен жойып, өлке мәдениетін көтеруге белсене араласты. Күн санап оқырмандар саны артты.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында өлкемізде радио тыңдаушыларының саны тез өсті. 1939 жыл 1 қыркүйектегі есеп бойынша, облыста 14 радио жүйесі тұрақты жұмыс істеді. Оның 2-уі кеңшарларда, 6-уы мұнай, борат кәсіпшіліктерінде орнатылды. Олардың жергілікті жерлерде 3042 радио нүктесі болған еді. Солардың 203-і нүктесі көпшілік тыңдайтын жұмыс орындарына тұрды. Облыс көлемінде 120-дан астам радио қабылдағыш жұмыс істеді. Бұл радио жүйесінен облысқа күн сайын Бүкілодақтық радио комитеттің хабарлары мен «Правданың» бас мақаласы берілді.

Уақыт өткен сайын баспасөз бен радио қалың бұқараға етене жақындасып, олардың құнды пікірлері мен ақыл-ойларын жарыққа шығарды. Бұл маңызды жұмыста облыстық баспаханалардың жауапкершілігі де арта түсті. Гурьев облыстық баспахана қызметкерлері жиналысының 1940 жылы 18 қыркүйектегі қабылдаған қаулысы осының айғағы: «Баспахана қызметкерлеріне маңызды және құрметті тапсырма - бүкіл халық құныға оқитын документ, бұқараны кемшіліктерге қарсы күресуге жұмылдыратын, саяси тәрбиелейтін газет шығаратынын әрқашан есте сақтауы тиіс», - делінді [4, 48-п.]. Сөйтіп, газет шығарудағы орынсыз шығындарға жол бермеуге, баспахана жұмысшыларының жауапкершілігін арттыруға көлемді шаралар белгіленді.

Халқымыздың Гитлерлік Германияға қарсы жүргізген Ұлы Отан соғысы адамзат тарихында бұрын болып көрмеген ауыр шайқас болды. Сондай ел басына күн туған шақта қаламда қаруға теңелді. «Қолында мылтығы, қалтасында қаламы, Елімізді қорлап, жерімізді ластап жүрген неміс фашистеріне екеуі де тас шоқпардай тиді» деп Ф.Мүсірепов айтқандай, өлке баспасөзі мен журналистері алдыңғы шепте қан майданда жаумен арыстанша арпалысты. Өткір тілді газеттеріміз бен радио облыс халқына Отан соғысының сипаты мен мақсатын, еліміздің басына төніп тұрған қауіптің ерекше қатерлі екенін түсіндірді.

Гурьев облысында Ұлы Отан соғысы жылдарында үзбестен 2 облыстық және 9 аудандық газет жарық көрді. Атап айтқанда, «Социалистік құрылыс» пен «Прикаспийская коммуна» (облыстық), аудандық газеттер ішінде: «Красный Каспий», «Нефтяник» орыс тілінде және «Ленин жолы», «Балықшылар үні», «Социалистік ауыл», «Социалистік мал шаруашылығы», «Социалистік Эмба», «Колхоз жолы» және «Сталин

жолы» қазақ тілінде жарық көрді. Олардың барлығы да өзінің жұмыстарын соғыс талаптарына сай қайта құра біліп, Қызыл Армияның жауды тезірек талқандап, жеңіп шығуы үшін еңбекшілердің майданға көмекті көптеп беруіне, мұнайды, балықты және ауыл шаруашылығы өнімдерін мольнан беруге ат салысты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында неміс-фашистеріне қарсы қанды шайқаста майдан мен тылдың бірлігі, ерлік пен бірліктің тұтастығы, халықтардың интернационалдық достығы айқын көрінді. Бейбіт құрылыстың қарышты қадамына тежеу салынып, еліміздің барлық Отан сүйгіш азаматтары жауға қарсы соғыс майданына аттанды.

Атырау облысының еңбекшілері де жауға қарсы үлкен өшпес ерліктің үлгісін танытты. Облыс халқы айбынды ұл-қыздарын майданға жіберсе, олардың орнын басқан әйелдер мен жасөспірім балалар тылда еңбек көрігін қыздыра түсті. Олардың майдан мен тылдағы ерліктерін жан-жақты көрсетуде газет пен радио маңызды рөл атқарды. Соғыс жылдарындағы өлке баспасөзі мен радиосы шындықты бүкпесіз, әділ жазды, дауысы жарқын, жалынды естілді.

Айбынды міндет – облыс халқын гитлерлік басқыншыларға қарсы шайқаста тек қана жеңіске жеткізу тұрды. Осы кезден бастап өлкеміздің ақпарат хабарлары соғыстың қаһарлы тілімен сөйледі. Барлық журналистер ұжымы, сан мыңдаған ауыл-село және жұмысшы тілшілер армиясы облыс халқының ойы мен сезімін арттырып, жауға деген өшпенділігін қалыптастырды, Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте жерлес жауынгерлерімізді айбарлы Алпамыс пен Қобыланды, Махамбет пен Исатайдай батырларша соғысуға шақырды. Олардың бұл ерлік шежірелеріне арналып жүздеген мақалалар мен кітаптарда жарық көрді. Әсіресе, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы батыс қазақстандықтардың өшпес ерлігі туралы жазылған тарихшылар П.Р.Букаткин, Ж.И.Ишмуратов, Қ.Досқалиев, Х.Б.Табылдиев, Ғ.Н.Нығыметов, Ә.Мұқтар, Қ.С.Мұхитов және т.б. ғылыми еңбектерінің тарихи маңызы өте зор еді [5].

Атырау облысының мұрағатшылары шығарған «Отты жылдар (құжаттар жинағы)» атты кітапта халқымыздың майдан мен тылдағы ерліктеріне тереңірек тоқталып, «Социалистік құрылыс» және «Прика-

спийская коммуна» газеттерінің беттерінде жарияланған материалдарды дерек көзі ретінде қолданды. Өкінішке орай, қаһарлы жылдардағы Атырау облысының газеттері мен радиосының тарихы жеке дара ғылыми еңбек ретінде қарастырылмады. «Кешегі сұрапыл соғыс тарихын жазуда тек біздің облыстың (демек Қазақстан терең тыл болды деген ұғыммен) соғыс жағдайында болғаны бүгінге дейін бірде-бір оқулықтарға енбей, Гурьев Қорғаныс комитетінің жасаған қыруар жұмысы тиісті бағасын ала алмай отырғаны қынжылтады» деген профессор Х.Б.Табылдиевтің пікірі орынды айтылған деген тұжырым жасауға болады [6, 51 б.].

Қаһарлы жылдардағы өлке баспасөзі мен радиосының қызметі туралы ешқандай еңбектер жарық көрмегені ащы да болса шындық. Аталмыш оқу-әдістемелік құралы осы олқылықтың орнын толтыру болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

1. ҚазТАГ. Қазақстан баспасөзі // Социалистік құрылыс. – 1940. – 6 мамыр.
2. ҚР ПМ 708- қ., 3/1-т., 821- іс.
3. АОММ 396- қ., 1- т., 5- іс.
4. АОММ 412- қ., 2- т., 1- іс.
5. Букаткин П.Р. Западный Казахстан в годы ВОВ Советского Союза (1941-1945 гг.). – Алма-Ата, 1967. – 278 с.; Ишмуратов Ж.И. Трудовые подвиги и помощь фронту трудящихся Гурьевской области в период ВОВ (1941-1945 гг.). – Алма-Ата, 1971. – 302 с.; Доскалиев К. Сражающемся Сталинграду. – Алма-Ата, 1983 г.; Табылдиев Х. Социалистік Гурьев тарихы (1917-1937 жылдар). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация қолжазбасы. – Алматы, 1972. – 287 б.; Нығыметов Ф.Н. Қазақстан комсомолдарының республика темір жолдары құрылысына қатысушы (1926-1941 жж.). Тарих ғылымдарының ... қолжазбасы. – Алматы, 1971. – 225 б.; Мұқтар Ә.Қ. Қазақ мұнайының тарихы (1940 жылдарға дейін).. – Алматы: «Өлке», 2006. – 224 б.; Мұқитов Қ.С. Ұлы Отан соғысы қарсаңы мен соғыс жылдарындағы Қазақстан мұнай өнеркәсібінің даму тарихы (1938-1945 жж.). Тарих ғылымдарының ... қолжазбасы. – Алматы, 2000. – 128 б.
6. Отты жылдар (күжаттар жинағы). – Алматы: Асем-Систем, 2005. – 192 б.

I БӨЛІМ. СОҒЫС ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЕЛДЕГІ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ

1.1. Облыс баспасөзі мен радиосының қарқынды дамуы

Ұлы Отан соғысы қарсаңындағы газеттер редакцияларының барлық жұмыс жоспары мен бағыты соғысқа бейімделе басталды. Алдымен облыстың ауыл-село және жұмысшы тілшілерінің оқуын тұрақты өткізуге күш салынды. Бұл басқосуларда еліміздің сыртқы-ішкі саясаты, халықаралық жағдайлар және тілшілердің міндеттері туралы сабақтар өткізілді. Гурьев облыстық партия комитетінің 1939 жылы 13 маусым күні № 406 санмен ҚК(б)П хатшысы Кулитовқа жіберілген қатынас хатында мынадай жолдар бар: «Облыстың барлық аудандарында осы жылдың 25 және 30 сәуірі аралығында ауыл-село тілшілерінің аудандық жиналысы өтті. 5 мамыр күні Гурьев қаласында ауыл-село тілшілерінің слеті өткізіліп, онда обкомның насихат бөлімі хатшысы Королев сөз сөйледі. Слетте газеттердің көрмесі өткізіліп, облыстық және аудандық газеттер, 3 көптиражды және 17 қабырға газеттері қойылды» [1].

Баршаға аян, компартияның газеттерге басшылығының түрлері сан алуан болды. Соның ішінде кең тараған түрі – газеттерге шолу. Шолу арқылы басылымдардағы өкіметтің халық алдына қойған саяси және шаруашылық міндеттердің орындалуы қатаң бақылауға алынды. ҚК(б)П Орталық Комитеті баспасөз бөлімінің Гурьев облыстық «Прикаспийская коммуна» газетінің 1939 жыл 1 қаңтар мен 1940 жыл 1 мамыр аралығындағы жарық көрген сандарына қысқаша шолу жасаған есебінен үзінді келтіре кетсек: «В январе, феврале, марте, апреля и начале мая прошлого года, т.е. до прибытия на работу в Гурьев ответственным редактором газеты тов. Никитина «Прикаспийскому коммуно» имела целый ряд крупнейших недочетов и ошибок, считалась в Казахстане одной из самых отстающих областных газет. Эти недочеты выражались в следующем:

1. Большинство передовых статей перепечатывалось из «Правды»; отраслевых союзных газет.

2. В абсолютном большинстве номеров печатались большие материалы пресс-бюро из блокнота агитатора, из центральных газет эти материалы зачастую 50/60 процентов газетной площади.

3. В газете имело большое место отпечатил и искажении.

4. Верстка газеты была небрежная, техническое оформление не удовлетворительно.

5. Газета основные вопросы работы промышленность. Сельско-хоз, культуры вела безсистемно, освещала неглубоко. Часто одна поещанная корреспонденция противоречила другой, напечатанной позже 2-3 номерам.

6. В газете печаталось мало авторских статей руководителей партийных организаций, промышленности и сельского хозяйство.

Преимущественно корреспонденции помещались сотрудников редакции нередко эти корреспонденции составлялись в аппарате редакции. С приходом на работу в газету тов. Никитина газета значительно улучшилась. Стала серьезное, глубже и последовательное ставить вопросы, вышла из отстающих в число средних областных газет республики. За освещение вопросов сельского хозяйство газета утверждена Всесоюзный сельскохозяйственной выставки 1940 год безусловно не малую роль в улучшены газеты сыграла тов. Никитин как ответственных редактор...» [2]. Осылайша газетке жаңа тағайындалған редактор қызметіне көп үміт артты.

Соғыс қарсаңында фашистік Германия бүкіл Батыс Еуропаға үстемдік етті. Фашистік Гитлер Кеңестер Одағына ашықтан-ашық соғысқа әзірленіп жатты. Осыған сәйкес Кеңестер үкіметі мен компартия еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту жөнінде шұғыл шаралар қолданды. Қызыл Армия мен Соғыс-Теніз флотында әскерлердің саны арттырылып, оларды жаңа техникамен қаруландыру күшейтілді. КСРО Жоғары Кеңесі Алқасының 1940 жыл 26 шілде күнгі бұйрығы бойынша еліміздің қорғаныс күшін нығайту мақсатында жұмыс күні 8 сағатқа ұзартылып, жұмыс аптасы 6 күннен 7 күнге көшірілді. ҚК(б)П Гурьев облыстық комитетінің 1940 жыл 13 шілде күнгі № 18 § 30 қаулысымен «Социалистік құрылыс» пен «Прикаспийская коммуна» газеттері дүйсенбі күнінен басқа күндері аптасына 6 рет, ал аудандық газеттер 3 рет жарық көретін болды.

Қызыл Армия мен Соғыс-Теніз Флотындағы әскерлердің саны артып, олардың жаңа техникамен жабдықталуы күшейтіліп, әскери ма-

маңдарды даярлауға қатты көңіл бөлінді. Елде «Жалпыға бірдей әскери міндеттелік туралы» жаңа заң қабылданды, ол заңда армия қатарына шақырылатындардың жасы 21-ден 19-ға түсірілді. Жергілікті жерлерде бұқаралық әскери-қорғаныс ұйымдары – Осоавиахим, Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай Қоғамы мүшелерінің саны өсті. Комсомолдар мен одақта жоқ жастар қолы бос уақытта әскери, техникалық және медициналық білім алып отырды. ПВХО, ГСО, ГТО және Ворошилов атқыштарының сан мыңдаған белгілерін иеленген жастар даярланды. Отан қорғау ісінде ауыл-село және жұмысшы тілшілері қол жеткен табыстармен қатар орын алған кемшіліктер мен олқылықтарды ашып, оны болашақ мақалалары мен хабарларына арқау етті. Газеттердің бетінде жарияланған тілші хаттары аяқсыз қалмады, жергілікті басқару жүйелерінде талқылану жүзеге асты.

Баспасөз беттерінде «Еңбек тәртібін нығайтайық», «Қыдырымпаздыққа жол берілмесін» айдарымен мақалалар жиі жарияланып, еңбек тәртібін бұзған жұмысшылар қатты айыпталды. Мысалы, Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1939 жыл 9 қаңтар № 7(1596) санындағы «Еңбек тәртібін мейлінше күшейтудің программасы» атты басмақалада былай делінген: «...Адал ниетті жұмысшылар, шаруалар, қызметшілермен қатар, өндірісіміздің қай сiбiр салаларында халықтың тiлегiне, өкiмет тiлегiне қарсы өзiнiң арам ойларын жүргiзетiндерде бар. Олар социалистік еңбектің жаулары, қыдырымпаз, еріншек, ұшып конушылар, тұрақсыздар. Бұл арам ойлылар халық шаруашылығын күшейтейін демейді, адал еңбек етіп, социалистік шаруашылығымызға пайда келтірейін демейді, олардың ойы аз жұмыс жасап, көп ақша алып, өндіріске, ауыл шаруашылығымызға өзiнiң зиянын тигiзкiсi келедi және тигiзiп те келедi...» [3].

Жергілікті өкімет органдары жалқаулар мен саудагерлікке түскен адамдарды қатты айыптады. Газет беттерінде осындай адамдарды өшкерелеген мақалалар берілді. «Социалистік құрылыс» газетінде жарияланған «Оқиға» атты мақалада саудагерлікпен айналысқан адамның сотқа берілгені сөз болады: «Козенко А.Е. деген соңғы кезде ешбір белгілі қызметсіз қалада тұрады. Фрукта (жеміс – автор.) суын сатып, қала ішіне қыдырады. Бірнеше үйге фрукта суын сатып, алдап үй дүниелерін алып, базарға сатумен айналысқан. Жакында қалалық милиция органдары Ко-

зенконы қолға түсірді. Тергеуде ол қылмысын мойнына алды, ісі сотқа берілді» [4].

Еліміздің қорғаныс қуатын арттыруда мотормен жүретін техникалар үшін мұнайды көптеп шығару міндеті тұрды. Қосшағылдың шикі мұнайы Орскиге жеткізілді. 1940 жылы жүк тасымалын арттыру үшін кентабанды Қандыағаш-Гурьев темір жолы іске қосылды. Гурьев-Доссор-Қосшағыл жол құрылысы тартылды. Осылайша Орал-Ембі ауданы орталықпен байланыстырылды. 1940 жылы 19 тамызда ҚК(б)П Орталық Комитетінің «Ембаның мұнай промыслдарының жұмысы туралы» қаулысы шықты. Бұл құжат өлке баспасөз бетінде кеңінен насихатталды.

«Социалистік құрылыс» газетінің 1940 жылғы 7 желтоқсан күнгі № 283 (2171) санының алғашқы беті «Қазақстанская Правда»-ның сол жылғы 27 қарашада басылған «Қазақстан мұнайшыларының абыройлы ісі» деген бас мақаласымен жарық көрді. Бас мақалада Ембі мұнай кәсіпшілігіндегі скважиналардың өндірістік қуаты толық пайдаланылмай, жаңа скважиналардың құрылысы және олардың өндірістік қуаттарын игеру қанағаттанғысыз жүргізіліп жатқаны, мұнай кәсіпшіліктеріндегі тұрғын үйлердің, мастерскойлардың құрылысы, кәсіпшіліктер арасындағы жолдар жүргізілмегені қатты сынға алынды. Облыстық газеттер ұжымы алдында бұл мәселеге зор көңіл бөліп, оны жақсартудың шараларын жүзеге асыру міндеті қойылды.

Күн өткен сайын облыстық мерзімді басылым беттерінде мұнай өндірісінің табыстары жан-жақты көрсетілді. Қазақ КСР құрылғанына XX жылдығының торқалы тойына арналған Ембідегі мұнайшылардың тарихи еңбегі туралы 1940 жыл 23 қазан күнгі «Социалистік құрылыс» газетінде берілген ҚК(б)П Гурьев облыстық комитетінің хатшысы С.Қарымсақовтың «Мұнайлы Емба XX жылда» және облыстық мұнайшылар кәсіподағының төрағасы Қ.Мұқановтың «Даңқты мерекеге немен келеміз» атты мақалалары солардың санатына қосылады: «... Әуелгі бесжылы – 1920 жылдан 26 жылға дейін промыслдың бүлінген шаруашылығын төртіпке салу, ісіне кетті, мұнайлы орындарды су алып кету қаупі туды. 1928 жылға дейінгі бұрғылау ескі болды, жәй жүрді, бұрғылаудың метр проходкасы Американың айналдыра бұрғылайтын бұрғылауынан бес есе қымбат болды. 1926 жылдан бастап «Ембанептіде»

геология-барлау жұмыстары кеңінен өрістетеді. Осы уақыттың ішінде Байшонас (1931), Ескене (1934), Қосшағыл (1935) промсылдары эксплуатацияға берілді. Байшонас промсылы 1936 жылы мұнай өнімін 33 процент арттырды, жалпы алғанда «Ембанепті» тресінде мұнай өнімі 1939 жылы 20 процент артты.

Каспий-Орскі мұнай ағызу трубасы, Гурьев-Қосшағыл су трубасы салынды. Гурьев, Ақтөбе және Чкалов облыстарындағы мұнайлы орындары біріктіріліп басқаратын жаңадан ұйымдастырылған Қазақстан мұнай комбинаты ірі өндіріс орындарын біріктіріп отыр, Қазақстанда ірі мұнайлы өндіріс орындарын жасақтауға кірісті» - делінсе, келесі мақалада әлеуметтік салада қол жеткен табыстар былайша баяндалады: «...Соңғы екі жылдардың ішінде Ембиде жұмысшылардың сауатын ашуға үкімет тарапынан 100 мың сом қаржы жіберілді. Соның арқасында осы жылдың 9 айында 2073 жұмысшылар хат танып шықты. Қазір Ембадағы мұнай промсылдарында 7 орта, 4 бастауыш мектептер бар. Мұнда мұнайшы жұмысшылардың 4300 балалары оқиды.

Ембадағы мұнайшылардың мәдениеті де артып келеді. Ембада 7 жерде кино-картиналар аппараты жасақталды. Мұнай өндірістерінің орталығында 4 үлкен клуб, 50-ге тарта қызыл мүйістер бар. Мұнай промсылдары мен кәсіпорындарындағы жұмысшы қызметшілердің үйлеріне 2000 радиолар қондырылды» [5]. Газеттің осы күнгі санында «Социалистік құрылыс» газеті редакциясында қаладағы өндіріс орындары, мекемелер мен мектептердің жанынан шығатын қабырға газеттері редакторларының жиналысы өткізілгені туралы хабар беріліпті. Мақалада тілшілер алдына қойылған міндеттер сөз болыпты.

Соғыс басталар тұста екпінді құрылыс аталған Гурьев – Доссор – Қосшағыл жол құрылысын салуға облыстық редакция және баспахана қызметкерлері де белсене қатысты. Құрылысшылар үшін көптиражды газет шығаруға облыстық баспахана қызметкерлері Тампиева, Лаяучин және Кан араласты.

Уақыт жүктеген міндеттерді жүзеге асырудағы облыстық «Прикаспийская коммуна» газетінің беттеріндегі мұнай мәселесінің жазылуын «Правда» газеті «Газетке шолу» айдарымен сын садағына алыпты. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағатында (8-к., 1-т., 491- іс, 90-п.) сақталған

«Правда» газетінің 1940 жыл 30 қазан күнгі № 302 (8348) санында «Декларация вместо руководства» атты мақалада Ембі мұнайшыларының «қара алтынды» өндіру мен көлемін арттырудағы, социалистік жарысты өрістетуге, еңбек тәртібін қатаң сақтау, мәдени ошақтардың қызмет көрсету, маман кадрлар даярлау, партия ұйымдарының белсенділігін арттыру және т.б. мәселелер толық қамтылып, одан әрі жақсартудың шаралары белгіленді.

Күнделікті жарық көретін газеттердің сапалы шығып, оқырмандардың қолына уақтылы жетуіне баспаханалардың жұмысын дұрыс ұйымдастыруға байланысты еді. Гурьев қаласындағы облыстық баспаханадағы баспа машиналардың ескілігі мен қажетті техникалық жабдықтардың жетіспеушілігі бұл жұмысқа қол байлау болып жатты. 1940 жыл 8 тамыз күнгі облыстық партия комитетінің хатшысы М.Бекжановқа жазған хатында «Социалистік құрылыс» газеті редакторының орынбасары С.Сауырғалиев «баспаханаға шілде айының 1 мен 10 арасында газет шығару үшін 8000 парақ қағаз берілгені, ал баспахана оның 536 данасын бүлдіргенін, кейін 21 мен 25 шілде күндеріне газет шығаруға қажетті толық қағаз жіберіле тұрсада 555 данасының жетіспейтігіне акт жасаған» деп реніш білдірген [6].

Соғыстың сұрапыл кезеңі басталған тұста облыстық баспахана жұмысы да жаңа талаптарға сәйкестендірілді. Өндіріс жұмысшыларынан соғыс жағдайында қатаң тәртіп сақтап, зор ұйымшылдықпен еңбек ету талап етілді. Еңбек тәртібін бұзғандары сотқа тартылды. Осының айғағы, 1941 жылы 4 шілде күні мекемеге жаңа қабылданған үйренуші Рахман Жайлыбаев танертеңгілік 8-00-де өзінің ауыратындығын ескертіп дәрігерге қаралуға кетеді, алайда ол онда 2 сағат 35 минут болған. Себепсіз жіберген жұмыс уақытына ешқандай дәрігердің анықтамасын көрсете алмайды. 1941 жыл 10 шілде күнгі баспахана директоры Лыченконың № 134 бұйрығына сай еңбек тәртібін бұзған жұмысшы Р.Жайлыбаевты КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1940 жыл 26 маусымдағы бұйрығына сай, өкімшілік жауапкершілікке тартуға шешім алады [7].

Соғыс қарсаңында облыстың баспа ісінде бірқатар онды өзгерістер болды. Аудандық жерлерде жаңа газеттер шығаруға бет бұрылды. ҚК(б) П Гурьев облыстық комитетінің 1941 жыл 6 қаңтар күнгі өткен № 60

бюро мәжілісінің §2 бабымен Маңғыстау ауданында Урал-Каспий балық тресіндегі көптиражды газетті қысқарту есебінен жаңадан «Сталин жолы» атты газет 2000 данамен шығаруға, Жылқосы ауданының дамуында мұнай өнеркәсібінің маңызды орын алуына байланысты «Социалистік ауыл» газетін «Социалистік Жол» деп атауға шешім қабылданып, аталмыш қаулыларды ҚК(б)П Орталық Комитетінің бекітуі сұралған [8]. Жаңа ашылатын Маңғыстау аудандық газетінің жауапты редакторлығына Теңіз аудандық партия комитетінің нұсқаушысы 1931 жылдан партия мүшесі Меңдеш Жәрдемөв ұсынылған еді.

1941 жылдың 20-21 қаңтар күнгі ҚК(б)П Гурьев облыстық комитетінің № 62 § 3 бюро мәжілісінің қаулысымен мұнайлы аймақтағы Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетінің таралымын қосымша тағы да 500 данаға өсіруге шешім алды. Сондай-ақ, сол күнгі мәжілістің § 4-мен XVIII партия конференциясын лайықты қарсылау үшін Жылқосы және Мақат аудандық газеттерінің көлемін өсіріп, орыс тілінде арнаулы бет қосуға шешім алынды.

«Прикаспийская коммуна» мен «Социалистік құрылыс» газеттерінің редакторлары П.И.Богданов пен С.Телебаевтарға редакцияның екі қызметкерін осы аудандарға іс сапарға жіберуге тапсырмалар берілді. Облыстық баспахана директоры Лыченкоға Мақат және Жылқосы аудандары газеттерін орысша әріптермен және әріп терушілермен қамтамасыз ету жүктелді.

Қазмұнайкомбинаттың директоры Нифонтов пен облыстық мұнайшылар кәсіподақтар одағының төрағасы Мұқановтарға осы мекемелер есебінен іс сапарға шығатын әріп терушілерге (комбинаттан – 4000 сом, мұнайшылар одағы обкомынан – 2914 сом) тиісті қаржы мен редакция қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету міндеттелді.

Осындай саяси-ұйымдастыру шаралардың негізінде мұнай кәсіпшілігіндегі патриоттық бастамалар жергілікті жерлерден асып, республикалық басылымдарда да жарияланып жатты. Әсіресе, әйелдердің мұнай өндірісіне белсене араласқаны туралы мақаланың 1941 жыл 8 наурызда республикалық «Казахстанская правда» газетінде жарық көргені осының куәсі: «В Прикаспийской низменности, там, где Эмба впадает в Каспийское море, широко раскинулись промыслы Казахстаннефтекомби-

ната. Вместе со своими мужьями работают здесь и женщины.

На бензиновом заводе промысла Искине много лет честно трудится коммунистка тов.Бляшева, награжденная значком «Отличник социалистического соревнования Наркомнефти». Тов.Бляшева – член пленума Гурьевского обкома и Макатского райкома партии. Другая нефтяница, Балганым Доспаева, - на производстве с 1936 года. Шаг за шагом овладевала она техникой нефтяного дела. И стремления ее увенчались успехом. Сейчас тов.Доспаева работает на промысле Байчунас старшим оператором.

Балжан Джумагалиева одна из первых девушек-казашек села на скамейку Гурьевского нефтяного техникума. Старательно изучала она геологическую науку. Геологическое дело для нее стало родным. Уже пятый год работает Балжан техником-геологом промысла Искине» [9, 241 с.].

Халықаралық жағдайдың шиеленісуіне байланысты Гурьевте аудандық газеттер қызметкерлерінің соғыс кезіндегі жауынгерлерді өскерге атандыру кезіндегі ережесі жасақталды. Қаулыға сай, газеттің жедел санын шығарарда, ұнпарақшылар әзірлеуде әр журналистінің өз міндеттерін дұрыс атқара білуі, армияға шығарып салу салтанатына редакция қызметкерін бөлу, аупартком бюросы мен партия белсенділерінің жиналыстарына редактордың міндетті түрде қатысуы белгіленді [10].

Атырау облысындағы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендетудегі үздік қызметтері үшін мерзімді баспасөз ұжымдары лайықты бағаларында алып отырды. 1939 жыл 1 тамызда Мәскеуде ашылған Бүкілодақтық халық шаруашылық көрмесі (ВДНХ) жаңашылдардың озат тәжірибесін ауыл шаруашылығы еңбеккерлері арасында таратуда үлкен рөл атқарды. Мұның өзі нағыз халықтық университет еді.

Гурьев обкомының 1941 жыл 24 ақпан №70 §18 қаулысымен облыстық «Социалистік құрылыс» және «Прикаспийская коммуна» газеттері ауыл шаруашылығы саласын үздік насихаттағандары үшін ВДНХ-ға ұсынылды. Олардың арасында «Социалистік құрылыс» газетінен жауапты редактор Сағат Төлебаев, орынбасары Сүлеймен Сауырғалиев, жауапты хатшысы Жолдас Аймұратов, экономика бөлімінің меңгерушісі Жолдас Жексенғалиев, аудандық тілшілер Фазыл Абдуғалиев (Теңіз), Нәжімеден Марданов (Бақсай), ал «Прикаспийская коммуна» газетінен редактор Павел Иванович Богданов, экономика бөлімінің меңгерушісі Федор Ивано-

вич Егоров, тілші Иван Георгиевич Толстов және т.б. болды.

ВДНХ-ға баратын социалистік жарыстың жеңімпаздарына жетекші болып Ф.И.Егоров пен Аханжан Сарқұлов («Социалистік құрылыс») тағайындалды.

Ұлы Отан соғысы басталар шақта өлкеміздегі баспасөз саласына Алматы қаласынан Коммунистік журналистік институтты (КИЖ) бітірген жас мамандар да келе бастады. Алдымен Құлмағамбет Бөрікұлақов, Қанат Сұлтанғалиев, Уажит Машанов, Қайса Ізтелеуовтер келіп, облыстағы баспасөздің дамуына өзіндік қолтаңбаларын қалдырды [11].

Елдегі экономиканың кеңінен қанат жаюуымен және соғыс қарсаңындағы еңбекті ұйымдастырудағы баспасөздің күдіретті күшіне бой ұрған жоғарғы партия ұйымдары облыстық газет редакциялары құрылымын өзгертіп отырды. ҚК(б)П Гурьев обкомының 1941 жыл 10 маусым күнгі өткен №97 бюро мәжілісінің §23 бабымен облыстық екі редакцияда экономика бөлімінің негізінде өнеркәсіп-транспорт және ауыл шаруашылығы бөлімдері құрылды.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында газеттің қолқанаттары атанған сан мыңдаған тілшілер қатары молая түсті. Халықтың мәдени дәрежесінің үздіксіз өсуі жұмысшыларды, колхозшыларды және интеллигенцияның баспасөзбен терең араласуына мүмкіндіктер берді. Атырау облысының саяси-экономикалық және мәдени дамуын тек қана журналистердің күшімен көрсету мүмкін емес еді, сондықтан сан мыңдаған ауыл-село және жұмысшы тілшілердің көмегі орасан зор болды. Олар жазған мақалалар газет беттерінде үздіксіз жарық көріп жатты. Мақалада көрсетілген ұнамды жұмыстармен қатар «Дабыл қағамыз» деген жолдарда құқық қорғау органдары тарапынан ескерусіз де қалмады.

Баспасөз ісіне халықты кеңінен тарту, олардың белсенділігін арттыру мақсатында облыстық және аудандық редакциялар ұжымдары көпшілік-бұқаралық жұмыстарын жүйелі, жоспармен жүргізді. Олардың жиі бас қосуларын өткізіп, соғыс кезіндегі баспасөздің алдындағы міндеттерге тоқталды. «Жақында облыстық «Социалистік құрылыс» газеті мен аудандық «Социалистік мал шаруашылығы» газетінің тілшілері мен авторларының және активтерінің Еспол аудандық кеңесі болып өтті» – деп жазады тілші С.Айтжанов «Жұмысшы ауыл тілшілерінің кеңестері»

атты мақаласында. – Кеңесте екі газеттің 1940 жылы және 1941 жылдың бірінші тоқсаны ішінде істелген жұмыстарының есебі тыңдалды. Кеңеске қатынасқан жұмысшы- ауыл тілшілері мен авторлар, активтер үлкен белсенділік көрсетті. Жұмысшы-ауыл тілшілерімен активтерден 7 адам шығып сөйледі» [12]. Одан әрі жиналыста газет беттерінде өндіріс мәселесімен қатар қоғамдық мал шаруашылығын өркендету, егіннен мол өнім алу, жер суландыру жөнінде айтарлықтай жазып отыратыны атап көрсетілді. Соның нәтижесінде «Социалистік құрылыс» газеті 1940 жылы да және 1941 жылы да Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесіне кандидат болып ұсынылды. Жиналыста баспасөз ісінде кемшіліктерде бар екені айтылды. Жиналыста сөйлеген Байзаков жолдас «облыстық және аудандық газеттер өндіріс мәселесін толығырақ жаза алмай келеді, әсіресе көмір, борат өндірісі туралы ешбір материалдар жазылмаған» деп сын айтты. Бұл басқосуда сөйлеген Сапаров жолдас облыстық, аудандық газеттерде фельетон, сықақ әңгімелері мен очерк сияқты жанрлар жоқ деп, халық ақындары мен жас жазушыларға көмек көрсетуді ұсынды. Сонымен бірге ауыл тілшілерінің оқуын тұрақты ұйымдастыру туралы да сөз болды.

Дәл осындай тақырыпта Баксай аудандық ауыл-село тілшілерінің және қабырға газеттерінің редакторларының жиналысы 1941 жылдың 28 сәуірі күні Сорочинкода өтіп, газеттер мен тілшілердің міндеттері айқындалды. Гурьев облыстық баспахана жұмысы да жаңа жолға қойылды. Мекемеге жанадан теретін, басатын, түптеуші және т.б. баспа машиналары алынды. Баспаханадағы газеттердің сапалы жарық көруінде бірнеше цехтар шешуші рөл атқарды. Олардың арасында цинкография (клишелер әзірлейтін – автор.) бар. Облыстық баспаханада басылатын «Социалистік құрылыс» пен «Прикаспийская коммуна» газеттерінің сапалы да сауатты шығуында кейбір кемшіліктерде кездескенін айта кеткен жөн. 1941 жыл 31 мамыр күні қабылданған Гурьев облыстық баспахана директоры № 108 бұйрығымен цинкограф Г.В.Листкинді бірнеше рет клише жасаудағы салақтығы үшін және «Прикаспийская коммуна» газетінің 1941 жыл 30 мамыр күнгі №125 санындағы стахановшы Тукеваның суретін сапасыз жасағаны үшін әкімшілік жазаға тартуға шешім алды. Өндірістергі тәртіпке көңіл осылайша бөлініп, еңбекке қулықсыз қарағандар заң ал-

дында қатаң жауап беруіне тура келді.

Осылайша, соғыс қарсаңында өлке басылымдары еңбекшілерді облыстың саяси-экономикалық және әлеуметтік дамуындағы, Отанымыздың қорғаныс қабілетін нығайту жолындағы күреске жұмылдыруда зор үлес қосты. Баспасөзге компартия темірдей тәртібін орнатып, барлық күшті батыстан төнген сұм фашистерге қарсы үгіт-насихат күшейтуге салды.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

1. ҚР ПМ 708- к., 3/1-т., 823- іс, 44-п.
2. ҚР ПМ 708- к., 4/1-т., 815- іс, 2-п.
3. Еңбек тәртібін мейлінше күшейтудің программасы // Социалистік құрылыс. – 1939. – 9 қаңтар.
4. Оқиға // Социалистік құрылыс. – 1939. – 22 маусым.
5. Қарымсақов С. Мұнайлы Емба ХХ жылда; Мұқанов Қ. Даңқты мерекеге немен келеміз // Социалистік құрылыс. – 1940. – 23 қазан.
6. АОММ 1- к., 1- т., 324- іс, 54- п.
7. АОММ 412- к., 2- т., 1-іс, 107-п.
8. АОММ 1- к., 1- т., 485- іс, 8-9- п.п.
9. Женщины Казахстана - активные строители социализма (1918-1945). Сб. докум. и материалов. – Алма-Ата: Казахстан, 1981. – 336 с.
10. АОММ 15- к., 1- т., 245- іс, 38- п.
11. ҚРОММ 1365- к., 1- т., 49- іс, 7, 15-п.п.
12. Айтжанов С. Жұмысшы ауыл тілшілерінің кеңестері // Социалистік құрылыс. – 1941. – 4 мамыр.

Сұрақтар:

1. Ұлы Отан соғысына арналып жазылған қандай еңбектерді білесіз?
2. Облыстық газеттер бетіндегі жарияланған материалдар мазмұны қандай болды?
3. Баспахана жұмысын ұйымдастыруда қандай кемшіліктер орын алды?
4. Баспасөзде мұнай өндірісін дамытуға арналған қандай мақалалар жарияланды?

5. Жұмысшы және ауыл-село тілшілерімен жұмыс қалай жүргізілді?
6. Газеттерге шолу дегеніміз не?
7. ВДНХ көрмесіне жолдама алған озат қызметкерлерді атаңыз?

1.2. Ақпарат құралдарын соғыс жағдайына бейімдеу

Шабуыл жасаспау туралы КСРО мен жасалған келісім шарттарын опасыздықпен бұзған фашистік Германия соғыс жарияламастан 1941 жылы 22 маусымда басып кірді. Дәл сол күні соғыс қимылдары кең майданда тез өрістеді. Жердегі әскерлердің шабуылын әуеден қолдап, жау самолеттері барлық жерде дүниені аяусыз қиратты. Ел басына қатты қауіп төнді. Халқымыздың игілікті еңбегін герман империализмі опасыздықпен жасаған шабуылы бөліп кетті. Соғыс деген қаһарлы сөз бүкіл елге тарады. Халқымыз біртұтас болып рақымсыз жауға қарсы аттанып, бір сүйем жерді қорғап қалу үшін қасық қаны қалғанша соғысуға серт берді. Өткізіліп жатқан митингілер мен жиналыстарда сөйлеген адамдар Отан үшін, Жеңіс үшін өздерінің әзір екендіктерін бірауыздан білдіріп жатты. Сол күні Гурьев қаласындағы мұнайшылар стадионында соғысты айыптаған мыңдаған адам қатысқан үлкен митингі өтіп, облыстық және қалалық комсомол комитетінің хатшылары Корнеев пен Наумовтар сөз сөйлейді. 22-23 маусым күні Гурьев-Қандыағаш теміржол депосы мен Гурьев мұнай техникумында болған митингілерде майданға соғысуға тілек білдірген жастардың жиналысы өтті.

Бұл уақытта радионың беделі тез өсті. 1941 жыл 24 маусым күні ВКП(б) ОК және КСРО-ның Халық Комиссарлар Кеңесі бірлесіп Кеңестік Информациялық бюро құрып, атқаратын міндеттерін айқындап берді. Информбюро күн сайын баспасөз бен радио арқылы халықаралық жағдайды және елдегі ішкі өмірді кеңінен насихаттап, немістер мен олардың қолшоқпарларына қарсы үгіт жүргізу, майдандағы әскери ұрыс қимылдарын, Бас Штабтың соңғы ақпараттарын халыққа жеткізді. Жаңадан құрылған Кеңестік Информациялық бюроның әр хабары бірінші кезекте республикалық және облыстық, аудандық газеттер бетінде жедел түрде жарияланып отырды.

Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» пен «Прикаспийская коммуна» газеттері 1941 жылдың 25 маусым күні сәрсенбіде жарық көрді. Сол кездегі басылым беттеріндегі материалдарға тоқтала кетсек: «Біздің ісіміз әділ іс, біз жеңіп шығамыз». Бұл – «Социалистік құрылыс» газетінің алғашқы бетінде жарияланған басты айдар. Оған «Жау тасталқан етіледі», «Қызыл Армияның Жоғарғы командованиесінің 1943 жылғы 23 июньдегі мәліметі», «Елімізге қанша мұнай керек болса, сонша мұнай береміз», «Туысқан партиямыздың төңірегіне бұрынғыдан да нық топтанамыз» (Қандағаш-Гурьев темір жолы құрылысының 4 участкасы коллективі митингісінің қаулысынан), «Барша халықпен бірге», «Отан қорғау ісі үшін мұнайды көп береміз», «Жау өз жерінде талқандалады», «Шевченко еңбекшілері қандай тапсырманы орындауға да дайын», «Отан үшін еңбек етеміз».

Енді солардың ішінен «Отан қорғау үшін мұнайды көп береміз» атты мақаладан үзінді келтірсек орынды болар: «Июннің 22. Мақат промыслының жадында жұмысшы, қызметшілері мен инженер-техника қызметкерлерінің жалпы промыслдық митингісі болды. Митингіге 1500 адам қатынасты. Митингіге Мақат-Қосшағыл теміржолы құрылысының начальнигі Быков, механикалық мастерскойдың стахановшысы Даулетов, мастерскойдың электрваршигі Есказиев, Мақат промысындағы комсомол комитетінің секретары Өтеулиев жолдастар шығып сөйлеп, германия фашизмінің жаулық әрекетіне қарсылық білдіріп, совет отанын қорғауға, елдің халық шаруашылығы мен отан қорғау қуатын нығайтуға дайын екендіктерін айтты. Митингіге жиналғандар былай деп бірауыздан қаулы алды:

«Германия фашизмінің Советтер Союзының территориясына шабуыл жасағандығы туралы үкімет хабарын тыңдап, біз Мақат промыслының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, совет интеллигенциясы мен үй қожасындағы әйелдер біздің партия мен үкіметтің және халықтардың ұлы көсемі Сталин жолдастың төңірегіне бір кісідей болып топтанамыз. Біз фашистік германияның жаулық әрекеттеріне жауап ретінде еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттырамыз, еліміздің отан қорғау күшін нығайта беруге сапалы мұнайды неғұрлым көп береміз, социалистік меншікті қорғау жөніндегі революциялық қырағылығымызды күшейтеміз.

Ленин-Сталин партиясы жасасын!

Айбынды Қызыл Армия мен Соғыс-Теңіз Флоты жасасын!

Совет үкіметінің басшысы – халықтардың көсемі Сталин жолдас жасасын!» [1]. Ал «Прикаспийская коммуна» газетінің 1941 жыл 25 маусым күнгі № 147 санында «Теснее сплотим свои ряды вокруг нашей большевистской партии и великого вождя товарища Сталина» атты үлкен тақырып беріліп, «Сводка Главного Командования Красной Армии за 23 июня 1941 г.», «Организация военных трибуналов», «Обеспечим страну металлом», «Митинг железнодорожников», «Разобьем врага на его территории», «Честно трудиться на своем посту», «Гневный голос советской интеллигенции», «За подлинную большевистскую бдительность» атты мақалалар топтастырылыпты. Солардың арасынан Индербор құрылысшылары митингісінен берілген «Честно трудиться на своем посту» атты хабарға тоқтала кетсек: «Коллектив рабочих, служащих и инженерно-технических работников Индерборстроя возмущен наглым нападением зарвавшихся фашистских заправил Германии на священные рубежи Советского Союза. Мы заверяем наше правительство, нашу партию и родного Сталина, что будем еще больше повышать производительность труда, укреплять трудовую дисциплину, честным, самоотверженным трудом на своем посту будем крепить военное могущество великого Советского Союза и, если понадобится, все, до единого, с оружием в руках выступим на защиту священных рубежей социалистической родины.

Наше дело правое. Мы знаем, что будем защищать. Победа будет за нами. Да здравствует доблестная Красная Армия, Красный Военно-Морской Флот, Сталинская Авиация!...» [2].

Жауға тойтарыс беріп, оны талқандауға еліміздің барлық күштерін тезірек жұмылдыру үшін 1941 жылы 30 маусымда Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті құрылды. Елдегі бүкіл өкімет билігі, мемлекеттік, әскери және шаруашылық басшылық тізгіні осы төтенше органның қолына шоғырланды. Гурьев қаласының тұрғындары Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің төрағасы И.В.Сталиннің 1941 жылы 3 шілдеде радио арқылы сөйлеген Отан қорғау, майданда ерлік, батырлық көрсетуге, тылда жан аямай еңбек етуге шақырған сөзін ерекше құлшыныспен тыңдады. «Бәрі майдан үшін! Бәрі жеңіс үшін!», «Біздің еліміз әділ, жау талқандалады,

біз жеңіп шығамыз», «Елімізге мұнайды көп береміз» деген ұрандар тасталды. 1941 жылдың 7 шілдесі күні Гурьев қаласында майданға шақыру тірек орны ашылып, оған 35 520 адам тіркелді. Елде барлық саяси-экономикалық және мәдени құрылымдар қайта құрылып, соғыс жағдайына бейімделді. Халық шаруашылығы соғыс қажеттеріне сай қайта жасақталды. Коммунистік партия өзінің идеологиялық жұмыстарын, оның ішінде газет пен радионы жауды талқандауға бағыттады. Газеттер кеңес халқы ие болған жеңістерін қорғау, фашизмнің өлім, бүліншілік, адам баласын құлдыққа салу пиғылын айыптап, талқандауға шақырды. Профессор Т.Амандосов осы бір тұсты былайша суреттеді: «Ұлы Отан соғысы жылдарында насихаттың екі жолы бір-біріне қарама-қарсы тұрғаны жұртқа мәлім. Гитлершіл насихат өтірікке, фактілерді бұрмалауға, болып жатқан оқиғалардың шын мәнісін халықтан жасыруға негізделді. Алайда іс жүзінде қалай болғаны баршаға аян. Жалғыз кеңес халқының емес, бүкіл прогресшіл адамзаттың гитлерлік насихат өтіріктерінен жүректері айныды. Ақыр аяғында жалған насихат алдау-арбауға табынған иелерімен бірге келмеске кетті» [3, 119 б.].

Елімізге төніп отырған қауіптің барлық қиыншылығын халыққа түсіндіру, жайбарақаттық пен бейқамдық пиғылды тезірек жою, қырағылықты арттыру, мобилизациялау ісіне күштерді жұмылдыруда газеттің үгітшілік, насихатшылық және ұйымдастырушылық рөлін пайдалану ұсынылды. «Социалистік құрылыс» газетінің 1941 жыл 26 маусым күнгі №148 санында «Фашистік айуандарға қирата соққы береміз» атты 1941 жыл 24 маусым күні жарық көрген «Правда» газетінің бас мақаласын жариялады: «Фашистік Германия өзі қол қойған тиіспеу туралы пактыны опасыздықпен бұзып, бізге күтпеген жерден бас салды. Өзінің өдеттегідей ұрлық мәнеріне салынып, фашистік қарақшылар, соғыс жарияламастан біздің жерімізге енді. Біз бұл соғысты тілегеніміз жоқ, оны бізге киліктіріп әкеліп отыр. Ендігі әңгіме, өзінің қанды табанын біздің ерікті тұрмысымызға, біздің отанымыздың бүтіндігі мен тәуелсіздігіне ара тұруға батылы барған жүгенсіз фашистік төбеттерді тас-талқан етуде болып отыр. Ендігі әңгіме, қуатты Совет мемлекетінің барлық күшімен агрессорға қирата соққы беруде болып отыр.

Молотов жолдас 1941 жылғы 22 июньдегі радио арқылы сөйлеген

сөзінде былай деді: «Бұл соғысты бізге әкеліп киліктіріп отырған германия халқы емес, германияның жұмысшылары, шаруалары мен интеллигенциялары емес, олардың азап шегіп отырғанын жақсы білеміз, мұны істеген француздықтарды, чехтарды, поляктарды, сербтерді, Норвегияны, Бельгияны, Данияны, Голландияны, Грецияны және басқа халықтарды күл еткен германияның қан құмар фашистік бүліншіліктерінің сүрқиялары». Даңдайсыған Гитлер және оның барлық қанды қол сүрқия сұғанақтары – 200 миллионды ұлы совет халқының қандай топталулы және бірыңғай екенін, халықтың жүрегінде опасыз жауға деген жалынды өшпенділіктің қандай қайнап отырғанын, қазіргі замандағы ең жақсы техникамен қаруланған СССР еңбекшілерінің қолы қандай мықты екенін өз көздерімен көретін болады...» [4].

Халықты жеңіске жігерлендіруде бұқара арасындағы үгіт-насихат жұмыстары күшейтілді. Әсіресе өнер тарландары ел аралап, ақындар айбатты өлеңдер жазды. Орденді ақын А.Токмағамбетов Гурьевке келіп, мұнай кәсіпшіліктерін аралайды. Кейін «Майлы сүт», «Мұнайлы магистраль» деген очерктер топтамасын жазады. Ал атақты «Ембі мұнайшыларына хат» атты өлеңі сол отты жылдарда дүниеге келді. «Мұнайшылар мұнай бер, Соны Сізден сұрайды ел!» деген өлең жолдары Ембі мұнайшыларын еңбектегі ерлікке үгіттеп, жауды жеңу үшін мұнайшылар жүрегіне нұр, білегіне күш дарытты. Асқар ақын аудандарды аралап егіншілер мен малшылардың еңбегі туралы да тың дүниелер жазды. Әсіресе «Өтініш» атты көлемді поэмасының орны бөлек. Шығарма Бақсай ауданындағы «Жаңа күш» колхозы (бұрынғы «Заурал» кеңшары, №11 ауыл) колхозшыларының арасында мал шаруашылығын өркендету, еңбек тәртібін сақтауға, еріншек, тартыншақтықты жоюға арналыпты. Ауылдағы Бикаш, Төтилер сияқты «сылдыр-суайт», «алма піс, ауырма түс» дейтін кейбір «кербездерді», Отан соғысы жағдайында колхоз өндірісіне жан-тәнімен арласпайтындарды колхоз жиналыстарында батыл сынап, оларға жол бермей, тез түзету керектігін көрсетеді. «Кенестің бастығы бар сылбыраған» дегендей, колхоздардағы бос белбеу, сылбыр салдыр-салақ, колхоз шаруашылығына жауапсыз қарайтын басшылардың да шын бет-бейнесін ашады.

Ақынның соғыс басталған шақта бұқара халықты қас дұшпанымыз

фашистерге қарсы үгіттеген бірнеше өршіл өлеңдері дүниеге келді. Солардың ішінен облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1941 жыл 27 маусым №149 санында Асқар Тоқмағамбетовтың «Талқандаймыз жерінде» атты өлеңі басылыпты, соны оқысақ:

– Байсалды, байтақ жерім бар,
Жаңа өмірмен қайнаған.
Келелі кеңесті елім бар,
Кең өлкені жайлаған.
Жау жүрек, алғыр ерім бар,
Сенімге семсер қайраған.
Кектескен жауын кескілеп,
Кегін алмай қоймаған.
Қырланған жауды қиратып,
Ел шегінен айдаған.
Құрғакта, суда, кідірмей –
Көкте күстай ойнаған.
Ол күнім ұлы Сталин,
Қолымнан, мықты ұстаған!
Ей, қанішер жауыздар,
Қан ішпесе қақалған,
Бейбіт елге өрт салып,
Қан ішер жауыз атанған!
Долой, фашист, бандиттер,
Аяғыңды бас, әрмен!
Ойнасаң отпен күйерсің,
Толқынға түссең батарсың,
Толқынды күшті толқытпа,
Толқытсаң топырақ асарсың!
Таза жерді ластап,
Таза ауамды былғама!
Етегіме жармасып,
Табанымды тырнама!
Долой, Гитлер, бандиттер
Бандитке бізде орын жоқ.

Долой, палач төбеттер
Жүрер мұнда жолың жоқ!
Шаштырмаймыз өлімнің –
Ордамызға ұрығын,
Салдырмаймыз палачтын,
Мойнымызға құрығын!
Біздер өскен халықпыз,
Ортасында өмірдің,
Өмір бар жерде өлім жоқ,
Тынысын алма өлімнің!
Өлімді жерде семірген,
Өгіздері өлімнің,
Аяғыңды тарпасаң,
Аузында тұрсын көріңнің!
Ұлан байтақ жерімді,
Салдырмаймыз бөлімге,
Баламызды шулатып,
Салдырмаймыз телімге,
Ұлы Сталин атымен,
Күліңді көкке суырып,
Талқандаймыз жерімде!
Тегеуірінім темірдей,
Талқандап тізе тастаған,
Алдымызда жарық күнім бар,
Адастырмай бастаған,
Ол күнім ұлы Сталин,
Қолымнан мықты ұстаған» [5].

Ақынның келесі патриоттық рухқа толы «Біз жеңеміз» атты өлеңі «Социалистік құрылыс» газетінің 1941 жылғы 29 маусым күні № 151 санында жарияланды. Енді осы өлеңнен үзінді келтіре кетсек:

–Күннің бетін кара бұлт
Тұра алмайды жасырып.
Тауға үмтылып жылан-құрт

Шыға алмайды асылып,
Теңізге кесек түскенмен
Теңізге толқын сала алмас.
...Лениннің туын ұстаған
Көсемім, күнім Сталин!
Күн тұрғанда қара бұлт
Сала алмайды күнге дақ!
Халықты шаққан қара күрт
Гитлерге өлер келді шақ,
Екі жаһан майданда
Десе жеңіс кімдікі?
Айтамыз әлем алдында
Жеңеміз, Жеңіс біздікі!» [6].

Ел басына төнген қатерге қарамастан Гурьевке Қазақ опера театры келіп концерт қойды. Бұл үшін халық депутаттары Гурьев облыстық атқару комитетінің 1941 жыл 25 маусым күнгі № 33/18 § 22 шешімімен 2000 сом ақша бөлінді. Концерттен рухани күш алған көрермендер өндіріс орындарында, цехтарда белсене еңбек етті.

Баспасөз бұқара халықтың қоғамдық санасын қалыптастырып, өткір күшін қасиетті соғысқа бағыттады. ВКП(б) Орталық Комитеті 1941 жылы 9 тамыз күні «Майдандағы арнаулы тілшілердің жұмысы туралы» атты қаулы қабылдап, олардың қолайлы еңбек етуіне жағдайлар жасалды. Барлық газет-журнал, кітап, үнпарақтар өз оқырманын фашизмге қарсы аяусыз күреске шақырды. Алайда соғыс кезінде республикада мерзімді баспасөздің саны қысқарғаны жасырын емес. Мекемелердің арнаулы газет, журналдары, көптиражды газеттері біраз қысқарды. КСРО-да 1940 жылы 8806 газет жарық көрген болса, олардың саны 1942 жылы 4561-ге кеміді, ал таралымы 38 млн. данадан 18 млн. данаға түсті. Керісінше олардың орнын армиялық, флоттық және дивизиялық газеттер басты. Майдандық және әскери флот газеттері күнделікті 4 бетпен, армия газеттері 2 бетпен жарық көрді. 1942 жылы 13 майдандық, 93 армиялық, 600-ге тарта дивизиялық-бригадалық газеттер шығарылып тұрды. Қызыл Армияның газеттері 1942 жылы 3 млн. данамен таралған. Қазақстанда 1942-1945 жылдар аралығында республикада жалпы саны 229 газет

шығып тұрған. Оның төртеуі - республикалық (қазақ, орыс, ұйғыр, корей тілдерінде), 28-і облыстық, 197-і қалалық және аудандық газеттер болды. Сондай-ақ, соғыс жылдарында Ресейдің әр түрлі қалаларынан жергілікті газеттердің жанынан қазақ тілінде ұзын саны 20-ға жуық «Отан үшін» (Солтүстік-Батыс майданы), «Жауға қарсы аттан» (1-Балтық жағалауы майданы), «Суворовшы» (2-Балтық жағалауы майданы), «Отанды қорғауда» (Ленинград майданы), «Совет жауынгері» (3-Украин майданы), «Қызыл әскер ақиқаты» (Батыс, кейін 3- Белорус майданы), «Отан намысы үшін» (1- Украин майданы), «Майдан правдасы» (Волхов майданы), «Жауды жоюға» (Брянск майданы), «Сталин туы» (Оңтүстік, кейін 4-Украин майданы), «Сталиндік жауынгер» (Приморье тобы, кейін Приморье соғыс округі), «Отан үшін ұрысқа» (Карелия майданы), «Дабыл» (Қыр Шығыс майданы), т.б. басылымдар жарық көрді. Ұлттық кітапхана қызметкері А.Жақыпова сұрықсыз соғыс күндерінде қазақ тілінде жарық көрген майдандық газеттердің рөліне былай деп тоқталады: «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жауынгер тілшілер, қаламгерлер сол кезеңдегі оқиғалар мен құбылыстарды, соғыс жаңалықтарын, қоғамдағы маңызды мәселелерді көрсете отырып, соғыс жылдарындағы публицистиканы қалыптастырды» [7].

Республика баспасөзінің жұмысын жаңа талаптарға сай қайта құрудың жолы Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің 1941 жылы 9 тамыздағы «Республикалық және облыстық, аудандық газеттердің жұмысын қайта құрудың жүрісі туралы» қаулысында белгіленді. Бұл қаулы жергілікті партия ұйымдары үшін баспасөз жұмысын соғыс жағдайына бейімдеудің нақты бағдарламасы болды. Соғыс жағдайына көшкен Атырау облысының мерзімді баспасөзі де жаңа бағытта жұмыс істеуге көшті. Алғашқы саяси ұйымдастыру шаралары да басталды. 1941 жыл 26 шілде күнгі ҚК(б)П ОК бюросы қаулысына сәйкес «Социалистік құрылыс» газетінің редакторы С.Төлебаев Гурьев облыстық партия комитетінің хатшылығына беркілді [8].

Соғыс кезінде қызметі артқан радио да жаңа уақытқа тез бейімделді. Жалпы, Атырауда жергілікті радиохабар тарату жұмысы ХХ ғасырдың 20-жылдарын да басталғаны белгілі. Өлкеміздегі мұнайды Ресейдің орталығына жеткізу үшін Мәскеумен арада тікелей радио станция

орнатылған еді. Радио байланыс құралы ғана болып қойған жоқ, сонымен қатар ол саяси хабардың, бұқараны жаңа өмірге тәрбиелеудің ұтымды құралы болып табылды. «Қағазсыз газет аталған» ақпараттық құралдың екінші дүниежүзілік соғыс кезінде маңызы арта түсті. Алдымен радио арқылы кез келген түкпірде жатқан халықты қысқа мезгілде соңғы саяси хабарлармен құлақтандыруға болатын. Ұлы Отан соғысы басталар шақта Берлин, Рим және Токиодан КСРО-ның кез келген жеріне «психологиялық» сипаттағы идеологиялық хабарлар үзбей берілді. Тек қана Жапония мемлекетінен 50 радиостанция қысқа толқынды хабарларды Оңтүстік-Шығыс Азияға таратты, оның ауқымы Қазақстанды да қамтыды. 1942 жылдың қазан айында «Шанхай радиосы» елімізге қарсы жат саясатты насихаттаған хабарлар тарата бастады. Германия радиостанциялары 30 тілде күн сайын 87 сағат үзбей хабар берді.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен радиожұмысы қысқа толқынға және үш арнадан бір арналық хабар беруге толықтай көшті. Бұл уақытша шара болатын. 1941 жыл 7 қарашасында Мәскеу қаласынан берілген Ұлы Қазан мерекесіне арналған әскери шерудің өткізілуі жайында репортаждың радиодан берілгені ел қорғаушылардың жігерін арттырды, рухын көтерді, жеңіске жігерлендірді. Радиохабардың ақпараттық рөлі жоғары болғандықтан үкімет Бүкілодақтық радиохабарын тыңдауға ғана рұқсат етті. Сыммен берілетін хабар тарататын репродуктерлерден басқа тұрғындар қолындағы радиоқабылдағыштар жергілікті өкіметке тапсырылды. Бұл кеңестік үкіметтің жау идеологиясынан қатаң сақ болуды қамтамасыз еткен уақытша шарасы болғаны жасырын емес.

Облыс еңбекшілеріне кеңестік информация бюросының хабарларын тезірек жеткізу үшін ҚК(б)П Гурьев обкомы бюросының 1941 жыл 29 қыркүйектегі бюро мәжілісінде «Облыстағы радио желісі мен жергілікті радиохабарларын беру жұмыстарының жағдайы туралы» қаулы қабылдады. Қаулыда атап көрсетілгендей, бұқаралық ақпарат құралдарының осы маңызды саласына жергілікті партия комитеттерінің назарын аударып, радио желісі саяси сауатты, техникалық білімі бар мамандармен толықтыруға міндеттер қойылды. Есбол ауданының Кулагино поселкесіндегі, Мақат ауданының Байшонас мұнай кәсіпшілігіндегі радио желісінде саясатқа қарсы керағар хабарлар беру фактісі орын

алған. Кудряшов селолық кеңес хатшысы Х. маскүнемдікке салынып радио қабылдағышты бақылаусыз қалдырса, Теңіз аудандық техникалық-жөндеу мекемесінің механигі радиодан шетелдік хабарларды тыңдаған. Казмұнайкомбинатындағы, Бақсай ауданындағы радио жүйесіне қолайлы бөлек орын берілмеген. Облыстық радиокомитеттің басшылары аудандардағы жергілікті радио хабарларының жұмысына дұрыс бақылау жасамаған, Мақат және Шевченко аудандарында соңғы радио хабарлары үздіксіз берілмейді.

ВКП(б) ОК тапсырған радиоқабылдағыштарды тұрғындар қолынан жинап алу жұмысы нашар жүргізілуде. ҚК(б)П Гурьев қалалық комитеті қазақ тіліндегі хабар беруді жолға қоя алмай келеді [9]. Бұдан әрі қабылданған қаулыда облыстағы радио жүйесінің жұмысын уақыт талабына сай соғысқа бейімдеудің шаралары жасақталды. Кейін Ұлы Жеңіс кеңестер жағында бола бастағанда 1945 жылы 14 наурыз күнгі КСРО-ның Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен бүкіл елдегі халық қолынан жинап алынған радиоқабылдағыштар қайтарып өз иелеріне берілді.

Ұлы Отан соғысы басталған күннен Атырау облысының халқы бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып фашист басқыншыларына қарсы жойқын соғысқа аттанды. Атырау өңірінен 42508 адам майданға аттанды. Солардың басым көпшілігі өз отбастарына оралмады. Алғашқы күндердің өзінде қалалық және аудандық әскери комиссариаттарға өндірістен, мекемелерден, оқу орындарынан өз еріктерімен майданға жіберуді өтінген арыздар түсе бастады. Барлық газеттер беттерінде ұрыс әдістерінен тұрғындарды хабардар ету насихатталды. Әуе және химиялық шабуылдардан қорғану, окоп қазу, мылтық ату, спорт және әскери нормаларды орындау ережелеріне арналған көлемді мақалалар берілді. 1941 жылы 5 шілде күні Қазақ КСР-нің Халық Комиссарлар Кеңесі республиканың барлық ересек халқын әуе шабуылы мен химия шабуылынан қорғануды (ПВХО) міндетті түрде жаппай үйрену ісін енгізді. Облыста азаматтарды жаппай соғыс өнеріне үйрету кең өріс алды. Мысалы, 1941 жылы 15 қазан күні Гурьев облыстық баспахана жанынан ПВХО үйірмесі ашылып, оқуға 21 жұмысшы-қызметкерлер тартылды [10].

Жоғарғы өкіметтің қаулыларына сәйкес, Гурьев облысында 1941 жылы 10 шілдеден бастап ер адамдардың 16 мен 60 жас, әйелдердің

18 мен 50 жас аралығындағылар сол жылдың 25 шілдесі мен 10 тамызында барлығы 153 000 мың адам, облыс мектептерінің V-X сыныптары арасындағы 44000 оқушылар өуе және химиялық шабуылынан қорғану дайындық курсынан өткен [11]. Тарихшы Х.Б.Табылдиев былай деп жазады: «1941 жылдың 1 қазанынан қаладағы 16 мен 50 жас аралығындағы ер адамдарды әскери іске үйрету басталды. Атырау қаласында жаппай әскери дайындық курсына 12 тамызға дейін 25 668 адам тартылды, олардың арасында 577 кіші медицина қызметкері, телеграфистер, радиистер және санинструкторлар болды» [12]. Өндіріс орындары өз өнімдерін соғыс жағдайына ыңғайлап шығара бастады. Қаладағы механикалық завод майданға қажетті снаряд гильзасын, патрон, мұнай өндірісіне арнап бұйымдар шығарды. Майданға аттанғандардың орнын балалар, әйелдер, қарттар ауыстырды. Өндірістен қол үзбей немесе қысқа мерзімді курстарда жаңа мамандыққа даярлау кең қанат алды. Газеттер аяулысынан айырылған қарияларды, жесір мен жетімді де жеңіске қызмет етуге, фашистерден кек алуға шақырды. Патриоттық ұрандар біртұтас кеңес халқын жеңіске жігерлендірді. Сол кездегі «Социалистік құрылыс» пен «Прикаспийская коммуна» газеттерінің беттерінде Қызыл Армияға жылы киімдер жинап жіберуге арналған төмендегідей ұрандар басылды:

1. Ұлы Отанымыз үшін, бүкіл совет халқының бақытты тұрмысы үшін қанын да, жанын да қиып күресіп жатқан Қызыл Армия жауынгерлеріне жылы киімдерді көп және тез жіберейік.

2. Майдандағы Қызыл Армия жауынгерлеріне жылы киімдерді көп беру арқылы жаудың тез жойылуын қамтамасыз етеміз!

3. Отан үшін, халық үшін біздің бақытты тұрмысымыз үшін күресіп жатқан Қызыл Армия жауынгерлеріне жылы киімдер жібермеген бірдебір азамат болмауы керек!

4. Қызыл Армияға жылы киімдерді мол беру – жауды тез жою үшін самолетті, танкіні зеңбіректі көп бергенмен тең.

5. Отанымызға Қызыл Армия жауынгерлерін жылы киімдер мен қамтамасыз ету арқылы көмектесейік!

6. Туысқан Қызыл Армия үшін жылы киімдеріңізді беретін болыңыздар: Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!

7. Қызыл Армиямызға көмектесу советтің әрбір азаматтарының міндеті.

Майдан үшін жылы киімдер беретін болыңыздар!

8. Жауды жеңіп шығу үшін Қызыл Армияны барлық керегінің бәріменде қамтамасыз етейік. Майданға жылы киімдер берейік.

9. Сіз майдан үшін не істедіңіз? Сіз майдан үшін жылы киімдер беру арқылы жауды тез жоюға көмектесесіз!

10. Майданға жылы киімдер беріңіздер! Біздің Қызыл Армиямыз қыстың қатты суықтарында еш нәрсеге мұқтаж болмайтын болсын!» [13].

Осындай ұранмен жігерленген Атырау облысының еңбекшілері майдандағы жауынгерлерге арнап жылы киімдер, сыйлықтар дайындады. Тек қана 1941 жылдың қыркүйек айында болған сенбілікте Мақат мұнай кәсіпшілігінің комсомол-жастары 4949 сом, Байшонастықтар - 10209 сом, ал облыстың жастары 125951 сом мен 114 тонна қара және түсті металды Отан қорғау қорына тапсырған. Қызыл Армия жауынгерлері соғыстың алғашқы екі жылында атыраулықтардан 8220 шолақ тон, 185587 пар байпақ, 13636 бөрік, 60890 қолғап және 223376 дана басқада киімдер алды. Майданды жанар маймен қамтамасыз етуде облыс мұнайшылары ерен еңбек етті. Мұнай өндірудің тәулік көлемі 1942 жылдың тамызында 2500 тоннаға, ал 1943 жылдың қазанында 4500 тоннаға жеткізу міндеттері тұрды және ол артығымен орындалды. Қазақстандық ұлттық әскери құрамаларға 1941 жылғы қарашаның екінші жартысында 476 жас жіберілді. Ұлттық әскери құрамаларға аз уақытта жастардың басшылығымен 600 ер-тұрман, әбзел-жабдықтар, 9 автомашина, 600 килограмм май, 45 тонна балық дайындалып, 548 ат берілді.

Ұлы Отан соғысын тезірек жеңіспен аяқтау үшін Отан қорғау комитетінің ұсынысымен, облыс көлемінде бағалы бастамалар жалғасын тапты. Ескене мұнайшылары «Қазақстан мұнайшысы», қала еңбекшілері «Гурьев еңбекшілері» атты танк колоннасын жасақтауға қаржы жинап, бұл бағалы бастамалар баспасөздің қуатты күшімен еліміздің шартарабына тарап кетті.

Газеттер «Барлығы майдан үшін! Барлығы жеңіс үшін!» атты айбынды ұранды алға түтті. Облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1941 жыл 27 қыркүйектегі № 229 (2431) санында «Газет жұмысын соғыс мүддесіне бағындыру керек» деген мақала осының айқын көрінісі. Халқымыз барлық күш-жігерлерін Ұлы Отан соғысына жұмсап, Қызыл Армияның жеңісіне

арнап жатқан тұста облыс баспасөзі де бұдан тыс қалмағанын былайша атап көрсетеді: «...Отан соғысы басталғаннан бері бірқатар аудандық газеттеріміз өз жұмыстарын Ұлы Отан соғысының талаптарына сай қайта құра бастады. Халықтың қалың бұқарасымен байланысты бұрынғыдан да күшейтіп, оларды жауды талқандау ісіне жұмылдыруда. Большевиктік жалынды сөзді қалың бұқараға жеткізуде. «Балықшылар үні» (Теңіз ауданы, редакторы Б.Байменов жолдас) бүгінгі күннің тақырыбына байланысты материалдарды ұйымдастырып отыр. Мәселен, «Еңбек өрлеуі» деген материалда Ворошилов және Чапаев атындағы колхоздардың пішен шабу бригадалары еңбек өнімін екі есе артық орындағанын, пішен шабу жұмысындағы алдыңғы қатарлы колхозшылардың жұмыс нормаларын екі есе орындаған іс үлгілерін жазды. Одан кейін газет «Октябрь» колхозының жанындағы комсомол ұйымынан бөлінген комсомол звеносы бір күннің ішінде 600 килограмм металл жинағанын көрсетті. Аудан еңбекшілерінің отан қорғаудың сарқылмас қорын жасақтауға үлкен белсенділік көрсетіп жатқанын үнемі жазып тұрды. Қазіргі кезде маңызды жұмыс болып отырған ПВХО-ның барлық комплектісін еңбекшілерге үйреніндер деген тақырыпта үнемі береді» [14]. Сөйтіп газет аудан еңбекшілерін әуе шабуылынан қорғауға әзір түруға дабыл қағып отырды.

Қорыта келгенде, қысқа мерзімде өлке баспасөзі мен радиосы соғыс жағдайына өз жұмыстарын қайта құра отырып, халықты майдан мен тылда ерлік еңбекке шақырды.

Еліміздің соғыс жағдайына өтуіне байланысты республика мерзімді баспасөзінде кейбір қысқарту болғанын жоғарыда айтып өттік. Ең алдымен күш пен қаржыны үнемдеу, әскери газеттердің жүйесін өрістетуге орай партия бірнеше салалық газеттер мен журналдарды шығаруды тоқтатты. 1941 жылдан бастап «Лениншіл жас», «Ленинская смена», «Пионер Қазақстана», «Октябрь балалары», 5 облыстық комсомол газеттері, «Қазақстан колхоз-совхоздары», «Халық мұғалімі» және т.б. уақытша тоқтатылды. Бірақ облыстық газеттердің саны көп қысқарған жоқ, тек қана соғыстан бұрын шыққан басылымдардың 4-уі ғана кеміді. Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында қазақ және орыс тілінде екі басылым орнына бір ғана газет шығарылды. ВКП(б) Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша республикалық және

облыстық газеттер аптасына үш күнде төрт, үш күнде екі баспа табақпен шығып тұрды. Атырау облысындағы газеттер де осындай ереже аясында өмір сүрді. Барынша оқырмандарды көбейту үшін әр жерлерге көрнекі тақталар қойылып, онда жаңа шыққан газеттер ілінді. Редакциялардан соғысқа кеткен журналистер орнына жаңа мамандар келе бастады. Алматы КИЖ-ін бітірген У.Машанов «Социалистік құрылыс» газетінің насихат бөлімі меңгерушілігінен редактор орынбасарлығына жоғарлатылды.

«Социалистік құрылыс» редакциясы ұжымынан майданға аттанған Айтжанов Секер, Батырбаев Сабыр, Фабдуллин Сибат, Ізтелеуов Ғайса, Сарқұлов Ақантай, Шайхимов Мұстах, Қанатов Мұқандар ұрыс даласынан оралмады.

Балық колхозының озат балықшысы атанған Ахантай Сарқұлов 1938 жылдың басында «Социалистік құрылыс» газетіне әдеби қызметкер ретінде қабылданады, 1939 жылдың сәуір айынан бастап газеттің кеңестік-сауда бөлімінің меңгерушілігін атқарады. Өз жұмысын мінсіз атқарып, өндірістік бағытта бірнеше хабарларды тұрақты ұйымдастырды. А.Сарқұлов қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, редакция қабырға газетінің редакторы болады. Журналистік белсенді қызметі үшін Гурьев облыстық атқару комитетінің Құрмет грамотасымен 1939 жылы 5 мамырда марапатталады. 1940 жылы қаңтарда партия мүшелігіне қабылданды. Кейін қаламы қарымды журналист Ахантай Сарқұлов ұрыс даласында ерлікпен қаза табады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында елде темірдей қатаң тәртіп орнады, өйтіпеген уақытта жауды жеңу мүмкін емес еді. Әрбір жарық көрген газет беттерінде Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің бұйрықтары, партия мен үкімет басшыларының сөздері, «Правда» газетінен көшіріліп басылатын бас мақалалар қазақ тіліне аударылғанда қатаң тексерілді. Газет беттерінде жарияланған мақалалардың мазмұны теріс болмауы шарт. Кейде облыстық баспасөз бен әдебиет бөлімі (лито) цензорының назарынан тыс байқаусызда кеткен хабарлар үшін қатаң шара қолданылды. Мысалы, облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1941 жыл 1 қараша күнгі № 259 санында Қызыл Армия қатарына барудан бас тартқан коммунистерді партия қатарынан шығару туралы хабарды жариялағаны үшін цензор Төлешев жұмыстан босатылады. Газеттің жауапты редакторы

С.Сауырғалиевке ескерту берілді. Осы тұста газеттің редакторы Сүлеймен Сауырғалиев туралы берер сөз. Ол 1914 жылы Гурьев қаласында дүниеге келді. 1924-28 жылдары қаладағы бірінші басқыш қазақ мектебінде оқыған соң 6 ай баспаханада үйренуші-әріп теруші болады. 1929 жылы Орынборда жасөспірімдер оқуын, кейін жұмысшы факультетінде білімін ұштай түседі. 1932 жылы Орал-Ембі ауданының «Жем жұмысшылары» газетінде корректор, мәдени-тұрмыс секторы меңгерушісі, мәдени-тұрмыс секторы меңгерушісі, жауапты хатшысы болады. 1933 жыл 16 қыркүйегінен округтік «Социалистік құрылыс» газетінде жауапты хатшы, мұнай бөлімінің меңгерушісі болып еңбек етеді. Осыдан кейін Маңғыстауда партиялық жұмыста болады, қайтадан облыстық газетте редактор орынбасары, 1941-1947 жылдар аралығында редактор қызметін атқарады. С.Сауырғалиев өз жұмысына шын берілген, алғыр, іскер, батыл, өткір шешімді редактор деп аталған. Жазушы Б.Қорқытов ол туралы былай дейді: «Редакцияның босағасын 1942 жыл 7 желтоқсан күні аттадым. ... Ол кезде әріп бүгінгідей емес, қолмен теріледі, әрбір гранкі жіппен байланады. Газет түнде басылады. Терілген бетті баспа станогіне әкеле жатқанда байлаулы гранкалар не жібі үзіліп, не шешіліп кетіп әріптің бөрі төгіліп, күндізгі істегенің түгелдей зая кетеді. Енді не істеу керек? Күндіз істеп үйлеріне кеткен әріп терушілерді жинастыра алмайсың, әр қайсысы әр жақта тұрады, әрі көлік жоқ, түн ішінде қалай жинап аласың? Осы кезде Сүлеймен редактормын деп бөлденіп отырмайды, әрі баспаханаға да ұрынбайды, өйткені жағдайды өзі көріп отыр, өзінің ер көңілдігіне салынып үйінен әйелін де, келінін де шақырып алып, өзі бас болып сыбанып жіберіп, алдына әріп терушілер киетін қара халатты байлап алып, әріп жатқан қассаның жанына барады да түгел семьясымен іске кірісіп кетеді...» [15].

Майданға берік тылды қалыптастыруда «Социалистік құрылыс» газеті редакция ұжымының қол жеткен табыстары аз болмады. Мемлекеттік жоспарды мезгілінен бұрын орындаған озат колхоз, кәсіпорындардың іс-тәжірибесін, еңбек өнімділігін арттырудағы бастамалары туралы мақалалар жарияланды. «Сталиндік вахтаға» тұрған Алғабас, Теңдік колхоздарының (қала маңы), «Новая жизнь» (Теңіз), Фурманов атындағы колхоз (Бақсай) ұжымдарының жеңісті еңбектері көрсетілді. Байшо-

нас мұнай кәсіпшілігі оператор, бұрғылаушы, мастерлерінің жылдық жоспарды қамтамасыз еткендігіне арналып екі бет ұйымдастырылды. Маңғыстау көміршілерінің «Отан соғысына көп көмір береміз!», Бақсай жылқышыларының «Қызыл Армияға өте жақсы аттар дайындаймыз!» атты патриоттық үндеулері жарияланды.

«Социалистік құрылыс» газеті отан қорғау қорын құруға, лотерия билетін өткізуде, танк колоннасын жасақтауға, жауынгерлерге жаңа жылдық сыйлықтарды жіберуде, соғыс өнерін үйренуге, ПВХО мен қорғаныс белгілеріне норма тапсыруға арналған материалдарды көптеп берді.

Республикалық «Қыздар, тракторға, комбайн штурваліне!» деген ұранға үн қосқан әйелдердің бастамаларына арналған жаңа айдарлар ұйымдастырылып, онда әйелдерден механизатор мамандар дайындау, патриот қыз-келіншектердің өнегелі істері жарқырай көрінді. Қысқа мерзімде Отан үшін, жеңіс үшін еңбек етуге әзір қыз-келіншектер бірнеше мамандықтарды меңгерді. Бұл тақырыпқа арналып «Социалистік құрылыс» газетінде 1941 жылдың 1 шілдесі мен 1942 жыл 1 қаңтары аралығында 3 бас мақала және аудан колхоздары мен мұнай кәсіпшіліктерінен 55 хабар басылды.

Жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің қозғалысын өрістетуге де облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің ұжымы бірқатар жұмыстар атқарды. 1941 жылдың басында газеттің 1233 белсенді тілшілері болса, олардың 298-і жұмысшы-село тілшілер және 930 автор, азаматтардың Қызыл Армияға шақырылуымен 500-і қалды. 1941 жылы 4 рет қаладағы өндіріс орындары жанынан шығатын қабырға газеттері редакциялық құрамдары мен ауыл-село тілшілерінің мәжілісі өткізілді. Тілшілердің белсенділігін арттыру мақсатында қаламақы төлеу дұрыс жолға қойылды. 1941 жылы 45 274 сом ақша жұмсалса, бұл 60,4 пайызды құраса, қызметкерлерге 29 726 сом төленіп, 39,6 пайызды құрады. Белсенді тілшілердің қатарында: Н.Марданов (Бақсай), Ерғалиев (Жылқосы), Есенғалиев (Новобогат), З.Сапахов (Есбол), Қ.Ізімбергенов (Бақсай), Ф.Нұрышев (Шевченко), Шахшаев (Шевченко, «Колхоз жолы»), Мешеров (Доссор, «Социалистік Ембі»), М.Жиенбаев (Мақат), О.Ажығалиев («Балықшылар үні»), Г.Сапин (облзо), А.Бағатдуинов (мехзавод), Ш.Сабырқұлов (Жаманқала) және

т.б. болды.

«Прикаспийская коммуна» газетінің редакциясының 22 маусым 1941 жыл мен 1 қаңтар 1942 жыл аралығындағы есебінен соғыста жеңіс үшін атқарған қызметі жоғары болғанын көреміз. Осы аралықта газетте 220 мақала жарияланды. Майдандағы жауынгерлерге жылы киімдер жинауға, жаңа жылдық сыйлық әзірлеуге, мұнайшылардың қажырлы еңбегіне, танк колоннасын құруға, ақшалай-заттай лотерия билетін таратуға арналған хабарлар тұрақты берілді. «Прикаспийская коммуна» газетінің 1942 жыл 15 наурыз күнгі санындағы жарияланған «Неустанно готовить резервы для - фронта» атты мақала облыс еңбекшілері арасында үлкен серпін туғызды. Осы материалды облыстың барлық жерінде ұйымдастырылған әскери оқу курстарында жан-жақты оқып үйрену қолға алынды.

Фашистік Гитлер шапқыншылары Ленинградты қоршауға алған кезде барлық кеңестік туысқан халықтар секілді қазақ халқы да батыр қалаға көмекке қол үшін беруге асықты. Жау блокадамен, аштықпен Ленинград қаласын қорғаушылардың ерлігін мұқалтқысы келген шақта Жамбыл ақынның «Ленинградтық өрендерім!» атты үндеу жыры қала көшелеріне ілінді. Қала қорғаушылары ашығып жатқаны мәлім болған тұста Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Алқасы қазақ халқын батыр қалаға азық-түлік көмегін көрсетуге шақырып үндеу жазды. Ленинградтықтарға сәлемдемелер (посылкалар) ұйымдастыру жөнінде жаппай патриоттық қозғалыс қанат жайды. Бұл бастаманы Гурьев облысы еңбекшілері арасында кеңінен насихаттауда газеттер белсенді қызмет атқарды. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі төрағасының «Пошлем эшелоны подарков герою – ленинградцам!» атты хаты 1942 жыл 15 мамыр күні «Прикаспийская коммуна» газетінде жарияланды. Осыған орай облыстың барлық жұмысшы, колхозшы және қызметшілері мекемелерінде митингі өткізіп, жау қоршауында қалған қала тұрғындарына арнап сыйлық жіберуді ұйымдастыру бастамасын көтерді [16]. Облыстан бірнеше тонна балық, азық-түлік тиелген вагондар батыр қалаға бет түзеді.

Соғыс республика баспа ісіне үлкен зардаптар әкелді, оның ішінде облыстық баспахананың да жұмысын сапалы ұйымдастыруда кейбір кемшіліктерге жол берілді. Жұмыс уақытының ұзақтығы мен ауырлығы баспахана жұмысшыларының тұрақтамауына қатты әсер етті. Жаңадан

келген үйренушілер полиграфиялық ережелердің сақталуын қамтамасыз етпеді. Бұл мәселе 1942 жылы 13 қазан күнгі № 5-40-80 санды Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің жанындағы полиграфия және баспа орындары басқармасы бөлімінің меңгерушісі В.Лапатухин мен инженер-технолог А.Подольский қол қойған қатынас хаттан айқын көрінді:

«Директору Гурьевской обл. типографии

Качество полиграфисполнения Вами областных газет продолжает оставаться на низком уровне. Письмом за № 5-40-66 от 10/IX – с.г. мы указывали Вам на основные дефекты по газетам за август месяц. По обязательным экз. за сентябрь мы отмечаем те-же дефекты:

а) Вы допускаете слишком жирный слой краски, особенно по газете «Соц. Курылыс»; № №206-210 совершенно залиты краской, эти газеты читать невозможно.

б) Во всех номерах заметны распоры между колонками, особенно безобразно заверстаны № № 225, 224, 222, 220 (в этом номере залегли строки) 219, 217, 213 и 211 – газеты «Соц.курылыс».

в) Заголовки обеих газет пачкают при печати и таков следует немедленно заменить, изготовив новые клише, а строки «Пролетарии всех стран соединяйтесь» набрать на линотипах.

г) Линейки между колонками слишком (осели) – их следует заменить» [10, 3-іс, 36-п.]. Нұсқауда одан әрі күнделікті газеттерді шығару ісінде теруден бастап басуға дейінгі аралықтағы полиграфиялық жұмыстарды жүзеге асыруда қатаң бақылау қажеттігі баспахана әкімшілігіне тапсырылды.

Қорыта келгенде, Атырау облысындағы мерзімді басылымдар қысқа уақытта жұмыстарын соғыс жағдайына бейімдеп, барлық үгіт-насихат және ұйымдастырушылық жұмыстарын Ұлы Жеңіс жолына бағыштады. Майдан мен тылдан мазмұнды мақалалар жариялап, халықтың Отанға берген өлшеусіз көмегінен, олардың көп патриоттық қозғалысынан, қимыл-әрекетінен хабарлар жазды.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

1. Отан қорғау үшін мұнайды көп береміз // Социалистік құрылыс. – 1941. – 25 маусым.
2. Честно трудиться на своем посту // Прикаспийская коммуна. – 1941. – 25 июня.
3. Газет жанрлары. Жалпы редакциясын басқарған Т.Амандосов. Алматы, Қазмембас, 1963. – 240 б.
4. Бас мақала. Фашистік айуандарға қирата соққы береміз // Социалистік құрылыс. – 1941. – 26 маусым.
5. Тоқмағамбетов А. Талқандаймыз жерінде // Социалистік құрылыс. – 1941. – 27 маусым.
6. Тоқмағамбетов А. Жеңіс біздікі // Социалистік құрылыс. – 1941. – 29 маусым.
7. Жақыпова А. Сертте тұрған семсер сөз // Егемен Қазақстан. – 2015. – 8 сәуір.
8. АОММ 1-к., 1-т., 487-іс, 160-п.
9. АОММ 1-к., 1-т., 488-іс, 84-86-п.п.
10. АОММ 412-к., 2-т., 1-іс, 125-п.
11. АОММ 855-к., 1-т., 156-іс, 136-п.
12. Адамдар. Тағдырлар./Люди. Судьбы/ (күжаттар жинағы) Алматы: - Асем-Систем, 2005. 304-бет + 16 жапсырма бет.
13. АОММ 10-к., 1-т., 163-іс, 251-п.
14. Газет жұмысын соғыс мүддесіне бағындыру керек // Социалистік құрылыс. – 1941. – 27 қыркүйек.
15. Қорқытов Б. Атырау арыстары. – Атырау: Ағатай, 2008 – 226 бет + фотосуреттер. – 203 б.
16. АОММ 14-к., 1-т., 76-іс, 11-п.

Сұрақтар:

1. Фашистік Германияға қарсы күреске баспасөз бен радио жұмысы қалай бейімделді?
2. Соғыстың алғашқы күнгі облыстық газеттер бетіндегі мақалалардың

мазмұны не болды?

3. Информбюроның күнделікті хабарлары қалай ұйымдастырылды?

4. Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің атқарған қызметі не болды?

5. Қызыл Армияға көмекке бағытталған облыс халқының қандай патриоттық бастамалары болды? Нақты мысалдар келтір.

6. Ұлы Отан соғысына Атырау өңірінен аттанған майдангерлер саны?

7. Қаһарлы жылдардағы өлкеміздегі радио жұмысы қандай жолға қойылды?

8. Тьютор басшылығымен «Отты жылдар» атты кітаптан үзінділер конспектілеу.

9. Республика мерзімді баспасөзі соғыс жағдайына қалай бейімделіп құрылды?

10. Майданға аттанған журналистердің өмірі туралы қандай деректерді білесіз?

11. Соғыс жылдарындағы редактор С.Сауырғалиевтың өмірі мен қызметі қандай болды?

12. Ленинград қорғаушыларына арналған облыс еңбекшілерінің көмегі не болды? Газет беттерінде оның көрінісі қалай табылды?

13. Жұмысшы, ауыл және село тілшілерінің, облыстық баспахананың жұмысы қалай ұйымдастырылды?

14. Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім!» атты өлеңін талқылау.

II БӨЛІМ. БАРЛЫҒЫ МАЙДАН ҮШІН, БАРЛЫҒЫ ЖЕҢІС ҮШІН

2.1. БАҚ – майдан мен тылдағы жеңісті ұйымдастырушы

Ұлы Отан соғысының басталысымен өз жұмысын соғысқа бейімдеп қайта құрған облыс баспасөзі барша халықты жеңіске жігерлендірді. Газеттердің әр саны шыққан сайын жауға деген өшпенділікті күшейткен материалдар жарық көрді. Бас мақалалар, корреспонденциялар, памфлеттер, очерктер, өлеңдер барлығы да майдан мүддесін көздеді.

ҚК(б)П Гурьев облыстық комитетінің 1942 жылы 24 наурыз күні өткен № 168 бюро мәжілісінің § 4 бабымен «Облыстық «Прикаспийская коммуна» және «Социалистік құрылыс» газеттерінің жұмысы туралы» маңызды мәселе талқыланды. Алынған қаулыда мынадай жолдар бар: «...Алайда облыстық газеттердің жұмысында елеулі кемшіліктер бар. ОК пен ҚК(б)П обкомның газет жұмыстарын қайта құру туралы шешімдері қанағаттанғысыз жүруде. Өндіріс, ауыл шаруашылығы және ішкі мүмкіндіктерді жұмылдыру мәселесін аяғына дейін жеткізбейді. Әскери мүддеге бағытталған қайта құру тәжірибелері, озат еңбеккерлердің жұмыс әдістері мен тәжірибелері насихатталмайды, стахановшылардың, әсіресе мұнайшылардың еңбегі жан-жақты көрсетілмейді. Артта қалған өндіріс бөлімдерінің, колхоздардың басшыларын сынға алу, мемлекеттік маңызды міндеттерді орындамаған себептері көрсетілмейді.

Облыс экономикасының маңызды саласы мұнай өнеркәсібінің көкейтесті мәселелерін, еңбекшілердің қажетін өтейтін жергілікті өнеркәсіп, қосалқы шаруашылық ұйымдастыру туралы, тұрғындар арасындағы үгіт-бұқаралық мәселелерінің қойылу жайы қанағаттанғысыз көрсетіледі.

Облыстық, аудандық ұйымдардың жетекшілері (облыстық балық сауда одағы, қалалық прокуратура, мұнайшылардың обком одағы, облжол бөлімі) газет беттеріндегі сын-ескертпелерге назар аударып, ол кемшіліктерді жоюдың алдын алмайды» [1]. Қабылданған қаулыда одан әрі, облыстық газеттердің алдындағы міндеттер: мұнай өнеркәсібін да-

мыту, озат тәжірибелерді кеңінен насихаттау, мұнай өнімін арттырудың жолдарын көрсету, колхоздың мал басын өсіру, тұқым егу, балық аулау, әйелдер еңбегін ұйымдастыру, мемлекеттік жоспарды мезгілінен бұрын орындау және т.б. шараларды жүзеге асыру алға қойылды. Газет редакторларына қабырға газеттері редакторлары семинарын, тілшілер мәжілісін, көрмелер, рейдтер өткізу белгіленді. Әскери-мемлекеттік құпияны сақтаудағы цензорлардың жұмысын аупартком бюроларында тыңдап отыру міндеттелді.

Қаһарлы жылдарда баспасөз және баспа ісін ұйымдастыруда тек қана темірдей тәртіпке бағынумен бірге еңбекті ұйымдастыруда үнемшілдік пен ысырапқорлыққа жол берілмеді. Газеттердің баспаханадан шыққан әр саны қатаң бақылауға алынды. 1942 жыл 21 сәуір күні болған ҚК(б) П Гурьев облыстық комитеті бюро мәжілісінде «Аудандық газеттердің беркітілген 2 беттік форматын бұзуы туралы» мәселе қаралып, рұқсатсыз 4 бетке газет қағазын шығындаған мәселе талқыланды. Атап айтқанда, Мақат аудандық «Социалистік Ембі» газетінің редакторы К.Ізтелеуов 1 қаңтар мен 15 наурыз аралығында газетті 4 бет, 28 наурызда 6 беттік етіп рұқсатсыз шығарған. Теңіз аудандық «Балықшылар үні» редакторы Б.Байменов пен «Красный Каспий» редакторы А.Н.Столяровтар 18 қаңтар, 2, 10, 11, 26, 28 ақпан және 15, 16 наурыз күндері газеттерді 4 бетпен шығарып, осы басылымдардың 8 санын 2 бетпен шығаратын қағазды орынсыз шығындаған. Есбол аудандық «Социалистік мал шаруашылығы» газеті 2, 16, 18, 26, 28 ақпан және 15 наурыз күндері 4 бетпен, Жылқосы ауданының бұрынғы редакторы Ерғалиев пен Шевченко аудандық «Колхоз жолы» газетінің редакторы Таренов 30 наурыз бен 3 сәуір күндері газеттерді 6 бетпен орынсыз шығарған. Аталған газеттердің редакторларына обком бюросы бетке басылған ескерту берді. Осы күні өткен обкомның бюро мәжілісінде ВКП(б) ОК 1942 жыл 5 сәуірдегі газет қағазын үнемдеу мақсатында облыстық және қалалық газеттердің таралымын қысқарту туралы қаулысына сәйкес, облыстық газеттердің таралым данасы 15 пайызға төмендеді. «Прикаспийская коммуна» мен «Социалистік құрылыс» газеттерінің бір шыққандағы таралымы 6800 дана болып беркілді.

Сондай-ақ, аудандық газеттердің таралымы 1 мамырдан бастап

төмендегідей мөлшерде жарық көретін болды:

1. «Балықшылар үні»	2000 дана
2. «Красный Каспий»	800
3. «Социалистік ауыл»	1200
4. «Социалистік Эмба»	1200
5. «Ленин жолы»	1000
6. «Колхоз жолы»	1200
7. «Социалистік мал шаруашылығы»	1200
8. «Сталин жолы» (Маңғыстау)	1000

[1, 805- іс, 257-п.]

Осыдан кейін облыстық газет беттерінде мерзімді басылымдардың жұмысын жақсарту бағытында бірнеше хабарлар жарияланды. Солардың қатарында кәсіпорын, мекеме жанындағы қабырға газеттерінің пәрменділігін арттыру басты назарда ұсталды. Қабырға газеттері өз өндірісінің өмірін, озаттар тәжірибесін, өндірістегі кемшіліктерді жиі жазып отыруға тиіс. Баспасөздің төменгі осы буыны еңбекшілерді ерлік еңбекке, жауды тез талқандап шығу ісіне баспасөздің өзге құрылымы секілді қызу жұмылдырды. Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1942 жылдың 27 маусым күнгі №150 (2664) санында тілші С.Айғалиев «Қабырға газеттерінің жұмысы жаңа арнаға қойылсын» атты мақаласында аталған кемшіліктерді былайша көрсетті: «Құлсары мұнай промыслынан бірнеше қабырға газеттері шығады. Бұлардың көпшілігі жұмысты соғыс уақытының талабына сай істеп келеді. Бұрғылау бөлімінің жанынан шығатын «Жауынгерлік листок» (редакторы Қаржаубаев), промуправление жанынан шығатын «За Нефть» (редакторы Егоров), мұнай өндіру бөлімінің жанынан шығатын «Жауынгерлік листок» (редакторы Мұстафиденов) газеттері кезінде сапалы болып шығарылады. Бұл газеттерде өндірістік кемістік, жетістіктері, өндірістегі алдыңғы қатарлы жұмысшылардың іс үлгілері жиі-жиі жазылады.

Бірақ, промысле жұмысты жаман істеп отырған қабырға газеттері де жоқ емес. Автогараж жанынан шығатын «Жауынгерлік листок» (редакторы Көпкенов), облторг жанынан шығатын (редакторы Зыганщик) газеттердің бір нөмірі бес айда азар шықты. Вахта охранның жанынан шығатын «Настраже» газеті (редакторы Сабитов) сауатсыз, қалай болса

солай, өте мәдениетсіз шығарылады» - дей келе, қабырға газеттерін сапалы, мәдениетті етіп шығару қажет деп тапқан [2].

Жарық көрген қабырға газеттерінде тыл еңбеккерлерін жаңа ерлік еңбекке шақырған ұрандар беру жалғасын тапты. Аудандық баспахана арнаулы бетшелер шығарып жергілікті жерлерге таратты. Мысалы, 1942 жыл 3 қараша күні Доссорға берілген обкомның жеделхатында осындай ұрандарды 5000 данамен дайындап тарату жүктелді.

Жұмысты уақыт талабына сай қайта құру облыстың ауыл шаруашылығында шапшаң жүрді. Баспасөз арқылы Семей облысы, Өржар ауданының «Красные горные орлы» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері 1941 жыл 26 шілде күні Қазақстанның барлық колхозшыларына үндеу хат жазды. Үндеуді бірауыздан қолдаған облыстың ауыл шаруашылық саласындағы еңбеккерлер еңбек өнімділігін едәуір арттырды. Қысқа мерзімде механизатор кадрларын дайындауда, әйелдерден жаппай мамандығы бар механизаторлар шығаруда мол табыстарға қол жетті. Бойларын патриоттық сезім билеген, туған өлкеміздің күш-қуатын арттыра беруге ұмтылған ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибесін паш етуде баспасөз бен радио көп жұмыс атқарды.

Ұлы Отан соғысы күндерінде облыс еңбеккерлері майдан мен тылды мал шаруашылығы өнімдерімен мол жабдықтау жолындағы республикалық социалистік жарысқа қосылды. Облыс мал өсіретін үлкен аймаққа айналды. Мұның өзі мал басының аман сақталуымен бірге, етке өткізілетін малдардың салмағын өсіру бағытында қыруар жұмыстар жүзеге асты. Соның арқасында Атырау облысы мемлекетке 1945 жылы 1941 жылмен салыстырғанда етті 2,7 есе артық өткізді. Майданға 27 542 центнер ет, 13 503 центнер сүт, 908 центнер жүн жоспардан артық берілді.

Жеке тұрғындардың майданға қолда бар заттарын жіберуі қанат жайды. Мұрағат құжатында мынадай деректер сақталыпты: «1942 жыл 28 қазаны мен 1943 жыл 25 сәуірі аралығында Сорочинко селолық кеңесі бойынша төмендегідей майдан үшін қор жиналған:

Құлақшын	10 дана.
Шалбар	5.
Күпі (фубайка)	5.
Рубах жылы	4.

Қолғап (жүн)	25.
Жылы шұлық	18.
Қалта сағаты	1.
Май қорап	13,5 кг.
Ет	250 кг.

Сонымен бірге «Қазақстан колхозшысы» атты танк колоннасын жасау үшін 106 мың сом және қосымша 13 мың сом жиналды. Барлығы 119 мың сом жиналып тапсырылды.

Селолық кеңес төрағасы: Байдалин» [3].

Колхозшылардың жанқиярлық еңбегін баяндауда жергілікті жерлердегі қабырға газеттерінің жұмысы айқын көрінді. Қабырға газеттері соғыс кезінде көп материалды қажет етпей-ақ халықтың қалың тобы арасында жұмыс істеуге қолайлы болатын. Олардың рөлі, мазмұны, оған басшылық етудің жолдары туралы кезінде нұсқаулар берілді. 1941 жыл 1 қыркүйек күні ҚК(б)П Гурьев обкомы насихат бөлімінің меңгерушісі Б.Жантасовтың № 263 хаты барлық аудандарға қабырға газеттерін қалай ұйымдастыру туралы мынадай үлгісін жіберді: «Аудан көлеміндегі колхоздардағы, бригадалардағы шығарылатын қабырға газетінің үлгісін аудандық газеттің типографиясы арқылы көбейтіп, әрбір колхоздардағы бригадирлердің санына қарай, бастауыш партия ұйымдарына тез жіберуді міндеттеймін. Бұл газет кем дегенде айына 3 рет шығып тұруы тиіс. Қазақша газеттің аты «Сталиндік вахта», орысша газеттің аты «Сталинская вахта» деп жазылатын болсын. Оң жағында көсемдеріміз Ленин-Сталиннің суреттері болсын. Газеттің бетінде көрсетілген мөлшердегідей етіп орындарға ыңғайлы ұсақ-ұсақ 7-8-9 хабардай жазылып отырса жақсы болар еді. Шынында газет материалдарының қысқа түсінікті тілмен жазылғаны жақсы ғой.

Осы шығарылатын газеттер туралы, бастауыш партия ұйымдарының секретары және қабырға газетінің редакторлары мен әдейі кеңес өткізіп бағыт беруді тапсырамыз» [4].

ҚК(б)П Орталық Комитетінің 1942 жыл 4 мамыр күнгі «Қазақстанның республикалық, облыстық және аудандық газеттерінің соғыс кезіндегі жөйі мен міндеттері туралы» қаулысын басшылыққа ала отырып, бірқатар көлемді шараларды жүзеге асырудың шарасы жасақталды. Соғыс кезінде

жоғарғы компартия органдарының шешіміне сай, облыстық және аудандық газеттердің құрылымы өзгеріп отырды. ВКП(б) ОК Секретариатының 1942 жыл 3 шілде күнгі және ҚК(б)П ОК 1942 жыл 26 тамыздағы бюро шешімдеріне орай, ҚК(б)П Гурьев обкомының 1942 жыл 7 қыркүйектегі бюро мәжілісінің № 202 § 7 санды «Облыстық және аудандық газеттердің штаттары туралы» қаулысы қабылданды. Қаулының негізінде, облыстық екі газеттегі әдеби қызметкер саны 12 адам, техникалық қызметкерлер саны 11 адам болып белгіленді [5].

Неміс-фашист әскерлері өмірлік маңызы бар ірі экономикалық аудандарды басып алғаннан кейін, бірсыпыра өнеркәсіп орындары Қазақстанға да көшірілді. Соғыстың алғашқы айларынан бастап Қазақстанға еліміздің жау оккупациялап алған батыс аудандарынан, Ленинградтан, Мәскеуден және басқа жерлерінен эвакуацияланған мыңдаған балалар мен ересек халықтар келе бастады. Солардың қатарында Гурьев облысына эвакуацияланған 8399 адамның 1276-сы сол кәсіпорындардың қызметкерлері мен жұмысшылары болды [6].

Эвакуацияланып келгендерді еңбекке орналастыру, әсіресе тұрмыс жағынан орналастыру еңбекшілер депутаттары Кеңестерінің ең маңызды жұмысы болып табылды. Олардың барлығы тұрғын үймен, отынмен және жұмыспен қамтамасыз етілді. Еңбекшілер халық депутаттары Гурьев облыстық атқару комитетінің 1941 жыл 3 қыркүйектегі № 33/23 шешімімен эвакуацияланған әр адам үшін Есбол ауданына 1000 сом, Бақсай ауданына 500 сом қаржылай ақша бөлу міндеттелді. Кейін 1941 жыл 13 желтоқсан күнгі облаткомның № 33/38 шешімімен:

Гурьев атқару кеңесіне	2000 сом.
Бақсай аудандық кеңесіне	600 сом.
Есбол	500.
Новобогат	500.
Теңіз	700.
Шевченко	800.
Маңғыстау	800.
Жылқосы	800
Мақат	500 сом мөлшерінде болып

белгіленді [7, 165- іс, 65- п.].

Қорыға келгенде, Ұлы Отан соғысы басталған тұста облыстың баспасөзі халыққа фашистік Германияның басқыншылығын жан-жақты көрсете келіп, барлық күшті майдан мен тылға салуды жұмылдырды.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

1. АОММ 1-к., 1-т., 805-іс, 190-197-п.п.
2. Айғалиев С. Қабырға газеттерінің жұмысы жаңа арнаға қойылсын // Социалистік құрылыс. – 1942. – 27 маусым.
3. АОММ 369-к., 1-т., 6-іс, 5-п.
4. АОММ 10-к., 1-т., 163-іс, 205-п.
5. АОММ 1-к., 1-т., 806-іс, 158-п.
6. АОММ 855-к., 1-т., 156-іс, 354-п.
7. АОММ 855-к., 1-т., 165-іс, 65-п.

Сұрақтар:

1. Газет беттерінде қандай патриоттық бастамалар жарияланды?
2. Облыстық партия және атқару комитеттері баспасөз бен радио жұмысын қайта құру үшін қандай шараларды жүзеге асырды?
3. Тыл еңбеккерлерінің ерлігі баспасөз беттерінде қалай көрінді?
4. Қабырға газеттері жұмысын ұйымдастыру үшін қандай нұсқаулар берілді?
5. Атырау облысына соғыс жайлаған жерлерден қандай халықтар қоныс аударды?
6. Қабырға газеті дегеніміз не?
7. Жергілікті газеттер материалдарын пайдалана отырып, соғыс жағдайына арнап реферат жазу.

2.2. Ембінің «кара алтыны» – майданға

Уақыт талап еткендей Қызыл Армияға қажетті соғыс техникалары үшін жанар-жағар май көп мөлшерде өндіру міндеті тұрды. Атырауда қысқа мерзімде қару-жарақ жасау зауыттары құрылды. «Қазақстанның» бірлестігі сияқты мекемелер орталық мұнайлы аймақтан келген білімді инженер-техник қызметкерлермен толықты. Жаңаша жұмыс істеу айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. 1941 жылдың басында тәулігіне тек 50 тонна ғана мұнай беретін кен кәсіпшіліктері 1942 жылдың бірінші тоқсанында 700-800 тонна мұнай өндіретін болды. Мұнайшылар тәулігіне екі-үш сағат қана демалды. «Майданға қанша мұнай керек болса, сонша мұнай береміз» деген ұранмен жұмыс істеп, сөздерін бұлжытпай орындап отырды. 1942 жылы Қандыағаш-Гурьев темір жолы тұрақты іске қосылып, 517 километрлік болат магистрал Орынбор темір жол жүйесінің құрамына енгізілді. Облыс экономикасының күре тамырына айналған магистраль арқылы Ембі мұнайының Оралға, Сібірге, Орта Азияға шығуына кең өріс ашылды. Ұлы Отан соғысының сұрапыл шағында темір цистернамен 1.080.600 тонна жанар май жөнелтілді.

«Социалистік құрылыс» газетінің 1942 жыл 15 қыркүйектегі № 188 (3008) санында «Пландарын асыра орындады» атты мақалада мұнайшылардың өз жоспарларын артығымен орындағаны туралы төмендегідей хабар басылды: «Доссор промысындағы мұнай шығару цехы жанында Меңешев жолдас басқарған подъемник парк бар. Бұл коллектив өткен бірінші тоқсанда өздерінің өндірістік пландарын орындай алмады. Екінші тоқсаннан бастап олар жаңа қарқынмен жұмыс істеп, пландарын орындау дәрежесіне жетті. Машиналарға керекті бөлшектерді күні бұрын даярлап қоятын болды. ...Бұлардың арасында күн санап стахановшылар қатары өсуде. Үмбетова Ақзия, Тұрышева Жұмағыз сияқты жолдастар өз нормаларын 172 проценттен орындап келеді» [1].

Атырау облысы бойынша, 1942 жылы 2500 тонна мұнай өндірілсе, 1943 жылы оның көлемі 4500 тоннаға дейін өсті. Атырау мұнайшыларының осындай ерен еңбегі майдандағы жауынгерлердің мақтанышына айналды. Қаһарман батыр Бауыржан Момышұлының 1942 жылы Ембі

мұнайшыларына арнап жазған хаты «Социалистік құрылыс» газеті 1942 жыл 16 шілде күнгі санында жарияланды: «Қымбатты достар, бір кандас аға-інілер және қарындастар, әкелер мен аналар, балалар, қазақтар - мұнайлы Ембінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдер! Қызыл Армия жалғыз емес, бүкіл оның жолында Қызыл Армия неміс жауыздарды өзінің қаруымен талқандауда, ал сіздер, тыл қайраткерлері табанды еңбегіңізбен талқандайсыз. Сіздің мұнайдың әрбір литрі, продуктыларыңыздың әрбір килограммы жау тамағына тас болып тұрады, ол оған кездесе, қиқылдап өліп қалады. Оларды күн сайын, сағат сайын көбейте беріңдер, ол біздің жеңіс сағатамызды жақындата түседі. Бұл міндетті Сіздердің абыроймен орындайтындарыңызға біз күмәнданбаймыз.

Жауынгерлер мен командирлер атынан

Н.Гвардиялық атқыштар полкінің командирі,

гвардия подполковнигі

Б.Момышұлы» [2].

Батыр Б.Момышұлы және басқа жауынгерлер хатына Ембі ауданы мұнай кәсіпшіліктерінің 15 озаты қол қойған жауабында «Сіздерге қанша керекті болған көмектің бәрін көрсетуге бар күшімізді жұмсайтынымызға ант береміз. Біздер майдан үшін майдандағыдай жұмыс істейміз» деп сендірді.

Ембі мұнайшыларының қол жеткен табыстары облыстық газеттердің әр санында үзбей жарияланды. «Прикаспийская коммуна» газетінің бетінде «Нефтяники Эмбы берут новые обязательства», «Дать больше нефти, больше рыбной продукции!» атты айдары тұрақты берілді. Мұнайшылар мен балықшылар, құрылысшылардың қажырлы еңбегі туралы заметка, хабарлар көптеп басылды. Газеттің 1943 жыл 10 шілде күнгі №141 санында: «Используем все резервы в добыче нефти» атты мақаласынан үзінді бере кетсек: «Макат. (По телефону). 4 июля состоялось расширенное совещание партийно-хозяйственного актива промысла Макат совместно с стахановцами. Заслушая доклада директора промысла об итогах работы в первом полугодие и задачах коллектива промысла в связи с решением правительства о форсировании нефти добычи в Казахстане.

Докладчик указал, что промысел Макат не справился с полугодом заданием и является должником у государства. Во втором полугодии надо так работать, чтобы наверстать упущенное и досрочно выполнить годо-

вой план. По докладу выступило 11 человек. Большинство выступавших указывали на те резервы, благодаря которым промысел может добиться досрочного задания второго полугодия. Многие из выступавших брали конкретные обязательства...» [3].

Сондай-ак, осы басылымның 1943 жыл 8 тамыз күнгі № 160 санында «В августе работать лучше, чем в июле» атты айдарымен бірнеше заметкалар берілген. Солардың арасында «Все строительное монтажные конторы перевыполнили план» атты заметкада құрлысшылардың қажырлы еңбегі жан-жақты баяндалады: «Коллектив треста «Казахстаннефтьстрой», удерживающий третий месяц переходящее Красное Знамя Государственного Комитета Оборона СССР, в июле – первом месяце 2 полугодия – выполнил план на 118 процентов. Все строительно-монтажные конторы успешно справились с выполнением месячной программы. Самые высокие показатели у строительно-монтажной конторы № 3 (нач.т.Аксентьев), выполнившей июльское задание на 135 проц., строительно-монтажная контора №2 (нач.Гибизов) выполнили задание на 121,2 проц.» [4].

Дегенмен, облыстық газеттердің мұнай өндірісін дамытудағы кейбір кемшіліктері республикалық «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетінің «Газет сыны» айдарымен «Жаңалықты көру, көтере білу – жақсы салт» атты мақаласында көрінді. Мақалада отан соғысының ауыр күндерінде мұнай кәсіпшілігіндегі өндірістегі жаңалықтар, техникалық озық әдістерді күнделікті өмірге ендіру ісі тұралап қалғаны көрсетіліп, оны жақсартудың шаралары белгіленді: «КК(б)П Гурьев облыстық комитетінің органы – «Социалистік құрылыс» газетінің (редакторы С.Сауырғалиев) негізгі көңіл бөлетіні – мұнайды майданға негүрлым мол беру мәселесі болуға тиіс. Өйткені қазіргі соғыс – моторлар соғысы, ал моторлардың жаны – мұнай. Бұл, жұртқа мәлім. Мұнайшы патриоттарымыз өздерінің жауынгерлік міндетін дәл осылай түсініп, майданға мұнайды керегінше беру үшін жанқиярлықпен еңбек етуде. Мұнай кәсіпорындары мен промыслдарында «бір айда 165 жаңа ұсыныстар түсті»... «тек бір айда 43 ұсынысты іске асырудан Эмбанын кәсіпорындары он мыңдаған сом пайда келтіріп отыр» деп жазды газет. Қуанарлық іс. Мұнайшылардың тамаша табысын айқын мәлімет. Енді цифрдың сырын баяндаған мақалаларды, жаңашылдарға берілген сөзді

газеттен іздей бастайсыз, бірақ таба алмайсыз. Таң қаласыз...» [5].

Осындай сынға ұшырай тұрса да, майданға бірінші кезекте қажетті мұнай өнімдерін мол өндіріп, оны жеткізуде мұнайшылар еңбегін облыстық «Социалистік құрылыс» пен «Прикаспийская коммуна» газеттері мейлінше жан-жақты көрсетті. Қазақтың батыр ұлы Б.Момышұлының облыс еңбекшілеріне арнап жазған тарихи Үндеу хаты жаңа патриоттық еңбек өрлеуін туғызды.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

1. Пландарын асыра орындады // Социалистік құрылыс. – 1942. – 15 қыркүйек.
2. Б.Момышұлының облыс еңбекшілеріне арнап жазған хаты // Социалистік құрылыс. – 1942. – 15 қыркүйек.
3. Используем все резервы в добыче нефти // Прикаспийская коммуна. – 1943. – 10 июля.
4. Все строительное монтажные конторы перевыполнили план // Прикаспийская коммуна. – 1943. – 8 августа.
5. Жаңалықты көру, көтере білу – жақсы салт // Социалистік Қазақстан. – 1942. – 15 шілде.

Сұрақтар:

1. Майданға қажетті мұнай өнімдерін өндіруге арналған өлке баспасөзінде қандай айдарлар болды?
2. Батыр Б.Момышұлының облыс еңбекшілеріне арнап жазған хатының тарихи маңызы неде?
3. Республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің беттерінде өлке баспасөзіне қандай материалдар жарияланды?
4. Тарихшылар Ә.Мұқтар мен Қ.Мұхитовтардың ғылыми еңбектерімен танысып, тиісті тапсырмаларды орындау.
5. А.Қонысқалиевтың «Майлы қиян – Мақат» атты кітабын оқытушы басшылығымен талқылау.
6. Заметка дегеніміз не?

2.3. Ерлікке лайық ерлерім

Майданда соғысып жатқан жерлес жауынгерлеріміздің уақыт тауып жазған хаттары облыстық газеттерге толастамай келіп жатты. Олардың сәлемдемелерінде неміс басқыншыларына деген ыза-кегі, жеңіс үшін, отанымыздың жарқын болашағы үшін қасық қандары қалғанша соғысуға әзір екендіктері баяндалды. 1942 жылы 6 желтоқсан күні жазылып облыстық «Прикаспийская коммуна» газетінің хаттар бөліміне №1793 тіркелген гвардия ефрейтері Жұмабеков Гимранның хатынан үзінді келтіре кетсек:

«Привет с фронта!

Здравствуйте дорогие товарищи организаторы Советской молодежи крепящей наш тыл и готовящейся грудью встать на защиту необъявленной Родины, с красногвардейским приветом бывш.работник Денгизского РК ЛКСМК ныне ефрейтор Джумабеков Гмиран. Прошло 16 мес. Великой Отечественной войны с немецкими оккупантами участвуя в боях за родину, я не на минуту забываю Вас моя друзья подруга, не забываю данные мною обязательства перед лицом Ленинского комсомола. Каждый шаг борьбы за родину – есть шаг борьбы за счастливое будущее Советской молодежи.

За мужество и отвагу в боях я удостоен высокой чести – орденом Красной Звезды. В ответ на это награждению я обязуюсь еще больше трудиться на фронте борьбы с немецкими оккупантами – сражаться до последнего дыхания, в этом Вы можете твердо надеяться как на гвардейца.

Недадим врагу продвигаться на восток! Будем биться за каждую хату в селе, за каждый куст на земле, за каждый выступ в скале, за каждую тропку лесную, за каждую кочку степную, за каждый овраг и дас, чтобы враг нигде не пролез. Вперед на запад!» [1].

Баршаға мәлім, 1943 жылы 2 ақпанда Сталинград түбінде неміс-фашистерінің армиясы ойсырай жеңілді. Барлығы 330 мың солдат пен офицердің көзі жойылды, фельдмаршал Паулюс бастаған 2500 офицерлер мен 24 генералдар тұтқынға түсті. Сталинград шайқасы Ұлы Отан соғысындағы және екінші дүние жүзілік соғыс барысында түбірлі өзгерісті бастады. Сталинградты даңқты қорғаушылардың қатарында

жерлестеріміз де көп болды. Сталинград майданы далалық поштасынан келген Н.Әскери бөлім командирінің мына бір хаты облыстық «Прикаспийская коммуна» газеті 1943 жыл 6 ақпан күнгі №29 (3047) санында жариялады:

«ҚК(б)П Гурьев обком хатшысына

Біздің армиямыздың бір бөлімдерінде Сталинград үшін, Отан үшін болған шайқаста қазақ халқының адал ұлы Сүйеубаев Исатай Шахатұлы асқан ерлік көрсетті. Батырдың отбасы Гурьев облысы, Маңғыстау ауданы, Шевченко селолық кеңесіне қарасты, № 18 ауылда тұрады.

Неміс оккупанттарымен болған соғыста жауынгер Сүйеубаев большевиктік партияға және кеңестер халқына шын берілгендігін көрсетті. Жуырда танкілер қатысқан ұрыста Исатай он адамның орнына жаумен шайқасып, өзінің автоматынан оқ жаудырып көп фашистерді жер жастандырды. Оқтары таусылған шақта танк люгінен берілген гранатаны жау дзоты мен тірі қалғандарына лақтырды. Батыр жауынгерді өлтірмекші болған неміс офицерді байқап қалып құртып жіберді. Қолына оқ тигеніне қарамастан ұрысты жалғастыра берді» [2]. Осылайша, газет арқылы жерлесіміздің ерлігі бүкіл облыс халқына паш етілді. Опасыз жауды осылайша жер жастандыруға барлық адамдарды шақырды.

Сталинград шайқасы кезінде республика халқы майдан даласында ерлікпен соғысып жатқан қазақтарға арнап хат жазды. Қазақ халқының тапсырма аманатын Ембінің мұнайшылары, Қарағандының шахтерлері, Шымкенттің жұмысшылары мен Қызылорданың күрішшілері, үй қызметкерлері, пионерлер және т.б. оқып, қол қойысты.

Ұлдары мен бауырларына жазған бұл тапсырма аманатта республика еңбекшілері Отанға деген өздерінің бүкіл сүйіспеншілігін, жауға деген кекті ызасын былайша білдірді: «Қазақстан ұлдары! Біздің балаларымыз, ерлеріміз бен бауырларымыз! Туған үйіңізден алған хатты қандай сезіммен оқитын болсаңыз, Сіздердің әрқайсыңыз да бұл хатты сондай сезіммен оқитын болыңыз. Әрқайсыңыз да бұл хатты көзіңізбен ғана оқып қоймай, шын жүрегіңізбен де оқитын болыңыз, өйткені бұл хатты өзінің бақытына жүздеген жыл бойына ауыр азап көріп жеткен бүкілхалқымыз жазды...». Қазақ халқы өз ұлдарына жазған хатында жексұрын жауды жеңіп шығу үшін туған өлкенің еңбекшілерінің не істеп жатқандарын

баяндап, майдандағы әрбір қазақты оккупанттарға қарсы аяусыз күрес жүргізуге жалынды түрде шақырды.

Ұлы Отан соғысы барысында қазақ халқының майдандағы өз ұлдарына арнап жазған хатын 1943 жылы 6 ақпан күні «Правда» газеті басып шығарды. Газеттің «Даңқты қазақ халқы советтік Отан үшін күресте» деген бас мақаласында хаттың орасан зор маңызы бар екені баса көрсетіліп, қазақ еңбекшілерінің тылдағы және қазақ жауынгерлерінің майдандағы ерліктерін жоғары бағалады. «Правда» газетінің бас мақаласы 1943 жылы 9 ақпан күні өткен Атырау облыстық партия комитетінің № 231 § 3 бюро мәжілісінде талқыланып, насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі С.Төлебаев хабарлама жасады. Қабылданған қаулыда, жоғарыдағы екі хаттың дұшпанды талқандаудағы маңызын облыс жұртшылығына кеңінен насихаттаудың шаралары белгіленді [3].

Халықтың өз ұлдарына арнаған жалынды үндеуі майдан шебіне тез жетті. Жауға қарсы шайқастан кейін, окоптар мен блиндаждарда отырып, жауынгерлер мен командирлер халықтың шын жүректен жазылған хатын демдерін ішіне ала оқып, тыңдады. Олар «Туған қазақ халқына» деген жауап хат жазды. Солардың қатарында жерлесіміз Кеңестер Одағының Батыры Қ.Смағұловта бар еді.

Жоғарыда көрсетілгендей, майданнан келген жауынгерлер хаттарын газет беттерінде жариялау ісі адамдардың рухын, патриоттық сезімдерін жоғары көтерді. Осы орайда облыстық «Прикаспийская коммуна» газетінің 1945 жыл 27 қаңтар күнгі № 19 (3562) санында жарияланған жауынгер хаты нақты дәлел: «Әбішев Рафхат бұрынғы Гурьев қаласындағы Куйбышев атындағы орта мектепте тәрбиеленді. 1942 жылы ол майданға кетті. Өзінің жастығына қарамастан 22 жасында капитан дәрежесі атағын иленіп, барлаушылар командирі атанды. 1943 жыл 4 қыркүйегінде «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен, 1944 жыл 13 наурызында II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, 1944 жылы тамыз айында I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталды. Праганы алудағы батырлығы мен ержүректілігі үшін Қызыл Ту орденіне ие болды.

Жас жауынгер сүйікті елі үшін өз өмірін ешқашанда аяған жоқ. Соңғы ұрыстың бірінде ол ауыр жараланды, кейін сол жарақатынан қайтыс болды. Барлаушы-жауынгерлер сүйікті командирлері үшін жаудан кек алуға

серт берді. Команда басшылары айбынды жауынгердің наградаларын облыстық балық аулау тұтыншылар одағында жұмыс жасайтын әкесі Ысқақ Мұхамеджанұлын Әбішевке жіберді» [4].

Соғыс әр отбасына үлкен қайғы, үлкен ауыртпалықтар әкелді. Алайда жеңіске деген жігерленген жауынгерлеріміз тобықтан қан кешіп, етігімен су ішіп еліміз бен жерімізді жаудан тазарту үшін алға қарай ұмтылды.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

1. АОММ 369- к., 1- т., 1- іс, 39-п.
2. АОММ 369- к., 1- т., 4- іс, 2-п.
3. АОММ 1-к., 1-т., 986- іс, 174-п.
4. АОММ 369-к., 1-т., 4- іс, 24-п.

Сұрақтар:

1.Гвардия ефрейтері Ғ.Жұмабековтың майданнан жазған хатының мазмұны қандай болды?

2. Жауынгер И.Сүйеубаевтың ерлігін баяндау.

3.Республика халқының майданда соғысып жатқан қазақ жауынгерлеріне жазған хатында не баяндалды?

4.Кеңестер Одағының Батыры Қ.Смағұловқа қай жазушы өз шығармасын арнады?

5.«Прикаспийская коммуна» газетінің беттерінде жарияланған жауынгерлер хаттарынан конспекті жазып, мазмұнын айту.

2.4. Газет пен радио жұмысын қайта құру, шолу

Ұрыс даласындағы Қызыл Армияның жеңістеріне сәйкес елде транспорттық көлік қатынасын жақсарту міндеті тұрды. Әсіресе орталықпен жалғастыратын Гурьев-Астрахань темір жолын салудың стратегиялық маңызы артты. Міне, осы құрылыс жұмысын өрістету үшін жаңадан газет ашу уақыт талабы болды. ҚазКСР Халық Комиссарлар

Кеңесі жанындағы әдебиет пен баспасөз ісі жөніндегі Бас басқармасының 1943 жыл 29 наурыз күнгі № 3/171 § 1 бұйрығымен 1943 жыл 1 мамырдан бастап «Гурьев-Астрахань» темір жол құрылысын салушыларға арналып «Вперед» («Алға») атты орыс және қазақ тілдерінде көптиражды газет шығаруға шешім алынды. Газет аптасына бір рет 1750 данамен жарық көріп, форматы А-3 көлемінде болып белгіленді [1].

КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы баспасөздегі әскери құпияны сақтау бөлімі мен Главлито бастығы Н.Садчиковтың 1943 жыл 2 сәуірдегі № 32/513 с § 1 бұйрығымен Гурьев еңбекке-түзеу колонни-ясында (ИТЛ) көптиражды газет шығарылды. Аталмыш газетті шығару «Үлкен Жезқазған үшін» атты Жезқазған саяси бөлімнің көптиражды газетін қысқарту есебінен жүзеге асты. Бұл соғыс кезіндегі партияның баспасөздің ұйымдастыру, үгітшілік қызметіне иек артқандығынан туындады.

Жауды талқандауда мерзімді баспасөзбен қатар радио хабарларының маңызы артты. Өндірістегі станок басында, орталық алаңдарда адамдар тік тұрып радиодан кеңестік Информбюроның ұрыс майданының соңғы хабарларын тыңдауға асықты. 1943 жылы 3 маусым күнгі ВКП(б) ОК қабылдаған «Аудандарда жергілікті радихабарын ұйымдастыру» туралы қаулысына сай, еліміздің барлық жеріндегі селолық кеңестер мен колхоздарға телефон желісін тарту, радио арқылы хабар тарату міндеттелді. Аудандық газеттер шықпаған күні радио арқылы саяси хабарлар (Кеңестік информбюро жаңалықтары, елдегі және халықаралық жағдайлардан хабарлар) және аудан еңбекшілерінің майданға көмегі, шаруашылық-саяси науқандардың жүрісінен, өндіріс, кеңшарлардың, колхозшылардың іс-тәжірибелерінен, социалистік жарыс қорытындыларынан, еңбек озаттарының сөйлеулерін ұйымдастыру, соғыстан келген хаттарды таныстыру және т.б. міндеттелді.

Соғыс жылдарында аудандарда радиобабырын ұйымдастыру қанат жайды. Радио – сан мыңдаған тыңдаушылардың елдік рухты сақтап, жауға қарсы жұмылдыруда, жеңіске жетелеуде үлкен жасампаздық рөл атқарды. Сұрапыл кезеңде Гурьев қаласында бір орталықтан аудандарға радио хабарын беруге қажетті қысқа толқынды КВ-1,5 НК байланыс қабылдағышы болды. Енді арнаулы жабдықталған мекеме үйі қажет еді.

Осыған орай 1943 жылдың 5 маусымына дейін облыстық қаржы бөлімінің бастығы Абылғазин мен облыстық радио комитет бастығы Лавринаға тиісті қаржы көздерін іздеп тауып, студиядан аудандарға хабар беруді жүзеге асыру міндеттелді. Гурьев облыстық байланыс басқармасының бастығы Бердіғұловтың бұйрығымен Қосшағыл поселкесіндегі радио орталықтың жұмысын жақсарту үшін техник А.Ф.Васильев 1943 жылы 4-10 қаңтарында іс-сапарға жіберілді. Ал басқарма бастығының өзі де осы аралықта мұнайлы аймақтағы барлық байланыс жүйелерін тексеріп, олардың жұмысын жақсарту үшін жолға аттанды [2].

Облыста жалпы білім беретін мектептер мен орта оқу орындарда оқитын қыздарды радисті, телеграфист және телефонистка мамандығына дайындауға бетбұрыс жасалды. Гурьев облыстық байланыс жүйесі басқармасы бастығының 1943 жыл 13 тамыз күнгі № 58 бұйрығымен облыс мектептерінің 8-10 сыныптарында және техникумда оқитын қыздарды осы мамандыққа үйретуге шешім алынды. Бұл байламды қатаң орындау қала мен аудандағы жергілікті байланыс жүйесі бөлім басшыларына міндеттеді. Осыған орай, Гурьев педагогикалық училищесі бойынша 25, Ленин атындағы орта мектептің 30 қыз оқушылары осы мамандыққа үйренуге кірісті. Аудандарда Осовиахим (ДОССАФ) бірлесе отырып, мектептерден арнайы орын жабдықтау және оларды тиісті техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге алғашқы қадамдар жасалды.

Күн өткен сайын, облыста тілшілер жұмысын ұйымдастыруға басшылық жақсара түсті. ҚК(б)П Гурьев обкомының 1943 жыл 14 желтоқсан күні өткен бюро мәжілісінің №279 §24 қаулысымен «Облыстағы кәсіпорындар мен колхоздардағы қабырға газеттерінің редакторларының семинарын өткізу туралы» шешім қабылданды. Баспасөздің төменгі буыны аталған осы газеттердің облыстық семинары 1943 жылдың 27-31 желтоқсаны арасында өткізіліп, бұл шараға шаруашылық бөлімі арқылы 3000 сом бөлінді. Семинарды мазмұнды өткізу үшін обкомның насихат-үгіт бөліміне бөлім меңгерушілері, хатшылар мен облыстық, аудандық газеттердің редакторларына баяндама жасау тапсырылды.

1943 жылдың 31 тамызынан бастап «Прикаспийская коммуна» газетінің өндірістік бөлімінің меңгерушісі Г.В.Иодко республикалық «Казахстанская правда» газетінің меншікті тілшілігіне тағайындалды.

Соғыстың зардаптары баспахана жұмысына қатты әсер етті. Жоғарғы басқарма полиграфиялық базаны жақсарту үшін шешімді шаралар ала алмады. Қажетті литерлер мен әріптер, линейкалар, квадраттар, шпондар, реглеттер және т.б. жетіспеді. Қолдағы бар материалдардың есебін тиянақты жүргізіп, баспахана цехтарында төртіп пен ұқыптылық жетіспей жатты. 1944 жыл 31 қаңтар күнгі облыстық баспаханада болған мүліктерді есептеу кезінде көптеген материалдар жетпей қалды. Теру цехында әріп терілетін шрифт кассаларының ұялары дұрыс толтырылмаған. Теру цехының бригадирі М.В.Дмитриев бар материалдарға есеп жүргізбей, салақтыққа жол бергені атап көрсетілді [3]. Облыстық газеттерді сапалы басып, оқырман қолына жеткізуге дейінгі аралықта баспахана жұмысын жолға қоюда осындай олқылықтар болды.

Заман ағымына сай газеттер партияның үні болғандықтан үнемі оның басшылық қызметі әрбір бетте көрінуі тиіс еді. Аудандық газеттерде партия тұрмысының жан-жақты көрсетілуі нашарлап кеткендігін ҚК(б)П Гурьев обкомының 1944 жыл 17 наурыз күнгі № 06/225 қатынас хатында атап көрсетілді. Аталмыш қатынас хатта, «Ленин жолы» (Бақсай), «Колхоз жолы» (Шевченко) соңғы екі айда бірде-бір рет материал бермеген болса, «Нефтянник» (Мақат) 1944 жыл 1 ақпан күнгі №5 санында партком хатшысы Үстеновтың «Сағыз коммунистері өндіріс озаттары» атты мақаласында өнім өндірудегі алдыңғы қатарлы коммунистердің аты, фамилиясы көрсетілмеген. Мақала басынан аяғына дейін бос сөзге, құрғақ цифрларға құрылған. «Красный Каспий» (Теңіз) газеті екі айда 3 рет партия өміріне арналған материалдар берген болса, партия жиналыстары мен пленумдары туралы жұмған аузын ашпаған. Осылайша, кеңестік баспасөздің идеялық бағыты мен мақсаты айқындалып отырды. Әрқашан баспасөз партия идеясын білдіріп отыруы тиіс делінді.

Жасыратыны жоқ, жоғары партия ұйымының үні «Правда» газетінде жарияланған бас мақалаларды республикадан бастап аудандық басылым беттерінде жариялау міндетті болды. Бас мақала компартияның сара жолын баяндайтын, редакция ұжымына бағыт-бағдар беретін бағдарлама еді. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1943 жыл 2 шілде күнгі № 136 (6366) санында сол жылғы 30 маусым күнгі «Колхоздарда бала төрибелейтін орындар болсын» деген бас мақаласы жарияланып, барлық облыстық ба-

сылымдар да жарияланды. «Әйелдер еңбегі неғұлым көп қолданылатын егіннің шөбін жұлу және егін жинау жұмыстары алдымен барлық колхоздарда бала тәрбиелейтін жазғы алаңдар ашу керек. ...Егіннен соғыс кезінде лайықты мол өнім алу, ауыл-село балаларының денсаулығы қазіргі уақытта, көбінесе, колхоздарда бала тәрбиелейтін орындар ашуға байланысты екеніне, біз оларды жақсы өсіруге міндетті екенімізді мұндай қызметкерлер түсінбейді. Әрбір колхоз бен совхозда бала тәрбиелейтін ясли мен жазғы алаң болсын!

Ауыл-селодағы балалы әйелдердің бірде-біреуі егіннен соғыс уақытына лайықты мол өнім алу күресінен шет қалмайтын болсын!» - деп колхоздың басшыларына әйелдердің еңбек етуін ұйымдастыру жүктелді [4].

Ел басына күн туған шақта үлкендермен қатар қаршадай балаларда қарап қалмады. Буындары бекіп, қабырғасы қатпаған балалар егін алқаптарында аналарымен бірге арам шөп жұлып, пішен үйді. «Қазақстан пионері» атындағы танк колоннасын жасауға қаржы жинау жөніндегі Теңіз ауданының оқушы пионерлерінің үндеуі республикада үлкен қолдауға ие болды. Оқушылардың еңбек күнінен табылған алғашқы 160 мың сом мемлекеттік банкке өткізіліп, қаржы тоқтаусыз танк колоннасын жасақтауға жөнелтілді. Пионерлердің осы патриоттық бастамасын кеңінен насихаттауда Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газеті ерекше рөл атқарды. Тарихшы К.Аманжолов «Ерлік жолымен» атты кітабында өлкедегі баспасөзіміздің жұмысына былайша баға берді: «1943 жылдың 9 апрель күні Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газетінде Қызыл Армияның бас қолбасшысы И.В.Сталиннің жолдаған құттықтау жеделхаты жарияланды. Онда былай делінген: «Қазақ ССР, Гурьев облысы, Теңіз ауданының оқушы пионерлеріне – Формул Досалиевке, Есен Бейсеновке, Ғалым Қуанғалиевке, Бәтима Мәженоваға, Вера Тарасоваға, Нина Загребинаға, Римма Спиридоноваға, Роза Пакке, Асылғали Тайпақовқа, Болат Ысқақовқа, Таңатар Досаевқа, Ораз Жұпалиевқа, Зайра Сүлейменоваға, Хамеден Сатқыновқа, Каким Юсуповқа, Тама Досжановаға, Соня Лұқпановаға, Жардем Қосбергеновке, Еркін Жантеміровке, Қадір Бекеұлтановқа, Мұслима Қожаеваға, Сережа Потомкинге, Ақтығали Әбішевке, Бәти Рахметовке, Инаят Бекмырзаевқа және пионерлер мен оқушылар атындағы танк колоннасына 160 мың

сом жинаған Теңіз ауданының оқушы пионерлеріне Қызыл Армияның алғысын және олардың оқуда, қоғамдық жұмыста табыстарға жете берулеріне менің тілектестігімді тапсырыңыз» [5, 71 б.].

Бұл сол кездегі пионерлерге берілген мемлекеттің ең үлкен марапаты болатын.

Компартияның газеттерге шолу жұмысы да ұмтылған жоқ. Майданға қажетті мұнайды көптеп өндірудегі баспасөздің күші жеткілікті пайдаланбай отырғаны орынды сынға алынды. Облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1944 жыл 25 тамыз күнгі № 170 (3255) санында «Өрісі қысқа, жасық газет» деген материал жарық көрді. Мақалада Жылқосы аудандық «Социалистік ауыл» газетінің мұнай мен ауыл шаруашылығын өркендетудегі жұмысына сыни баға берілді. Ауданда Қосшағыл, Құлсары кәсіпшіліктері бар. Егін шаруашылығының да көлемі арта түскен. «Аудан шаруашылығының осындай шешуші салаларын көпшілікке көрсетуде ҚК(б)П Жылой аудандық комитетінің тілі – «Социалистік ауыл» газеті (редакторы Ерғалиев жолдас) тиісті дәрежеде жұмыс істей алмай келеді. Газет шаруашылықтың қай саласын да терең қамтып отырған жоқ. ... газет май, июнь, июль айларында мұнай туралы бірғана мақала жазған, бірақ онда да бірде-бір мәселені батыл қоя алмаған. Бұдан кейін «Социалистік ауыл» газетінде мұнай өнеркәсібінің мәселелері жекелей жазылмайды. Мәселен, газеттің осы үш айдағы сандарында Қосшағыл, Құлсары промсылдарында бұрғылау жұмысының, сол сияқты жерасты жөндеуінің жайы туралы бірде-бір мақала жазылған жоқ. Газет Өтеулиев, Беркәлиев, Щапошева сияқты алдыңғы қатарлы мұнайшылардың озат тәжірибесін көпке түсінікті тілмен кең, айқын әйгілеу орнына, хабар ғана берген. Қорытып айтқанда, «Социалистік ауыл» газеті ауданның мұнай өнеркәсібін олқылықтан шығару үшін мұнайшылар алдына қойылған тұжырымды міндеттерді жұртшылыққа насихаттай алмай отыр» [6].

Осындай «Газеттер сыны» айдары облыстық газеттерде тұрақты берілді. Мақсаты – баспасөздің өндірісті ұйымдастырудағы атқарылып жатқан жұмыстарды оқырмандар арасында кенінен насихаттау. Өндірістегі орын алған кемшіліктерді жоюдың жолдарын көрсетіп, алға қарай өнімнің мол қорын жасақтаудың әдістерін көрсете білді. «Социалистік құрылыс» газетінің 1944 жыл 29 қазан күнгі № 217 (3302) санында «Өз міндеттерінің

дәрежесінде» атты мақалада «Социалистік Ембі» газетінің (редакторы М.Сатқанов) газетінің Отанға мұнай берудегі ұнамды жұмыстары аталып өткен. Мұнай өндірудегі озық тәжірибелерді, мамандықты меңгерудегі социалистік жарысты өрістетудегі, әйелдер еңбегінің рөлін, қолайлы еңбек етуге жағдай туғызу т.б. мақалалар жарыққа шыққан. Одан әрі мақалада: «Жастардың мұнай үшін күрестегі тамаша үлгісін газет көпке түсінікті тілмен, айқын мысалдармен жазып, осы тақырыпқа арнап, газеттің сол санында бас мақалада жазды. Бұл мақалаларда Доссордың атакты жас шебері Есенжанов Қаратау басқарған учаскенің бірінші жарты жылда ғана 1665 тонна мұнайды жоспардан тыс бергені, бұрғылау машинисі Қалдығариев пен слесарь Сергеевтің, мұнай шығару шебері Жұмабаевтың тағы басқаларының тамаша тәжірибесі баян етілді.

Ауданның мұнайшы әйелдерінің іс үлгісі газет бетінен түскен емес. Мұнай шығару шеберлері Хан Татьяна, Жұмағалиева Балжан, оператор Шағырова жолдастарды газет ауданның әйел-қыздарына үлгі етіп көрсетеді, олардың қол жеткен табыстарын Ембінің қыз-келіншектерінің майданға, Қызыл Армияға тартуы деп таниды. Мұнай шығару ісіндегі, қысқа әзірлектегі және басқа жұмыстарда орын алған кемшіліктерге қарсы газет жұртшылық пікірін ұйымдастыра білді» - делінді [7]. Сондай-ақ, газеттің тілшілерімен арадағы қатынасы жақсы жолға қойылғаны атап өтілді. Газеттің көлемі шағын болғанымен тілшілер Арызқұлов, Ғаббасов, Төкелов, Жұмағалиев, Авров секілді тұрақты тілшілер мен авторларды мақтан етеді.

Ұлы Отан соғысының соңғы 1944 жылы ішінде «Социалистік құрылыс» газеті редакциясына түскен 2 196 хаттың 98,7 пайызы пайдаланылса, 141-і тергеуге жіберілді. 1944-1945 жылдың ішінде газеттің жұмысына 1 152 автор қатысқан, сөйтіп оның саны 1 501-ге жетті. Мұнай өнеркәсібінің өзекті мәселелері газет бетінен түскен жоқ. Атап айтқанда, мұнай кәсіпшіліктері мен участоктері жұмысындағы олқылықтар, мұнайшылардың озат тәжірибелері кеңінен ашыла түсті. Бұл тақырыпқа 350 мақала берілген болса, оның 25-і алғы бетте, 40-ы мұнайшылардың озық тәжірибесіне арналса, 17 мастер өз ісі туралы баяндаған. Олардың арасында Байшонастық орденді мұнайшылар Ескариев, Дариева, Мақат мұнай кәсіпшілігінен екі орденді Бермағамбетов, I санаттағы мастер Хан

Татьяна, Сағыздан Жұмабаев, Доссорлық мастер Есентаев және т.б. бар еді. Олардың мақалаларында мұнай өндіруде орын алған кемшіліктерді жоюдың алдын алу, өнімнің көлемін арттыру шаралары атап көрсетілді. Мысалы, 1944 жылы 29 қыркүйектегі газеттің бетінде Ембі-Қосшағыл кәсіпшіліктеріндегі мұнай өндірудегі олқылықтар орынды сынға алынды.

Жазылған сындарға қарамастан соғыс жылдарында облыстық баспасөздің бетінде мұнай өнеркәсібін дамытуға арналған қарышты қадамдар жасалды. «Гурьевтің облыстық газеттері Ембі кәсіпшілігіне өздерінің тілшілерін жіберіп, мұнайшылардың еңбектегі қаһармандық ерлігі туралы үнемі жазып тұрды. Елімізге өте қажет сұйық отынды неғұрлым мол өндіру үшін мұнайшыларға бүкіл республикамыздың еңбекшілері көмекке келді. Осының нәтижесінде 1943 жылы Қазақстанда мұнай алудың мөлшері рекордтық цифрға жетті» [8, 211 б.].

Балық өндірісіне де «Социалистік құрылыс» газеті белсенді араласты. 1944 жылы бұл тақырыпқа 122 мақала берілген болса, оның 7-уі алғы бетте жарық көрген хабарлар. Облыстық газет беттерінде осы жылы денсаулық, халық ағарту және сауда тақырыбына 110 мақала берілді.

Мал шаруашылығы мәселесі басылым бетінің өзекті тақырыбына айналды. Бұл тақырыпқа 508 мақала берілген болса, оның 40 алғы бетте берілді. Қаһарлы жылдарда Новобогат ауданы малшыларының бүкіл республикаға арнаған үндеулері қызу қолдау тауып, облыс малшыларының озық бастамалары туралы хабарлар жиі басылды.

Ұлы Отан соғысы мүгедектері мен әскер отбасына көмек беру жайы мәселесі де орынды көтерілген. Бұл тақырыпқа газет бетінде 100 мақала басылды. 1944 жыл 5 желтоқсан мен 1945 жыл 5 қаңтар аралығына жарияланған айлыққа сәйкес, Ұлы Отан соғысы мүгедектері мен майдан жауынгерлерінің отбастарына газеттердің бастамасымен төмендегідей көмектер ұйымдастырылды. Облыс бойынша 625 центнер балық, 1390 пар киім, 612 пар аяқ киім, 319 дана тұлып, 1250 пар байпақ, 2297 килограмм жүн, 1226 дана тері, 19 662 килограмм астық, 27 023 килограмм сұлы, 587 килограмм ет, 823 048 сом ақша, 1875 отбасыға үй беріліп және тұрғын үйлері жөнделді.

Гурьев облыстық «Прикаспийская коммуна» газетінің 1945 жыл 1 қаңтары мен 1 маусым аралығында жасалған есебіне қысқаша тоқтала

кетсек: Осы уақытта редакция қоржынына 287 автордан 547 хат түскен. Олардың 383 жарияланып, яғни 70 пайызы жарық көрген; 49 хат тергеу-тексеру органдарына жіберілсе, 108 хат басуға келмегендіктен мұрағатқа тапсырылды. Редакцияның тұрақты 342 тілшісі болған. Газет беттерінде әскер қатарындағы жауынгерлер отбасына қамқорлық жасау, майданнан мүгедек болып оралған жауынгерлерді қамқорлыққа алу туралы материалдар тұрақты беріліп тұрған. Газеттің ықпалымен жауынгер Краснованың отбасына үй берілсе, майданнан келген Трохинге өзі жұмыс жасайтын мекемесі арқылы материалдық көмектер ұйымдастырылды. Үгітшілерге арналған материалдар тұрақты беріліп, халықаралық жағдайға шолу, мемлекеттік займ, заттай-ақшалай лотерия туралы мазмұнда болды. Мұнай, ауыл шаруашылығы, балық аулау, мал өсіру, егін салу мен ору және т.б. кеңінен мақалалар жарияланды.

Сұрапыл соғыстың еліміздің халық шаруашылығына тигізген зардаптары аз болған жоқ. Алайда осындай қиыншылықтарға қарамастан аудандарда, оның ішінде облыс орталығынан шалғай орналасқан Қызылқоға ауданы еңбекшілерінің Ұлы Жеңісті жақындатуға қосқан үлесі мол болды. Мұрағатта сақталған «Қызылқоға аудандық мемлекеттік қамсыздандыру бөлімінің 1944 жыл 1 қаңтар 22 мамыр аралығындағы есебі» атты деректерге тоқтала кетсек: «Қор: тамақтай балық 9700 кгр., ірімшік 136 кгр., күрт 87 кгр., тары 4045 кгр., сары май 11 кгр., сүт 72688 литр, ет 1787 кгр., мал майы 21 кгр., қауын-қарбыз 4050 кгр., қор жасақталынып түгелдей армия семьяларының өте мұқтаждарына берілді. Заттай 515 дана түрлі киімдер жиналып олда өте мұқтаж семьяларының, Отан соғыс мүгедектеріне берілді. Үкімет тарапынан көрсетілген көмек 7800 кгр., астық, сөк 139 кгр., сүзбе 502 кгр., иіс сабын 447 кгр., мата 788 метр, 44 дана бала киім, малсыз армия семьясы 686 үй, оған берілген мал саны 1372. Бұрынғы закон бойынша ақша алуға керек аналар саны - 13, одан төленген ақша 10 мың сом, жаңа закон бойынша ақша алатыны - 14. бұлардың алғаны жоқ, ақша алуға тиісті жеке аналар саны - 8 алғаны жоқ. Жалпы армия семьясының саны - 1650, оның ішінен пособия алып отырғаны 559 үй, пенсия алып отырғаны - 137. Пособия пенсия ақшалары I/ХІІ - 43 түгелдей төленген...

Мемлекеттік қамсыздандыру

бөлімінің бастығы: Тұралиев.

Әлеуметтік қамсыздандыру

бөлімінің бастығы: Шүйіншалиев» [9].

Жасыратыны жоқ, бұл ауданда соғыс жылдарында газет жарық көрген жоқ. Себебі сол кездегі жоғарғы партия ұйымдарының бұл мәселеге дұрыс көңіл бөлмегендігінен болды (Ескерту: аудандық газет соғыстан кейін 1953 жылдың 31 қаңтары күні жарық көрді). Сондықтан кеңшарлар мен колхоздар, мекемелер жанындағы қабырға газеттеріне көңіл бөлінді. ҚК(б)П Қызылқоға аудандық комитетінің хатшысы Мұқтаров бекіткен үгіт-насихат бөлімінің 1944 жыл 10 қазан күнгі жасақталған саяси-идеологиялық жұмыс жоспарында әр елді мекендерде саяси оқу үйлері ашылып, оларды газет-журналдармен қатамасыз ету және радиоқабылдағыш қою міндеттелді [10].

Облыс орталығынан облыстық және республикалық газеттер поштамен жіберіліп тұрған. Облыстық партия комитеті обкомның XI пленумы шешімдері жарияланған «Прикаспийская коммуна» мен «Социалистік құрылыс» газетінің 1944 жыл 24 қазан күнгі 31 сандарын жіберген. Аталмыш пленумның мал шаруашылығын өркендетуге арналған қаулысын осы газеттер негізінде жергілікті бастауыш ұйымдарында талқылау үшін арнайы қатынас хаттар жолданды [10, 9-іс, 105-п.]. Осылайша, жоғарғы билік органдарының шешімдері мен бұйрықтарын бұқара халық арасында кеңінен таныстыру жүзеге асырылды. Ауданда тілшілерді облыстық және республикалық газеттердің жұмысына тарту немесе штаттан тыс тілшілер тағайындау жұмыстары жүргізілді. Гурьев облыстық «Прикаспийская коммуна» газетінің редакторы П.И.Богданов 1944 жыл 28 қыркүйекте Қызылқоға аудандық партия комитетінің хатшысы Мұқтаровқа хат жазып, орыс тіліндегі газетке штаттан тыс тілші сұраған сауалының орындалмай отырғанына қынжылыс білдірген [10, 10-іс, 36-п.].

Бұқара арасында сол кездері үгіт-насихат жұмысын жүргізуде газетті дауыстап оқу үлкен рөл атқарды. Жұмыстан қол босаған шақта немесе кешкікүрлым үйге жиналып алып, үгітшілер өкелген газет-журналдардан саяси хабарлар мен майдан жаңалықтарын естуге құмарланды. Кейде жоғарғы жақтан осындай хабарларды оқудың жоспары жасақталып жіберіліп отырды. 1944 жылы 22 ақпан күні № 03/65 қол қойған обком

хатшысы С.Төлебаевтың қатынас хатында былай делінді: «Жақын күндер ішінде үгітшілер көпшілікке мынадай маңызды мәселелерді дауыстап оқып беретін болсын:

1. Совет Информбюросының «Корсунь ауданында қоршалған неміс армиясының құртылуы» жөніндегі «Социалистік құрылыс» газетінің 20 ақпандағы санында шыққан әдейі хабарын, осы жөніндегі Сталин жолдастың бұйрығын, газеттің осы санындағы Шаяхметов жолдастың сөзін.

2. «Социалистік Қазақстан» мен «Қазақстан правдасы» газеттерінің 11 ақпандағы бас мақалаларын.

3. Орлов облысы өкілдерінің «Прикаспийский коммунаның» 20 ақпанындағы санындағы мақалалары мен «Социалистік құрылыстың» 17 ақпандағы мақалаларын.

4. «Украин халқы патриоттығының айқын белгісі» деген «Правданың» 10 ақпандағы бас мақаласын, оның қазақшасы «Социалистік Қазақстанның» 11 ақпанындағы санында шықты.

5. «Социалистік Қазақстанның» 12 ақпанындағы санында шыққан республикалық агрономдар кеңесінің үндеуін.

6. «Фин басқыншыларды совет жерінен қуып шығамыз» деген «Правданың» 9 ақпандағы бас мақаласы мұның қазақшасы «Социалистік Қазақстанның» 12 ақпандағы санында» [11].

Қорыға келгенде, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Атырау облысының мерзімді баспасөзі мен радиосы халық күшін жеңіс жолына жұмылдырып, алдына қойған міндеттерді абыроймен орындады. Облыс журналистері мен тілші-авторлар газет беттерінде қаһарлы жылдардың ауыртпалығын халықпен бірге қасқая көтеріп, еңбекшілердің өндіріс, ауыл шаруашылығы және мәдениет салаларын табыстарын жан-жақты баяндай білді.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

1. АОММ 152- к., 2- т., 1- іс, 27- п.
2. АОММ 1053- к., 1- т., 1- іс, 15- п.
3. АОММ 412- к., 1- т., 4- іс, 55- п.
4. Колхоздарда бала тәрбиелейтін орындар болсын // Социалистік

Қазақстан. – 1943. – 2 шілде.

5. Аманжолов К. Ерлік жолымен. – Алматы: Жалын. – 1977. – 112 б.

6. Өрісі қысқа, жасық газет // Социалистік құрылыс. – 1944. – 25 тамыз.

7. Өз міндеттерінің дәрежесінде // Социалистік құрылыс. – 1944. – 29 қазан.

8. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860-1958). – Алматы «Мектеп», 1981. – 240 б.

9. АОММ 597- к., 1- т., 21- іс, 17-19- п.п.

10. АОММ 597- к., 1- т., 8- іс, 14-п.

11. АОММ 14- к., 1- т., 122- іс, 5-п.

Сұрақтар:

1. Темір жол құрылысына арналып қандай газет жарық көрді?
2. Жергілікті жерлерде радиобағдарлар қалай ұйымдастырылды?
3. Газеттерге шолу жанрында қандай тақырыптар талқыланды?
4. Қызыл Армияның бас қолбасшысы И.В.Сталин теңіздік пионерлерге не үшін Алғыс жариялады?
5. Тілші хаттарының газеттер беттерінде жариялануы қалай жүрді?
6. Қызылқоға ауданы еңбеккерлерінің майданға қосқан үлесі қандай болды? Неліктен бұл өңірде аудандық басылым шықпады?
7. Облыста қабырға газеттерінің жұмысын жолға қою ісі қалай жүргізілді?
8. Газетті дауыстап оқу дегеніміз не?

III БӨЛІМ. ҚАҒАРЛЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ – АУДАНДЫҚ ГАЗЕТТЕР МЕН РАДИО

3.1. Отты жылдардағы – Жылыой

Ұлы Отан соғысы қарсаңында еліміздегі қуатты мұнай арсеналына айналған Ембіде жаңа кәсіпшіліктер ашылып, маман кадрлар өсіп шықты. Байшонас, Ескене, Қосшағыл кәсіпшіліктерінің басын құраған «Ембанепті» тресінде мұнай өндіру еселеп артты. Бұрынғы жұмысшы Сары Жүсіпов – облыстық Кеңес атқару комитетінің төрағасы, Ұзаққали Төралиев – еңбекшілер депутаттарының Шевченко атқару комитетінің төрағасы, Қазақ ССР Ұлы Кеңесінің депутаты, Тымықбай Шырдабаев – Бақсай аудандық атқару комитетінің төрағасына дейін көтерілді. Каспий-Орскі мұнай ағызу трубасы, Гурьев-Қосшағыл су трубасы салынды. Аудандағы халықтың сауатсыздығын жойып, мәдениетін көтеруде және олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына «Социалды ауыл» газетінің қосқан үлесі зор еді. Газеттің редакторы Қ. Жақсылықов пен хатшысы Даулетовтың 1940 жылы 6 қаңтарда облыстық партия комитетінің баспасөз және баспа ісі бөліміне берген анықтамасында мынадай жолдар бар: «Газеттің штаттан тыс тілшілері – 406, олардың арасында тұрақты жазатыны – 80, партия мүшесі – 14, ЛКСМК мүшесі – 22, партияда жоқ – 34. Олардың ішінде тұрақты жазады: Партия ұйым жетекшілері – 5, кеңестік ұйым жетекшілері – 5, комсомол жетекшілері – 1, аудан мекеме басшылары – 2, стахановшылар – 0 [1]. Бұл тізімнен байқап отырғанымыздай газеттің тірегі – тілшілер. Алайда еңбек озаттары мен жұмысшылар арасынан мақала жазатын адамдардың жоқтығы, редакция құрамының өндіріспен тікелей байланысы төмен жатқандығы көрінеді.

Газет компартияның үні болғандықтан жергілікті партия, атқару комитеттері редакцияның бұқара арасында жүргізіп отырған қызметін басты назарда ұстады. Жылыой аудандық партия комитетінің 1940 жыл 18 қаңтар күні өткен № 56 бюро мәжілісінде «Аудандық «Социалды ауыл» газетінің жұмысы туралы» атты мәселе қаралып, газет редакторы Қ. Жақсылықов баяндама жасайды. Бюро мәжілісінде сөйлеген жолдастар

Шалағаев, Сакпанов, Айтмұқановтардың сын-ескертпелері басшылыққа алынып, күн тәртібіндегі мәселе бойынша мына кемшіліктерді атап көрсетті: «...Аудандық газет 1940 жылы мал шаруашылығы мен егіс жұмыстарын жан-жақты көрсетіп, еңбек озаттарының іс-тәжірибелерін таратты. Дегенмен аудандағы мұнай өндірудің жайы аз көрсетіліп, бұрғылау жұмыстарын, өндірістегі көбейіп кеткен оқыс оқиғалар мен босқа тұру фактілері туралы аз жазылып тұрған. Жыл ішінде 4 бас мақала мен 65 хабарлар жарық көрген. Аудандағы мекеме басшылары, колхоз төрағалары газетке мақала жазбайды. Стахановшылар қозғалысын өрістетуге арналған социалистік жарыс қорытындылары жарияланбайды. Ауыл-жұмысшы тілшілерімен редакция құрамының байланысы өз мөнінде емес, мекеме, колхоздардағы қабырға газеттері редакторларының сырттан оқуы ұйымдастырылмаған. Осындай олқылықтарды көрсете келіп, ҚК(б)П аудандық комитетінің бюросы төмендегідей қаулы қабылдады:

«1. Аудандық газеттің жұмысындағы кемшіліктерді жойып ҚК(б)П Орталық Комитетінің аудандық комитет жұмыстарын қайта қарау жөніндегі қаулысын іске асыруды, газет ауданның өмірімен тығыз байланысты болуын қамтамасыз етуді газет редакторы Қ.Жақсылықовтан талап етілсін.

2. Газет бетінде партия тұрмысы, партия пропанды жұмысы жеке ҚК(б)П тарихын оқушылардың, сондай-ақ үгіт коллектив пен агитаторлардың арасындағы жұмыстар мен олардың опыттарының тәжірибелі жақтарын жазып отырумен газетке басшы қызметкерлермен, әсіресе партия басшы қызметкерлерді қатыстырып отыруды Қ.Жақсылықовқа тапсырылсын.

3. Газет өзінің күнделікті бетінде ауданның барлық жұмыстары жөнінде әсіресе мал шаруашылығы, мұнай өндірісі жөніндегі алдыңғы қатарлы стахановшылардың екпінділердің жұмыс әдістерімен іс үлгілерін жазумен жұмысты жаман салақ жасайтын өндіріс пландарын орындай алмайтындардың істерін бойлай жазып отыруды міндеттейміз және газет өзінің бетінде анық шындықты, фактыны көрсете білуін тапсырады.

4. Газет өзінің күнделікті бетінде өндірісте, ауыл шаруашылығында мекемелерде СССР Ұлы Совет Президумының 26 июньде, 10 июльдегі Указдарының іске асырылуы мен ол указдарды бұзушыларды бойлай әшкерелеп, жұмыстағы простойды аварияны жоюда, жұмысты сапасыз

жасаушыларды ашудағы жұмыстарын батыл ұйымдастыруды газет редакторы Қ.Жақсылықовқа жүктелсін.

5. Жұмысшы-ауыл тілшілер мен қабырға газет редакторлеріне басшылық ету, олардың арасындағы көпшілік тәрбие жұмыстарын жақсарту, жиі-жиі кеңестерін өткізіп отыру жұмысы ұйымдастырылсын. Әсіресе жұмысшы-ауыл тілшілерімен қабырға газет редколлегиясының сырттай оқитын курсы үздіксіз жүргізумен олардың кеңестерін өткізіп отыру, жеке өңгімелер өткізу консультация жасап тұру ҚК(б)П аудандық комитетінің үгіт пропаганды бөлімі Сақпанов пен газет редакторы Жақсылықовқа тапсырылсын.

6. Аудандық газетке ауыл шаруашылығындағы, өндірістегі мамандарды басшы қызметкерлерді тартуда, өр шаруашылықтың тарауларына қарай мамандармен басшы қызметкерлердің кеңесі өткізіліп отырылсын. Газетке сөз жазатын актив авторлары саны көбейтілсін.

7. Газет тарату жұмысын тағайындалған тиражына жеткізумен газетке жазушылардың қажетін жеткізіп тұруды, кеңседе газеттің көп жатып қалушылығын жою агенттер мен газет таратушылардың жауапкершілігін күшейту аудандық қатынас бөлім начальнигі Рақымбердиев жолдасқа тапсырылсын.

8. Газет заметкаларымен анығын ашу үшін мекемелерге жолдаған тілші хаттарын уақытында тергеп қорытындысын редакторға хабарлап отыру, тілші хаттарына газет заметкасына жауапсыз қараушылықты жою барлық мекеме басшыларымен бастауыш партия ұйымдастырушыларының және заң орындарына тапсырылсын» [2].

Осындай сын-ескертпелерді жүзеге асыру бағытында «Социалды ауыл» газеті редакциясының ұжымы бірқатар шараларды ұйымдастырды. Газеттің алғашқы беттерінде жоғарғы ұйымдардың шешімдері, И.В.Сталиннің партия тарихын оқып-үйрену туралы еңбектері, шиеленіскен халықаралық жағдайлар туралы материалдар берілді. Батыстағы гитлерлік Германияның көршілес бейбіт елдерді жаулап алуына байланысты еліміздің қорғаныс қауіпсіздігін қатаң сақтауға бағытталған ақпарат құралдары қызметкерлері үшін «өте құпия» құжаттар да қабылданды. ҚК(б)П Гурьев облыстық комитеті жанындағы әскери бөлімнің 1941 жыл 17 наурыз күнгі № 59/8 қатынас хатында аудандық

газеттердің жауапты қызметкерлерінің әскери жұмылдыру кезіндегі іс-қимылдары анықталды. Бұл құжатта редакция журналистерінің әскерге шақыруға арналған аудандық актив жиналыстарына, митингілеріне барған жағдайларындағы және газеттің осы мәселеге арнап кезектен тыс бетшелерін шығарудағы жеке міндеттері мен жауапкершіліктері атап көрсетілді [3].

Ұлы Отан соғысы қарсаңында бейбіт өмірде жатқан еліміздің саяси-экономикалық күш қуатын арттыруға Ембі мұнайшылары мен ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің қосқан үлесі «Социалды ауыл» газеті беттерінде жарқырай көрінді. Аудан экономикасының негізгі саласы мұнай өндірісі, ауыл шаруашылығы мен балық аулау мәселелері де назардан тыс қалмады. Ауыл-село және жұмысшы тілшілерімен байланыс жақсартылды, мекемелердегі қабырға газет редакторларымен семинар-оқулар өткізілді. Газет бетінде ауыл-село тілшілеріне арналған беттер ұйымдастырылып, бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстардан есеп жарияланды. «Социалды ауыл» газетінің 1941 жыл 1 мамыр күнгі № 39 (692) санында тілші Н. Даулетовтың «Алған міндеттемелерін асыра орындайды» атты мақалада Қосшағыл мұнай өндіру бөлімінің механикалық шеберханасының (бастығы Нагорнов жолдас) мұнай өндірудегі қол жеткен табыстары баяндалады. 1 мамыр мерекесі құрметіне социалистік жарысқа қосылған ұжымның мүшелері қабылдаған көтеріңкі міндеттемелерін асыра орындаған. Атап айтқанда: «Қазірде механикалық мастерскойдың коллективі бұл алған міндеттемесін 189,8 процент етіп асыра орындады. Сондай-ақ жеке стахановшыларда айлық пландарын асыра орындады. Сварщик Жармағамбетов жолдас апрель айының планын 278,1 процент, слесар Шекушкин 261,2 процент, кузнец Қазыбаев, балғашы Саудабаев жолдастар 226 проценттен және сварщик Жолдыбаев 197,5 процент етіп алған міндеттемелерін артығымен орындап шықты». Дәл осындай табыстарға бұрғылау бөлімінің механикалық мастерскойының жұмысшылары да қол жеткізген. Газеттің осы санында ауданның егіс алқабынан жазылған бірнеше хаттар легі басылыпты. Тілші Қ. Кемаловтың «Егіс жұмысы жақсы аяқталды» атты мақаласында Ембі кеңесіне қарасты Микоян атындағы колхозда егін егу жұмыстары қысқа мерзімде аяқталғаны әңгіме болады. Одан әрі: «...Қазір колхозшылар егіс

жеріне тұқым шашу, атыз салу және басқа қызметтерін де бірқатар орындар шығыр құруға да жаппай кірісіп жатыр. Бұл жұмыстыда тез аяқтап су құюды бастамақ. Өткен жылы колхоз дәнді егістің гектарынан 16 центнерден өнім алған болса, биыл онанда жоғары өнім алуды көздеп отыр. Колхоздағы 1940 жылы 6 гектар жерге егін салып онан 958 пұт өнім алған звено Мұстапиев, 5 гектар жерден 600 пұт өнім алған Шатанов Кетебай өздерінің сөздерінде биыл өткен жылғыдан егіс өнімін анағұрлым жоғары аламыз» деп шешім алған. Аудандағы өндіріс, колхоз және мекемелер жанынан жарық көретін қабырға газеттерінің жайы да назардан тыс қалмай, олардың жұмысы қолға алынды. Тілші Ш. Құлжановтың «Колхоздың қабырға газеттері көрнекті жұмыс жасауға тиіс» атты мақаласы осының айқын дәлелі. «Қара арна ауыл советіндегі Қазақстан, Жаңа жол колхоздары колхозшыларының жалпы жиналысы бойынша колхоз жанынан март айынан бастап қабырға газеттері ұйымдастырылған болатын, - деп жазады тілші одан әрі: - Қазір бұл газеттердің айына 3 реттен нөмірлері шығып колхоздың егіс және мал шаруашылық жұмыстарындағы жетістік, кемшіліктерді, алдыңғы қатарлы адамдардың іс үлгілерімен кейінгілерге үлгі боларлықтай етіп жазып тұрады. Қазақстан атындағы колхоз жанындағы қабырға газеттің соңғы шыққан бір нөмірінде колхоздың егіс даласындағы және төл алудағы жұмыстарда көрнекті қызмет жасап жүрген алдыңғы қатарлы адамдардың үлгілі істері жазылған...» [4]. Мақала қабырға газеттері стахановшылар қозғалысына егіншілерді толық қатыстыруға, екпінділер қатарын көбейтуге өз көмегін тигізеді деп қорытындылаған.

Баспасөз мерекесіне арналып жарық көрген «Социалистік ауыл» газетінің 1941 жыл 5 мамыр күнгі № 40 (693) санының алғашқы беті «Партияның ең өткір, ең күшті құралы – большевиктік баспасөз жасасын!» деген айдармен ашылышты. Бұл беттегі «Большевиктік баспасөздің салтанатты мерекесі» атты бас мақалада газеттің ұйымдастырушылық, насихатшылық және үгітшілік рөліне тоқтала келіп, оның жақын кезде капиталистік елдерді экономика жағынан басып озуда, еліміздің еңбекшілерін коммунистік рухта тәрбиелеуде, ұлы отанымыздың отан қорғау күш қуатын нығайтуда баспасөзге аса құрметті, аса жауапты міндеттер жүктеліп отырғандығын баса көрсеткен. Тілші М. Смағұловтың

«Тілшілер газет жұмысына белсене қатынасулары керек» атты мақалада газет тілшісі болу аса ардақты құрмет және жауапты іс екендігін айта келіп былай дейді: «Мен 1939 жылдан бастап аудандық «Социалистік ауыл» газетіне жазып келемін. Бұл менің өз жұмысымды жақсартумен газетке қатысудағы белсенділігімді арттырды. Осы жылдың өткен 4 айы ішінде аудандық газетке ? (әріп қатесі кеткен – Қ.С.) хат жазған болсам мұның барлығыда газет бетіне шықты. Тілші хаттарының газет бетіне түгел шығып отыруы оның анық шындық және фактілі болуына байланысты. Жазған хатың анық шындық дұрыс фактілі болса ол еш уақытта да аяқсыз қалмай газет бетіне шығып отырады.

Мен жұмыстың жақсы жағы болсын төмен жағы болсын анық шындықты, фактіні жазамын. Сондықтанда ол аяқсыз қалмайды. Менің барлық қалам қайраткерлері тілшілерге беретін кеңесім газет жұмысына белсене қатынасумен өткір қаламдарын да суытпай батыл шындықты жазып отыратын болыңыздар деймін».

Ауданда мал шаруашылығын өркендету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар нәтижесі газет беттерінде кеңінен көрініс тауып жатты. Газет беттерін ақтарған сайын мал фермалары мен озат бақташылар туралы мақалаларға кездесесіз. Жоғарыдағы 1941 жылғы 5 мамыр күнгі жарық көрген «Социалды ауыл» газетінің бірінші бетінде тілші Қ.Шелденовтың «Жұмысы жақсарған ферма» атты мақаласында Прорво советіндегі «Жаңа күш» колхозының қой фермасының (бастығы Өмірбеков) қол жеткен табыстары баяндалса, ал мал бағудың қыры-сырын үйретуге шақырған тілші С.Құлжановтың «Малды Қалжандай бағу керек» деген мақалада төмендегідей жолдар бар: «Калинин атындағы колхоздың сиыр фермасында сиыршы болып Қалжан Қашақов 1936 жылдан жұмыс жасайды. Ол өзінің адал жұмысын іс жүзінде көрсетіп келеді. Қалжан баққан сиырда өлім, болмаса күйсіздік деген болмайды. Өткен қыста бұл фермадан 56 баспақ қотыр ауруына шалдыққан еді, оның бірде-бірін шығынға шығармай тез уақыт ішінде Қалжан жолдас жазып алды. Бұл ферманың сиырынан қыс кезінде де, жаз кезінде де арық болмаса жүдеушілікке ұшырап жүрген бірде сиырды көрмейсің. Оның себебі Қашақов жолдастың сиырды қысы-жазы бірдей мөпелеп күтімін арттырып баға білгендігінің нәтижесі» [5].

Соғыс басталар шақта аудан еңбекшілерінің бейбіт еңбектің көрігін қыздырып, мұнай мен мал шаруашылығын өркендетуде қол жеткен жетістіктерін жан-жақты көрсетуде «Социалистік ауыл» газетінің ұжымы осындай игі жұмыстар атқарды.

1941 жылы 22 маусым күні фашистік Германия біртұтас Кеңестер Одағына тұтқиылдан шабуыл жасады. Гитлер көпұлтты елімізге сұрапыл күшті соққымен тиісті. Қызыл Армия фашистік агрессияға қарсы тойтарыс беру туралы үкіметтің бұйрығын алысымен майдандағы кескілескен ұрыстарға кірісті. Республикадағы сан алуан баспасөздің сапында қысқа уақыт ішінде Жылыой аудандық «Социалды ауыл» газеті де өз жұмысын соғыс уақытына бейімдеп құрды. Соғыс басталған шақта жарық көрген газеттің 1941 жыл 1 қазан күнгі № 84 (731) санында майданға жылы киімдер жинау, әйелдердің белсенділігі, оқушылардың колхозға көмегі, соғысқа өз еркімен баруға тілек білдірушілер туралы бірнеше мақалалар беріліпті. Тілші С.Мүкашевтың «Шақырушылардың пункті әзір» атты мақаласында Қызыл Армияға шақырылған жастарды қабылдау мен қаралу орны тиянақты әзір екендігі баяндалса, 1922 жылы туған әскерге шақырылушы Б.Сартаев «Артиллерист болғым келеді» атты мақаласында былай дейді: «...Мен призывке толық әзірмін. ПВХО, ГСО, ГТО және Ворошилов атқыштарының значоктеріне норма тапсырып алдым, саяси білімді көтеруде, партия тарихын өз бетіммен түгелдей оқып шықтым, 6 тарауына дейін жасаған конспектім бар. Бүгін шақыру пунктінде комиссияға қаралғанда, армия қатарына жарайтыным сөзсіз. Комиссия армияның қай бөліміне барасын деп сұраса, оған мен қуанышты түрде және ойымдағы жақсы көретін артеллерист болам, сол путевкемде атап жазылсын деп сұрар едім».

Тілші М.Төменованың «Әйелдер армияға жылы киімдер беруде» деген мақалада аудан орталығында бір күннің ішінде 50 әйел 4 пар байпақ, 3 бөрік, 4 одеяло, 1 простыйна, 3 шарф, 2 күрте бешпет, 33 көйлек, 20 беторамал, 15 колғап, 7 жылы шұлық және 5 стан берген. Тілшілер Мусин, Халиев дегендердің «Оқушылар колхоздарға көмек көрсетті» атты заметкасында жас балғындардың белсенділігін былайша баяндапты: «Сентябрьдің 21 күні демалыста Амангелді атындағы орталау мектептің 80 деген оқушылары «Амангелді» және «Чапаев» атындағы колхоздарға

барып олардың жиналмай жатқан егістерін жинап беру үшін үлкен көмек көрсетті. Сол күні оқушылар колхоздың 5 гектар тарысын және 2 гектар бақшасын жинап берді. Колхозға көмек көрсетуде үлгілі жұмыс жасаған IV класс оқушылары – Нұртаев, Тілепбергенов тағы басқалар болды. Сонымен қатар оқушыларды ұйымдасқан түрде басқарып апарып, колхозға көмектесуде комсомол мүшелері Есенғазиев, Дүйсебаев, Тілеубаев және Қосиқбаев сияқты ерекше жұмыс көрсетті» [6].

Жылыой ауданының халқы соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ асқан саяси зор ұйымшылдықтың үлгілерін көрсетті. Мұнай кәсіпшіліктері мен колхоздарда еңбек тәртібі күшейіп, әрбір ұжым жаңаша жұмыс істеудің өз борышы деп санады. «Барлығы майдан үшін, барлығы жауды талқандау үшін!» деген патриоттық шақыруға үн қосып, көтеріңкі еңбек вахтасына тұрған бригадалар мен жұмысшылардың саны артты. Аудан жастарының кезекті сенбілік өткізгені туралы «Социалистік ауыл» газетінің 1941 жыл 11 қыркүйек күнгі №78 (731) санында тілші Н.Дәулетовтің «Жексембілік ұйымдасқан түрде өтті» және Б. Бажиковтың «Жексембілікке 527 адам қатынасты» атты мақалалары беріліпті. Алғашқы мақалада 7 қыркүйек күні ауданның жүздеген жұмыскер-қызметкерлері Халықаралық жастар күнінің 27 жылдық мерекесіне арналған комсомол жастардың бүкілодақтық сенбілікке тегістей шыққандығы былайша хабарланыпты: «...Таңертеңгі сағат 7-де мекеме, кәсіпорындарында жасайтын 200 деген қызметкерлер Қосшағыл промуправлениясының алдына жиналып, топтарын түзеумен нефтепровод-тағы май құятын қазандардың айналасында жер қазу жұмысын жасады. Жексембілікке В.В.О. мен В.П.К.(литоның ережесі бойынша кәсіпшіліктер аты газетте аталмайды – Қ.С.) коллективтері ұйымдасқан түрде қатынасты, олар жер қазу жұмысында жақсы жасады. Екі коллектив 3-4 сағаттың ішінде 90 текше метр жерге топырақ төседі. 25 адамнан ұйымдасқан комсомол бригадасы (бастығы Ерғалиев) 70 текше метр жерге топырақ төкті. Бұл бригадиде Қосшағыл орта мектебінен келген Ғалиева Насиха, Қыстауғалиев Қайырғали, Ахметова Кенған жаңа автограждан қатысқан Белаусов жолдастар жер қазу жұмысын бар ынталарымен жасады, өздерінің жасаған жұмыстарын басқаларға үлгі болғандай етті. Сұлтанов Айтқали, Абулли-на Мариям, Ғалиасқарова Сания және Балиулли-на Дания жолдастар жер

казу, топырақ төсеу жұмыстарын бар ынта жігерлерімен атқарды. Сонымен қатар Қосшағыл орта мектебінен 95 оқушы балалар 3 звеноға бөлініп, металлом жинауға шықты. Бұлар осы жұмыста түскі сағат 12-ге дейін болып 3140 килограмм металлом жинады. Металлом жинауда оқытушы Таубаевтың звеносы 33 баламен 2 тонна, Қасымовтың звеносы 42 баламен 1 тонна металлом жинап алда болды. Осы күні Қосшағыл промуправлениясында, промысл көлеміндегі есепші адамдардан 16 адам жұмыс жасап 251 сом табысын тапқан, бұны түгелдей осы жексенбіліктегі табылған табысқа қосты. Жексенбіліктің қорытындысында бұл күні барлығы 420 адам жұмысқа шығып, 1798 сом 82 тиынның табысын тапты. Мектеп оқушылары 3140 кило металл сынықтарын жинады. Табылған табыстың барлығыда отан қорғау қорына түсірілді» [7]. Бұл күнгі газет бетінде Отан қорғаудың сарқылмас қорын жасақтауда «Жаңа жол» колхозы ортадан 80 центнер астық, колхозшылардан 1755 сом ақша, «Қазақстан» колхозы ортадан 50 центнер астық, колхозшылары 1365 сом, «Үшінші бесжылдық» колхозы ортадан 30 центнер астық, колхозшылары 3000 сом ақша жинап бергені жазылыпты. Сөйтіп барлығы 11 колхоз орталық қордан 1762, 5 пұт астық, колхозшылар ортасынан ақшалай 6120 сом және 14669 сомның облигацияларын берді. Сонымен қатар осы айтылған колхоздың колхозшылары 1065 еңбек күндеріне жазылған.

Ел басына күн туған шақта жергілікті жерлердегі қабырға газеттерінің жұмысы да соғыс талабына қарай құрылды. Еңбек ұжымында қалған көзі ашық, сауатты адамдардың күшімен барынша қабырға газеттері шығарылып, қос басына немесе көпшілік орындарға ілініп қойылды. Адамдардың көзайымына айналған аудандық, облыстық газеттердегі жарияланған майдан хабарларын кешкісін бір үйге жиналып дауыстап оқу жолға қойылды. Қанша қиыншылық болса да газетке жазылу жұмысы кенже қалмады. Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1941 жыл 12 қараша күнгі № 268 (2470) санындағы «Сталиндік вахта газеті» атты заметкада мынадай жолдар бар: «Қосшағыл. Жылой аудандық байланыс бөлімі жанынан «Сталиндік вахта» атында қабырға газеті шығып тұрады. Газетте байланыс бөлімі қызметкерлерінің үлгілі жұмыстары, отан соғысы күндерінде еңбекшілердің хат-хабарларын уақытымен жеткізіп отыру жөніндегі жеке қызметкерлердің жақсы жұмыстары жа-

зылып отырады. «Сталиндік вахта» газеті Октябрь мерекесіне дейінгі сандарында ұлы мереке алдындағы жарыста алынған міндеттемелердің орындалуының барысын жазып отырды», - деп қабырға газетінің рөлін жоғары көтерсе, келесі 18 қарашадағы № 273 (2475) нөмірінде «Газетті көптеп таратуда» мақалада тілші Ә.Сатыбалдиев былай деп хабарлайды: «Эмба ауылындағы (Жылой ауданы) «Жаңа таң», Микоян және Ворошилов атындағы колхоздардың колхозшылары осы жылдың IV тоқсанына республикалық «Социалистік Қазақстан» газетіне 12 дана, облыстық «Социалистік құрылыс» газетіне 123 дана және аудандық «Социалистік ауыл» газетіне 483 дана газеттеріне жазылды. Колхозшылардың арасында газет тарату жөнінде Шамшиев Ә. жолдас жақсы жұмыс істеді» [8].

Жасыратыны жоқ, соғыстың алғашқы айларында Қызыл Армияның лажсыз шегінуінің ауыр зардаптары болды. Еліміздің ірі кәсіпорындары уақытша жау қолында қалып, бірсыпырасы орталықтан шығысқа көшірілді. Қазақстан еңбекшілері Отан соғысының мұқтаждары үшін республиканың орасан зор мол ресурстарын өте тез жұмылдырудың қажеттігін жақсы түсінді. Солардың қатарында нық тұрған Жылой ауданы еңбеккерлері де соғыстағыша еңбек етудің үлгісін көрсетті. Әсіресе майдан үшін бірінші кезекте танк, самолет, пароход, ауыр атқыш техникалары үшін Ембінің таза мұнайын көптеп өндіру міндеті тұрды. Бұл жауапты тапсырманы соғыстың алғашқы айларында мұнайшылар жүзеге асырғанын 1961 жылы жарық көрген Қазақ ССР тарихы кітабының II томында былай деп көрсетіліпті: «...Ембінің мұнай кәсіпшіліктері июль айының жоспарын 25 күннің ішінде орындап шықты. Ең ірі мұнай кәсіпшіліктері Байшұнас пен Қосшағыл июльдің 18 күнінің ішінде айлық тапсырмасын артығымен орындап шықты» [9].

Сұрапыл соғыс жүріп жатқанда аудан халқы мәдениеттен еш қол үзген жоқ. Өндірістен тыс демалыс уақытында немесе кешкісін бір үйге жиналып алып газет оқыса, егіс басында мұғалімдер мен оқушылар концертін тыңдады. Алматы мен облыс орталығынан өнер адамдары келіп, көңілді концерт ұйымдастырды. Сөйтіп халықтың еңсесі көтеріліп, ұлы жеңіске жігерленді. 1941 жылдың 26 желтоқсанында Гурьев облыстық орыс драма театры 38 адаммен Жылой ауданының орталығы Қосшағылда болды. Театр ұжымы Испанияның драматургі Лопеда-Вегадың күлкілі

«Басқалар үшін ақылсыз, өзі үшін ақылды», Островскийдің «Кінәсізден кінәлі», еврей халқының тұрмысынан алынған Гординнің «За океаном» және Виктор Гюгоның «Мария тиюдер» деген постановкаларын, жаңа жылға арнап 1942 жыл 31 желтоқсан күні өте қызғылықты концерт қояды. Көремендердің театр әртістерін жылы қабылдағанын «Социалистік ауыл» газетінің 1942 жыл 1 қаңтар № 1 (764) санында: «Қойылған пьесалардың барлығыда өте жақсы болды. Қойылған постановкалардың өте жақсы көрсетілгеніне карағанда, театрдағы артистердің актерлық міндеттерін және жалпы театр коллективінің өзінің алдына қойылған міндеттерді ұлы абыроймен атқарып отыратындықтарына сенім мол», - деп ризашылдық пікір білдірді.

Қызыл Армия үшін жылы киімдер мен іш киім жинау, ел қорғау қорын жасау қозғалысына белсене қатынасқан аудан тұрғындарының бастамалары «Социалистік ауыл» газетінің басты тақырыбына айналды. Жылы киімдерді қабылдайтын комиссия жұмыстары, жеке адамдардың үлесі туралы мол материалдар жарияланды. Аудан халқы сонымен бірге майданға неше түрлі сыйлықтар да жіберіп отырды. Жоғарыдағы 1 қаңтар күні шыққан аудандық газеттің беташары «Жауынгерлерге жаңа жыл подаркаларын көп жіберуді ұйымдастырайық!» деген тақырыппен басталады. Бұл бетте жарияланған тілші С.Ізжановтың «20 колхозшыдан 500 сом» және Н.Дәулетовтың «Бір күнде 755 сомның подаркасы жиналды» атты мақалалары бар. Онда былай деп жазылған: «Қызыл Армия мен айбынды Қызыл флотшыларға Жаршық ауыл советінің колхозшылары подарка жіберу жұмысына үлкен өрлеумен кірісті. Соның нәтижесінде Шаукеров 20 сом, Есениязова 15 сом, Халыков 40 сом, Кенғанов 50 сом подарка берді. Сөйтіп Жаршық советінен колхозшылар 500 сомның подаркасын жіберу үшін ақшаларын қолма-қол тапсырды», - делінсе, келесі мақалада: «Күлсары өндірісінде жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясының жауынгерлеріне жаңа жылға қарсы подаркаларын жіберу жұмысы қызу қолға алынды. ...Өндіріс көлемінде бір күннің ішінде жауынгерлерге жіберуге 755 сомның подаркасы жиналды. Өндірістегі активтер бұл жұмысты әлдеде қызу қолға алып жатыр» деп баяндаған [10].

Жаңадан келген 1942 жылы елімізде орын алған соғыс-саяси жағдайы тылды нығайту, майданның мұқтаждарына өнімді көптеп өндіру жөнінде

халықтың бұрынғыдан да үлкен күш жұмсауын керек қылды. «Моторлар соғысы» деп аталған кезеңде еліміздің зәру мұқтаждары мұнай шығаруда Кавказдың жау қолында өтуімен Ембі мұнайы ерекше маңызға ие болды. Жылыой аудандық партия, кеңес және кәсіподақ ұйымдары жұртшылықтың майдан мен тылдың бірлігін нығайтудағы жанқиярлық еңбегін насихаттауда газеттің рөліне ерекше мән беріп, кезекті бюро мәжілістерінде басшылық бағыт-бағдар беріп отырды. Аудандық партия комитетінің 1942 жыл 27 қаңтар күнгі № 103 бюро мәжілісінде «Аудандық «Социалистік ауыл» газетінің 1941 жылғы жұмысының қорытындысы мен қазіргі жұмысының барысы жайлы» (баяндамашы Ерғалиев) туралы мәселені арнайы тыңдауы осының айғағы. Бюро мәжілісінің хаттамасының 11 тармағында былай делінді: «Социалистік ауыл» газеті басқармасының 1941-жылдың ішінде жасаған жұмысы жайлы жауапты редакторы Ерғалиевтың баяндамасын тыңдап ҚК(б)П-ның Жылой аудандық комитетінің бюро мәжілісі мыналарды есептеді. Большевиктік баспасөздің рөлін атқаруда, көпшілікті ұйымдастырып, партия мен үкіметтің күшті құралы болу жөніндегі ұлы көсеміміз Ленин жолдастың «большевиктік баспасөз тек қана коллективті пропаганда, коллективті үгіттеуші болып қоймай, сонымен қатар коллективті ұйымдастырушы болу керек» деген тарихи сөзін орындауда аудандық «Социалистік ауыл» газеті біркелкі жұмыстар жасаған. Жылдық план бойынша шығарылуға тиісті саны 105 болса, жыл ішінде 110 болып шығарылған. Жыл ішінде газет бетіне 1527 материал басылған. Сонымен қатар бюро мәжілісі редакция тарапынан мынадай кемшіліктердің болғанынын атап көрсетеді. «Социалистік ауыл» газеті ауданымыздың негізгі шаруашылығы мұнай өндіру жөнінде өте қанағаттанарлықсыз жазып келген. Жұмысшылардың социалистік жарыс және стахановтық қозғалыстары жөнінде өте аз жазған. Олардың үлгілі жұмыстарын кейінгілерге кеңінен тарату жөнінде баспасөз бетінде басшылық ете алмаған. Сол сияқты партия, совет құрылыстары мен комсомол және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі материал тіпті жеткіліксіз, әсіресе агитация-пропаганда мәселесі туралы да өте аз жазылған. Тілшілермен жиі қатынас жасап, оларға басшылық ету жағында тіпті қанағаттанарлықсыз болған. Тілшілердің қатарын көбейтуде жұмыс істелмеген. Қабырға газеттеріне басшылық ету, олармен аяқтай жұмыс

жасап, нақтылы көмектесу жөнінде тиянақты басшылық жасалмайды. Ауыл шаруашылық мәселесі жөнінде әсіресе колхозшылардың қазіргі Отан соғысы жөнінде қандай жұмыстар жасағандығын және олардың алған міндеттемелерінің орындалуын тексеру-бақылау жұмысы да өте жеткіліксіз» [11]. Күн тәртібіндегі осы мәселе бойынша аудандық газеттің мүддесін отан соғысы жағдайына сай қайта құрып, бюро мәжілісінде атап көрсетілген кемшіліктерді жоюға арналған тиісті қаулы қабылданды.

1942 жылдың алғашқы айларында аудан еңбекшілері өндірісті кеңінен өрістетіп, отан қорғау жұмысына олардың барлық күш жігерлерін жұмылдыру бағытында бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Мұнайшылар жетіспеген материалдар орнын жаңа әдістермен ауыстырып өнім өндіру көлемін ұлғайтты. Тапшы цемент пен металды үнемдеуге мүмкіндік беретін кондукторсыз бұрғылауды игерді, мұнай қабаттарына су қапталу жолымен скважиналарды пайдаланудың екінші әдісін ойлап тапты. Жаңадан Комсомольск, Жолдыбай, Қошқар, Тентексор кен орындары пайдалануға беріліп, Гурьевте мұнай айыру зауыты іске қосылды. Іс тетігі мамандардың шеберлігін арттырудың, оларды дайындаудың сапасы жақсарды. Осындай оңды жұмыстар аудандық басылым беттерінде бірінен соң бірі жарық көріп жатты. Құлсары өндірісіндегі ФЗО мектебі түлектерінен жаңа ұжым құру туралы газеттің 1942 жыл 7 ақпан № 11 (774) кезекті санында тілші С.Айғалиевтың «Жас кадрлардан буровой бригадасы ұйымдастырылды» атты мақаласы осының айқын дәлелі. Сондай-ақ «Социалистік ауыл» газетінің осы жылғы 10 ақпан №12(775) санында жарияланған «Қосшағыл-Құлсары мұнайшылары соғыс заказын мүлтіксіз орындайтын болсын» атты бас мақалада тісіне дейін қаруланған фашистік герман армияларының күлін көкке ұшыруда біртұтас кеңес халқы майданға қажетті заттардың барлығын қанша керек болса, сонша жіберу керектігін ескерте келіп былай делінді: «...Қазіргі Ұлы Отан соғысы Эмба мұнайшылары алдында майданға сапалы мұнайды көп беру міндетін қойып отыр. Осы Эмба мұнайшылары алдына қойылған зор міндеттен біздің Қосшағыл-Құлсары мұнайшылары да үлкен үлес алып отыр. Биылғы жылы бұл екі өндірістің мұнайшылары отанымызға сапалы мұнайдан былтырғыдан анағұрлым көп беруге тиісті. Оның үшін бұл екі өндірістің жұмысшылары, инженер-техниктері және олардың

жандарындағы партия, совет және профсоюз ұйымдары отан соғысы кезіндегі өздерінің алдарына қойылып отырған ұлы міндеттерді шын абыроймен орындап шығу үшін соғыстағыша жұмыс жасап, қызыл жауынгерлеріміздің танктерімен самолеттеріне керекті бензинді үсті-үстіне еселеп көп бере беру үшін жанаямай күресулері керек.

Жасыратыны жоқ біздің ауданымыздың бұл екі мұнай промсылы әлі күнге дейін бұрынғы қарқындарын өзгертіп, соғыстың талабы бойынша жұмыс жасай алмай келеді. Қазіргі жағдайда ескіше әдіспен жұмыс жасаудың зиянды екенін, жұмысты отан соғысы мүддесіне сөйкесті істеудің керек екендігі туралы көсеміміз Сталин жолдастың тарихи нұсқауын орындауда бұл екі өндіріс артта қалып келеді» [12].

Отан қорғау ісі бүкілхалықтық сипат алғандықтан майданға өз еркімен сұранып кеткендер арасында аудандық газеттің қызметкерлері де болды. 1942 жыл 3 маусым күні аудандағы облыстық литоның бұрынғы уәкілі Ж.Сақпановтың армия қатарына кетуіне байланысты оның орнына аудандық партия комитетінің ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің бастығы Ж.Тасқарин, оның орынбасарлығына штаттан тыс насихатшы Ж.Оспашиң беркілді. Бірақ ауданда баспасөздің төменгі буыны деп аталған қабырға газеттерінің жұмысын жақсарту ісі кенже қалып қойды. Газет ісінен хабары бар сауатты адамдардың жетіспеуі, уақыттың тығыздығы немесе күндіз-түні жұмыста жүргендіктен жауапты адамдар қабырға газеттерін шығаруға селкостық танытты. Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газетінде Жылыой ауданындағы қабырға газеттерінің жұмысын жаңа жолға қою мәселесіне арналып бірнеше мақалалар жарияланды. Тілші С.Айғалиевтың 1942 жыл 27 маусым күні №150(2664) санында жарияланған «Қабырға газеттерінің жұмысы жаңа арнаға қойылсын» атты заметкасында Құлсары мұнай кәсіпшілігінің жанынан жарық көретін бірнеше қабырға газеттерінің жұмысына төмендегіше шолу берілген: «Бұрғылау бөлімінің жанынан шығатын «Жауынгерлік листок» (редакторы Қаржаубаев), промуправление жанынан шығатын «За нефть» (редакторы Егоров), мұнай өндіру бөлімінің жанынан шығатын «Жауынгерлік листок» (редакторы Мұстафитденов) газеттері кезінде сапалы болып шығарылады. Бұл газеттерде өндірістік кемістік, жетістіктері, өндірістегі алдыңғы қатарлы жұмысшылардың іс үлгілері жиі-жиі жазылады.

Бірақ, промыселда жұмысты жаман істеп отырған қабырға газеттері де жоқ емес. Автогараж жанынан шығатын «Жауынгерлік листок» (редакторы Көпкенов), облторг жанынан шығатын (редакторы Зыганщик) газеттердің бір нөмірі бес айда азар шықты. Вахта оқрананың жанынан шығатын «Настраже» газеті (редакторы Сабитов) сауатсыз, қалай болса солай, өте мәдениетсіз шығарылады. Ал вахта оқрананың саяси жетекшісі Арыстанов пен оқрананың бастығы Боранбаев жолдастар қабырға газеттің сапалы, қазіргі талапқа сай шығуымен айналыспайды. Міндет қабырға газеттерін қазіргі талапқа сай – сапалы, мәдениетті етіп шығару үшін күресті күшейту керек. Қабырға газеттері өз өндірісінің өмірін, озаттар тәжірибесін, өндірістегі кемшіліктерді жиі жазып отыруға тиіс» [13]. Осылайша қабырға газеттері еңбекшілерді ерлік еңбекке, неміс жауыздарын тезірек талқандауда өз үлесін қосуы тиіс делінді. Баспасөзді, оның ішінде қабырға газеттерінің жұмысын соғыс тілегіне сай құру мәселесі тілші С.Ізжановтың 1942 жыл 17 шілде №167(2681) санындағы «Қабырға газеттерінің жұмысы соғыс талабына сай болсын» деген мақаласында көрініс тапқан. Тілші Жылыой ауданындағы «Қызыл ту», Каспий колхоздарының жанынан шығатын «Сталиндік вахта», Қосшағыл кәсіпшілігі механикалық шеберханасының «Жауынгерлік листок» қабырға газеттерінің жұмысына ұнамды баға бере келіп, кейбір газеттер жұмысына тоқталады: «Бірақ қабырға газеттері мезгілінде шығып тұрмайтын жерлерде бар. Мысалы, «Қызыл қала» ауыл советінің жанынан шығатын «Сталиндік вахта» газеті, Ракөш советі жанынан шығатын «Сталиндік вахта» газеті, Құлсары промыселы жанынан шығатын «За нефть» газеттерінің редакторлары айына екі рет газет шығарудың орнына 2-3 айда бір рет шығарған, оның өзінде сапасыз шығады. Мысалға Ракөш ауыл советінің жанынан шығатын «Сталиндік вахта» газетінің бір нөмірі тек екі мақаламен шығарылған. Сол сияқты Қосшағыл промыселы жанынан шығатын «За нефть» газеті апрель айынан бері бір ретте газетте шығармай келген.

Алдағы уақытта қабырға газет редакторлары қабырға газеттің жұмысын соғыс талабына сай жақсартулары керек» деп қорытындылаған [14].

Жоғарыдағы «Қызыл ту» колхозының жанынан шығатын «Сталиндік вахта» газетінің ұнамды жұмыстарына «Социалистік ауыл» газеті де орын

берілді. Тілші Д.Әуелбаевтың осы газеттің 1942 жыл 12 шілде №53 (816) санындағы «Сталиндік вахта» газеті мақаласында: «Ұлы Отан соғысы күндерінде фашизмге соққы беріп жатқан қызыл жауынгерлерге арнап қосымша егін егу, жалпыға бірдей әскери оқу жұмыстарын жүргізу, ұлы Сталиндік вахтаға түрүда жұмыс нәтижелерін және колхозшылардың іс опиттарын газетке үзбей жазып тұрады. Сондықтан да газетті колхозшылар сүйсініп оқиды», - деп ұнамды пікір білдірген.

Еліміздің ең маңызды шаруашылық аудандары Украина, Дон, Кубаньнан айырылып қалуымызға байланысты Қазақстан соғыстың алғашқы жылдарынан соңына дейін майдан үшін нағыз тылдың қорына айналды. Майдан үшін ет, май, жүн, темекі және т.б. ауыл шаруашылық өнімдері республикамызда көптеп өндірілді. Солардың қатарындағы Жылмой еңбекшілері еңбек тәртібін қатаң сақтай отырып, қол жеткен табыстары газет беттерінде жан-жақты көрініс тапты. «Социалистік ауыл» газетінің жоғарыда көрсеткен 1942 жыл 12 шілде күнгі санында тілші М.Кенғановтың «Оңалбаевтың звеносы» атты мақаласының тақырыбы «Қызыл ту» колхозының звено жетекшісі Оңалбаевқа арналған. Мақалада: «Биылғы жылы бірінші рет жұмысқа қатысқан егісті жыртуда өзіне беркілген 5 гектар егіс жерін Оңалбаев жолдас колхозда бірінші болып бітірді, егісті жырту мен атыз салу, жаб (зьявь) соғу және егіске су құю істерінде агротехникалық шараларды толық іске асыра білді, қазірде Оңалбаев егіске су құю ісінде үлгілі ұйымдастырды» [15]. Мұнайшылардың ерен еңбегіне арнап газеттің осы санында тілші К. Лұқпановтың «8 күнде 299 процент» атты заметкасы бар. Оқып көрелік: «Қосшағыл промыселінің бұрғылау бөлімінің мастері Гувановтың бригадасы 22 июньнен бастап 68 санды буровойдың 95 күнде қазып пайдалануға беруге алған еді, соңғы бүкілсоюздық социалистік жарыстың шарттарын талқылай отырып бригада бұл буровойды срогінен 27 күн бұрын бітіруді міндетіне алды. Жарысқа қосылған Гувановтың бригадасы июнь айының 8 күні ішінде жұмыс нормасын 299 процент орындап шықты».

Аудандағы шөп шабу науқаны мен егістен мол өнім алу тақырыбында газеттің алғашқы беттеріне материалдар көптеп басылып тұрған. Қоғамдық малды қыста өлім-жетімге ұшыратпау, төл санын арттыру үшін жаз айларында сапалы егін алуға еңкейген көриден жүгірген балаға дейін

араласты. Аталмыш тақырыпқа «Социалистік ауыл» газетінің 1942 жыл 13 тамыз № 62(825) санында «Ауданымызда шөп шабу жұмысының барысы», «Егістен мол өнім алудың қамы» атты және т.б. бірнеше хабарлар арналыпты. Солардың арасында тілші Ж.Нұрмахановтың «Гектарынан 17 центнерден өнім алады» деген мақалада: «Андреев атындағы егіс звеносы өз жұмысына қарқын туғызып, егіс жерінің әрбір гектарынан мол өнім алу жолында күресте. Сондықтан Ізтелеуова жолдас қарауындағы бір шығырды дұрыс пайдаланып, оны бір минутта тоқталысқа ұшыратпай егіс жеріне шапшаңдылықпен су құюда. Соның нәтижесінде бұл звено егіс жеріне 4 рет су құйып, 5 рет құя бастады. 3 рет арам шөбін отады. Звеноның егісі тегіс басын жарып тұр, жақын арада егіс ору ісі басталмақ», - деп, егіншілер әр гектарынан 17 центнерден өнім алуға қол жеткізетіне сенім білдірген.

Ұлы Отан соғысы жылдарында мектеп оқушыларыда майдан үшін үлкендермен қатар сабақтан тыс уақытта жұмысқа барып еңбекке араласты. Мектепті тастап кеткен оқушыларға кешкі мектептердің жұмысы жолға қойылды. Газеттің осы санындағы тілші Д.Әуелбаевтың «Оқушылар колхоз жұмысында» атты хабарда мектеп оқушыларының жазғы еңбек демалыстарында ауылдағы мекемелерде үлкендердің орнын басып жұмыс жасап жүргендерін былайша көрсетеді: «Қараша» орталау мектебінің оқушылары жазғы демалыс кезінде колхоз жұмыстарының тарауларына бөлініп жұмысқа кіріскен еді, кейбір оқушылар даңқты Қызыл Армия қатарына алынған әке, ағаларының орнын басып үлкен кісілердің жұмысын атқаруда. Оқушы Елесинов колхоздың көмекші есепшісі, Халықов оқу үйінің бастығы, Кенжеғалиев ауылда өрт сөндіру бөлімінің бастығы болып жасайды. Оқушылар егіс жұмысына да көмектесуде. Соның нәтижесінде егістен мол өнім алу үшін жан аямай жұмыс жасаған Сүгіров 90, Үсенов 60, Тайшабаев 60 еңбек күн тапты» [16].

Отты жылдарда баспасөзде жарияланған материалдарға қатаң талап қойылды, әсіресе осындай мазмұндағы нұсқаулармен қаруланған әскери цензорлар облыста жарық көрген газеттердің әр бетінде жарияланған мақалаларды тексеріп, өндірістік объектілердің тұрған жері, өнім өндіру көрсеткіштері, адам күштері және т.б. мәліметтерді құпия ұстауға қажет болды. Бұл тақырыпқа қалам сілтеген журналистер от пен судың орта-

сында қалғандай еді.

Баспасөздегі құпияны қатаң сақтаудың ережелері жоғарғы партия ұйымдарының қатаң бақылауында болды. Жасалған тексеру нәтижесі көрсеткендей, әскери және мемлекеттік құпия деп танылған теріс мәселелер газет беттерінде үнемі жарияланып отырған. Бұл жұмысқа жауапты лито қызметкерлері әркез салқынқандық танытпағаны бетке ба-
сылды. ҚК(б)П Гурьев обкомы насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Бабиннің аудандарға жіберген қатынас хатында осы мәселелерге кеңінен тоқталады: «Жылқосы аудандық «Социалистік ауыл» газетінің 1942 жыл 2 қараша күнгі санында Қосшағыл кәсіпшілігіндегі Ұлы Қазан мерекесіне арналған мұнай өндіру көрсеткіштері процент есебімен көрсетілген», - делінді, одан әрі аудандық цензор жұмысына басшылықты арттыру қажеттігі атап көрсетілді [17].»

Еліміздегі майдан мен тылдың бірлігі арқасында 1943 жылы Қызыл Армия үлкен жеңістерге қол жеткізді. Жау қолында қалған ірі қалалар тазартылды. Кеңестік Информациялық радиохабары берген қуанышты хабармен жігерленген Жыльой ауданы еңбекшілері майданға мол сыйлықтар жіберу ісін жалғастыра берді. Осындай тақырыпқа «Социалистік ауыл» газетінің 1943 жыл 29 қаңтар күнгі № 8(873) санында «Колхозшылар Қызыл Армияға сыйлықтар беруде» атты бірнеше хабарлар ұйымдастырылып, «Қазақстан колхозшысы» атты танк коллоннасын жасақтауға қосқан сүбелі үлестерін былайша көрсеткен: «Қара арна ауыл советіндегі «Қазақстан» және «Жаңа жол» колхоздарының колхозшылары майдандағы Қызыл Армияға тікелей көмектесуде үлкен ұйымшылдықпен «Қазақстан колхозшысы» атты танк коллоннасына 291.907 сом қаржы жинап тапсырған еді. Бұдан кейін колхозшылар Қызыл Армияның XXV жылдық мереке күнінен арнап сыйлыққа 250 килограмм ет, 90 пұт астық жинап тапсырды» [18]. Аз ғана уақыттың ішінде аудан еңбекшілері майданға сыйлыққа 4 тонна ет, 2 тонна тары, 124 килограмм сарымай, 64 кило түйген тары, 30 кило ірімшік, 100 пар қолғап пен 100 пар шұлық жіберген. Жыльой ауданының майданға жіберген сыйлықтарын аудан жастары 1943 жыл 5-9 мамыр аралығында Ленинградқа апарды.

Аудандық баспасөз бетінде мекеме, ұжым басшыларын сөйлетудің қолға алынғаны редакция ұжымының жаңаша жұмыс істеуінің бір көрінісі.

«Социалистік ауыл» газетінің 1943 жыл 19 мамыр күнгі № 27(892) санында Аманкелді атындағы колхоздың қой фермасының бастығы Д.Сегізбаев, Рақөш ауыл совет төрағасы А.Қайыров, Чапаев атындағы колхоздың қой фермасының бастығы С.Есетовтың мақалалары берілгені осының дәлелі.

Сұрапыл кезеңде Гурьев қаласында бір орталықтан аудандарға радио хабарын беруге қажетті қысқа толқынды КВ-1,5 НК байланыс қабылдағышы болды. Гурьев облыстық байланыс басқармасының бастығы Бердіғұловтың бұйрығымен Қосшағыл поселкесінде радио орталықтың жұмысын ашу үшін техник А.Ф.Васильев 1943 жылдың 4-10 қаңтарында іс-сапарға жіберілді. Ал басқарма бастығының өзі де осы аралықта мұнайлы аймақтағы барлық байланыс жүйелерін тексеріп, олардың жұмысын жақсарту үшін іс-сапарға аттанды [19].

Жылқосы ауданында «қағазсыз газет» деп аталған радиохабарын ұйымдастыру жұмыстары осылайша жолға қойылды. Осы тұста біртұтас төртінше сай барлық тұрғындар қолындағы радиоқабылдағыштар бір орталыққа жинап алынды, себебі дүшпандардың идеологиямызға жат хабарын тыңдатпау туралы үкіметтің уақытша қажеттігінен туындаған шара бар болатын. Радиоқабылдағыш аудандық партия комитетінде, редакция мен ірі мұнай кәсіпшіліктердің қызыл бұрыштарына қойылған және оны тыңдаудың қатаң ережесі беркітіліп қойылды. 1943 жылы 18 тамызда өткен Жылыой аудандық партия комитетінің № 181 бюро мәжілісі қаулысымен Қосшағыл және Құлсары селоларында жергілікті радиохабарын ұйымдастыруға шешім алынып, аудандық газет редакторы Қ. Жақсылықовқа бағдарламасын жасақтау тапсырылды. Радиохабардың қазақ тіліндегі бөліміне Ермек Өтебаев пен орыс тіліндегісіне Ф.И. Чапурин жауапты болып тағайындалды. Орыс тіліндегі хабардың текстісін өзірлеу Цикирге тапсырылады. Аудандық байланыс бөлімінің бастығы Рахимберлинге аптасына 3 рет жергілікті радиоторабы хабарын беруді жүзеге асыруға қолайлы жағдай туғызу міндеттелді [20]. Осыдан кейін ауданда радионүктелерін іске қосу күн санап өсе түсті. 1944 жылы 25 ақпан күні Қарақұмда орналасқан жайылымдағы малшылар үшін «Азнакөл» ауылында радионүктесі хабар бере бастады. Бұл радио жүйесіне Куйбышев орталау мектебінің директоры Жанаев басшылық жасайтын болды, аудандық байланыс торабының бастығы Рахимберлин осы жерден 1

радиоұйымдастырушыны үйретуге кірісті [21].

Жылқосы ауданында үгітшілердің Қызыл Армияның неміс-фашистеріне күйрете соққы беріп, алға жылжуын баяндау үшін саяси картаны пайдалану қолға алды. 1944 жыл 25 наурыз күні Қосшағыл мұнай кәсіпшілігінде дәріс оқылатын жерге осындай карта ілініп, жұмысшылар айбынды Қызыл Армияның күндегі жеңіске толы жолдарымен танысып отырды. Осы мақсатта аудан басшылары ҚК(б)П Гурьев обком хатшысы С.Төлебаевтан көрнекі құралдармен бірге (саяси карталар), бір дауыс күшейткіш (громкоговоритель), Құлсары мұнай кәсіпшілігіне, аупарткомның саяси-ағарту кабинетіне, үгітшілер отыратын үйге де қосымша дауыс күшейткішпен қамтамасыз етуді сұрап өтініш білдірді. Егін себу науқанының басталуымен колхозшылар арасында қабырға газеті мен жауынгерлік ұнпарақтар шығару үшін қажетті қағазбен қамтамасыз етуге көмектесуді сұрапта, қатынас хат жіберілді [22].

Жылыой аудандық «Социалистік ауыл» газетінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы орасан зор еңбегі болғанын жоғарыдағы деректерден көруге болады. Дегенмен «Сын болмай, мін болмайды» дегендей жоғары тұрған баспасөз беттерінде аудандық газеттерге шолуы уақтылы жарық көріп тұрды. Соның бірі облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1944 жыл 25 тамыз күнгі № 170(3255) санында «Өрісі қысқа, жасық газет» деген газет сыны. Мақалада Жылқосы аудандық «Социалистік ауыл» газетінің мұнай мен ауыл шаруашылығын өркендетудегі жұмысына біраз сын айтылды. Ауданда Қосшағыл, Құлсары кәсіпшіліктерінің бар екендігі, егін шаруашылығының түсіміде облыс көлемінде арта түскені атап көрсетілді. «Аудан шаруашылығының осындай шешуші салаларын көпшілікке көрсетуде ҚК(б)П Жылыой аудандық комитетінің тілі – «Социалистік ауыл» газеті (редакторы Ергалиев жолдас) тиісті дәрежеде жұмыс істей алмай келеді. Газет шаруашылықтың қай саласын да терең қамтып отырған жоқ. ... газет май, июнь, июль айларында мұнай туралы бірғана мақала жазған, бірақ онда да бірде-бір мәселені батыл қоя алмаған. Бұдан кейін «Социалистік ауыл» газетінде мұнай өнеркәсібінің мәселелері жекелей жазылмайды. Мәселен, газеттің осы үш айдағы сандарында Қосшағыл, Құлсары промыселдерінде бұрғылау жұмысының, сол сияқты жерасты жөндеуінің жайы туралы бірде-бір мақала жазылған жоқ. Газет Өтеулиев,

Беркәлиев, Шапошева сияқты алдыңғы қатарлы мұнайшылардың озат тәжірибесін көпке түсінікті тілмен кең, айқын әйгілеу орнына, хабар ғана берген. Қорытып айтқанда, «Социалистік ауыл» газеті ауданның мұнай өнеркәсібін олқылықтан шығару үшін мұнайшылар алдына қойылған тұжырымды міндеттерді жұртшылыққа насихаттай алмай отыр» [23].

Ұзақ күткен ұлы Жеңістің хабары елге де келіп жетті. Енді газеттер бейбіт өмірдің тыныс-тіршілігін баяндауға кірісті. Бұл міндеттен аудандық «Социалды ауыл» газетінің ұжымы да биіктен көрінді. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатында сақталған 1945 жыл 9 маусым күнгі «Баспасөз жұмысы» туралы құжатта төмендегідей жолдар бар: «Жылқосы ауданының «Социалистік ауыл» газеті редакциясының ұнамды жұмыстарын атап өткен жөн. Газет редакторы болып соғыс ардагері Ерғалиев қызмет атқарады. Ол соғысқа дейін мұғалім болған, 1939 жылдан партия мүшесі. Мұнымен қатар редакцияда жауапты хатшы, 3 әріп теруші, 1 баспашы және 1 дөңгелек айналдырушы (газет басытын тигель машинасы – Қ.С.). Облыс баспаханасы арқылы газет қағазы үздіксіз келіп тұрады. Газет таралымы – 1500 дана. Газет редакторының айтуынша таралым сақталуда. Ол өзінің 1945 жылғы жарты жылдық жұмысы туралы аудандық партия комитетінің бюросында есеп берген. Газет бетіндегі материалдардың барлығын аудандық цензор Байтанов тексереді, облыстық газет тарапынан ешқандай көмектер келмейді. Бірақ аудандық партия комитетінің хатшылары сирек сөйлейді. Жарты жылдықта аупартком хатшысы Өтебаев, кадр жөніндегі хатшысы Тасқарин, хатшы Көптілеуовтер сөйлеген жоқ. Редакцияның 2 айлық жұмыс жоспары жасақталып, аупартком бюро мәжілісінде беркітіледі...» [24]. Осылайша аудандық басылымның Ұлы Жеңіс жолындағы атқарған жұмыстарына баға бере келіп, газеттің алдында тұрған міндеттерге тоқталып өтеді.

Қорыта келгенде, Ұлы Отан соғысы жылдарында Жылыой аудандық «Социалды ауыл» газетінің редакция ұжымы қолда бар мүмкіншілікті пайдалана отырып, уақыт талабы қойған халықты Ұлы Жеңіске жұмылдыруда асқан зор еңбек атқарды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:

1. АОММ 1-к., 1-т., 324-іс, 81-п.
2. АОММ 15-к., 1-т., 238-іс, 27-30-п.п.
3. АОММ 15-к., 1-т., 245-іс, 38-п.
4. Даулетов Н. Алған міндеттемелерін асыра орындады.; Кемалов Қ. Егіс жұмысы жақсы аяқталды.; Құлжанов Ш. Колхоздың қабырға газеттері көрнекті жұмыс жасауға тиіс // Социалистік ауыл. – 1941. – 1 мамыр.
5. Смағұлов М. Тілшілер газет жұмысына белсене қатынасулары керек.; Құлжанов С. Малды Қалжандай бағу керек // Социалистік ауыл. – 1941. – 5 мамыр.
6. Мұқашев С. Шақырылушылардың пункті өзір.; Сартаев Б. Артиллерист болғым келеді.; Мусин., Халиев. Оқушылар колхоздарға көмек көрсетті // Социалистік ауыл. – 1941. – 1 қазан.
7. Дәулетов Н. Жексембілік ұйымдасқан түрде өтті // Социалистік ауыл. – 1941. – 11 қыркүйек.
8. Сталиндік вахта газеті.; Сатыбалдиев Ә. Газетті көптеп таратуда // Социалистік құрылыс. – 1941. – 12, 18 қараша.
9. Қазақ ССР тарихы. II том. – Қазақ ССР Ғылым Академиясының басымы. – Алматы, 1961. – 501 б.
10. Гурьев облыстық орыс драма театры аудан орталығында.; С.Ізжанов. 20 колхозшыдан 500 сом.; Дәулетов Н. Бір күнде 755 сомның подаркасы жиналды // Социалистік ауыл. – 1942. – 1 қаңтар.
11. АОММ 15-к., 1-т., 257-іс, 22-23-п.п.
12. Қосшағыл-Құлсары мұнайшылары соғыс заказын мүлтіксіз орындайтын болсын // Социалистік ауыл. – 1942. – 10 ақпан.
13. Айғалиев С. Қабырға газеттерінің жұмысы жаңа арнаға қойылсын // Социалистік құрылыс. – 1942. – 27 маусым.
14. Ізжанов С. Қабырға газеттерінің жұмысы соғыс талабына сай болсын // Социалистік құрылыс. – 1942. – 17 шілде.
15. Әуелбаев Д. «Сталиндік вахта» газеті.; Кенғанов М. Оңалбаевтың звеносы // Социалистік ауыл. – 1942. – 12 шілде.
16. Нұрмаханов Ж. Гектарынан 17 центнерден өнім алады.; Әуелбаев

- Д. Оқушылар колхоз жұмысында // Социалистік ауыл. – 1942. – 13 тамыз.
17. АОММ 14-к., 1-т., 76-іс, 8-п.
18. Жантазин. Колхозшылар Қызыл Армияға сыйлықтар беруде // Социалистік ауыл. – 1943. – 29 қаңтар.
19. АОММ 1053-к., 1-т., 1-іс, 15-п.
20. АОММ. 15-к., 1-т., 281-іс, 58-п.
21. АОММ 15-к., 1-т., 306-іс, 46-п.
22. АОММ 15-к., 1-т., 328-іс, 13-14-п.п.
23. Өрісі қысқа, жасық газет // Социалистік құрылыс. – 1944. – 25 тамыз.
24. ҚР ПМ 708-к., 9-т., 1332-іс, 24-п.

Сұрақтар:

1. «Социалды ауыл» газеті редакциясының соғыс қарсаңындағы жұмыстары қандай болды?
2. Аудандық партия және атқару комитеттерінің газет жұмысын жақсартуға арналған қандай шаралар қабылданды?
3. Ауыл шаруашылығы мен мұнай өндірісін дамытуға арналған газет беттерінде қандай мақалалар жарияланды?
4. Қабырға газеттерін шығарудағы тілшілер жұмысы қалай ұйымдастырылды?
5. Тылдағы әйелдер мен балалардың жеңіске қосқан үлесі қандай?
6. Аудан еңбекшілерінің «Қазақстан колхозшысы» атты республикалық үндеуге қосқан үлесі?
7. Радиохабарлар майдан мен тыл бірлігін нығайтуда қандай рөл атқарды?
8. Баспасөздегі мемлекеттік құпия дегеніміз не?
9. Жау қоршауында қалған Ленинград қаласының халқына жылыойлықтардың қандай көмегі болды?
10. Аудан еңбекшілері Ұлы Жеңісті қалай қарсылады?
11. Тьютор басшылығымен «Жылыой қаламгерлері (Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығына арналады). – Алматы: «Исламнұр» баспасы, 2005. – 392 б.» кітабынан конспект жасап, мазмұнын айту.

3.2. Құрманғазы ауданының баспасөзі мен радиосы

Өткен ХХ ғасырдың қойнауына кеткен адамзат баласының тарихында Ұлы Отан соғысының сабақтары ерекше маңызға ие. Темірдей құрсаңған неміс-фашистерін талқандауда әлемге туыстас кеңес халықтарымен бірге қазақстандықтарда өшпес ерліктің үлгісін паш етті. Елбасына қатер төнген сол бір шақта «Барлығы жеңіс үшін, барлығы майдан үшін!» ұранымен дұшпанға қарсы қалың бұқараның күшін жұмылдыруда бұқаралық ақпарат құралдарының мерейі ерекше үстем болды. Солардың сапында отты жылдардағы Теңіз (Құрманғазы) ауданының «Балықшылар үні» және «Красный Каспий» газеттері редакцияларының атқарған жұмыстары республикада жоғары бағаланғаны соншалық, ҚР ПМ-да «Гурьев облысы, Теңіз аудандық «Красный Каспий» және «Голос рыбака» («Балықшылар үні») газеттерінің жұмысы туралы» атты арнайы құжаттар жасақталды.

Ұлы Отан соғысы басталғанға дейінгі аудандық газетердің жұмысына қысқаша тоқтала кетсек. Жасыратыны жоқ, кеңестік дәуірде баспасөзге компартияның шексіз билігі жүріп келді, себебі олар партияның үні болып табылды. Жоғарғы партия органдары төменгі буындарынан өздерінің мерзімді басылымдарын тұрақты басқаруды, редакция ұжымының жұмысына кеңінен араласуды талап етті. Партиялық қатаң тәртіп болмаған жағдайда баспасөз жұмысының өз бетімен кетіп қалуына жол ашады, оның идеялығы мен әсерлігі төмендейді деп қауіптенді. Сондықтан, облыстық баспасөздің алдына қойған міндеттерді партия және атқару комитеттері кезекті бюро, алқа мәжілістерінде талқыласа, екінші жолы облыстық басылымдардың беттерінде «Газет сыны» айдарымен обкомның осы саласына басшылық жасайтын бөлімнің жауапты қызметкерлері баспасөз бетіне шолуларын тұрақты беріп отырды. «Социалистік құрылыс» газетінің 1940 жылғы 11 желтоқсан күнгі № 286 (2184) санында ҚК(б) П Гурьев облыстық комитетінің баспасөз және баспа ісі жөніндегі нұсқаушысы Қ.Бөріқұлақовтың «Аудандық баспасөздерге басшылықты жақсарту керек» деген мақаласы жарияланды. Осы мақаладан азғана үзінді келтіре кетсек: «...Қазір «Балықшылар үні» (редакторы Б.Байменов

жолдас), «Красный Каспий» (редакторы В.Шаншиков жолдас) жұмысты план бойынша істейді. Газет материалдарын типографияға график бойынша уақытында беріп тұрады. Көптеген жаңа авторлар тартты, газеттің 120 авторлары бар. Бұл авторлардың 78 газетке үнемі жазып тұрады. Олардың ішінде дәрігер Миронова, агроном Белов, оқытушы Жұбанов, Чапаев атындағы колхоздың председатели Сұлтангелдиев сияқты жолдастарда бар. «Балықшылар үні» редакциясына соңғы сентябрь, октябрь айларында түскен 420 тілші хатынан 241 хат газетке пайдаланылған, 38 хат тексеруге жіберілген 141 хат өртүрлі себеппен газетке басылмай қалған.

Бірақ, газеттің көтере алмай отырған мәселелері әліде көп. «Балықшылар үні» де және «Красный Каспий»-де соңғы айларда ауданның басты өндірісінің бірі балық өндірісін, балықшылардың тұрмысын өте аз жазады. Балықшылар өндіріс жөнінде осы айлардың ішінде «Балықшылар үні» 3 бас мақала, бір жай мақала 10 хабар, «Красный Каспий» бір бас мақала, 7 хабар жазды.

«Красный Каспий» газеті өз төңірегіне ауыл тілшілерін, ауданның жұмысшылары мен колхозшыларын әлі де тарта алмай жүр. Қазір «Красный Каспий» газетінің не барлығы 59 дана жұмысы ауыл тілшілері бар бұлардың тек 18 ғана үзбей жазып тұрады. «Балықшылар үні» және «Красный Каспий» газеттерінің редакторлары және редакциялардың кейбір қызметкерлері тілшілердің хаттарына жауапсыз қарайды» [1].

Жоғарғы партия органдары тарапынан болған сын-ескертпелерді жоюдың шарасын жасақтаған екі редакция ұжымы тілші хаттарымен жұмыс істеу бағытында бірқатар шараларды жүзеге асырды. Ауданның әр түкпірінен келген жаңалыққа толы тілші хаттары газеттің мазмұнын байытып қана қоймай, жарық көрген газеттің ажарын келтірді. Тілші хаттарын жариялағанның нәтижесінде колхозшылардың еңбекті жаңаша ұйымдастыруына қол жеткізілді, әр ұжымдарда сын мен өзара сын дамытылып, халықтың қоғамдық ой-пікірлері ашық естіліп жатты. Мал шаруашылығында үздік табыстарға қол жеткізген Ворошилов атындағы колхоздың қой өсірушісі Қабды Тайшықовтың «Балықшылар үні» газетінің 1941 жылғы 4 қаңтар күнгі №2 (1570) санында «Көрмеге көрнекті көрсеткіштермен барамын» атты мақаласында өріптестерің социалистік жарысты өрістетуге шақырды: «...Фермадағы қойлардың күтімі жақсарды.

Алынған қозылар аман сақталатын болды. 1938 жылы фермадағы қой 705 бас болды. Осы жылдың қой өсіру планын 160 процентке орындадым. 1939 жылы 147 процент, 1940 жылы 159 процент болып орындалды. Колхоздың тауарлы қой фермасы 2640 қойы бар алдыңғы қатарлы ферма болды. Мен жұмысқа бастап кіріскенде-ақ, ферманы осындай дәрежеге жеткізуді алдыма мақсат етіп қойған едім. Ақыры, бұл мақсатымды орындап шықтым» [2].

Теңіз аудандық «Балықшылар үні» мен «Красный Каспий» газеттерінің басты тақырыбы қоғамдық ұйымдардың өндіріске, ауыл шаруашылығына басшылығы және мәдени өмірі болды. Соның ішінде ауданда үлкен құрылыс алаңына айналған Гурьев-Ганюшкино жол салушыларының жанқиярлық еңбегіне газеттің әр санында орын берілді. «Балықшылар үні» газетінің 1941 жылғы, 28 наурыздағы № 37(5724) санында жарияланған «Жол құрылысына берілген механизмдер» деген хабарда жол салушыларға жаңа механизмдер келгені айтылды: «СССР Халық Комиссарлары Советі Гурьев-Қосшағыл жолы құрылысына айрықша көңіл бөліп отыр. Жол құрылысы жұмыстарына көптеген әртүрлі механизмдер өздігінен және тіркейтін катоктер, мұнан басқа әртүрлі маркалы 20-дан астам автомашиналар, сондай-ақ, бірнеше тракторлар бөлінді. Құрылыстың облыстық штабы қазір бір «ЧТЗ» тракторын алды. Жақын күндерінде «ЗИС» автомашинасы және 8 тіркеу катоктері жолда келеді» [3].

Баспасөздің төменгі буыны аталған қабырға газеттеріне басшылықты жақсарту мәселесі де назардан тыс қалмады. Тартымды жасалған, колхоз, өндірістің қарбалас өмірінен алынған қабырға газеттері еңбек өнімділігін жақсартуға ықпалы тиеді. Қабырға газеттерінің жұмысы үнемі аудандық партия бюросы мен атқару комитеттері мәжілістерінде тұрақты тыңдалып тұрды. ҚК(б)П Теңіз аудандық комитетінің 1941 жыл 22 сәуір күнгі №77 бюро мәжілісінің §5 бабымен «Ауданда большевиктік баспасөз күнін ұйымдастырып және атап өту туралы» және § 12 бабымен «Х.Д. аудандық атқару кеңесі мен Ганюшкино балық кооперациясы бастауыш партия ұйымдарындағы қабырға газеттерінің жұмысының жөйі» деген екі мәселе қаралуы осының айғағы. Бюро мәжілісі екінші мәселе бойынша баяндама жасаған бастауыш партия ұйым хатшылары Фили-

монова және Елесинованың есебін тыңдап және талқылап төмендегіні атап көрсетті: аталған мекемелерде қабырға газеттерінің саяси және ұйымдастырушылық рөліне барынша мән берілмеген. Мереке күндері ғана газет шығару тұрақты дәстүрге айналды. Осындай кемшіліктер салдарынан балық кооперациясының «Кооператор» газеті 1940 жылы 6 рет, биылғы жылы 3 рет және аудандық кеңес атқару комитетінде 1940 жылы - 4, биылғы жылы 1 рет жарық көрген. Газет беттеріндегі материал дайындауға авторлар тартылмайды, тек қана редколлегия мүшелері күшімен атқарылады. Мақалалар грамматикалық қателерге толы, газет шығарудың жоспары жасақталмаған. Өндірістегі социалистік жарыс, тәжірибе алмасу, еңбек тәртібін қатаң сақтау, үнемділік үшін күрес тақырыптары газет бетінде көрінбейді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қабылданған қаулыда осындай кемшіліктер мен олқылықтарды жоюдың жолдары көрсетілген міндеттер қабылданды [4].

Ауданда баспахана жұмысын тиімді жолға салу бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды. Орталықтан қашық орналасқан Теңіз ауданының баспаханасында орысша әріптер жетіспей жатты, бұрынғы ағаш әріптер мүжіліп жарамсызданды. Осы мәселеге орай, ҚазССР Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы полиграфия және баспа ісі басқармасынан 1941 жылы 4 сәуірде № 9-15/15- 1 редакцияға төмендегідей жауап алынды:

«п.Ганюшкино. Теңіз аудандық «Красный Каспий» редакциясына.

Сіздің 1941 жыл 14 наурыз № 62 хатыңызға сай, қазіргі кезде орысша әріптердің жоқ екендігін қатерге береміз. Орыс графикасымен әзір қазақша 130 кгр әріптерді жібергелі отырмыз, мұнымен баспаханада қазақ және орыс тілдерінде әріп теруге толық мүмкіндік бар.

Қазір бұл әріптер жинақталып жатырғандықтан, сәуір айының соңына таман жіберілетіндігін ескертеміз» [5].

Редакцияның бір қолы біріне жетпей жатқанда өз ішінде ұрлықтың да орын алғандығын да айтпасақ болмайды. Бояу немесе қағаз ұрлығы тиылмады. ҚК(б)П Теңіз аудандық комитетінің 1941 жыл 17 ақпан күні өткен №66 бюро мәжілісінің §5 бабымен «Балықшылар үні» газетінің редакциясында жұмыс істейтін 1910 жылы туған, 1939 жылдан партия мүшесі, билет №2187389, баспахананың газет басушысы Жұмағұл Сүндетовтің

мәселесін қарап, партия мүшелігі қатарынан шығарған. Оған мынадай айып тағылды: «Балықшылар үні» газетінің редакциясының баспаханасынан қағаз ұрлап сатуға жұмыстанған. Осы қылмысы үшін Теңіз аудандық №1 соты үкімімен бір жылға бас бостандығынан айырып, жазасын түрмеде өтеуге шешім алынды. Сондықтан бақылауда тұрған қоғам мүлкін ұрлап, сотталғаны үшін Ж. Сүндетов партия мүшелігі қатарынан шығарылады [4, 420- іс, 94- п.].

Шабуыл жасаспау туралы КСРО мен жасалған келісім шарттарын опасыздықпен бұзған фашистік Германия соғыс жарияламастан 1941 жылы 22 маусымда жерімізге басып кірді. Дәл сол күні соғыс қимылдары кең майданда тез өрістеді. Жердегі әскерлердің шабуылын өуеден қолдап, жау самолеттері барлық жерде дүниені аяусыз қиратты. Отанымызға қатты қауіп төнді. Халқымыздың игілікті еңбегін герман империализмі опасыздықпен жасаған шабуылы бөліп кетті. Соғыс деген қаһарлы сөз бүкіл елге тарайды. Халқымыз бір тұтас болып рақымсыз жауға қарсы аттанып, бір сүйем жерді қорғап қалу үшін қасық қаны қалғанша соғысуға серт берді. Соғыс басталған кезде жарық көрген «Балықшылар үні» газетінің 1941 жылғы 24 маусымдағы № 75 (5797) және 25 маусымдағы № 76 (5798) сандары толығымен гитлерлік фашистердің Отанымызға опасыздықпен шабуылын айыптады. Алдыңғы газеттегі «Ұлы Отанымызды қорғау соғысы» атты бас мақалада неміс-фашистерінің шабуылына тойтарыс берілетіндігі, жеңіс біздің жақта болатындығына халықты сендіруге шақырып: «Империалистік соғыс Германия фашистерін алас ұрып, тыныш жатқан социалистік отанымызды соғысқа тартып отырғандығына ешуақытта төзуге болмайды. Сондықтан ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп орындарында социалистік еңбек тәртібін берік ұйымдастыра отырып, халық шаруашылығына керекті продукция өнімін бұрынғыдан да анағұрлым көптеп өндіру болады. Мемлекеттік ішкі тәртіпті берік сақтай отырып, халықтың моралдық саяси бірлігін нығайту жолындағы СССР-дың сыртқы жауларына қарсы тұрайық» делінді[6].

«Герман фашистеріне өлтіре соққы берейік», «Жауға өз территориясында соққы береміз», «Резервтер соғысы» атты көлемді мақалалардың барлығы да жауды талқандау үшін майдан мен тылдың бірлігін сақтап, халықты жеңіс үшін аянбай еңбек етуге үндеді. Ауданның барлық елді

мекендері мен еңбек ұжымдарында өткен фашизмді айыптаған митингілер мен жиналыстар туралы хабарлар газет беттерінде берілді. «Балықшылар үні» газетінің 25 маусым күнгі санында жарияланған «Колхозшылардың митингісінде» атты мақалада мынандай жолдар бар: «Советтік социалистік территориясына Германия фашистерінің шабуыл жасағандығы жөніндегі хабарды есіткен Ботақан ауылындағы колхозшылар мен колхозшы әйелдер ауыл орталығына жиналып, өздерінің митингісін өткізді. Социалистік отанды қорғауға жиналған колхозшылардың митингісіне ауылдағы колхозшылармен колхозшы әйелдерден 315 адам қатынасты. Осы митингіні өткізуге барған Еңбекшілер депутаттарының аудандық советі атқару комитеті, ҚК(б)П аудандық комитетінің уәкілдері, СССР Халық Комиссарлар Советінің орынбасары Молотов жолдастың 22 июнь күнгі радио арқылы берген хабарын, бүкіл ауыл еңбекшілеріне кеңінен түсіндіріп, қазіргі колхозшылар мен колхозшы әйелдердің алдында тұрған міндеттерін толық айтып, оларды мобилизациялық әзірлікке болуға шақырды. Бұдан кейін колхозшылардың митингісінде шығып сөйлеген Иманғалиев, Үсембаев, Құмаров және әскер қатарына биыл шақырылатын жастардың бірі Иманғалиев жолдастар, қазіргі социалистік отанымызды қанды соғысқа тартып отырған Германия үкіметінің фашистік партияларына, жауыздық әрекетіне сокқы беруге дайын екендігін шын жүректен білдірді» [7].

1941 жылы 22 маусым күні басталған Ұлы Отан соғысы кезінде барша баспасөздің мақсаты – жауды талқандауды ұйымдастыру міндетіне бағышталды. Газеттер бұқара халыққа Отанға төнген қауіпті ескерте отырып, «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» атты айбынды ұранмен жігерлендіріп, өз жұмысын соғыс жағдайына бейімдеп, қайта құрды. Теңіз аудандық газеттерінің қажырлы жұмысына тарихшы Х.Бекхожин жоғары берді: «Аудандық газеттердің соғыс басталған кезден айтарлықтай жұмыс істегендері болды. Мысалы, Гурьев облысы, Теңіз аудандық «Социалистік жол» («Балықшылар үні»-Қ.С.) газетінің 1941 жыл 12 июльде жарияланған «Жауды жеңгенше ұрысамыз» деген мақалада халықты неміс басқыншыларына қарсы кескілескен күреске, қасиетті туған Отанымызды жаулардан жан аямай сақтап қалуға шақырған жалынды сөздер айтылған. Осы кезден бастап газет бетінде

пайда болған «Неміс басқыншыларына өлім келсін!», «Отан үшін алға!», «Біздің ісіміз әділ, біз жеңеміз!» деген партия көтерген ұран әрбір совет адамының жүрегіне қажыр-қайрат құйып, жауға деген ыза-кегін өршіте түсті» [8, 200 б.].

Бұл уақытта ауданда радионың беделі тез өсті. 1941 жыл 24 маусым күні ВКП(б) Орталық Комитеті және КСРО-ның Халық Комиссарлар Кеңесі бірлесіп Кеңестік Информациялық бюро құрып, атқаратын міндеттерін айқындап берді. Информбюро күн сайын баспасөз бен радио арқылы халықаралық жағдайды және елдегі ішкі өмірді кеңінен насихаттап, немістер және олардың қолшоқпарларына қарсы қарсы үгіт жүргізу, майдандағы әскери ұрыс қимылдарын, Бас Штабтың соңғы ақпарларын халыққа жеткізді. Редакцияға қойылған радиоқабылдағыштан журналистер майдан шебінен соңғы хабарды сауатты түрде жазып алып, ертеңгі шығатын газетке дайындады. «Красный Каспий» газетінің 1941 жыл 29 маусым күнгі № 77 санында СССР Жоғарғы Кеңесі Алқасының төрағасы М.Калинин қол қойған «Указ Президиума Верховного Совета СССР О Военном положении» атты тарихи құжатын және бұл соғыста Иран үкіметінің бейтарап саясат ұстайтындығын айқындайтын «В Наркоминделе» атты хабарлар бар [9]. Бұл хабарлардың барлығы да радио арқылы алынды.

Жауға тойтарыс беріп, оны талқандауға еліміздің барлық күштерін тезірек жұмылдыру үшін 1941 жылы 30 маусымда Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті құрылды. Еліміздегі бүкіл өкімет билігі, мемлекеттік, әскери және шаруашылық басшылық тізгіні осы төтенше органның қолына шоғырланды. Комитеттің төрағасы И.В.Сталин 1941 жылы 3 шілдеде радио арқылы сөз сөйлеп, халыққа Отан қорғау, майданда ерлік, батырлық көрсетуге, тылда жан аямай еңбек етуге шақырды. «Бәрі майдан үшін! Бәрі жеңіс үшін!», «Біздің еліміз әділ, жау талқандалады, біз жеңіп шығамыз», «Елімізге мұнайды көп береміз» деген ұрандар тасталды. Елде барлық саяси-экономикалық және мәдени құрылымдар қайта құрылып соғыс жағдайына бейімделді. Халық шаруашылығы соғыс қажеттеріне сай қайта құрылды. Коммунистік партия өзінің идеологиялық жұмыстарын, оның ішінде баспасөзді жауды талқандауға бағыттады. Газеттер кеңес халқы ие болған жеңістерін қорғау, фашизмді өлім, бүліншілік, адам ба-

дасын құлдыққа салу пиғылын айыптап талқандауға шақырды.

Облыс еңбекшілерін еліміздің сыртқы-ішкі саясаты мен халықаралық жағдай, соғыстың жүрісінен хабардар ету үшін редакция құрамынан үгітшілер жасақталды. Олар алдына ала баспасөз бетінде жарияланған материалдар негізінде дайындалған материалдармен колхозшы-жұмысшылар алдында, мұнайшылар мен егін қостарында, зауыттар мен мекемелерде өңгіме жүргізді. 1941 жылы 5 шілде күні «Красный Каспий» мен «Балықшылар үні» газеттері редакцияларында төмендегідей құрамда үгітшілер жасақталды:

Кесте: «Үгітшілер тізімі»

Р/с	Фамилиясы, аты мен тегі	Туған жылы	Партия-лығы	Атқаратын қызметі	Қай кезден үгітші
1	Спиридонов Лев Харитонович	1906	партия мүшесі	«Красный Каспий» газет. жауапты хатшысы	1941
2	Байменов Батай	1910	партия	«Балықшылар үні» газет. редакторы	1941
3	Огнев Михаил Иванович	1921	ЛКСМ	«Красный Каспий» әдеби қызметкер	1941
4	Ғаббасов Қабіболла	1913	партия канд.	«Балықшылар үні» корректор	1941
5	Құрмашева Зубайда	1916	ЛКСМ	«Балықшылар үні» машинистка.	1941
6	Мұхамбетов Жұмаш	1917	ЛКСМ	есепші	1941

[4, 442- іс, 65- п.].

1941 жыл 13 қазанынан бастап Теңіз аудандық «Красный Каспий» газетінің редакторлығына «Прикаспийская коммуна» газетінің насихат және үгіт бөлімінің менгерушісі болған Аркадий Николевич Столяров тағайындалды. Ол және республикалық «Казахстанская правда» газетінің аудандағы штаттан тыс тілшісі болып беркілді. Өкінішке орай, бұрынғы редактор В.А.Шаншиков «халық жауы» аталып түрмеге қамалды. Дәл осыдан сәл ғана бұрын 1941 жылы 7 шілде күні аупарткомның бюросы мен х.д. аудандық атқару комитетінің біріккен мәжілісі шешімімен

В.А.Шаншиковтың отбасының ауыр жағдайын ескеріп, үнемделген еңбек ақы қорынан бір айлық көлемде сыйақы берілген еді. Бұрынғы редактордың қылмысын анықтау үшін 1941 жылы 17 қазан № 980 күні азамат В.Т.Келлерді тұтқынға алғанда тінту кезінде табылған құжаттарды Теңіз аудандық НКВД бастығы, мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің кіші лейтенанты Досжанов аудандық партия комитетіне жіберген. Тәркіленген құжаттар арасында тұтқындалған В.А.Шаншиковқа қатысты ҚК(б)П Гурьев обкомында «өте құпия» талқыланған 1941 жылы 1 қазан күнгі «Красный Каспий» газетінің №321 саны мен 1 анықтама табылған. Аталған анықтаманы Батыс Қазақстан облыстық партия комитетіне (1938 жылы облыс орталығы Орал қ. болатын – Қ.С.) 1938 жылы 20 наурыз күні № Б-15 қатынас хатты Теңіз аудандық партия комитеті жіберіп, «В.А.Шаншиков ірі балық саудагерінің баласы және акгвардияшыл офицердің қарындасына үйленген» деген фактіні теріске шығарады. Бірақ кейін В.А.Шаншиков «редакция қаржысын талан-таражға түсірді, партия тапсырмаларын орындауға еңсарлық танытты» делінген жаламен жазаға тартылды [4, 404- іс, 20, 55- п.п.].

Аупартком бюро мәжілісінде жан-жақты тексерілген саяси сауатты, білімді адамдар газет цензорлығына беркіліп, олар көрсеткен кемшіліктер шұғыл талқыланды. Осы тәртіптік жүйемен 1941 жылы 8 шілде күні Теңіз аудандық «Балықшылар үні» мен «Красный Каспий» газеттерінің цензоры болып, 1939 жылдан партия мүшесі, Наурызалиев Темір тағайындалды. ҚК(б)П Теңіз аудандық комитетінің 1941 жыл 14 шілде күні өткен № 89 бюро мәжілісімен облыстық цензор Жантасовтың жеделхатында көрсетілген сын-ескертпелер талқыланады. Атап айтқанда, «Балықшылар үні» газеті (редакторы Б.Байменов) 1941 жылы 3 шілде күнгі Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің төрағасы И.В. Сталиннің радио арқылы Кеңес халқына арнап сөйлеген сөзін 8 шілде күні бергенде екі қате жіберіліп, газеттің 10 шілде күнгі саны 40 данаға кем шыққан. Осылайша оқырмандар қолына газет жетпей қалған. Қабылданған бюро мәжілісінің қаулысымен «Балықшылар үні» газетінің редакторы Байменов Бантайға жоғарыда көрсетілген кемшіліктерге жол бергені үшін партиялық ескерту беріліп, шығарылатын газеттің сапасы мен мазмұнын жақсартуға тапсырмалар міндеттелді [4, 422- іс, 17 -п.].

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен елдегі радиожұмысы қысқа толқынға және үш арнадан бір арналық хабар беруге толықтай көшті. Бұл уақытта шара болатын. 1941 жыл 7 карашасында Мәскеу қаласынан берілген Ұлы Қазан мерекесіне арналған әскери шерудің өткізілуі жайында репортаждың радиодан берілгені ел қорғаушылардың жігерін арттырды, рухын көтерді, жеңіске жігерелендірді. Радиохабардың ақпараттық рөлі жоғары болғандықтан үкімет Бүкілодақтық радиохабарын тыңдауға ғана рұқсат берген. Сыммен берілетін хабар тарататын репродуктерлерден басқа тұрғындар қолындағы радиоқабылдағыштар жергілікті өкіметке тапсырылды. Бұл кеңестік үкіметтің жау идеологиясынан қатаң сақ болуды қамтамасыз еткен шарасы болғаны жасырын емес.

Облыс еңбекшілеріне кеңестік информация бюросының хабарларын тезірек жеткізу үшін ҚК(б)П Гурьев обкомы бюросының 1941 жыл 29 қыркүйектегі бюро мәжілісінде «Облыстағы радио желісі мен жергілікті радиохабарларын беру жұмыстарының жағдайы туралы» қаулы қабылданды. Қаулыда атап көрсетілгендей, бұқаралық ақпарат құралдарының осы маңызды саласына жергілікті партия комитеттерінің назарын аударып, радио желісі саяси сауатты, техникалық білімі бар мамандармен толықтыруға міндеттер қойылды. Теңіз ауданының Кудряшов селолық кеңес хатшысы Х. маскүнемдікке салынып радио қабылдағышты бақылаусыз қалдырса, Теңіз техникалық-жөндеу мекемесінің механигі радиодан дұшпандар тарапынан берілген хабарды тыңдаған.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, радиохабарын ұйымдастырушылар мен жүргізушілер, яғни дикторлар қатаң бақылауда болып, оларды бұл жұмысқа қабылдамастан бұрын құқық органдары арқылы (НКВД) түптамырларын тексертті. ҚК(б)П Теңіз аудандық комитетінің хатшысы Ахмеджанов аудандық НКВД бөлімінің бастығы Досжановқа жіберген 1941 жыл 18 қазан күні № 21 қатынас хатында төмендегі адамдарды арнаулы тексеруден өткізіп, араларынан 2-уін Ганюшкино радиохабарына диктор етіп тағайындауға болатынына келісім беруді тапсырған.

Кесте: «Ганюшкино радиожүйесіне ұсынылған дикторлар тізімі»

Р/с №	Фамилиясы, аты мен тегі	Атқаратын қызметі	Париялығы	Білімі
1	Мусин	Мұғалім, орта мектеп	ЛКСМ мүшесі	Аяқталмаған жоғары
2	Ажығұлов Күралбай	мұғалім	партия	жоғары
3	Перова Мария Александровна	ЛКСМ хатшысы	партия	орта
4	Огнев М.И.	«Прикаспийская коммуна» газетінің әдеби қызметкері	ЛКСМ	орта
5	Андреев	Орта мектеп директорының орынбасары	партия	жоғары
6	Хусаинов Хамит	Орта мектептің директоры	ЛКСМ	жоғары
7	Фахрутдинов А.И.	Радиотехник	Партияда жоқ	орта

[4, 404- іс, 56- п.].

Сол күні аудандық НКВД бастығы Досжанов жолдас Ганюшкино радиожүйесінің меңгерушілігі мен дикторлығына Ажығұлов, Перова, Огнев, Хусаинов және Фахрутдиновтердің кандидатураларына қарсылық білдірмегені жөнінде мәлімдеме береді.

Отты жылдарда баспасөзіміз «Барлығы майдан үшін! Барлығы жеңіс үшін!» атты айбынды ұранды алға тұтты. Облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1941 жыл 27 қыркүйектегі №229 (2431) санында «Газет жұмысын соғыс мүддесіне бағындыру керек» деген мақала осының айқын көрінісі. Халқымыз барлық күш-жігерлерін Ұлы Отан соғысына жұмсап, Қызыл Армияның жеңісіне арнап жатқан тұста облыс баспасөзі де бұдан тыс қалмағанын былайша атап көрсетеді: «...Отан соғысы басталғаннан бері бірқатар аудандық газеттеріміз өз жұмыстарын Ұлы Отан соғысының талаптарына сай қайта құра бастады. Халықтың қалың бұқарасымен байланысты бұрынғыдан да күшейтіп, оларды жауды талқандау ісіне

жұмылдыруда. Большевиктік жалынды сөзді қалың бұқараға жеткізуде.

«Балықшылар үні» (Теңіз ауданы, редакторы Б.Байменов жолдас) бүгінгі күннің тақырыбына байланысты материалдарды ұйымдастырып отыр. Мәселен, «Еңбек өрлеуі» деген материалда Ворошилов және Чапаев атындағы колхоздардың пішен шабу бригадалары еңбек өнімін екі есе артық орындағанын, пішен шабу жұмысындағы алдыңғы қатарлы колхозшылардың жұмыс нормаларын екі есе орындаған іс үлгілерін жазды. Одан кейін газет «Октябрь» колхозының жанындағы комсомол ұйымынан бөлінген комсомол звеносы бір күннің ішінде 600 килограмм металл қалдығын жинағанын көрсетті. Аудан еңбекшілерінің отан қорғаудың сарқылмас қорын жасақтауға үлкен белсенділік көрсетіп жатқанын үнемі жазып тұрды. Қазіргі кезде маңызды жұмыс болып отырған ПВХО-ның барлық комплектісін еңбекшілерге үйреніңдер деген тақырыпта үнемі береді. Сөйтіп газет аудан еңбекшілерін әуе шабуылынан қорғауға әзір тұруға дабыл қағып отырады...» [10].

Ұлы Отан соғысы басталғаннан күннен бастап Теңіз аудандық «Балықшылар үні» газеті өз жұмысын уақыт талабына сай қайта құрып, аудан еңбекшілерін майдан мен тылда жеңіске жетуге жетеледі. Газет беттерінде КСРО мен Қазақстан өкіметі мемлекет басшыларының сөздері, «Правда» газеттерінің бас мақалалары тұрақты басылды. Аудандық газет арқылы «Қазақстан» артелінің барлық еңбеккерлерге III Сталиндік бесжылдықтың займының мүшелік жарнасын мезгілінен бұрын орындауға шақырған үндеуін жариялап, оның орындалуына қол жеткізді. Мәселен, Дыңғызыл, Сафоновка, Нұржау және басқа селолық кеңестері мемлекеттік займ ақшасын мезгілінен бұрын 5-6 ай бұрын тапсырды. Сондай-ақ, көптеген село, колхоздар бережақ ақшамен және мемлекеттік тапсырыспен есептесіп үлгерді. Алдыңғы қатарлы «Коллективный труд», Сергей Лазо колхоздары мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімдерінің барлық түрінен жоспарды артығымен тапсыруға қол жеткізді. «Новая жизнь» (Кудряшев колхозы) мемлекетке балық аулау тапсырмасын III тоқсанда аяқтады. Бұл жетістікті аудандық газеттер жан-жақты көрсетіп, ауданның барша еңбеккерлеріне үлгі етіп таратты. Газетте стахановшы колхоздың озат бригадирлері, звено жетекшілері, алдыңғы қатарлы балықшылардың сөз сөйлеуін газет қызметкерлері шебер

ұйымдастыра білді. Соғыс тақырыбына 6 айдың ішінде 92 мақала берілді. Газеттің басты міндеттерінің бірі - Отан қорын жасақтауға белсене араласып, осыған арнап 156 мақала жарияланды. 1941 жылы «Балықшылар үні» газеті 2500 данамен таралған болса, сол жылдың желтоқсан айында 1942 жылға газетке жазылуға тілек білдіргендер саны 3000-ға жетеді. Алайда белгіленген таралымнан артық газет таратуға болмағандықтан бұл талап жүзеге аспады.

Газет редакциясы қоржынына 1941 жылы 1450 хат түскен болса, оның 1050 жарық көреді, бұл 72,5 пайызды құрады. Ауыл-село тілшілерімен тұрақты байланыс жүргізудің нәтижесінде оның саны 90-ға жетті. 1941 жылы бірінші тоқсанында 1940 жылдың қорытындысына арналған ауыл-село тілшілерімен жиналыс өткізіліп, алда тұрған міндеттерге талдау жасалып, жоспар құрылды. Бірақ аудандағы мекемелер мен ұйымдар, өндіріс орындары жанынан шығарылатын қабырға газеттеріне басшылығы талап еткен деңгейден төмен жатты. Газет редакциясының жауапты хатшылығына ұзақ уақыт адам табылмаған болса, 1942 жылдың 10 қаңтарына дейін редакцияда майданға кетуіне байланысты әдеби қызметкердің орны бос тұрды.

Соғыс жағдайына қайта құрылған аудандық газеттерге шолу жасаған ҚК(б)П Гурьев обкомы насихат және үгіт бөлімі менгерушісінің орынбасары Бабиннің Орталық Комитетке берген есебінде: «Балықшылар үні» газеті қабырға газеті редакторларымен тұрақты мәжіліс өткізіп отырады. «Красный Каспий» газетінде соғыс уақытына және майдан көріністеріне арналып 99 мақала және заметка берілді. Майдандағы жауынгерлерге жылы киім жинау тақырыбына 96 мақала мен заметка арналды», - деп жазды [11].

1932 жылдан жарық көретін орыс тіліндегі «Красный Каспий» газетінің редакция ұжымы да өз қызметтерін соғыс жағдайына сәйкес құра отырып, аудан еңбеккерлерін сұрапыл күреске жұмылдыра білді. Газет редакциясына радиоқабылдағыш орнату арқылы майдан жаңалықтарын, информбюро хабарларын алып, оқырмандарға тезірек жеткізуге ат салысты. Отан қорғау қорын ұйымдастыру тақырыбына 53 мақала және отанымызды қорғаудағы жауынгерлердің ерлігінен 43 хабар басылды. Соғыстың алғашқы күндерінен газет беттерінде соғыс өнеріне үйрету, әуе шабуы-

лынан қорғану туралы Теңіз аудандық комиссариатының қызметкерлері мақалалар берген. Ауданда өндіріс, ауыл шаруашылығы саласындағы социалистік жарыстың қорытындысына арналып 208 мақала жарияланыпты. 1941 жыл 15 желтоқсанынан бастап республикалық «Казахстанская правда» мен «Социалистік Қазақстан» газеттерінің мал қыстатудың жайына арналған тексерулеріне үн қоса отырып, ауыл тілшілерінен 12 тексеру тобын ұйымдастырған. Балық шаруашылығының мәселесіне арналған 215 мақала басылды.

Теңіз аудандық «Красный Каспий» газетінің редакторы А.Столяровтың «1941 жылғы газет редакциясының жұмысынан есебі туралы» хатында мынадай мәліметтер бар: «Газеттің осы жылы 156 саны шығарылып, оның жалпы таралымы 131717 дана, орташа есеппен 844 дана болды. 1941 жылдың желтоқсан айында газетке жазылудың нәтижесімен таралымы 1000 данаға жетіп отыр. Жұмысшы, ауыл-село тілшілерімен белсенді жұмыс жүргізілді, осының қорытындысында 1942 жыл I қаңтарда ауданда олардың саны 54-ке жетті. Бір жылда олардан 1060 хат түсіп, 933-і газетке жарияланды, 45-і тиісті органдарға тексеруге жіберілді, 82-і басуға келмегендіктен мұрағатқа тапсырылды. Газетте жарияланған материалдары үшін ауыл-село тілшілерінің атына 3658 сом 27 тиын қаламақы аударылып, 2786 сом 77 тиын төленді. 1942 жылдың қаңтарына қаламақы үшін қарызымыз 888 сом 50 тиын болып қалды.

Газеттің қаржылық жайы. Газеттің бір жылғы кірісі 24985 сом, дотация көлемі 5900 сом, барлығы 83985 сом. Газетті шығару үшін 32507 сом жұмсалса, редакциялық-баспа ісі шығындарына 45838 сом кетіп, барлығы 78345 сомды құрап отыр» [12].

Теңіз ауданында екі газетті басатын баспахана жұмысын ұйымдастыруда кейбір кемшіліктер орын алды. Атап айтқанда, газетті көркемдеу үшін линейкалық белгілер, квадраттар және басқада полиграфиялық материалдар жетіспеді. Екі газетте қағаздан мұқтаждықты көп көрді. 1941 жылы «Красный Каспий» газеті бір килограмм да қағаз алмаған болса, басылым тек «Балықшылар үні» газетінің қағазымен жарық көрді. Қағазбен қамтамасыз ететін облыстық балық саудасы мекемесі өз міндеттерін орындауға салақтық танытты.

Теңіз ауданы еңбекшілері патриотизмнің үлгісін ауыл шаруашылығы

өнімін өндіруде де, балық аулауда да, заемға жазылуда да, жылы киім жинауда да таныта білді. Ауданның негізгі шаруашылықтарының бірі балық аулау болғандықтан қарт Каспийдің су маржандарын майданға молынан жіберуге басты назар аударылды. Республикадағы барлық балық шаруашылығы өнімдерін өндіруді күшейтуге шақырған 1942 жылы 12 ақпан күні Теңіз ауданы Кобяков поселкесіндегі колхозшылардың патриоттық бастамасы да үлкен серпін туғызды. «Қазақстан балықшылары, жарысқа аттаныңдар!» атты Қазақстанның барлық балықшы колхоздарының колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне және балық өндірісінің барлық қызметшілеріне Қазақ ССР-ның Гурьев облысы, Теңіз ауданы «Красный моряк» колхозының балықшы колхозшыларының хаты жарияланды. «Красный моряк» колхозының төрағасы Р.И.Поляков, партия ұйымының хатшысы В.И.Лукин, бастауыш комсомол ұйымының хатшысы Н.Р. Поляков, теңізші бригадир Т.П.Чаплыгин, колхозшы әйелдер Т.Мәмбетова, Қ.Ахметова және т.б. қол қойды. Хатта мынандай жолдар бар еді: «Сүйікті отанымызға қарақшылықпен шабыл жасап, біздің бақытымызға, бостандығымызға және тәуелсіздігімізге қанды шенгелін созған фашистік Германияның сойқанды содырларына қарсы ұлы совет халқының әділетті отан соғысын жүргізгеніне сегіз ай толуы жақын. Біздің даңқты Қызыл Армияның тегеурінді соққысымен, Москваны қоршау және алу, Қызыл Армияны талқандау жөніндегі фашистік план күйреді. ...Біздің колхозымызда алдыңғы қатарлы адамдар – стахановшылар ауыл шаруашылығында да бар. Мысалға, Мамбетова Танзиланы, Ахметова Қалипаны, Полякова Ф.П., Трофимова К.Ф., Қуатова Аққызды және басқаларды алуға болады. Біздің майданға деген көмегіміз табанды еңбек етумен ғана бітіп қоймайды. Колхозшылар Қызыл Армия үшін 160 бөлек бағалы киімдер жинап тапсырды. Еліміздің отан қорғау қорына 4500 килограмм овощ, 1698 килограмм балық берілді. Қызыл Армияның ер жүректі жауынгерлеріне колхоз сәлемдемеге бағалы 2 посылка жіберді. ...Біз ұласып отырған 1942 жыл – фашизм Германиясын толық талқандаудың жылы болуға тиіс. Фашистік басқыншылардың талқандалуын жақындата түсу үшін біз 1942 жылы еңбектегі жігерімізді он есе арттыруымыз керек. Сөйтіп майдан мен елімізді барлық керектермен жабдықтауға тиіспіз.

Қазақстанның балықшы колхозшылары мен балық өндірісі қызметшілерінің міндеті – адамзаттың қас жауы – герман фашизмін толық талқандап шығу үшін майданға балық қанша керек болса, сонша беру», - деп [13], Қазақстанның колхозшылары мен колхозшы әйелдері және балық өндірісінің қызметкерлерін ұлы Жеңіске арналған социалистік жарысты үдетуге шақырды.

«Балықшылар үні» және «Красный Каспий» газеттерінің бірінші беті толығымен «Майдандағы жауынгерлерге аудан еңбекшілерінің тартуы» атты айдарымен берілді. «Балықшылар үні» газетінің 1942 жыл 23 ақпан № 23 (15900) санында «Отан қорғау қоры молаюда» атты мақалада Теңіз ауданы еңбекшілері отан қорғау қорына 136 мың 120 сомның мемлекеттік заемдары облигацияларын, тағы басқа да бағалы бұйымдар тапсырғаны, бір күндік еңбек ақыларының мөлшерінде 202 мың 146 сом ақшалай қаржы бергені мысалға айтылса, «Танк коллоннасын жасау қорына» атты мақалада бұл қорға аудан комсомолдары мен жастары 18 мың 407 сом, Осоавиахим атындағы танк коллоннасын жасауға 5 мың 197 сом түсіргені және «Лайықты тарту» атты хабарда «Комсомол жолы» колхозының Омаров жолдас басқарған ақбалықшылар звеносы 300 шамалы аханды бір қарағанда құны 4 мың сом тұратын 192 килограмм бірінші сортты ақбалық алғаны үлгі етілді [14].

Қаһарлы жылдарда Теңіз ауданының халыққа білім беру ұйымдары басшылығымен мұғалімдер мен оқушылардың отан қорғау ісіндегі бастамалары бүкіл республика мектептеріне үлгі болғанын мақтанш тұрғысынан айтуға болады. Ганюшкино селосындағы орта мектептің 92 мұғалімдері мен оқушылары қол қойған Қызыл Армия үшін ауыл шаруашылығының мол өнімін жинауға атсалысуға шақырған «Красный Каспий газетінің 1942 жыл 28 маусым № 71 (928) санында «Поможем колхозам завоевать военный урожай! (Письмо учащихся и учителей школ с. Ганюшкино ко всем школьникам и учителям Денгизского района)» атты хатында қабылдаған міндеттемелерінен азғана үзінді келтіре кетсек орынды:

«...1. Организованно выехать в колхозы на сельскохозяйственные работы и оказать помощь колхозникам в получении высокого урожая. На всех видах сельскохозяйственных работ работать также отлично и хорошо, как

учились в школе.

2. Принимать активное участие в прополке и уборке урожая, сена. Мы обязуемся за период летних каникул выработать не менее 75 трудодней.

3. В колхозах строго соблюдать школьную дисциплину.

4. В Ганюшкинском сельсовете улучшить агитационно-массовую работу среди населения. Активно участвовать в ликвидации неграмотности и малограмотности.

5. Оказать реальную помощь Ганюшкинскому сельсовету в досрочном выполнении по Совету госпоставок и денежных платежей.

6. Обеспечить полную подготовку школ к началу учебного года в правительственные сроки. Организовано провести подготовку к осенне-проверочным испытаниям учащихся.

...Товарищи школьники и учителя! Окажем помощь колхозам дать Красной Армии и стране больше хлеба, мяса, овощей и сырья для промышленности. Самоотверженным трудом поможем нашей героической Красной Армии полностью разгромить немецко-фашистские войска в 1942 году и очистить советскую землю от гитлеровских мерзавцев» [15].

Дәл осы үндеу хаттағы міндеттемелердің іс жүзінде жүзеге асқан көрінісіндей, газеттің сол санында «На работу в колхозы!» атты заметка жарияланды: «...Свое обязательство ученики и учителя с честью выполняют. Бригада в количестве 18 человек учеников казахской средней школы №1 во главе с учителем т.Байбалиным выехала на сельскохозяйственные работы в районы Гурьевской области».

Ұлы Отан соғысының басталысымен өз жұмысын соғысқа бейімдеп қайта құрған аудан баспасөзі барша халықты жеңіске жігерлендірді. Газеттердің әр саны шыққан сайын жауға деген өшпенділікті күшейткен материалдар жарық көрді. Бас мақалалар, корреспонденциялар, очерктер, өлеңдер барлығы да майдан мүддесін көздеді. «Балықшылар үні» газетінің 1942 жыл 10 мамыр күнгі №55 (15932) санында жарияланған «Ақ көсе» тартымында атты Ө.Әжіғалиевтың очеркінде балықшылардың ерен еңбегі жарқырай түсті. Оқып көрелік: «Қиғаш өзенінің ақ топырақты, ну орманды жағалауында бірнеше аласа үйлер тұр. Олардың алдында ұзын ағашқа байланған қызыл жалау желпілдеп тұр. Бұл – «Коллективный труд» колхозының «Ақ көсе» деген тартымы еді. Бұл тартымда

байдалықтар колхоз құралғаннан бері істейді. Мұндағы адамдар да көптен осы тартымда жұмыс істеп келе жатқандар.

Теңелов Иманғали алғашқыда қатардағы балықшы болып, содан кейін звеньевой болып жұмыс атқарып келді. Колхозшылар сынап, тексере келгенде. «Теңелов көпшілікті басқара білетін жігіт» - деп қорытынды шығарды. Бұл 1935 жыл еді. Содан бері Теңелов осы тартымның бригадирі. «Ақ көседен» балық аулағалы, Теңелов онда бригадир болғалы бұл тартымның мемлекетке балық беру планын орындамай қалған жылы жоқ...», - дей келе, балықшылардың күшімен 12 сәуір мен 5 мамыр аралығында 600 центнер балық ауланып мемлекетке тапсырылғаны баяндалды [16].

Еліміздегі соғыс жағдайында уақытша қағаздың жетіспеушілігіне орай, облысымызда шығатын газеттердің таралымына шектеу қойылды. ҚК(б)П ОК 1942 жыл 11 сәуірде өткен бюро мәжілісінің қаулысымен, Теңіз аудандық «Балықшылар үні» газеті аптасына 3 рет орнына 2 рет, 2500 таралымы 2000-ға дейін қысқартылып, ал «Красный Каспий» газеті аптасына 3 реттен 2-ге түсіп таралымы бұрынғысынша 1000 дана болып қалды [11, 577-іс, 10-п.]. Жоғары партия ұйымдарының қағазды үнемдеу туралы бұл нұсқауын орындамаған редакторлардың да жеке мәселесі назардан тыс қалмады. Мысалы, 1942 жыл 21 сәуір күні болған ҚК(б)П Гурьев обком мәжілісінде «Аудандық газеттердің беркітілген екі беттік форматын бұзуы туралы» мәселе қаралып, рұқсатсыз төрт беттік газет шығарып газет қағазын шығындағаны талқыланды. Солардың сапында «Балықшылар үні» редакторы Б.Байменов пен «Красный Каспий» редакторы А.Н.Столяровтар 18 қаңтар, 2, 10, 11, 26, 28 ақпан және 15, 16 наурыз күндері газеттерді 4 бетпен шығарып, осы басылымдардың 8 санын 2 бетпен шығаратын қағазды орынсыз шығындағаны анықталып, оларға қатаң ескерту берілді. Сондай-ақ, аудандық газеттердің таралымы 1 мамырдан бастап төмендегідей мөлшерде жарық көретін болды:

1. «Балықшылар үні» 2000 дана

2. «Красный Каспий» 800....

[12, 805- іс, 257-п.]

Жұмысты соғыс талабына сай қайта құру облыстың ауыл шаруашылығында шапшаң қарқынмен жүрді. Майданды, жауын-

гер Қызыл Армияны етпен, сүтпен, маймен, өндірісті шикізатпен тұрақты камтамасыз етудің қайнар бұлағы мал болып табылды. Мал шаруашылығын өркендетуге өзіндік үлесін қоса алмай отырған аудандық газеттерге жасалған шолулар облыстық басылым бетінде тұрақты берілді. Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1942 жылы 7 тамыз күнгі №185 (2699) санындағы «Мал шаруашылығы мәселесін елемей отыр» атты көлемді мақалада Теңіз аудандық «Балықшылар үні» газетінің социалистік жарысқа өз мәнінде үн қоса алмай келеді, әр колхоз қандай міндеттемелер алғаны газет бетінде көрінбей отыр делініп, одан әрі былай дейді: «...1941 жыл және үстіміздегі жылдың (1942) бірінші тоқсаны ішінде мал шаруашылығы жөнінде мақтан ететіндей еш қандай табысымыз жоқ» деп жазды. Ал, бұл кемшіліктер неден болып отыр, оны болдырмаудың негізгі жолдары қандай - газет бұл жөнінде еш нәрсе айтпайды.

«Балықшылар үні»-нің соңғы үш ай ішіндегі 37 санында ауыл шаруашылығы жөнінде 18 ұсақ хат хабарлар жазылған. Бұл материалдардан оқушылардың назарын мал шаруашылығына аударғандай ешнәрсе іздеп таба алмайсың. Мал шаруашылығын өркендету жолындағы зоотехникалық шаралар және екіжүз, үшжүзші махановшылар көрсетілмейді. Немесе сирек кездеседі. Ауданда төлді сақтау, мал басын арттыру шаралары үшін күрес жеткіліксіз. Сонымен қатар, газет шөл шабу, шабылған шөпті дер кезінде жинап алу, малдың қысқы қораларын тұрғызу, ремонттау, мал азығын запас қорларын жасақтау, қысқы мал жайылысын ұйымдастыруға айрықша көңіл бөліп отыруы керек» [17].

Компартияның жергілікті баспасөзге басшылығының бір көрінісі, облыстық газеттердің шолуынан басқа бюро мәжілістерінде аудандық газеттің басшыларының жұмысын тұрақты тыңдап отыру. ҚК(б) П Теңіз аудандық комитетінің 1942 жыл 17 тамыз күнгі №153 бюро мәжілісінің § 11 бабымен «Балықшылар үні» және «Красный Каспий» газеттерінің редакторлары Байменов, Столяров және аудандық цензор Қойшыбаевтардың жұмысы тыңдалынды. Қабылданған қаулыда, газеттер қысқа мерзімде өз жұмыстарын соғысқа ыңғайлап құрып және неміс-фашистеріне қарсы шайқасқа еңбекшілерді жұмылдыруда зор саяси жұмыстар атқарып отырғаны атап көрсетілді. Сонымен қатар, мына

мәселелерді жүзеге асыру редакторларға міндеттелді: малшылардың арасындағы социалистік жарысты өрістету, мал басын төлден өсіруді және қыстаққа түсу мен егін жинауды көрсету; газеттің тиянақты жоспарын әзірлеу; колхоз бен өндірістегі Бүкілодақтық социалистік жарыстың нәтижесін қорытындылау; еңбекшілердің материалдық-тұрмыстық жайына зер салу; ауыл-село тілшілерімен байланыс, олардың санын арттыру, қабырға газет редакторларына ұдайы көмек ұйымдастыру.

Жоғарыда көрсетілген сын-ескертпелерді жүзеге асыру мақсатында редакция ұжымы жұмыс жоспарларын қайта қарап, орталық газеттер ұстанымын басшылыққа алып отырды. «Балық аулау кәсібінде» атты жаңа айдар ашылып, балықшыларға пайдалы кеңестер берілді. Аудандық «Балықшылар үні» газетінің 1942 жылы 13 қараша №124 (16001) санында «Балықты қазамен аулау» деген тақырыппен мақала ұйымдастырылды, онда тайыз көлдер мен өзендерден балық аулауда қамыстан немесе талдан тоқып ау жасаудың жолдарын үйретті. Газеттің осы санында «Сталиннің докладын радиодан тыңдады» деген мақалада Ганюшкино селосындағы мекемелердің қызметкерлері аудандық партия комитетінің мәжіліс залына жиналып, сағат 20-да Сталиннің радиодан сөйлеген сөзін тыңдаған. Осы радио тыңдаушылардың бірі аудандық байланыс конторының қызметкері Григорий Александрович Аврямов жолдас, радионы тыңдағаннан кейін ол былай деді: «Көсемнің сөзі маған сондай әсер етті, соғыс кезінде Сталин жолдас бүкіл халқымызды тағыда майданға көмектесуге шақырып отыр. Тыл мен майданның күшін ұйымдастыратын кезең екенін әбден түсіндім. Мемлекеттік байланыс бөлімдерінде қызмет еткеніме міне биыл дәл 23 жыл болды. Әлде де барлық күш жігерімді, сапалы білімімді неміс-фашистерін айбынды Қызыл Армия талқандап, Гитлер үкіметін құлатқанға дейін тылда жанқиярлықпен жұмыс істеуге серт етемін. ...1943 жылдың 23 февраліне дейін әскер қатарына шақырлатын жастардан 15 телеграфист шығуды міндетіме аламын» [18].

Қаншама алапат соғыс жүріп жатса да майданда соғысып жатқан жерлес жауынгерлеріміз уақыт тауып жазған хаттары облыстық, аудандық газеттерге келіп тұрды. Олардың хаттарында неміс басқыншыларына деген жеккөрушіліктері, жеңіс үшін, отанымыздың жарқын болашағы үшін қасық қандары қалғанша соғысуға өзір екендіктері баяндалды. 1942

жылы 6 желтоқсан күні жазып облыстық «Прикаспийская коммуна» газетінің хаттар бөліміне № 1793 тіркелген гвардия ефрейтері Жұмабеков Гимранның хатынан үзінді келтіре кетсек:

«Привет с фронта!

Здравствуйте дорогие товарищи организаторы Советской молодежи крепящей наш тыл и готовящейся грудью встать на защиту необъятной Родины, С красногвардейским приветом бывш. работник Денгизского РК ЛКСМК ныне ефрейтор Джумабеков Гимиран.

Прошло 16 месяц Великой Отечественной войны с немецкими оккупантами участвуя в боях за родину, я не на минуту забываю Вас моя друзья подруга, не забываю данные мною обязательства перед лицом Ленинского комсомола. Каждый шаг борьбы за родину – есть шаг борьбы за счастливое будущее Советской молодежи.

За мужество и отвагу в боях я удостоен высокой чести – орденом Красной Звезды. В ответ на это награждению я обязуюсь еще больше трудиться на фронте борьбы с немецкими оккупантами – сражаться до последнего дыхания, в этом Вы можете твердо надеяться как на гвардейца.

Недадим врагу продвигаться на восток! Будем биться за каждую хату в селе, за каждый куст на земле, за каждый выступ в скале, за каждую тропку лесную, за каждую кочку степную, за каждый овраг и дас, чтобы враг нигде не пролез. Вперед на запад!» [19].

Қаһарлы жылдарда республикамыздың көрнекті ақын-жазушыларының майдан шебіне іс-сапарлары жолға қойылды. «Бір кездері жорық-жортуыл шежіресін қан төгіс шайқастың окоптары мен блиндаждарында, жертөлелерінде бастаған, ел басына күн туғанда солдат шинелін киіп, сарбаздық сапқа тұрған Қазақстан жазушылары мен журналистері осы уақытқа дейін соғыс тақырыбын қаламынан түсірген жоқ» деп жазады кейін Т. Ыдырысов [20, 152 б.]. Олардың қаламынан туған публицистикалық очерктер, қуатты өлеңдер тасқыны, гитлерлік немістерді мазақтаған сықақ-фельетондар газет беттерінде үздіксіз жарияланды. 1943 жылы қаңтарда ақын А.Токмағамбетов майданнан келе жатқанда Гурьевте бір ай болып, шаруашылықтар мен мұнай кәсіпшіліктерін аралайды. Сонда «Мұнайшылар – мұнай бер, соны сізден сұрайды ел!» атты қуатты өлеңінен басқа бірнеше поэмаларын жазады. Ақын ағамыз сол шығармаларының

басым көпшілігінің жарық көргенінен бейхабар болғаны туралы марқұм Б. Қорқытов кейін еске алады [21, 41-42 б.]. Солардың қатарында Бақсай ауданы «Жана күш» колхозының колхозшылары туралы «Өтініш» атты поэмасы да бар. «Балықшылар үні» газетінің 1943 жыл 27 ақпан күнгі № 16 (160310) санында жарияланған поэмаға Есенгүл есімді тілші «Өтініш» туралы деген алғысөз жазыпты: «Орденді Асқар Токмағамбетов жолдастың бүгінгі газетімізде жарияланып отырған, бұл «Өтініш» атты поэмасын, барлық колхоздарымыздың колхозшылары арасында кең талқылаумен қатар, мал шаруашылығын өркендету, еңбек дисциплинасын жақсартудың программасы етіп пайдалануды ұсынамыз. «Өтініште» көрсетілген сурет немесе жеке адамдардың бейне-образдарындай халдер, біздің ауданымыздың колхоздарында да жоқ емес...

...Еріншек, тартыншақ бар, итіншек бар,
Суыққа төзімі жоқ, ши тірсек бар.
Назданып «байым-бастық» деп жататын,
Сылтаушыл жоқ нәрсеге түртіншек бар.
Бір есе басым дейді, тісім дейді,
Еш адам кеселіне түсінбейді.
Алты ай жаз шайдан басы көтерілмей,
Табілге бір еңбек күн түсірмейді.
Басталып ауруы қыңқылменен,
Аяғы жалғасады ыңқылменен.
Бір құлаш «справка» түсіріп ап,
Сумандап отырғаны қу тілменен.
Атақты соның бірі Биқаш қана,
Тастап ап ақ жаулығын қиғаш қана,
Керіліп, құр көкірек көтерумен,
Болып жүр Биқаш биыл шын маскара!...», -деп,
еріншек, жалқауларды өлтіре сынайды [22].

Теңіз ауданы еңбеккерлерінің 1943 жылғы майданға көмегі туралы аудандық қазақ және орыс тілді газеттерінің қызметіне оң баға берілгені мұрағат құжаттарында сақталған деректер кәу. «Красный Каспий» газетінің редакторы Сафонов былай деп жазған: «...В развернувшемся народным движения в сборе средств на боевые машины Красной Армии

большую роль сыграла районная газета в деле сбора средств на боевые машины в Денгизском районе.

Систематический помещался материал из номера в номер о ходе сбора средств. Помещались телеграммы товарищу Сталину и ответы на них, статьи отдельных товарищей и коллективов, вносящих свои личные сбережения. В результате широко развернутой массовой работы и печатной пропаганды, трудящейся района внесла в фонд построения боевых машин 3 020 400 рублей в том числе, торговые работники 148.000 рублей, рабочие Чергомбайского рыбозавода 200000 руб., пионеры и школьники 162.000 руб., Исакова Хадели в нес 175 т.р., Тапакова 50 т.р...

...Райгазета систематический помещала на страницах газеты письма фронтовиков и ответы им, обзоры письем фронтовиков и ответы им. Под заголовком «Фронт переключается с тылом» (№ 8 от 24.01-43г.).

В этом же номере была помещена статья под заголовком «Польностью разгромим врага». В этом письма, адресованном на райсовет командование Н-ской части описывая героическую борьбу воинов – казахов нашего района благодарят райсовет за воспитание храбрых защитников Родины» [23].

Ұлы Отан соғысы жылдарында аудандық газеттердің жұмысы қатаң тәртіпке бағынып жұмыс істеді. Алайда сауатты азаматтардың майданға кетуі кадр тапшылығын тудырды. Мысалы, «Балықшылар үні» газетінде жауапты хатшылық міндетін атқаратын адам болмаған. 2 редакцияға 1 радиокабылдағыш қойылды, Мәскеуден берілетін соңғы майдан хабарлары орыс тілінде жүргізілді. «Красный Каспий» газетінің баспаханасы болмағандықтан, көбіне қазақ әріптері пайдаланылған. Орысша әріптер әбден ескіріп жарамсызданды, сондай-ақ әріп теруші жетіспеді. Казполиграфбасқармасына 1943 жылғы әріп сураған сауалдарына тек гана шпон мен линейка жіберген.

Соғыс жылдарында баспасөзге қатаң тәртіп қойылды, олардың жұмысын сынға алу арқылы олардың мазмұнын жаңа биікке көтере түсті. 1944 жыл 28 наурыз күні өткен ҚК(б)П Теңіз аудандық комитетінің №55 бюро мәжілісінің 14 тармағымен «Казахстанская правда» газетінің сол жылғы 20 қаңтары бетінде жарияланған «Красный Каспий» газетінің (редакторы Сафонов) жұмысы туралы газетке шолу айдарымен жарияланған

материалды талқылау өткен. Республикалық аға газеттің көрсеткен кемшіліктері орынды айтылған сын деп қабылданды. Атап айтқанда, партия мен үкімет шешімдері талапқа сай басылмайды. Оның басты кемшілігі – баспаханадағы клишелердің тозғандығынан ізделмей, қайта редакция ұжымы кінәлі деп көрсетілді. Партия тұрмысы туралы мақала аз беріледі, бұл іске аудан бастауыш партия ұйым жетекшілері белсенді араласпайды делінді. Сонымен қатар, аудандық газет бетіндегі стилистикалық және грамматикалық қателердің кетпеуі қатаң қадағаланып мазмұнын жақсарту ескертілді [4, 590- іс, 14- п.].

Майдандағы үлкен өзгерістерге сәйкес елде транспорттық қатынас көлігін (теміржол) жақсарту міндеттері тұрды. Теңіз ауданы территориясы арқылы өтетін Гурьев-Астрахань темір жолын салудың стратегиялық маңызы артты. Құрылыс жұмысын өрістету үшін жаңа газет ашу міндеті тұрды. ҚазКСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы әдебиет пен баспасөз ісі жөніндегі Бас басқармасының 1943 жыл 29 наурыз күнгі №3/171 § 1 бұйрығымен 1943 жыл 1 мамырдан бастап «Гурьев – Астрахань» темір жол құрылысын салушыларға арналып «Вперед» («Алға») атты орыс және қазақ тілдерінде көптиражды газет шығаруға шешім алынды. Газет аптасына бір рет 1750 данамен жарық көріп, форматы А-3 көлемінде болып белгіленді [24].

Ел басына күн туған шақта тылдағы еңбек тәртібін нығайтуда аудандық газеттер ерекше үлес қосты. Жарық көрген газет беттерінде қоғамдық малды сақтауда салақтық танытқан, сауда тәртібін бұрмалаушылар ісі әшкерленді. «Балықшылар үні» газетінің 1943 жыл 31 наурыз күнгі № 21 (16085) санында жарияланған М.Кенжеғалиевтың «Айыпкер жазаға тартылды» атты мақаласында 1-Май колхозының мүшесі А.Ө. сиыр фермасының бастығы болып жүргенде бір бас малды жоғалтқаны үшін 2 жылға бас бостандығынан айырылып, 3000 сом ақша мемлекетке өндірілсе, тілшілер Төлеуов, Боқановтардың «Байда рыбноопіндегі Ивановтың қырсығы» атты мақаласында халықты азық-түлікпен қамтудағы оралымсыздықтар айтылыпты: «Байда рыбноопінің председателі Ивановтың халыққа жасаған «қамқорлығын» айтуға болады. «Қарына тартпағанның қары сынсын» дегендей, Иванов жолдас, әрдайымда рыбноопке түскен астықтың қай түрінен болсада, Утере поселкесінде «қамыс

шаптырып» жатырмын деп, майды, ұнды, нанды, майды тасытады да жатады. Ивановтың бұл әдетіне күмәнді болғандар жақында мынадай оқиғаға кездесті. Март айының ішінде, Утера поселкесінде Ивановтың сырласы Афанасовқа деп, 10 кило ұн, 16 кило сметка, 10 кило кебек, 2 буханка нанды жіберіп жатқан жерінен ұсталды», - деп Утераға бұрыннанда осындай тауарлар жіберген қылмысы анықталып, халық үшін адал қызмет егуді ескерткен [25].

Қоғамдық малдың басын аман сақтауда қасқыр аулауға шақырған «Малдың жауы қасқырды аулаңдар!» атты бас мақала «Балықшылар үнінің» 1943 жыл 30 желтоқсан № 84 (16079) санында жарияланды. Мақалада бір колхоз жерінен екі қасқыр аулаған адамға сол колхоздан 1 бас қой тегін сыйға берілетіні ескертіліп, Зормата ауылының азаматы Махамбет Әбдідің дайындық орындарына 6 қасқырдың терісін өткізгені сөз етілді. Байда советіндегі «Коллективный труд» колхозының аншылары Жағазиев Сүндетқали 2 қасқырды, Қошебаев Ғаббас 3 қасқырды аулаған. Бұлар қасқыр аулаудың әдістерін білетін белгілі аңшылар» делініп, малдың жауы қасқырды көптеп аулауға шақырған [26].

Ұлы Отан соғысы жылдарында баспасөзде еңбек еткен қызметкерлердің өмірі оқ пен оттың арасында тұрды десек ешқандай қателеспеген болар едік. Газеттің әр саны кемшіліксіз шығуы үшін олардан зор жауапкершілік сұралды. Әсіресе, үнемі газеттің бірінші бетіне басылатын И.В.Сталиннің суреті клишесінің тозғандығы олардың басына бұлт үйірді. ҚК(б)П Гурьев облыстық комитетінің хатшысы С.Төлебаевтың 1944 жыл 14 наурыз күнгі аудандық газет редакторларына жіберген қатынас хатында осыны ескертуді де естен шығармаған: «Соңғы уақытта аудандық газет редакторлары тарапынан жауапкершілік сезілмегендіктен Сталин жолдастың портретінің клишесі [апасыз басылу фактісі бар, осы жылғы 23 ақпанда «Красный Каспий» газетінде теріс күйінде басылған. Дәл осындай кемшілік 26 ақпан күнгі № 9 санында тағыда қайталанған.

Ал, бұған керісінше «Балықшылар үні» газетінде осы жылғы 23 ақпан күнгі жолдас Сталиннің клишесінде ешқандай кемшіліктер болмаған. Кеңестер одағының маршалдарының портреттері де сәтті берілген. Бұдан шығатын қорытынды газет редакторлары тарапынан баспашылар жұмысына бақылаудың жоқтығы, олардан жауапкершілік та-

лап етілмейтіндігі. Клишелердің сапасыздығы «Нефтянник» және «Социалистік Эмба» (мақаттық) газеттерінің тарапынан да орын алған. ҚК(б)П обком газет редактарларынан, аупаркомның насихат-үгіт бөлімінен, газет цензорларынан жолдас Сталиннің клишесі басылған бірінші данасын жеке қадағалауды тапсырады.

ҚК(б)П обком Сіздерді жіберген кемшіліктер үшін қатаң жауапкершілік сұралатындығын ескертеді» – деген [27].

Қорыта келгенде, Теңіз ауданының баспасөзі мен радиосы өзінің қуатты күшімен Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан мен тылдың бірлігін сақтап, бұқара халықты жеңіске бастай білді. Ел басына күн туған шақта тап болған қиыншылықтарға қарамастан ішкі мүмкіндіктерді орынды пайдалана отырып, екі редакция ұжымыда оқырмандарға зор рух туғызған патриоттық мақалалар легін туғызды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:

1. Бөріқұлаков Қ. Аудандық баспасөздерге басшылықты жақсарту керек // Социалистік құрылыс. – 1940. – 11 желтоқсан.
2. Тайшықов Қ. Көрмеге көрнекті көрсеткіштермен барамын // Балықшылар үні. // – 1941. – 4 қаңтар.
3. Жол құрылысына берілген механизмдер // Балықшылар үні. – 1941. – 28 наурыз.
4. АОММ 8-к., 1-т., 421-іс, 58-п.
5. ҚР ПМ 708-к., 5/1-т., 641-іс, 39-п.
6. Ұлы отанымызды қорғау соғысы // Балықшылар үні. – 1941. – 24 маусым.
7. Колхозшылардың митингісінде // Балықшылар үні. – 1941. – 25 маусым.
8. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. – Алматы: «Мектеп», 1981.
9. Указ Президиума Верховного Совета СССР О военном положении; В Наркоминделе // Красный Каспий. – 1941. – 29 июня.
10. Газет жұмысын соғыс мүддесіне бағындыру керек // Социалистік құрылыс. – 1941. – 27 қыркүйек.

11. ҚР ПМ 708-к., 6/1-т., 586-іс, 118-п.
12. АОММ 1-к., 1-т., 577-іс, 17-п.
13. Қазақстан балықшылары, жарысқа аттанындар! Қазақ ССР-ның Гурьев облысы, Теңіз ауданындағы «Красный моряк» колхозының балықшы колхозшыларының хаты // Балықшылар үні. – 1942. – 21 ақпан.
14. Майдандағы жауынгерлерге аудан еңбекшілерінің тартуы // Балықшылар үні. – 1942. – 23 ақпан.
15. Поможем завоевать военный урожай! // Красный Каспий. – 1942. – 28 июня.
16. Әжіғалиев Ө. «Ақ көсе» тартымында // Балықшылар үні. – 1942. – 10 мамыр.
17. Мал шаруашылығы мәселесін елемей отыр // Социалистік құрылыс. – 1942. – 7 тамыз.
18. Балықты қазамен аулау.; Сталиннің докладын радиодан тыңдады // Балықшылар үні. – 1942. – 13 қараша.
19. АОММ 369-к., 1-т., 1-іс, 39-п.
20. Ыдырысов Т. Шеберлік бастауы. – Алматы: «Мектеп». – 1984. – 200 б.
21. Қорқытов Б. Жылнама «Еріктен» басталады. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2003. – 105 б.
22. Тоқтағамбетов А. Өтініш // Балықшылар үні. – 1943. – 27 ақпан.
23. ҚР ПМ 708-к., 9-т., 1371-іс, 2-3-п.п.
24. АОММ 152-к., 2-т., 1-іс, 27-п.
25. Кенжеғалиев М. Айыпкер жазаға тартылды; Байда рыбкоопіндегі Ивановтың қырсығы // Балықшылар үні. – 1943. – 31 наурыз.
26. Малдың жауы қасқырды аулаңдар! // Балықшылар үні. – 1943. – 30 желтоқсан.
27. АОММ 14-к., 1-т., 122-іс, 11-п.

Сұрақтар:

1. «Балықшылар үні» және «Красный Каспий» газеттері өз жұмыстарын соғысқа қалайша бейімдей білді?
2. Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатында сақталған аудан

баспасөзіне арналған құжаттар қалай аталады?

3. Редактор В.А.Шаншиков не үшін қуғынға түсті?

4. Аудан халқын Ұлы Жеңіске шақырған қандай мақалалар жарияланды?

5. Тыл еңбекшілерінің баянды еңбегіне қандай мақалалар арналды?

6. Тарихшы Х.Бекхожин теңіздік газеттерге қандай баға берді?

7. Баспахана мен редакциядағы еңбек тәртібін нығайтуға арналған қандай шаралар жүзеге асты?

8. Ганюшкино мектеп оқушыларының республика оқушыларына арнаған қандай патриоттық үндеуі болды?

9. Баспасөзге партиялық шолу облыстық, республикалық басылымдарда қалай жүзеге асты?

10. Сықақ-фельетон өлең дегеніміз не?

11. Ақын А.Тоқмағамбетовтың қай шығармасы газетте жарық көрді?

12. Редактор Б.Байменовтың өмірі мен қызметі туралы не білесіз?

13. Аудандық радиожүйесінің қызметі қалай ұйымдастырылды?

14. Соғыс кезінде газет жұмысындағы қиыншылықтар қандай болды?

15. Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен теңіздік ҰОС Батырлары мен Даңқ ордендерінің толық негерлерін білесіз?

3.3. «Ленин жолы» – соғыс жылдарында

Баспасөздің орта буыны деп аталған аудандық газеттердің бірі Махамбет ауданындағы қазіргі «Жайық шұғыласы» («Ленин жолы») газетінің бай тарихы бар. Аталмыш газет осы ауданға қарасты Бақсай кеңшарында шығып тұрған көптиражды «Социалистік қой шаруашылығы» атты газеттің негізінде дүниеге келген болатын. Бірақ осы газетті аудан орталығына көшіруге дайындық шаралары алдын ала жүргізілді. ҚК(б) П Бақсай аудандық комитетінің хатшысы Аманиязов қол қойған 1940 жыл 1 сәуірде өткен №8 бюро мәжілісінің хаттамасында облыстық партия комитетіне штат бірліктерін бекіткенде төмендегі штатты бекіту сұралған: «Көптиражды газеттің редакторы – 1; Әдеби қызметкер – 1» [1].

Дегенмен де аудан орталығында газет болмағандықтан оның орнын

бұқара халықтың тыңдарман қуанышына айналған радиожүйесі мен мекеме, колхоздар мен мектептер жанынан шығатын қабырға газеттері толтырды. 1940 жылдың 9 сәуірінде өткен Бақсай аудандық партия комитетінің бюросында Жаманқала радиожелісіне ЛКСМ аукомы ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Түсіпқали Мұхамбетов, Құбаш Дербісінов және Таңдай радиожелісіне Аман Тасмағамбетов тағайындалады. Олар радио хабарларын аудан жаңалықтарымен ашып, кейін түрлі саяси-әлеуметтік мәселелерді төңірегінде кеңірек әңгіме өрбітіп отырған.

Ауданда ауыл-село тілшілерімен жұмыс жолға қойылып, қабырға газет редакторлары мен тілшілерінің оқулары тұрақты өткізілді. 1940 жылдың 22 маусым күні өткен аупарткомның бюро мәжілісінде «Қабырға газеттері редакцияларының тыңдаушыларының кеңесін ұйымдастыру» мәселесі тыңдалып, 1940 жылдың 5 тамызы күні қабырға газеттері редакторлары мен жұмысшы-село тілшілерінің кеңесін өткізуге шешім алынады. Осы мақсатқа аудандық бюджеттен 460 сом бөлінеді. Сондай-ақ, тілшілер қозғалысын өрістетуге мектептің мұғалімдер күшін тартуға назар аударылады [1, 32- іс, 189-п.].

Аудандық газеттің дүниеге келуіне Ұлы Отан соғысына өз еркімен сұранып кетіп, кейін Тарту қаласында ерлікпен қаза тапқан Оңай Шонаевтың үлесі мол еді. 1939 жылы 8 тамыз күні Бақсай аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған оның ВКП(б) Орталық Комитетіне жазған хатында былай делінген жолдар бар:

«В отдел пропаганды и агитации ЦК ВКП(б).

Бақсайский район Гурьевской области КазССР организован в январе месяца 1938 года. Район является крупным экономическим смещенно-развитым хозяйством, где имеем: 28 сельских Советов, 36 колхозов, из которых 19 колхозов является рыболовецкими, имеем в районе два каркулеводческие совхозы со 100000 голов овец и один овощной совхоз. Население района более 40000 чел. Партийная организации составляет 1300 чел.- комсомольцев. Отсюда становиться ясно, что парторганизация района должна по боевому руководить хозяйственной деятельностью района и корренным образом улушить постановку партийно-политическо работой на селе систематический улушая партийную пропаганду. Безусловно, что

и проведении этой важнейшей работы районная газета явилась бы таким необходимым оружием нашей партийной организации.

К сожалению этого органа печати (районной печати) райком КП(б)К уже два года не имеет. Наша неоднократные настояния об организации районной газеты перед Гурьевским обкомом КП(б)К и даже перед ЦК КП(б)К остаются безрезультатными, несмотря на то, что обком КП(б) дан указания подобрать редактора, которого мы подобрали, утвердили на бюро и его же утвердил обком, но этому подбору прошел несколько месяцев времени, а все же газета неорганизована и эта работы сейчас позабыта. Поэтому считая необходимым организацию районной газеты, просим отдел пропаганды и агитации ЦК ВКП(б) вмешаться в это дело и помочь нам в организации районной газеты, ибо назрел момент организации ее. Одновременно ставим Вас в известность, что Гурьевском каракулеводческом совхозе имеется политотдельская многотиражка (1-километрах от райцентра), которую считаем при организации районной газеты реорганизовать и на базе этой многотиражки создать районную газету, которая может обслужить район и все отсталые совхозы. И этом вопрос нами перед обкомом КП(б)К и перед ЦК(б)К ставился неоднократно, но они упорно отжались.

Просим о результатах сообщить.

Секретарь Баксайского РК Харченко.

Зав.АПО РК Шунаев.

8/VIII-39 г. №401.

пос. Яманка. Баксайского р-н. Гурьевской обл. КазССР» [2].

Кейін осы хат республика және облыстық партия ұйымдарында талқыланып, қабылданған шараларға сәйкес Баксай ауданында 1941 жылдың 19 наурыз күні «Ленин жолы» газеті жарық көреді. Сәрсембінің сәтті күні шыққан №1 санында газеттің алдындағы келелі міндеттері төмендегідей атап көрсетіліпті: «ВК(б)П Орталық Комитеті мен ҚК(б)П Орталық Комитеті ауданымыздың жұмысшы, колхозшы және интеллигенцияларының тілегін қабылдап, аудандық газет ашуға деп қаулы алды. Бұл қаулының, оған байланысты шығарып отырған газеттің аудан еңбекшілері үшін үлкен саяси маңызы бар, бұл еңбекшілеріміздің партия мен үкімет алдында тағыда бір ірі табысқа жеткендігін көрсетеді. Соны-

мен қатар аудандық партия партия комитеті өзінің органы, қажымайтын өткір құралға – газетке ие болды.

Аудандық газеттің алдында тұрған міндет, партия мен үкіметтің қаулыларын, ол қаулыларды орындау жолындағы күресті, ауданның экономикалық және саяси, қоғамның өмірін, колхозшы бұқараның пікірін үзбей жазып тұруға тиіс. Сонымен қатар алдыңғы қатарлы адамдардың үлгілі тәжірибелерін, колхозшылардың мәдениетті тұрмыстарын, кадрларымыздың марксизм-ленинизм ғылымдарымен қаруланудағы еңбектерін, социалистік құрылыстағы адам баласы нағызсыз жетістіктерді үнемі пропагандалаумен қатар одан тиісті қорытынды шығарып отыруға тиіс.

Сонымен қатар, мемлекеттік мүлікке, қоғамдық игілікке теріс көзқарастарға қарсы, алаяқтар мен қыдырымпаздарға қарсы аяусыз күреске көпшіліктің назарын аударып отыруға тиіс. Сондықтан да газет қызметкерлері, жұмысшы, ауыл тілшілеріміз еңбекшілердің тілегіне сай, мәдениет үйімен күнбе күн сөйлесіп тұруға тиіс» [3]. Газеттің бұл саны Жаманқала поселкесіндегі баспаханада 1234 данамен басылып, жауапты редактор М.Жалмұқатов қол қойыпты. Осылайша газет өз кезегінде уақыт талабына сәйкес ауданның саяси-әлеуметтік және мәдени дамуына, адамдардың санасы мен ой-пікірін қалыптастыруда зор еңбек етті.

Газеттің редакторлығына 1931 жылдан партия мүшесі, білімі төмендеу, саяси сауатты, Таңдай селосынан шығып тұрған «Социалистік қой шаруашылығы» көптиражды газетіне редакторлық еткен Мақсат Жалмұқатов, жауапты хатшылығына 1916 жылы туған, партия мүшелігіне кандидат, білімі орта Аман Айшуақов бекітіледі [1, 34- іс, 38-п.]. Осы тұста Бақсай ауданы баспасөзінің қалыптасып және оның нығаюына үлес қосқан М.Жалмұқатов туралы аз ғана тоқтала кетсек. Ол 1907 жылы Астрахань облысы, Владимировскі ауданы, Төменгі Басқұншақ поселкесінде дүниеге келген. 1921-1923 жылдары ауыл мектебінде оқып сауатын ашса, 1934-1935 жылдары сегіз айлық кеңес мектебін және екі айлық насихатшылар дайындайтын курсы бітірген. 1943 жылы ҚК(б)П Орталық Комитеті жанындағы алты айлық партиялық курсында білімін тереңдете түскен. 1938 жылы 1 мамыры мен 1940 жылдың 1 мамыры аралығында өзі еңбек еткен Бақсай кеңшарында жарық көрген «Социалды

қой шаруашылығы» атты көптиражды газеттің, кейін 1 қаңтар 1941 жыл мен 15 желтоқсан 1943 жылдары аралығында Бақсай аудандық «Ленин жолы» газетінің редакторы болып қызмет атқарады [4].

Уақыт талабына сай компартия жетекшілік еткен жоғарғы өкімет органдары сол кездегі басылымдар алдына социалистік құрылысты дамыту, социалистік жарысты өрістету, еңбекшілердің санасында патриотизм, еңбекке және қоғамдық мүлікті көздің қарашығындай сақтауға тәрбиелеп, соғыс қаупіне байланысты елдің қорғаныс қабілетін нығайту секілді күрделі міндеттерді алға қойды. «Ленин жолы» газетінің 1941 жыл 29 наурыз күнгі №3 санында «Еңбекшілер депутаттарының аудандық Советінің IV сессиясы болып өтті», «Мал төлдету науқаны сапалы өткізілсін», «МТС-тың жұмысы тез жақсартылсын» және т.б. осы мазмұнда мақалалар жарияланған. Алдыңғы мақалада 24 наурыз күні өткен аудандық сессияда «1941 жылғы мал санағының қорытындысы және совет жұмысының хәлі туралы» мәселе қаралып, күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөйлеген депутат Т.Шырдабаевтың баяндамасы қысқартылып берілген. Аудандық атқару комитетінің төрағасы Т.Шырдабаев аудандағы мал басының өсуі мен мал фермаларын ұйымдастыру туралы салыстырмалы көп деректер келтіре отырып бұл бағытта кемшіліктерге жол берген шаруашылықтарға тоқталыпты: «Бірқатар колхоздар мемлекеттік мал өсіру пландарын орындамады, ферманы толықтыруда да көп кемшіліктер бар. «Вперед», «Тасқайран», «Еңбекші тап» және Сталин атындағы колхоздардың сиыр және қой фермаларының малдары белгіленген минимумге жетпейді, ал, бұл фермаларды толықтыруда колхоз бастықтары шұғылданбай жүр. Сондай-ақ, мал шығыныда аз болып отырған жоқ...» [5].

Редакция ұжымының мүшелері жергілікті құзырлы өкіметтің басшылығына сүйене тілшілер қозғалысын өрістетіп, оларға ақыл-кеңес берген әр түрлі оқулар мен семинарларын өткізіп отырды. 1941 жылы 28 сәуір күні Бақсай ауданының Сорочинко поселкелік кеңесінде ауыл-село тілшілерінің қабырға газеті редакторлары мен мүшелерінің аудандық кеңесі өткізіледі. Кеңесте газет пен тілшілердің міндеттері туралы жан-жақты мәселелерді қалай жазу керек екендігі жөнінде әңгіме болады. Көп ұзамай аудан орталығы Жаманқала поселкесінде облыстық, аудандық газеттердің тілшілері, авторлары және белсенділерінен 30

адам қатынасқан кеңесі өткізіледі. Бұл мәжілісте негізгі баяндаманы талқылауға 8 тілші қатысады. Осы мәжіліс туралы хабар берген облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1941 жыл 4 мамыр күнгі №103 санында былай деп жазылды: «Сөйлеген жолдастар мынадай кемшіліктер ашты: «Прикаспийская коммунасы» және «Социалистік құрылыс» газеттерінде мектеп тұрмысы аз жазылады, ауылдағы клуб, оқу үйлерінің жұмыстары да аз жазылып жүр. Әсіресе газетте жазылмай жүрген мәселенің бірі колхозшыларды коммунистік рухта тәрбиелеу жұмысы болып отыр. Осымен қатар сөйлеушілер тілшілер мен жұмыстың әлде де жеткіліксіздігін, қабырға газеттеріне басшылық, көмек етілмей жүргендігін айтты. Тілшілер кеңесі осындай кемшіліктерді көрсетумен бірге оны жою жөнінде саяси шаруашылық мәселелерді егжей-тегжейіне дейін жете жазуды, денсаулық сақтау орындарының жұмысы мен комсомол тұрмысын, халықты коммунистік рухта тәрбиелеу жөніндегі нақтылы мәселелерді үздіксіз жазып тұру туралы бағалы ұсыныстарын берді» [6].

Жаңа құрылған газеттің материалдық және қаржылық жәйі қиын жағдайда жүрді. Баспаханадағы латын әріптері, тыныс белгілерінің жетіспестігі, дайын клишелердің облыс орталығынан келмейтіндігі газет бетіндегі кейбір сөздердің, суреттердің айқындығына қол байлау болды. Мысалы, «Ленин жолы» газетінің 1941 жыл 4 маусым №15 санында жарияланған Сталиннің портреті түп нұсқаға сай келмеген. Осыны анықтаған облыстық баспасөздегі құпияны сақтау бөлімінің аудандағы өкілі Дербісінновтың ескертпесіне орай, Баксай аупартком бюросында редактор М.Жалмұхатовқа ескерту беріледі. Аупарткомның насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі О.Шонаевқа болашақта тап жауларының мұндай фактіні пайдаланып кетпеуіне қатаң бақылау орнатып, газет бетінде жарияланған материалдарға мұқият болуды, қатаң қадағалауды тапсырады. Осы міндетті жүзеге асыру мақсатында редакция қызметкерлерін білімді, жауапты қызметкерлермен толықтыру жүктеледі [1, 49- іс, 1- п.].

1941 жылы 5 мамыр күні №7 санында баспасөз күніне арналған «Ленин жолы» газеті бетінде бірнеше мерекелік мақалалар жарияланыпты. Солардың қатарында ауданда баспасөз күнін атап өтуге арналған салтанатты жиналыста сөз сөйлеген аудандық газеттің тілшісі Н.Марданов

қабырға газеттерінің жұмысына тоқталыпты. «Талғайраң ауылының өзінде 6 қабырға газеті шығады, ол газеттер мезгілімен шығып тұрады және саяси, шаруашылық науқандарынан үзбей жазып тұрады. Алайда, - деді Н.Марданов жолдас – Фурманов, Еңбекші тап колхоздарында жаргазеті шығып тұрмады, бұл колхоз партия ұйымдарының төменгі баспасөзге мән бермейтіндіктерін көрсетеді. Жиылыстың соңында газет тілшілерінің міндеттері жайлы ҚК(б)П аудандық комитеті үгіт-пропаганда бөлімінің бастығы О.Шонаев жолдас шығып сөйледі» деп жазады [7]. Ал «Тілшілер армиясын тәрбиелеп өсіру – айбынды міндет» атты мақалада жарық көргеніне аз ғана уақыт болған «Ленин жолы» газетінің өсу жолына тоқталып, газеттің сенімді көмекшілері болған ауыл-село тілшілері Нәжімеден Марданов, Шарафиден Сабырқұлов, Ш.Сәрсембаев сияқты тілшілердің есімін мақтаныш еткен.

1941 жылы 22 маусым күні басталған Ұлы Отан соғысы кезінде барша баспасөздің мақсаты – жауды талқандауды ұйымдастыру міндетіне бағышталды. Газеттер бұқара халыққа Отанға төнген қауіпті ескерте отырып, «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» атты айбынды ұранмен жігерлендіріп, өз жұмысын соғыс жағдайына бейімдеп, қайта құрды.

Қазақтың ұлы ақыны, өлкеміздің даңқты ұлдарының бірі Х.Ерғалиев сол күндерді былай деп еске алады: «Газет облыс жұртшылығына өз перзенттері, Совет Одағының Батыры атағын алған Қ.Ысмағұлов, Ф.Канцев, Б.Нысанбаевтардың, басқа да жүздеген жолбарыс жүректі қаһармандардың ерлік істерін паш етіп, елдегілерді ертеңгі жеңісімізге сендірді, баршаға дем берді. Аяулысынан айрылған қарияларды, жесірмен жетімді де жеңіске қызмет етуге, кесапаттан кек алуға шақырды. Партиямыз бен үкіметіміздің ұранын көтеріп, жалпақ елге жаршылық етті.

- Майданға танк колоннасын жөнелтейік!
 - Сарбаздарға сауыттай, дуылғадай қажет жылы киім жинайық!
 - Фашист-басқыншылардан азат етілген ағайындарға дәулет бөліп берейік!
 - «Көк төңірісі» - авиацияға – артықша бағалы бензин!
 - Ер азығы – ет пен балық, сары май! Ұмытпа соны!» [8, 200 б.].
- Өлке баспасөзінің осындай қатарында Бақсай аудандық «Ленин жолы»

газетінің сол бір отты жылдарда жарық көрген беттерінде «Барлығы майдан үшін», «Үгіт – отан соғысы қызметіне жұмсалсын», «Майданның қажетін жауынгерлікпен өтейік» және т.б. тақырыппен мақалалар жариялады. Соғыс жылдарында әйелдер мен жасөспірім балалар майданға кеткен ер азаматтардың орнын басты. «Ленин жолы» газетінің 1941 жыл 18 шілде №22 санында «Әйелдер түгелдей жұмысқа шықты» атты мақалада: «Гурьев қаракөл совхозының үй шаруасындағы әйелдері асқан қарқынмен өндіріс жұмысына көмектесуге кірісті. 9 июльден бастап 71 әйел совхоз плантациясына жұмысқа шықты. Олар қазір егісті баптап күту жұмыстарын істеп жүр. Бұлардың ішінде комсомол мүшесі Изтелеуова Зиба, Сүйсінова Орын, Жұмаева Кербез, Лесова Аққайша сияқты ондаған әйелдер күнделікті нормаларын 135-180 процентке дейін орындап, еңбек өнімділігін арттыруда» [9]. 1941 жыл 29 шілде күні жарық көрген «Ленин жолы» газетінің №24 санында Е.Ерекеновтың «Мектеп оқушылары фашизмді жеңіп шығу күресіне көмектесуде» атты мақалада оқушылардың опасыз фашизмге қарсы күрестегі ұнамды жұмыстарын баяндайды: «Қазірде аудан көлемінде 1500-ден астам мектеп оқушылары колхоз өндірісінде жұмыс істеп жатыр. Оқушылардың өндіріске көмегін ұйымдастыруда оқытушылар аса белсенділік білдіруде. Яманхала орта мектебінің оқытушылары Пионковская, Мухина, Ермұханова жолдастар оқушылардан бірнеше бригадалар ұйымдастырып, оларды «Верный путь» колхозының егісіне жұмысқа шығарды. Мектеп оқушылары орылған егіннің орнында қалған масақтарды жыйнап жатыр. Колхоз өндірісінде ағайынды Коноваловтар, Әліпқалиева, Чугункова сияқты оқушылар қызу жұмыс жасап жатыр. Алғашқы күннің өзінде-ақ, гектар жарым жерден 2 бұттай бидайдың масағы жыйналып, колхозға тапсырылды. ... Комсомол мүшелері Рахметқалиев, Айтмұқамбетов, Мұқтаров, Өтеғалиев, Рыспаева, Сарсенова дегендер алда келеді. Мектеп оқушыларының өндіріске көрсетіп жатқан көмегі тек аудан орталығында ғана емес, ауданның көптеген мектептерінде ұйымдастырылды. Сарайшық, Жалғансай, Тополи, Егізкөл мектептерінің оқушылары көптен бері колхозда жұмыс жасап жатыр» [10].

Аудандық газет Ұлы Отан соғысы басталғанда қысқаруға ұшырамады, қайта күн өткен сайын оның таралымы 1500-ге жетті. Бірақ жоғарғы

жақтан келген қағаздың көлемі үлкен болғандықтан, қағазды орынсыз ысырап қыламауға шешім алынды. ҚК(б)П Бақсай аудандық комитетінің 1941 жылы 23 тамыз күні өткен №120 бюро мәжілісінде «Ленин жолы» газетінің форматын кішірейту туралы (баяндамашы М.Жалмұхатов) мәселе қаралып, өз жұмысын жана жағдайға бейімдеген газет туралы төмендегідей қаулы қабылдапты: «ҚК(б)П аудандық комитеті бюросы мынаны атап көрсетеді: жіберген қағаз 30x42 см мөлшерінде тағайындалған газеттің форматына сәйкес емес, осының нәтижесінде қағаз кесінделері көп шығады. Газет қағаздан нормадан артық жұмсалып отыр (газеттің 2 нөмірінен түскен кесінді газеттің бір нөміріндей болады). Жоғарыдағыларды көрсете келіп, жаңа газет қағазын үнемдеу мақсатында ҚК(б)П аудандық комитетінің бюросы қаулы етеді:

Жіберген газет қағазына сәйкес кесінділерді болдырмау үшін аудандық «Ленин жолы» газетінің форматын 29x42 см болып тағайындалсын.

Тағайындалған форматты қатаң сақтау және газет қағазын үнемдеп жұмсау ісі аудандық «Ленин жолы» газетінің жауапты редакторы М.Жалмұхатовқа міндет етілсін.

Біздің аудандық газетіміздің 29x42 см болып тағайындалған форматын беркіту ҚК(б)П обкомынан сұралсын» [1, 49-іс, 49-п.].

Аудан ауыл-село тілшілерінің қаламы қанаттанып, техника тізгінін меңгерген мехнизатор әйелдердің республикадағы патриоттық бастамаларды қолдаған қайратты еңбектері облыстық газеттерде де үзбей жарық көрді. Тілші Н.Марданов облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің де штаттан тыс тілшісі еді. Оның Ұлы Отан соғысы кезінде облыстық газет беттерінде Бақсай ауданының саяси-экономикалық және мәдени өміріне арналған бірнеше мақалалары жарық көруі осының айқын дәлелі. 1941 жыл 23 тамыз №199 санындағы «Колхозшылар сталиндік вахтада» атты көлемді мақаласында колхозшылардың мемлекет қамбасына құйып жатырған ет, май тапсырудың жоспарларының орындалысы туралы және колхозшылардың таң сәріден кешкі қарақұрымға дейін ұзақты күн қажырлы еңбегін төмендегідей көрсеткен: «Бақсай ауданындағы «Вперед», «Қызыл ту», «Жаңа тұрмыс» және Сталин атындағы колхоздардың колхозшылары мен колхозшы әйелдері «Красные горные орлы» ауыл шаруашылық артелі колхозшыларының хатын үлкен саяси өндірістік

өрлеумен қарсы алды. Барлық колхозшылар неміс фашизмін ақтық жеңіп шыққанға дейін Сталиндік вахтаға тұрып, колхоз шаруашылығының барлық саласында еңбек өнімділігін мейлінше арттыру жөнінде нақты міндеттемелер алды. Колхоздардың шөп шабу жұмысында колхозшы әйелдер үлкен белсенділік көрсетуде. «Жаңа тұрмыс» колхозындағы Бекқалиева, Избасарова жолдастар шөп шабатын қалақты машинаны меңгеріп, күнделікті нормаларын үнемі асыра орындайды. Сондай-ақ, Қайыртанова, Мұхиева, Мұрзалиева және басқалары қол орақпен шөп шабуда күнделікті нормаларын 150 процентке дейін орындап жүр» [11].

Ұлы Отан соғысы жылдарында баспасөздің төменгі буыны аталған қабырға немесе жар газеттері де жауынгерлік бетше рөлін атқарды. Сондай жар газеттің бірі Бақсай ауданы, «Еспол» колхозы жанынан айына екі рет «Сталиндік вахта» атымен шығып тұрған. Тілші Д.Сарманов облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1941 жыл 15 қараша №271 санында «Сталиндік вахта» газеті мақаласында былай дейді: «Қазіргі Ұлы Отан соғысы күндерінде фашизмге өлтіре соққы беріп жатқан Қызыл Армия жауынгерлерімізге жылы киімдерді көп жинау, жалпыға бірдей әскери оқу, өзін-өзі қорғау группасын нығайту жөнінде жұмыстар колхозшылардың ұлы Сталиндік вахтаға тұрудағы жұмыс нәтижелері жазылып тұрады. Газетті жақсы оформит, мезгілімен шығаруда оның редакторы Қадыров жолдас жақсы жұмыстар істеп келеді. Газетті колхозшылар жақсы оқып тұрады». Осы облыстық газеттің 1941 жыл 18 қараша күнгі №273 санында Ш.Сабырқұловтың «Газетті көптеп таратуда» атты мақаласында Жалғансай ауылының комсомол мүшесі Ж.Сарекешевтің бір өзі қараша мен желтоқсан айларына арнап 13 дана облыстық «Социалистік құрылыс», 38 дана аудандық «Ленин жолы» газеттерін таратқаны көрсетілген [12].

Газет күннен-күнге бұқара халық алдындағы партия мен үкіметтің фашистік Германияға қарсы азаттық жолындағы соғыста жеңіп шығу сара жолын кеңінен насихаттай білді. Газет редакторы М.Жалмұхатовтың 1941 жылдың ішіндегі жұмысы туралы ҚК(б)П Гурьев облыстық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі С.Төлебаевқа жазған есебінде мынадай жолдар бар: «Бақсай ауданында аудандық «Ленин жолы» газеті жаңадан ұйымдастырылып, оның бірінші нөмері 1941 жылдың 19 мар-

тында жарыққа шықты. Жыл бойында газетіміздің 64 номері шықты. Бас мақалалардың саны 34, оның ішінен редакцияның өзінің ұйымдастырғаны – 18.

Әсіресе Отан соғысы басталғаннан бері қарайғы жерде газет жұмысы едәуір жақсарды, газет номерлерінің мезгілінде шығып тұруы қамтамасыз етілді. Осы мезгілдің ішінде газеттің 51 номері шықты. Бас мақалалар саны 25, оның ішінен -10. Август айынан бастап, «Отан соғысы майдандарында» деген рубрикамен үзбей майдандағы Қызыл Армияның жауынгерлік эпизодтарын басып келдік, сонымен қатар декабрь айынан бастап Совет Информбюросының қысқартылып берілген хабарларын, ҚазТАГ-тың радио арқылы беріп тұратын басқа да материалдарын газетімізге үзбей жариялап отыратын болдық. Есепті мезгілдің ішінде небарлығы 550 хат түсті, оның 457-і газет бетінде жарияланды, 23-і тергеуге жіберілді, 70-і түрлі себептермен пайдасыз болып қалдырылды. Әсіресе соғыс кезінде хаттар көптеп түсетін болды. Мысалы, соғысқа дейінгі 3 айдың ішінде 127 хат түскен болса, соғыстың 3 айы ішінде – (X-XI-XII-) - 249 хат түсті.

Газеттен үлкен орын алған мәселе – ауданымыздың негізгі экономикасы болып саналатын мал шаруашылығы мәселесі болды. Мал шаруашылығы жөніндегі көпшілік хат-хабарлардың темалары: мал шаруашылығының продуктылығын мейлінше арттыру, фермаларды тұқым малдарымен толықтыру, қоғамдық малдың күтімін жақсарту, мал төлдету науқанын үлгілі өткізу, мал азығын мол дайындау, мал қыстатуға әзірлікке көп көңіл бөлінді. ...Отан қорғау қорын жасақтау жөнінде 60, жылы киімдер жыйнау жөнінде 54 мақала басылды. Газетіміздің – 85 тілші, 27 авторы бар. Тілші Марданов Нәжмеден есепті мезгілдің ішінде 51 хат, тілші Сабырқұлов Шарафутдин 40 хат жазды. Жас талант, біздің газетіміздің тілшісі Көптілеуов Дүйсен газетімізге бірнеше ұсақ өлеңдер жазды...» [13].

«Ленин жолында» аудандағы әдебиетке күштар болған жас ақындардың, жоғарыда айтылған Дүйсен Көптілеуовтің көптеген өлеңдері жарияланыпты. Соның қатарында 1941 жыл 28 қыркүйектегі №38 санындағы «Отанға ант» атты өлеңін оқып көрелік:

Ұлы Отан – анамыз,
Біз, бақытты балаңыз.

Ант етеміз алдында
Шын жүректен ал, тыңда:
Винтовка, семсер, көк найза,
Қолға қару аламыз,
Қан майданға барамыз.
Болат танк, самолет,
Арқыратып ат мініп,
Жауға ойран саламыз.
Өмірдің көркі мәңгілік –
Бостандық қолға аламыз...» [14].

Кейін ұзақ жылдар Жалғансай кеңшарының партия, кеңес және кәсіподақ ұйымдарында басшылықта болған Д.Көптілеуовтің сұралып соғыс жылдарында облыстық, аудандық газеттерге жазған өлеңдерінің өзі бір кітапқа жүк. «Ленин жолы» газетінің 1942 жыл 1 қаңтардағы №1 санында жарияланған «Москва мәңгі жасайды» атты өлеңінде Отан жүрегі аталған - Москва қаласына деген өзінің шынайы сүйіспеншілігін білдіріп, аудан еңбекшілерін басқыншыларға қарсы аяусыз күреске шақырды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында редакцияның журналистік құрамына үлкен сенім артылып, оларды насихатшылық, үгітшілік, жоғарғы газеттің тілшілігіне бекіткен. Аупарткомның 1941 жыл 22 желтоқсандағы №143 бюро мәжілісінің § 7 бабымен республикалық «Казахстанская правда» газетінің аудандағы тілшілігіне М.Жалмұхатов бекітілді. Баспаханна жұмысшылары қатарын тәжірибелі маман кадрлармен толықтыру мақсатында «Ленин жолы» газетінің бас әріп терушісі болып 1901 жылы туылған, 1939 партия мүшелігіне кандидат №1661691, 7 айлық мотористер курсы бітірген Бижан Байғонысов бекітілген. 1942 жылы 22 ақпандағы №159 бюро мәжілісінің қаулысымен 1917 жылы туған, білімі орта, партия мүшесі Муса Гайсин аудандық сауда бөлімі бастығы қызметінен босатылып, «Ленин жолы» газетінің жауапты хатшылығына беркітіледі.

Газет беттерінде тылдан майданға аудан еңбекшілерінің «Қызыл Армия үшін жылы киімді жинайық!», «Жауынгерлерге жылы киімді еселеп бере берейік!» атты қозғалысы туралы мол мақалалар жарияланды. 1942 жыл 24 қаңтар күнгі №7 санында «Жауынгерлерге жылы киімді еселеп бере берейік!» атты айдарымен 6 мақала беріліпті. Олардың арасы-

да «Жауынгерлерді жылы киіндіреміз» атты мақалада: «Жаңа түрмыс» ауылының еңбекшілері Қызыл Армия үшін аз ғана күннің ішінде тағыда 15 қысқа тон, 24 парт байпак, 25 көйлек, 26 бөрік және көптеген қолқап, носки, фуфайка тағы басқа киімдер жинап берді. Колхозшы Мұстафин Тайғара жолдас 675 сомның, Ботбаев Мұқаш жолдас 575 сомның киімдерін берді» делінсе, «Еспол» колхозының колхозшылары Айғыров Бисенбі, Оғаралиев Әділбай, Өмірәлиев және Әймішев жолдастар бір-бір тері 75 сомнан ақша берген. Сонымен қатар Көшербаева Ырысты, Есенжанова Асылай, Бақытова сияқты жауынгерлердің семьялары үкіметтен ай сайын тиісті жәрдем ақшаларын алып отыратындығы көрсетіліпті. Сондай-ақ, «Жаңа түрмыс» ауылындағы Қаймашева Сағира, Құрманғазиев Есембай, Түменшиева Нүрсұлу, Дүйісова Дәмелі, Есембаева Сақыш және т.б. үкіметтен жәрдем ақы алатындығы, колхоз оларға шөп пен отынмен қамтамасыз етіп отырғандығын мақтаныш сезіммен жазыпты [15].

«Ленин жолы» газетінің 1942 жыл 10 ақпан күнгі №11 санында «Қосымша еңбек ақы алды» атты мақаласында тілші Ш.Сабырқұлов Фурманов атындағы колхоз колхозшыларының соғыс кезіндегі жанқиярлық еңбектерін көрсете келіп: «Еңбекке қосымша ақы алғандар мал шаруашылығында да бар. Жылқышы Саметов Қостай жолдас төл алу планын асыра орындағаны үшін және Қызыл Армияға жарамды ат бергені үшін колхоздан ақшалай қосымша еңбек ақы алды» деп жазса, осы мақаладан кейін берілген «Жастардың көмегі» атты мақалада «Жалғансай орталау мектебі мен «1 май» колхозы жанындағы комсомол ұйымдары жеңіс үшін 30 пар қолқап, 10 пар носки жинап тапсырғаны туралы хабарлар берілген [16].

Баршаға мәлім, соғыстың сұрапыл кезеңінде майданда да, тылда да темірдей қатаң тәртіптің болғаны баршаға мәлім. 1942 жылы 31 тамызда аудандық газеттің міндетті хатшылығын атқарған М.Г. Ташкент қаласындағы ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы екі айлық курске барғанда сабаққа 2 күн себепсіз қатыспағаны үшін жұмыстан босатылды.

Газеттердің бетінде жарияланған мақалалардың мазмұны мен сипаты, сауаттылығы басты назарда ұсталды. Баспасөздегі құпияны сақтау (ЛИТО) бөлімінің жұмысы тынымсыз жүріп, газет бетіндегі әр қателерді теріп, тауып оны жоғарғы ұйымдарға хабарлайтын. Кейін аупартком

мәжілістерінде қызу талқыланып, кезекші журналистер мен баспашылар қатаң партиялық жазаға тартылатын. Бұл жүйе кеңес үкіметі тарағанға дейін үздіксіз жұмыс істегенін журналистер жақсы біледі. Бақсай аупарткомының 1942 жыл 28 тамыздағы №195 бюро мәжілісінің § 4 бабымен мынадай қаулы қабылданыпты (Түпнұсқа): «Тыңдалды: Аудандық «Ленин жолы» газеті туралы. Обллитоның 12/VIII- №55/С қатынас қағазы туралы (Өтегенов).

Сөйлеушілер: Т.Шырдабаев, А.Ыбраев.

Аудандық «Ленин жолы» газетінің жіберген орфографиялық қателері туралы облитоның осы жылы 12 августағы қатынас қағазын тыңдап, райком бюросы «Ленин жолы» газетінің жіберген қателері жөнінде облитоның хатында көрсетілген қателерді түгелдей дұрыс деп санайды, бұл қателердің кетуі редактор М.Жалмұхатов пен райлитоның уәкілінің орынбасары А.Ыбраевтың өз істеріне жауапсыз қарағандықтарынан болған.

Райлито Е.Ерекеновтың газет тұрмысына байланысты директивтерімен редакторлардың және райлито уәкілінің орынбасарын таныстырып отырмағандықтан, газетке жариялауға ұлықсат етілмейтін хабарлар басылғандығын атап көрсетеді.

Бюро қаулы етеді:

1. «Ленин жолы» газетінің жіберген қателері жөніндегі облитоның 12/VIII хатында көрсетілген кемшіліктер дұрыс деп табылсын.

2. Газет жіберілген қателердің өзі редактор М.Жалмұхатов пен райлито уәкілінің орынбасары А.Ыбраев жолдастардың жауапсыз қарағандығынан болғандығы оларға көрсетілсін.

3. Облитодан келген газеттің тұрмысына байланысты нұсқау хаттар редактор мен райлито уәкілінің орынбасарына таныстырылып отырылмауының өзі теріс екендігін Е.Ерекенов жолдасқа көрсетіп, болашақта газет тұрмысына байланысты келген директивтермен редакторды және райлито уәкілінің орынбасарын таныстырып отыру Е.Ерекеновке міндет етілсін.

4. Газет жұмысы Отан соғысының талаптарына сәйкесті жүргізі отырып, газет бетінде партия тұрмысын, Отан қорғау мәселелері мен «Еңбекшілердің соғыс өнерін үйрену ісін саяси шаруашылықтан және

сондай мәселелерден үнемі кеңейтіп сапалы жазып отыру редактор М.Жалмұхатовқа міндет етілсін» [1, 69-іс, 1-п.].

Осы тұста Жаманқала орта мектебінің директоры, 1913 жылы туған, 1941 партия мүшесі болған Айтқали Ыбраевтың аудандық газеттің жұмысына белсене араласқандығы көрініп тұр. Ұзақ жылдар Бақсай кеңшарында «Социалистік қой шаруашылығы», кейін аудандық «Ленин жолы» газетінің редакторы болған М.Жалмұхатов Алматы қаласындағы Орталық Комитет жанындағы партиялық курске оқуға жіберілгенде, оның орнын басады. Осы мәселені 1943 жылы 25 мамыр күні аупарткомның бюро мәжілісінде арнайы қарап, А.Ыбраевты газет редакторлығына ұсынған қаулыны беркіту облыстық партия комитетінен сұралған [1, 68-іс, 194-п.].

Қаһарлы соғыс жылдарында тылда қалған еңбеккерлердің күндіз-түні ауыр жұмыстан шаршағандарына қарамастан, бос уақыттары болмаса да уақыт тауып көңілді тәрбиелік шараларға қатысып отырған. Газет бетінде жарияланған Тегісізіл, Еспол орталау мектебінің оқытушылары мен оқушыларының колхозшылар драма үйірмелері пьеса қойып, одан түскен қаржыларын Отан қорғау қорларына аударды.

Жалпы, Гурьев облысында Ұлы Отан соғысы жылдарында үзбестен 2 облыстық және 9 аудандық газет жарық көрді. Аудандық газеттер ішінде: «Красный Каспий», «Нефтяник» орыс тілінде және «Ленин жолы», «Балықшылар үні», «Социалистік ауыл», «Социалистік мал шаруашылығы», «Социалистік Ембі», «Колхоз жолы» және «Сталин жолы» қазақ тілінде жарық көрді. Олардың барлығы да өзінің жұмыстарын соғыс талаптарына сай қайта құра біліп, Қызыл Армияның жауды тезірек талқандап, жеңіп шығуы үшін еңбекшілердің майданға көмекті көптеп беруіне, мұнайды, балықты және ауыл шаруашылығы өнімдерін молынан беруге ат салысты. Соның айғағындай, Бақсай аудандық «Ленин жолы» газеттерінің әр беттері сол қаһарлы жылдардың қастерлі шежіресі.

Дейтұрғанмен, облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1945 жылы 20 ақпан күнгі №36 санында «Газет сыны» айдарымен «Аудан кемшіліктерін көрмей отырған газет» атты мақала жарияланып, ҚК(б)П Бақсай аудандық комитетінің органы – «Ленин жолы» (редакторы А.Ыбраев) газетінің сандарына шолу жасалыпты. Осы мақаладан үзінді келтіре кеткен орынды

болар: «Ауданның негізгі шаруашылығы – мал, егін шаруашылығы болып табылады. Бұған қарамастан мал шаруашылығының бірсыпыра негізгі мәселелері газет бетінен айқын көрінбей отыр. Қазір мал басын өсірудің басты шарасының бірі малды қыстан аман алып шығу екені мәлім. Ал, бұл науқан туралы газет ләм деп аузын ашпаған. Мал шаруашылығынан жыл ішінде небәрі 4 бас мақала жазған. Мал қыстатуды үлгілі ұйымдастырған ауданның озат колхоздары газет бетінде көрінбейді. Газетті оқыған адам ауданда озат колхоздың болмағаны ма деп сұрақ қояды. Ал, газет бетінде сын мәселесі еленбей келеді. Мал шаруашылығын өркендетуде, әсіресе мал қыстатуда ауданның көптеген колхоздары артта келеді. Олар малдарды шығынға ұшыратуда. Мал қораларын сапалы жөндеп, құнарлы азықты толық тасып алмады. Жұмысы нашар «Ақтөбе», «Путь Ленина», «Киров атындағы және басқа колхоздар газет бетінде сынға алынбаған. ...Ауданда саяси ағарту, мәдениет жұмыстары да ескерусіз қалған жұмыстың бірі. Оқу үйлерінің, қызыл мүйістердің, клубтардың аты бар бар да, ісі жоқ. Бірсыпыра оқу үйлерінің тұрақты үйлері белгіленбеген, колхоз, совет кеңсесінің бір бұрышына паналап отырады. Онда ішкі құрал жеткіліксіз, жарық болмаудың салдарынан кешке қарай жұмыс жасамайды, еңбекшілердің бұл жөніндегі талаптарын аудан басшыларының алдына келелі мәселенің бірі етіп қоя алмай отыр.

Халық мүддесі газет бетінде үнемі жазылып отыруы тиіс. Отан соғысы күндерінде партиямыз газеттердің алдына үлкен жауапты, бірақ құрметті міндеттер жүктеп отыр. Газет сол міндеттердің дәрежесінде болуға тиіс. Аудан еңбекшілерін мал қыстатуды ойдағыдай өткізуге, төл алу науқанына үлгілі әзірленуге, көктемгі егіске осы бастан даяр болуға жұмылдыруы қажет. Бұл жөніндегі үлгілі жұмыстарды көпке таратып кемшіліктерді батыл сынап отыруы керек...» [17]. Мақалада одан әрі аудандық партия комитетіне өз басылымын елемей, назар аудармай отырғаны атап көрсетіліп, газет жұмысын жақсартып, беделі мен рөлін көтеруге барлық жағдай туғызу керек деп қорытындылаған. Міне, осы сыннан кейін тиісті шараларды жүзеге асырудың шаралардың қатарында Жаманқалада Бақсай ауданы колхоздарының, мектептерінің, мекемелері мен кәсіпорындарының қабырға газеттері редакторларының әр орнында кусталық семинарлары өткен. Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс»

газетінің 1945 жыл 22 мамыр күнгі №102 санында тілші Ш.Сабырқұловтың осы семинарға арналған хабары жарияланыпты. Оқып көрелік: «Семинарды өткізуге аудандық газет редакциясының, партия комитетінің үгіт насихат бөлімінің қызметкерлері тартылды. Семинарға қатынасушылар «ССРО-ның соғыс-саяси және халықаралық хәлі туралы», «Большевиктік баспасөздің стилі», «Аудандық газетке информация беру», «Қабырға газеттерін техникалық өңдеу» тағы басқа темалардан лекция тыңдады. Семинарларға қатынасқан редакторлар бірсыпыра жерлердің қабырға газеттерінің соңғы сандарын көріп, таңдаулы газеттердің жұмыстарымен танысты. Сондай-ақ қатынасушылар газет шығарудағы тәжірибелерін ауыстырды. Олар мұндай семинарлардың алдағы уақытта да жиі болып тұруын сұрады. Өйткені олар мұнда газет шығару жөнінде бай тәжірибелер алды» [18].

ҚК(б)П Гурьев облыстық комитетінің 1945 жыл 10 сәуірдегі №330 §22 бюро мәжілісінде «Баксай аудандық «Ленин жолы» газетінің жұмысы туралы» мәселе қаралып, редактор А.Ибраевтың есепті баяндамасы тыңдалады. Қабылданған қаулыда атап көрсетілгендей, аудандық газет мал қыстату науқанын өз мәнінде ұйымдастыра алмағаны, мал мен егін шаруашылығының көкейтесті мәселелері газет бетінде көрінбейді, үгітшілерге көмек өз мәнінде болмады деген сынға ұшырайды. Ауыл-село тілшілерінің жұмысын жақсарту, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары Бакиров, жер бөлімінің бастығы Оразалиндерге газет бетіне мақала жазуға белсене араласу керектігі атап көрсетілді. Қаулыда одан әрі газет жұмысын жақсартудың шаралары белгіленді [13, 1558-іс, 58-59-п.п.].

Соғыстан кейінгі күндерде «Ленин жолы» газетінің мазмұны өзгеріп, бейбіт өмірге оралған еңбеккерлердің шаруашылық және мәдени саласындағы қол жеткен табыстары баяндалды. Газет беттерінде енді көлемді мақалалар жарияланып, очерк, фельетон жарық көре бастады. Редакция ұжымы өз жұмыстарын қайта құрып, сын мен өзара сынды өрбітті. Редактор А.Ыбыраевтың «Социалистік құрылыс» газетінің 1945 жыл 23 маусым күнгі №125 санында жарық көрген «Газет өміріне қатынаспайтын кейбір басшылар туралы» атты мақаласы осының дәлелі. Оқып көрелік: «...Баспасөз орнының алдына қойылған міндетті ҚК(б)П Баксай аудандық

комитеті мен еңбекшілер депутаттарының аудандық советінің тілі «Ленин жолы» газеті де атқарып, партиямыздың әділ ісінің жеңісіне тиісті үлесін қосты. Бірақ Бақсай ауданының аудандық газетінде кемшіліктерде аз емес. Оның негізгі себебі ауданның бірқатар партия, совет активтері газет жұмысына араласпайды. Газет бетінде сөйлеуді міндетім деп санамайды. Газет бетінде сөйлеп партия, совет, қоғам ұйымдарының жұмысына басшылық беруді ойламайды. Алдымен аудандық атқару комитетінің жауапты секретары Дербісалин жолдастың соңғы 12 айдың бойында газет бетінде сөйлеген бірде сөзін таппайсың. Ал, Дербісалин жолдас ауылдарда, колхоздарда жиі болып тұрады. Ауылдағы нендей жақсы жұмыстар мен жаман жұмыстарды көреді. Жақсылардың тәжірибесін көпке тарату, жаман жұмыс істеушілерді сынау, оларға жол көрсету және тағы басқа көмектер беруді керек деп таппайды...» - деп, аудандағы газет жұмысын жақсартуға араласпайтын бірнеше мекеме басшыларының аттарын атаған [19].

Қорыта келгенде, Бақсай (Махамбет) аудандық «Ленин жолы» газеті Ұлы Жеңіске өзінің зор үлесін қосты, неміс-фашист басқыншыларына қарсы аяусыз күресте саяси, ұйымдастыру, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізе білді.

Пайдаланған деректер мен әдебиеттер:

1. АОММ 16 - к., 1- т., 32- іс, 30-п.
2. ҚР ПМ 708 - к., 3/1- т., 816 - іс, 59 - п.
3. Бас мақала // Ленин жолы. – 1941. – 19 наурыз.
4. АОММ 1-к., 2 л - т., 4887- іс, 6 - п.
5. Шырдабаев Т. 1941 жылғы мал санағының қорытындысы және совет жұмысының хәлі туралы // Ленин жолы. – 1941. – 29 наурыз.
6. Есімов Қ. Жұмысшы ауыл тілшілерінің Бақсай аудандық. // Социалистік құрылыс. – 1941. – 4 мамыр.
7. Баспасөз күніне арналды // Ленин жолы. – 1941. – 5 мамыр.
8. Ерғалиев Хамит. Өмір өрнегі: эссе, очерк, публицистика. – Алматы: Жалын, 1986. – 384 б. (288).
9. Әйелдер түгелдей жұмысқа шықты // Ленин жолы. – 1941. – 18 шілде.

10. Ерекенов Е. Мектеп оқушылары фашизмді жеңіп шығу күресіне көмектесуде // Ленин жолы. – 1941. – 29 шілде.
11. Марданов Н. Колхозшылар сталиндік вахтада // Социалистік құрылыс. – 1941. – 23 тамыз.
12. Сарманов Д. «Сталиндік вахта» газеті // Социалистік құрылыс. – 1941. – 15 қараша.
13. АОММ 1-к., 1-т., 577-іс, 8-10-п.п.
14. Көптілеуов Д. Отанға ант // Ленин жолы. – 1941. – 28 қыркүйек.
15. Жауынгерлерді жылы киіндіреміз // Ленин жолы. – 1942. – 24 қаңтар.
16. Сабырқұлов Ш. Қосымша еңбек ақы алды // Ленин жолы. – 1942. – 10 ақпан.
17. Газет сыны. «Аудан кемшіліктерін көрмей отырған газет» // Социалистік құрылыс. – 1945. – 20 ақпан.
18. Сабырқұлов Ш. Қабырға газеті редакторларының семинары // Социалистік құрылыс. – 1945. – 22 мамыр.
19. Ыбыраев А. Газет өміріне қатынаспайтын кейбір басшылар туралы // Социалистік құрылыс. – 1945. – 23 маусым.

Сұрақтар:

1. Ұлы Отан соғысы қарсаңында ашылған «Ленин жолы» газетінің тарихы туралы не білесіз?
2. Ұлы Жеңіс жолында аудан еңбекшілерінің қажырлы еңбегі газет беттерінде қалай бейнеленді?
3. Аудандық газет редакциясының ауыл-село тілшілеріне басшылығы қандай дәрежеде болды?
4. Республикалық патриоттық бастамаларды қолдаған материалдарға тоқталып өтіңіз.
5. Аудандық газет редакторлары М.Жалмұқатов, А.Ибраев және т.б. өмірбаяны туралы не білесіз?
6. Партия қызметкері О.Шонаевтың аудандық газетті ұйымдастырудағы және Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлігіне тоқталып өтіңіз.
7. Ауданда қабырға газеттерінің жұмысы қалай ұйымдастырылды?
8. Ұлы Жеңіс жолында майданға ауыл шаруашылығы өнімдері мен жылы киімдер жинау ісі қалай жүргізілді?
9. Жас ақын Д.Көптілеуов өлеңдерінің мазмұны не болды?

10. Облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің беттерінде аудандық басылым туралы қанадай мақалалар жарияланды? Дерек келтіріңіз.

11. Аудандық радиожүйесінің жұмысы қалай ұйымдастырылды?

12. Ұлы Отан соғысы жылдарында өлкемізде қандай басылымдар жарық көрді?

13. Компартияның аудандық газетке басшылығы қандай материалдардан көрінді?

14. Бүгінгі Махамбет аудандық «Жайық шұғыласы» газетінің тыныс-тіршілігі туралы не білесіз?

3.4. Қаһарлы жылдардағы мұнайшылар БАҚ-ы

Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін Кеңестер Одағы сапында болған Қазақстан республикасының еңбекшілері де жаңа қоғам орнату жолында білек сыбана кірісіп, саяси-экономикалық және мәдени саласында бірқатар табыстарға қол жеткізді. Республиканың өнеркәсіп пен транспортты өркендетудегі, ауыл шаруашылығын дамытудағы келеңі ауқымды жұмыстар атқарылды. Еңбекшілер арасындағы саяси және мәдени-ағарту жұмыстары өрістеді. Сол майданда идеологияның қуатты құралдары баспасөз бен радио жауапты міндеттерді атқарып, үгіт-насихат және ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырды. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашығында озат тәжірибелерді кеңінен насихаттап, еңбек озаттарының іс-тәжірибелері бетшелер түрінде берілді.

Облыс баспасөзі мен радиосы – үлкен, жауапты міндеттер атқарды, олар бұл кезде үгіт-насихат және ұйымдастыру жөнінен біраз тәжірибе жинақтады. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында социалистік жарыс ұйымдастырып және оны дамытып отыру, еңбек озаттарының тәжірибелерін өрістетуге, сауатсыздықты толығымен жойып, мәдениетін көтеруге белсене араласты. Күн санап оқырмандар саны артты.

Баршаға мәлім, компартияның мерзімді баспасөзге жеке дара үстемдігі әр түрлі жолдармен іске асырылды. Соның бірі – партия бюролары газет редакторларын, бөлім басшыларын тағайындап, олардың есептерін тұрақты тындады, редакция жұмыс жоспарларын қарап және бекітті. ҚК(б)П Жылқосы аупарткомының 1940 жыл 18 қаңтар күні болған №56 бюро мәжілісінің § 6 бабымен «Аудандық «Социалистік ауыл» газетінің

жұмысы жайлы» (баяндамашы Жақсылықов) мәселе қараған. Мәжілісте сұрақ қойғандар: Сақпанов, Ергалиев; Сөйлеушілер: Салағаев, Сақпанов, Айтмұқанов болған.

Редактор Жақсылықовтың баяндамасын тыңдап, аудандық партия комитетінің бюросы мынаны атап көрсеткен: аудандық газет 1940 жылы ауыл шаруашылығы жөнінде мал шаруашылығы мен егіс жұмыстарының күйімен ондағы жұмыс жасап жүрген алдыңғы қатарлы адамдардың тәжірибелері мал шаруашылық жөніндегі хабарлар жазыла тұрсада ауданның негізгі шаруашылықтарының бірі мұнай өндіру, бұрғылау жұмыстары және партия тұрмысы партиялық насихат жұмысы жөнінде аз жазылып келген. Ауданның мұнай өндіру жөнінде 1940 жылдың соңғы айлары қазан, қараша және желтоқсан айларында ғана жазыла бастаған, әлі де болса кемшілікті батыл көрсету, өндірістегі озат адамдардың тәжірибелерін кеңінен жазу дұрыс жолға қойылмаған. Мұнай өндірісіндегі кемшіліктер аз жазылады. Жыл ішінде партия тұрмысына 4 бас мақала, 65 хабарлар басылған, партия тарихын оқып-үйренуде үгітшілер жұмысы төмен көрсетілген. Қабылданған қаулыда, аталған кемшіліктерді жоюдың шаралары белгіленді [1].

Соғыс қарсаңында фашистік Германия бүкіл Батыс Еуропаға үстемдік етті. Гитлер Кеңестер Одағына ашықтан-ашық соғысқа әзірленіп жатты. Осыған сәйкес Кеңестер үкіметі мен компартия еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту жөнінде шұғыл шаралар қолданды. Қызыл Армия мен Соғыс-Теңіз флотында әскерлердің саны арттырылып, оларды жаңа техникамен қаруландыру күшейтілді. КСРО Жоғары Кеңесі Алқасының 1940 жыл 26 шілде күнгі Указы бойынша еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту мақсатында жұмыс күні 8 сағатқа ұзартылып, жұмыс аптасы алты күннен жеті күнге көшірілді. Осыған орай ҚК(б)П Гурьев облыстық комитетінің 1940 жыл 13 шілде күнгі №18 § 30 қаулысымен облыстық «Социалистік құрылыс» пен «Прикаспийская коммуна» газеттері дүйсенбі күнінен басқа күндері аптасына алты рет, ал аудандық газеттер үш рет шығатын болды.

Қашанда еліміздің қорғаныс қуатын арттыруда мотормен жүретін техникалар үшін мұнайды көптеп шығару міндеті тұрды. Қосшағылдың шикі мұнайы Орскі қаласына жеткізілді. 1940 жылы жүк тасымалын арттыру

үшін кеңтабанды Қандыағаш-Гурьев темір жолы іске қосылды. Гурьев-Доссор-Қосшағыл жол құрылысы тартылды. Осылайша Орал-Ембі ауданы орталықпен байланыстырылды. 1940 жылы 19 тамызда ҚК(б)П Орталық Комитетінің «Ембаның мұнай промсылдарының жұмысы туралы» қаулысы шықты. Осыған орай Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1940 жылғы 7 желтоқсан күнгі №283 (2171) санының бас мақаласы «Казахстанская Правда»-ның сол жылғы 27 қарашада басылған «Қазақстан мұнайшыларының абыройлы ісі» деген мақаласымен жарық көрді. Бас мақалада Ембі мұнай кәсіпшілігіндегі скважиналардың өндірістік қуаты толық пайдаланылмай, жаңа скважиналардың құрылысы және олардың өндірістік қуаттарын игеру қанағаттанғысыз жүргізіліп жатқаны, мұнай кәсіпшіліктеріндегі тұрғын үйлердің, мастерскойлардың құрылысы, кәсіпшіліктер арасындағы жолдар жүргізілмегені қатты сынға алынды. Облыстық газеттер ұжымы алдында осы мәселеге қатты көңіл бөліп, оны жақсартудың шараларын жүзеге асыру міндеті қойылды [2].

Осыдан кейін облыстың мерзімді басылым беттерінде мұнай өндірісінің табыстары жан-жақты көрсетілді. Қазақ КСР құрылғанына XX жылдығының торқалы тойына арналған Ембідегі мұнайшылардың тарихи еңбегі туралы 1940 жыл 23 қазан күнгі облыстық «Социалистік құрылыс» газетінде берілген ҚК(б)П Гурьев облыстық комитетінің хатшысы С.Қарымсақовтың «Мұнайлы Емба XX жылда» және облыстық мұнайшылар кәсіподағының төрағасы К.Мұқановтың «Даңқты мерекеге немен келеміз» атты мақалалары солардың санатына қосылады. Оқыл көрелік: «Импералистік соғыс қарсаңында барлау жұмыстары өте нашар жүргізілді, 1914-15 жылдары барлық зерттеу жұмыстары тоқтап қалып, тек қана Доссор промсылының алаңындағы разведкалы мұнайлар алынды. Соғыс жылдарында бұл промсылдар мықты бүлінді. Бұрғылау жұмыстары тоқтап, сауықтыру жұмыстары жүргізілмеді, осының салдарынан мұнай өнімі жалпы күшінен 10 процентке дейін төмендеп кетті. Геологиялық материалдарды ондағы қожалар-капиталистер жоғалтып жіберді және шет елге алып кетті.

Әуелгі бесжылы - 1920 жылдан 26 жылға дейін промсылдың бүлінген шаруашылығын тәртіпке салу ісіне кетті, мұнайлы орындарды су алып кету қаупі туды. 1928 жылға дейінгі бұрғылау ескі болды, жөй жүрді,

бұрғылаудың метр проходкасы Американың айналдыра бұрғылайтын бұрғылауынан бес есе қымбат болды. 1926 жылдан бастап «Ембанептіде» геология-барлау жұмыстары кеңінен өрістетеді. Осы уақыттың ішінде Байшонас (1931), Ескене (1934), Қосшағыл (1935) промсылдары эксплуатацияға берілді. Байшонас промсылы 1936 жылы мұнай өнімін 33 процент арттырды, жалпы алғанда «Ембанепті» тресінде мұнай өнімі 1939 жылы 20 процент артты.

20 жылдың ішінде мыңдаған кадрлар өсті. Мысалы, бұрынғы жұмысшы Сары Жүсіпов - облыстық Советтің атқару комитеті председателінің орынбасары, Ұзаққали Төралиев - еңбекшілер депутаттарының Шевченко атқару комитетінің председателі, Қазақ ССР Ұлы Советінің депутаты, Тыммықбай Шырдабаев - Бақсай аудандық атқару комитетінің председателі.

Каспий-Орскі мұнай ағызу трубасы, Гурьев-Қосшағыл су трубасы салынды. Гурьев, Ақтөбе және Чкалов облыстарындағы мұнайлы орындары біріктіріліп басқаратын жаңадан ұйымдастырылған Қазақстан мұнай комбинаты ірі өндіріс орындарын біріктіріп отыр, Қазақстанда ірі мұнайлы өндіріс орындарын жасақтауға кірісті» - делінсе, келесі мақалада әлеуметтік салада қол жеткен табыстар былайша баяндалады: «...Қазақстан мұнай комбинатының өндіріс орындары мен промсылдарындағы жұмысшылардың ішінде - 854 адам жұмыс нормаларын 100 ден 200 процентке дейін, 757 адам 120 дан 150 процентке дейін, 602 адам 200 процентке, 282 адам 250 процентке дейін және жеке стахановшылар оданда көп асыра орындады.

Соңғы екі жылдардың ішінде Ембіде жұмысшылардың сауатын ашуға үкімет тарапынан 100 мың сом қаржы жіберілді. Соның арқасында осы жылдың 9 айында 2073 жұмысшылар хат танып шықты. Қазір Ембадағы мұнай промсылдарында 7 орта, 4 бастауыш мектептер бар. Мұнда мұнайшы жұмысшылардың 4300 балалары оқиды.

Ембадағы мұнайшылардың мәдениеті де артып келеді. Ембада 7 жерде кино-картиналар аппараты жасақталды. Мұнай өндірістерінің орталығында 4 үлкен клуб, 50-ге тарта қызыл мүйістер бар. Мұнай промсылдары мен кәсіпорындарындағы жұмысшы қызметшілердің үйлеріне 2000 радиолар қондырылды» [3]. Газеттің осы күнгі санында

«Социалистік құрылыс» газеті редакциясында қаладағы өндіріс орындары мен мекемелер мен мектептердің жанынан шығатын қабырға газеттерінің редакторларының жиналысы өткізгені туралы хабар беріліпті. Қысқа хабарда тілшілер алдына қойылған міндеттерге тоқтала кеткен.

Екпінді құрылыс аталған Гурьев – Доссор – Қосшағыл жол құрылысын салуға облыстық редакция және баспахана қызметкерлері де белсене қатысты. Құрылысшыларға арналған көптиражды газет шығаруға облыстық баспахана қызметкерлері Тампиева, Лаяучин және Кан араласқан.

БАҚ-қа компартияның басшылық жасауының келесі бір жолы – партияның саясаты айқындалған съезд, пленумдары мен нұсқаулары баспасөздің, радио хабарларының негізгі қызметі болып табылды. Жоғарғы партия органдары өздерінің мерзімді басылымдарын тұрақты басқаруды, редакция ұжымының жұмысына кеңінен араласуды талап етті. Партиялық қатаң тәртіп болмаған жағдайда баспасөз жұмысының өз бетімен кетіп қалуына жол ашады, оның идеялығы мен әсерлігі төмендейді деп қауіптенді. Сондықтан, облыстық баспасөздің алдына қойған міндеттерді партия және атқару комитеттері өздерінің бюро, алқа мәжілістерінде талқылап отырды. Обкомның осы саласына басшылық жасайтын бөлімнің жауапты қызметкерлері баспасөз бетіне шолуларын тұрақты беріп отырды.

1940 жыл 13 шілде күнгі ВКП(б) Орталық Комитетінің «Аудандық газеттер туралы» қаулысы баспасөздің осы саласына деген партиялық басшылықты арттыра түсіп, партия жетекшілерінен газеттердің мазмұнын, күн сайын қатаң қадағалап, алда тұрған саяси және шаруашылық міндеттерді орындауда редакцияларға бағыт сілтеу, арнаулы білімі бар маман кадрлармен қамтамасыз етуге міндеттеді. Аудандық газеттердің құрылымы бір жүйеге түсті. Мысалы, 1940 жыл 20 тамызда айына он рет жарық көретін «Социалистік Эмба» (Мақат) газетінің штаты төмендегідей құрамда жұмыс істеді:

Кесте: «Айына он рет жарық көретін «Социалистік Эмба» газет редакциясының штаты».

Р/с	Редакция құрамы	Штат саны	Еңбек ақысы (сом)
1	Редактор	1	800
2	Жауапты хатшы	1	600
3	Әдеби қызметкер	1	525
4	Техникалық қызметкер (машинистка, курьер)	2	-
	Барлығы	5	

[4].

1941 жылдың ақпанында өтетін XVIII партия конференциясын лайықты қарсы алу мақсатында социалистік жарысты өрістету үшін Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетінің редакторы К.Ізтелеуов 1941 жылы 8 қаңтарда өткен аупартком бюросы мәжілісінде (хаттама №58 § 20) қосымша орыс тілінде газет шығаруға ұсыныс жасады. Аталмыш газет айына 10 рет орнына 12 рет шығарып, «Социалистік Эмба» газетінің таралымы бір шыққандағы саны 1000-нан 1500-ге жеткізу қажет делінді. Сондай-ақ, қабылданған бюро қаулысында американдық баспа машинасының әбден ескіріп, тозуына байланысты жаңа машина бөлуді ҚК(б)П Гурьев обкомынан сұрауға шешім алған [5].

Кейін осы қаулыны талқылаған 1941 жылдың 20-21 қаңтар күнгі ҚК(б) П Гурьев облыстық комитетінің №62 § 3 бюро мәжілісінің қаулысымен мұнайлы аймақтағы Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетінің таралымын қосымша тағы да 500 данаға өсіруге шешім алды. Сондай-ақ, сол күнгі мәжілістің §4-мен XVIII партия конференциясын лайықты қарсылау үшін Жылқосы және Мақат аудандық газеттерінің көлемін өсіріп, орыс тілінде арнаулы бет қосуға шешім алынды. Осы мақсатта облыстық «Прикаспийская коммуна» мен «Социалистік құрылыс» газеттерінің редакторлары П.И.Богданов пен С.Төлебаевқа редакцияның екі қызметкерін осы ауданға іс сапарға жіберуге тапсырмалар берілді. Облыстық баспахана директоры Лыченкоға Мақат және Жылқосы аудандары газеттерін орысша әріптермен және әріп терушілермен қамтамасыз етуге ұсыныс берілді.

Қазмұнайкомбинаттың директоры Нифонтов пен облыстық мұнайшылар кәсіподақтар одағының төрағасы Мұқановтарға осы мекемелер есебінен іс сапарға шығатын әріп терушілерге (комбинаттан - 4000 сом, мұнайшылар одағы обкомынан - 2914 сом) тиісті қаржы мен тұрғын үймен қамтамасыз ету міндеттелді.

Осындай шаралардың арқасында мұнай кәсіпшілігіндегі патриоттық бастамалар аудандық газеттерден асып, республикалық басылымдарда да жарияланып жатты. Әсіресе, әйелдердің мұнай өндірісіне белсене араласқаны туралы мынадай мақала 1941 жыл 8 наурызда республикалық «Казахстанская правда» газетінде жарық көргені осының куәсі: «В Прикаспийской низменности, там, где Эмба впадает в Каспийское море, широко раскинулись промыслы Казахстаннефтекомбината. Вместе со своими мужьями работают здесь и женщины.

На бензиновом заводе промысла Искине много лет честно трудится коммунистка тов. Бляшева, награжденная значком «Отличник социалистического соревнования Наркомнефти». Тов. Бляшева – член пленума Гурьевского обкома и Мақатского райкома партии. Другая нефтяница, Балғаным Доспаева, - на производстве с 1936 года. Шаг за шагом овладевала она техникой нефтяного дела. И стремления ее увенчались успехом. Сейчас тов. Доспаева работает на промысле Байчунас старшим оператором. Балжан Джумағалиева одна из первых девушек-казашек села на скамейку Гурьевского нефтяного техникума. Старательно изучала она геологическую науку. Геологическое дело для нее стало родным. Уже пятый год работает Балжан техником-геологом промысла Искине» [6].

Мұнай өнеркәсібін өркендетудегі Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетінің атқарған қызметі жоғары партия ұйымдары ұдайы назарында болды. Газеттер партия органдарына есеп беруі, бағынуы басылымдардың компартияға тәуелді екені анық. Олардың саяси және ұйымдастыру жұмысының дәрежесін көрсетеді.

1941 жыл 3 маусым күні Мақат аудандық партия комитетінің №74 бюро мәжілісінде «Аудандық Социалистік Эмба» газетінің жұмысының жөйі» атты мәселе қаралды. Газет редакторы К.Ізтелеуовтің баяндамасын тыңдап және талқылап, аупартком бюро мәжілісі мынаны атап көрсетті: «Соңғы кезде аудандық газеттің жұмысы біраз жақсарып, басылым

беттерінде стахановшы мұнайшылар есебінен жаңа авторлар саны артты. 1941 жылдың 5 айында аудандық газеттің беттерінде 562 мақала жарияланса, оның 122-ы партия тұрмысына, 251-і мұнай өндіру мен бұрғылауға, 76-ы стахановшы мұнайшылар өз тәжірибелерінен мақала берген. Алайда аудандық газет редакциясының жұмысы партияның XVIII конференциясы шешімдеріне сай құрылмай отыр, социалистік жарыс пен стахановшылар қозғалысы баспасөз бетінде әлі де болса айқын көрсетілмейді, бұл мәселеге штаттан тыс авторларды тарта алмай отыр. Жұмысшы-село тілшілерін тәрбиелеу төмен болғандықтан 70-інің 35-і тек қана тұрақты хабар жазады, партия және кеңес ұйымдарының жетекшілерінің газет бетінде сөйлеуі қанағатанғысыз, «Социалистік Эмба» газетінің таралымы 1500 дана болу орнына 1941 жыл 1 маусымға 800 данамен таралып отыр. Байшонас бастауыш партия ұйымының хатшысы Сомов, Шохот колхозының Ерешевтер газет таратумен айналыспайды. Соның салдарынан Байшонас мұнай кәсіпшілігі - 24, Шохот колхозы - 30 және Ақшелек колхозы 13 газет алдырып отыр.

Аудандық партия комитеті бюро мәжілісінің қабылдаған қаулысында, газет редакторы К.Ізтелеуовке тез арада газет авторларымен жұмысты жақсарту, оқуларын ұйымдастыру, газет бетінде жарық көрген мақалалардың мазмұны мен формасы сапасын арттыру, газет редакциясы ұжымының колхоз бен өндірістегі қабырға газеттеріне басшылығын арттыру, екі айда бір рет олардың кустарлық семинарын өткізу, жұмысшы-ауыл тілшілерінің сырттай оқуын ұйымдастыру және т.б. міндеттелді.

Шабуыл жасаспау туралы КСРО мен жасалған келісім шарттарын опасыздықпен бұзған фашистік Германия соғыс жарияламастан 1941 жылы 22 маусымда жерімізге басып кірді. Дәл сол күні соғыс қимылдары кең майданда тез өрістеді. Жердегі әскерлердің шабуылын әуеден қолдап, жау самолеттері барлық жерде дүниені аяусыз қиратты. Отанымызға қатты қауіп төнді. Халқымыздың игілікті еңбегін герман империализмі опасыздықпен жасаған шабуылы бөліп кетті. Соғыс деген қаһарлы сөз бүкіл елге тарады. Халқымыз бір тұтас болып рақымсыз жауға қарсы аттанып, бір сүйем жерді қорғап қалу үшін қасық қаны қалғанша соғысуға серт берді. Өткізіліп жатқан митингілер мен жиналыстарда барша халқымыз Отан үшін, Жеңіс үшін өздерінің әзір екендіктерін бірауыздан

білдіріп жатты.

Республика баспасөзінің жұмысын жаңа талаптарға сай қайта құрудың жолы Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің 1941 жылы 9 тамыздағы қаулысында белгіленді. Бұл қаулы жергілікті партия ұйымдары үшін баспасөз жұмысын соғыс жағдайына бейімдеудің нақты бағдарламасы болды.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен елдегі радиожұмысы қысқа толқынға және үш арнадан бір арналық хабар беруге толықтай көшті. Бұл уақытша шара болатын. 1941 жыл 7 карашасында Мәскеу қаласынан берілген Ұлы Қазан меркесіне арналған әскери шерудің өткізілуі жайында репортаждың радиодан берілгені ел қорғаушылардың жігерін арттырды, рухын көтерді, жеңіске жігерлендірді. Радиохабардың ақпараттық рөлі күштілігі жоғары болғандықтан үкімет Бүкілодақтық радиохабарын тыңдауға ғана рұқсат берген. Сыммен берілетін хабар тарататын репродуктерлерден басқа тұрғындар қолындағы радиоқабылдағыштардың барлығы жергілікті өкіметке тапсырылды. Бұл кеңестік үкіметтің жау идеологиясынан қатаң сақ болуды қамтамасыз еткен шарасы болғаны жасырын емес. 1941 жыл 27 тамыз күні өткен ҚК(б)П Мақат аудандық комитетінің №90 бюро мәжілісінің §15 жеке қожалық иелігіндегі радиоқабылдағыштарды мемлекет қарамағына өткізу үшін комиссия құрылады. Аудандық байланыс бөлімі бастығы Стармусовка олардан алынған 117 дана мүлікті мұқият сақталуын міндеттеген. Насихат және үгіт бөлімі мен аудандық байланыс бөлімінің қарамағына 8 дана радиоқабылдағыш қалдырылады. Радиохабарларын мекемелерде ұжым болып тыңдаудың жоспары мен жауапты жолдастар беркітілді [7].

Кейін 1945 жылы 14 наурыз күнгі КСРО-ның Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен бүкіл елдегі халық қолынан жинап алынған радиоқабылдағыштар қайтарып өз иелеріне берілді.

Өндіріс орындары өз өнімдерін соғыс жағдайына ыңғайлап шығара бастады. Қаладағы механикалық зауыт майданға қажетті снаряд гильзасын, патрон, мұнай өндірісіне арнап бұйымдар шығарды. Майданға аттанғандарды жасөспірімдер, әйелдер, қарттар ауыстырды. Өндірістен қол үзбей немесе қысқа мерзімді курстарда жаңа мамандыққа даярлау кен қанат алды:

«1. Мақат ауданында өндіріске бекітілген жүйе негізінде 338 әйел, олардың арасынан слесарьлыққа – 44, токарлыққа – 51, операторлыққа – 77, электромонтерлікке – 10, дәнекерлеушілікке – 7 және т.б. Өндірістен қол үзіп Доссор АТК-сында 17 жүргізуші және 13 трактор жүргізуші, Казнефтекомбинат арқылы 53 жүргізуші және 36 әйел от жағушы даярланды.

2. Жылқосы ауданы бойынша өндіріске беркіту арқылы 295 әйел өз білімін көтерсе, олардың арасынан трактор жүргізушілікке – 40, операторлыққа – 65, электромонтерлікке – 40, слесарьлыққа – 60, жүргізушілікке – 30, бурильщикке – 30 және ключниктікке – 30. [8].

Облыс баспасөзі «Барлығы майдан үшін! Барлығы жеңіс үшін!» атты айбынды ұранмен еңбек етті. Облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1941 жыл 27 қыркүйектегі №229(2431) санында «Газет жұмысын соғыс мүддесіне бағындыру керек» деген мақала осының айқын көрінісі. Халқымыз барлық күш-жігерлерін Ұлы Отан соғысына жұмсап, Қызыл Армияның жеңісіне арнап жатқан тұста облыс баспасөзі де бұдан тыс қалмағанын былайша атап көрсетеді: «...Отан соғысы басталғаннан бері бірқатар аудандық газеттеріміз өз жұмыстарын Ұлы Отан соғысының талаптарына сай қайта құра бастады. Халықтың қалың бұқарасымен байланысты бұрынғыдан да күшейтіп, оларды жауды талқандау ісіне жұмылдыруда. Большевиктік жалынды сөзді қалың бұқараға жеткізуде. ...«Социалистік Эмба» газеті (Мақат ауданы, редакторы К.Ізтелеуов) соғыс басталғаннан бері мұнайшылар мен промсылдардың тұрмысын көрсете бастады. «Бұрғышылар уәделерін істе орындауда» деп жазып, Байшонас промсылындағы бұрғышылардың тамаша табыстарын баяндады. Мәселен, бұрғышылар эксплоатациялық бұрғылау планын 102,8 процент, разведка бұрғылауының планын 111,1 процент орындағанын, стахановшы, бұрғылау мастері Секербаев жолдас №40 буровойды (тереңдігі мың метр) мезгілінен бұрын бітіріп, 18 күнді үнемдегенін көрсетті. Еңбек майданындағы стахановшыларды бұдан былайда көрсетіп отыруы керек. «Социалистік Эмба» газеті мұнайшылардың назарын соғыс өнерін үйренудің әуе және химиялық шабуылдан сақтанудың керек екеніне аударып отырады.

Осындай бірсыпыра жұмыстарға қарамастан «Социалистік Эмба» газетінде кемшіліктер де бар. Газет мұнай промсылдарындағы істің та-

маша үлгісін көрсетіп жүрген алдыңғы қатардағылардың бай тәжірибесін терең жаза алмай келеді. Өндіріс пен ауыл шаруашылығының мамандары газетке тартылмай отыр...» [9].

Аталмыш мақалада көрсетілген сын-ескертпелердің шарасын алу мақсаты болса керек, ҚК(б)П Мақат аудандық комитетінің 1941 жыл 10 қазан күнгі №96 бюро мәжілісінің § 3 бабымен «Социалистік Эмба» аудандық газетін қайта құрудың барысы туралы» атты мәселе қаралады. Бюро мәжілісі қаулысында атап көрсетілгендей, соғыс жағдайына бейімделуде аудандық газет бірқатар жұмыстар атқарған. Дегенменде, ауыл шаруашылығы және мұнай кәсіпшіліктеріндегі еңбеккерлердің қайратты еңбектерін көрсету өз мәнінде емес. Газет беттерінде үгіт-насихат жұмыстарын қайта құру пәрменділігі, қысқы маусымға мұнай кәсіпшіліктері мен колхоздардың әзірлігі, өндірістегі әйелдердің жетекші рөлін көрсетуде, бұқараны әскери оқуларға тарту ісінің жүрісі аз көрсетіледі. Майданға көмек ретінде жылы киім, мол азық-түлік қорын жинаудағы кемшіліктер сыни тұрғысынан берілмеген. Газет редакторы К.Ізтелеуовке өз жұмысын соғыс жағдайына сай қайта құра отырып, бюро мәжілісінде атап көрсетілген кемшіліктер мен белгіленген міндеттерді жүзеге асыру тапсырылды.

ВКП(б) Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша республикалық және облыстық газеттер аптасына 3 күнде 4 беттік, 3 күн екі бет болып шығып тұрды. Атырау облысындағы газеттер осы ереже аясында өмір сүрді. Барынша оқырмандарды көбейту үшін әр жерлерге витриналар қойылып, онда газеттер ілінді. Сондай-ақ, баспасөздің төменгі буыны аталған қабырға газеттерінің маңызы артты.

ҚК(б)П Мақат аудандық комитетінің 1942 жыл 19 наурыздағы №14 бюро мәжілісінің §15 бабымен мұнайлы өлкенің тыныс-тіршілігін республикалық газеттерде молынан көрсету үшін аупартком партия кабинетінің меңгерушісі, 1899 жылы туған, 1928 партия мүшесі, саяси сауатты Мария Федровна Шкварова, Мақаттан - мектеп директоры 1912 жылы туған, 1940 жылдан партия мүшесі Зинолла Ғұмаров, Байшонастан -инженер 1913 жылы туған, 1941 партия мүшесі Ерғожа Тауманов, Доссордан - Қызыл армия қатарына кетуіне байланысты Жұманшен Ізмағамбетовтың орнына 1897 жылы туған, 1920 партия мүшесі Михаил

Александрович Чистяков тағайындалады. Ал «Социалистік Қазақстан» газетінің штаттан тыс тілшілері болып ФЗО директорының орынбасары 1906 жылы туған, 1928 жылдан партия мүшесі, саяси сауатты Қожа Батабайұлы Отарбаев, Доссордан 1914 жылы туған, 1940 жылдан партия мүшесі, өнеркәсіп басқармасы еңбек бөлімінің бастығы Мұхаметияр Сатқанов, Мақаттан мехмастерскойдың технолог-нормировщикі 1913 жылы туған, 1939 жылдан партия мүшесі Мұса Ерғалиұлы Жиенбаев, Байшонастан мектеп директоры 1915 жылы туған, 1930 жылдан партия мүшесі Жанғабыл Шахарұлы Мәмбетов беркілді.

Осылардың арасынан кейін қаламы жүйрік көрінген М.Сатқанов 1943 жылы 20 қыркүйек күні аудандық «Социалистік Эмба» газетінің редакторлығына беркіледі, осыған дейін бұл қызметті абыройлы атқарған К.Ізтелеуов аупарткомның насихат-үгіт бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалады.

М.Сатқанов – талантты журналист, іскер ұйымдастырушы болумен қатар өзінен кейінгі іні толқындарға ұстаздық қамқорлық жасаумен ерекше есте қалған. Майданнан жараланып елге оралып емделіп жүрген, кейін өзінен кейін редактор болған Тәжібай Текеевке жасаған қамқорлығы туралы белгілі өлкетанушы А.Елеусінов «Тарланбоз талант» атты мақаласында былай дейді: «Осындай толғаныста жүргенде сол бір ақылғой ағасы келіп, өмір ағысын жаңа бір арнаға бұрып жіберді. Ол Сатқанов Мұхаметияр есімді азамат болатын. Сол тұста Мақат аудандық «Социалистік Ембі» газетінің редакторы. ...Өзі жаралы жауынгердің азапты тағдырынан хабардар болғанға ұқсайды. Редакцияға бекітілген тарантаспен вокзалдан күтіп алғаны тегіннен тегін емес. Тіпті жанқалтасына азын-аулақ ақша да салып жіберген-ді. Хабарсыз кеткен соң ат басын бұрып өзі келіп тұр. Алдыңғы ұсынысын қайталап, «бірер күннен қалмай жұмысқа шық» - деп кетті [10]. Қамқор ағасы оны бірден жауапты хатшы қылып тағайындайды.

Ұлы Отан соғысы басталысымен өз жұмысын соғысқа бейімдеп қайта құрған Мақат, Жылой БАҚ-ы барша халықты жеңіске жігерлендірді. Дегенмен олардың жұмысына қатты бақылау жасалып, кейде артық таралыммен жарық көрген газеттер үшін ескертулерде берілді. Мысалы, 1942 жыл 21 сәуір күні болған ҚК(б)П Гурьев обком мәжілісінде «Аудандық

газеттердің беркітілген 2 беттік форматын бұзуы туралы» мәселе қаралып, рұқсатсыз 4 беттік газет шығарып газет қағазын шығындағаны талқыланды. Атап айтқанда, Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетінің редакторы К.Ізтелеуов 1 қаңтар мен 15 наурыз аралығында газетті 4, 28 наурызда 6 беттік етіп рұқсатсыз шығарған. Теңіз аудандық «Балықшылар үні» редакторы Б.Байменов және «Красный Каспий» редакторы А.Н.Столяровтар 18 қаңтар, 2, 10, 11, 26, 28 ақпан және 15, 16 наурыз күндері газеттерін 4 бетпен шығарып, осы басылымдардың 8 санын 2 бетпен шығаратын қағазды орынсыз шығарды.

Есбол аудандық «Социалистік мал шаруашылығы» газеті 2, 16, 18, 26, 28 ақпан және 15 наурыз күндері 4 бетпен, Жылқосы ауданының бұрынғы редакторы Ж.Ерғалиев пен Шевченко аудандық «Колхоз жолы» газетінің редакторы Қ.Таренов 30 наурыз бен 3 сәуір күндері газетті 6 бетпен орынсыз шығарған. Аталған газеттердің редакторларына обком бюросы бетке басылған ескерту береді..

Аудандық газеттердің таралымы 1 мамырдан бастап төмендегідей мөлшерде жарық көретін болды:

«Социалистік ауыл»	1200
«Социалистік Эмба»	1200...

Осыдан кейін облыстық газет беттерінде мерзімді басылымдарды жақсарту туралы бірнеше мақалалар жарияланды. Солардың қатарында қабырға газеттері жұмысын арттыру туралы болды. Қабырға газеттері өз өндірісінің өмірін, озаттар тәжірибесін, өндірістегі кемшіліктерді жиі жазып отыруға тиіс еді. Баспасөздің төменгі осы буыны еңбекшілерді ерлік еңбекке, жауды тез талқандап шығу ісіне жұмылдырды. 1942 жыл 27 қаңтар күні Жылқосы аудандық партия комитетінде өткен бюро мәжілісінің қаулысымен, Қосшағыл мен Құлсары мұнай кәсіпшілігінде шығатын жар газеттерінің редакторларымен, редколлегия мүшелерімен жиналыс өткізуге шешім алынды. Бұл міндет «Социалистік ауыл» газетінің редакторы Ж.Ерғалиев пен лито уәкілі Ж.Сақпановқа тапсырылып, «болашақта жар газеттерінің жұмысына тиісті жол басшылық беріп, олардың үздіксіз шығып тұруы қамтамасыз етілсін. 1 сәуірге дейін барлық шығатын жар газеттердің есебі алынып болынсын», - делініп қаулы қабылданды.

Облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1942 жыл 27 маусым күнгі №150 (2664) санында тілші С.Айғалиевтың «Қабырға газеттерінің жұмысы жаңа арнаға қойылсын» атты мақаласы жоғарыда көрсеткен сынның айғағы: «Құлсары мұнай промыслынан бірнеше қабырға газеттері шығады. Бұлардың көпшілігі жұмысты соғыс уақытының талабына сай істеп келеді.

Бұрғылау бөлімінің жанынан шығатын «Жауынгерлік листок» (редакторы Қаржаубаев), промуправление жанынан шығатын «За Нефть» (редакторы Егоров), мұнай өндіру бөлімінің жанынан шығатын «Жауынгерлік листок» (редакторы Мұстафиденов) газеттері кезінде сапалы болып шығарылады. Бұл газеттерде өндірістік кемістік, жетістіктері, өндірістегі алдыңғы қатарлы жұмысшылардың іс үлгілері жиі-жиі жазылады.

Бірақ, промыслде жұмысты жаман істеп отырған қабырға газеттері де жоқ емес. Автогараж жанынан шығатын «Жауынгерлік листок» (редакторы Көпкенов), облторг жанынан шығатын (редакторы Зыганшик) газеттердің бір нөмірі бес айда азар шықты. Вахта охранының жанынан шығатын «Настраже» газеті (редакторы Сабитов) сауатсыз, қалай болса солай, өте мәдениетсіз шығарылады» - деп қабырға газеттерін сапалы, мәдениетті етіп шығару қажет тапқан [11].

Жарық көрген қабырға газеттерінде тыл еңбеккерлерін жаңа ерлік еңбекке шақырған партия мен үкіметтің қаулыларымен жеңіске шақырған ұрандарын беру жалғасын тапты. Жылой ауданындағы «Қызыл ту» колхозының жанынан шығатын «Сталиндік вахта», Каспий колхозының жанынан шығатын «Сталиндік вахта», Қосшағыл промыслының механикалық мастерскойының жанынан шығатын «Жауынгерлік листок», Қосшағыл промыслындағы мұнай өндіру бөлімі жанынан шығатын газеттер социалистік жарыстың барысы, алдыңғы қатарлы озаттар тәжірибесі, жұмысшылардың тыныс-тіршілігі мәселелері көрініс тапты.

Сондай-ақ, аудандық баспахана арқылы арнаулы бетшелер шығарылып жергілікті жерлерге таратылып отырды. Мысалы, 1942 жыл 3 қараша күні Доссорға берілген обком жеделхатында осындай ұрандарды 5000 данамен дайындап тарату жүктелген.

1942 жылы 3 қыркүйектен бастап «Социалистік құрылыс» газетіне бөлім меңгерушісі болып, кейін Атырау облысының саяси-әлеуметтік

және мәдени өрлеуіне зор үлес қосқан азамат Әбілқайыр Кенжебаев тағайындалды.

Облыстың барлық қаламгерлері майдан үшін, жеңіс үшін барлық күш-жігерлерін жұмсады. Осындай айбынды міндеттерді орындауда Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетінің ұжымы (редакторы К.Ізтелеуов) бойынша мұрағатта сақталған құжаттардағы төмендегідей деректерді мысал ретінде келтіргеніміз орынды:

1. 1941 жылы РККА (Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясы) қатарына өз еркімен редакцияның әдеби қызметкері 1912 жылы туған, партия мүшесі Хисметов Махмуд сұранып кетті.

2. Танк колоннасын жасақтау үшін 713 сом 89 тиын, самолет эскадрильясын жасақтауға 171 сом 40 тиын, сталинградтықтарға көмек ретінде 413 сом жиналды.

3. Қызыл Армия жауынгерлері үшін 20 жылы киім-кешек: оның ішінде 2 шалак тон, 3 байпақ, 3 мақта күрте, 4 мақта шалбар және т.б. жіберілді.

4. Соғыс кезінде 11 рет митингі мен жиналыс өткізілді.

5. Соғыс кезінде практикалық жұмыс арқылы 4 адам дайындалды, оның 2-уі әйелдер.

6. Бір рет 1942 жылы шілде айында майдандағы жауынгерлер мен саяси қызметкерлерге хат жазылды. Мекемелер арқылы Батыс майданға сыйлықтар жіберілді. Майданнан 6 хат алынды. Олардың арасында осы ауданда жұмыс жасаған жерлестеріміз бен жолдастарымыз бар.

7. 4 рет сенбіліктер ұйымдастырылды» [12].

Майдан шебінен алыстағы Атырауда қысқа мерзімде қару-жарақ жасау зауыттары құрылды. «Қазақстаннефть» бірлестігі сияқты мекемелер орталық мұнайлы аймақтан келген білімді инженер-техник қызметкерлермен толықты. Жаңаша, соғыстағыша жұмыс істеу айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. 1941 жылдың басында тәулігіне тек елу тонна ғана мұнай беретін Доссор мұнай кәсіпшілігі 1942 жылдың бірінші тоқсанында 700-800 тонна мұнай өндіретін болды. Мұнайшылар тәулігіне екі-үш сағат қана демалып, еңбекте теңдесі жоқ патриоттық үлгісін көрсетті. «Майданға қанша мұнай керек болса, сонша мұнай береміз» деген ұранмен жұмыс істеп, сөздерін бұлжытпай орындап отырды.

Қазақстан мұнайының локомотиві атанған Атырау мұнайшыларының осындай ерен еңбегі майдандағы жауынгерлердің мақтанышына айналды. Осыған орай қаһарман батыр Бауыржан Момышұлы 1942 жылы Атырау мұнайшыларына арнап жазған хатын «Социалистік құрылыс» газеті 1942 жыл 16 шілде күнгі санында жариялайды: «Қымбатты достар, бір қандас аға-інілер және қарындастар, әкелер мен аналар, балалар, қазақтар – мұнайлы Ембінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдер! Қызыл Армия жалғыз емес, бүкіл оның жолында Қызыл Армия неміс жауыздарды өзінің қаруымен талқандауда, ал сіздер, тыл қайраткерлері табанды еңбегіңізбен талқандайсыз. Сіздің мұнайдың әрбір литрі, продуктыларыңыздың әрбір килограммы жау тамағына тас болып тұрады, ол оған кездесе, қиқылдап өліп қалады. Оларды күн сайын, сағат сайын көбейте беріңдер, ол біздің жеңіс сағатамызды жақындата түседі.

Бұл міндетті Сіздердің абыроймен орындайтындарыңызға біз күмәнданбаймыз.

Жауынгерлер мен командирлер атынан

Н.Гвардиялық атқыштар полкінің командирі,

гвардия подполковнигі Б.Момышұлы.

Н.Гвардиялық атқыштар полкінің

саясат жөніндегі орынбасары,

гв.майоры Логвиненко» [13].

Батыр Б.Момышұлының және басқа жауынгерлер хатына аудан мұнай кәсіпшіліктерінің 15 озат мұнайшысы қол қойған жауабында: «Сіздерге қанша керекті болған көмектің бәрін көрсетуге бар күшімізді жұмсайтынымызға ант береміз. Біздер майдан үшін майдандағыдай жұмыс істейміз» деп уәде берді.

Ембі мұнайшыларының қол жеткен табыстары облыстық газеттердің әр санында үзбей жарияланды. «Прикаспийская коммуна» газетінің бетінде «Нефтяники Эмбы берут новые обязательства», «Дать больше нефти, больше рыбной продукции!» атты айдары тұрақты берілді. Мұнайшылар мен балықшылар, құрылысшылардың қажырлы еңбегі туралы заметка, хабарлар көптеп басылды. Газеттің 1943 жыл 10 шілде күнгі №141 «Используем все резервы в добыче нефти» атты мақаласынан үзінді бере кетсек: «Магат. (По телефону). 4 июля состоялось расширенное совещание

партийно-хозяйственного актива промысла Макат совместно с стахановцами. Заслушав доклад директора промысла об итогах работы в первом полугодие и задачах коллектива промысла в связи с решением правительства о форсировании нефти добычи в Казахстане. Докладчик указал, что промысел Макат не справился с полугодом заданием и является должником у государства. Во втором полугодии надо так работать, чтобы наверстать упущенное и досрочно выполнить годовой план.

По докладу выступило 11 человек. Большинство выступавших указывали на те резервы, благодаря которым промысел может добиться досрочного задания второго полугодия. Многие из выступавших брали конкретные обязательства...» [14].

Мұнай өндірісін дамытудағы кейбір жүзеге асыра алмай отырған мәселелері республикалық «Социалистік Қазақстан» газеті «Газет сыны» айдарымен «Жаңалықты көру, қотере білу – жақсы салт» атты мақаласында айқын көрініс тапты. Сын мақалада отан соғысының ауыр күндерінде мұнай кәсіпшілігіндегі өндірістегі жаңалықтар, техникалық озық әдістерді күнделікті өмірге ендіру ісі кенжелеп қалғаны көрсетіліп, оны жақсартудың шаралары белгіленді. «ҚК(б)П Гурьев облыстық комитетінің органы – «Социалистік құрылыс» газетінің (редакторы С.Сауырғалиев) негізгі көңіл бөлетені – мұнайды майданға негұрлым мол беру мәселесі болуға тиіс. Өйткені қазіргі соғыс – моторлар соғысы, ал моторлардың жаны – мұнай. Бұл, жұртқа мәлім. Мұнайшы патриоттарымыз өздерінің жауынгерлік міндетін дәл осылай түсініп, майданға мұнайды керегінше беру үшін жанқиярлықпен еңбек етуде.

ҚК(б)П Гурьев облыстық комитетінің секретары М.Бекжанов жолдас өзінің мақаласында (4 июньдегі номерде): «Біз мұнайды күннен-күнге үсті-үстіне көп өндіріп отыратын боламыз. Бұл үшін ішкі ресурстың барлығы мобилизациялануда, промыслдардағы беті ашылмай жатқан ішкі резервтер іске қосылуда» деп жазады. Ал осы «барлығы мобилизацияланған ішкі ресурстар мен «іске қосылып жатқан ішкі резервтер» газет бетінде көрінбейді, оның бірде-бірін «Социалистік құрылыс»-тың оқушылары өз газетінің бетінен оқып көрген емес. Мұнай кәсіпорындары мен промыслдарында «бір айда 165 жаңа ұсыныстар түсті»... «тек бір айда 43 ұсынысты іске асырудан Эмбаның кәсіпорындары он мыңдаған сом пайда

келтіріп отыр» деп жазды газет. Қуанарлық іс. Мұнайшылардың тамаша табысын айқын мәлімет. Енді цифрдың сырын баяндаған мақалаларды, жаңашылдарға берілген сөзді газеттен іздей бастайсыз, бірақ таба алмайсыз. Таң қаласыз» [Социалды құрылыс. – 1942. – 15 шілде].

Ел басына ауыр күн туғанда Отанымызға мұнайды көптеп берген Мақат ауданының мұнайшылары үшін орыс тілінде газет шығаруды өмірдің өзі талап етті. Міне, осыған орай 1943 жыл 2 ақпан күнгі ҚК(б)П Гурьев обкомының бюро мәжілісінің № 240 § 13 қаулысы жарық көрді. Қаулыда атап көрсетілгендей, 1943 жыл 19 наурыз күнгі ҚК(б)П Орталық Комитетінің шешіміне сәйкес Мақат ауданында орыс тілінде газет таралымы 1000 данамен, форматы 32x42 см, көлемі 2 бет, аптасына 1 рет шығарылатын болды. Газет «Нефтянник» болып аталды [15]. Қаулыда бұдан басқа, Мақат аупартком хатшысы Кривичке газет редакторын, жауапты хатшысын, мекеме үйін, редакция жұмысын ұйымдастыруға қажетті жағдай туғызу міндеттелді. Көп ұзамай газеттің редакторлығына баспагер, журналист Николай Федорович Бурыкин (1908-1947) тағайындалды. Ол кешкі жұмысшылар курсы, ҚП(б)П ОК-ның алты айлық курсына бітірген. 12 жасынан балық кәсіпшілігінде еңбек еткен. 1924 жылы баспаханада өріп терушінің үйренушісі, Ембі баспаханасының өріп терушісі болған. 1932-1933 жж. Ембі аудандық комсомол комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1933-36 Ембі аудандық және Гурьев округтік баспаханасының директоры болып еңбек еткен. Н.Ф.Бурыкин «Нефтянник» газетіне облыстық «Прикаспийская коммуна» газеті редакторы орынбасарлығынан келіп, бұл қызметті 1947 жылға дейін абыроймен атқарады. Доссор халқы оны қатты құрметтеген.

Жаңа ұйымдастырылған газетке облыстық баспахана арқылы бір комплекті орыс тіліндегі өріптер жіберілді. Және бір өріп терушіні жұмысқа жіберу тапсырылды. Мақат аупарткомына және байланыс бөліміне газетке жазылуды жүргізу тапсырылды. Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетінің атқарып отырған жұмысынан есебін редактор К.Ізтелеуов 1943 жылы 6 наурызда өткен аупарткомның №9 бюро мәжілісінде баяндаған. Бұрынғы бюро қаулыларында атап көрсеткен кемшіліктер осында тағы да қайталанған. Атап айтқанда, оқырмандар көзайымы болған басылым беттерінде Бүкілодақтық социалистік жарыс тәжірибелері өз

мүмкіндігінен төмен жарияланады. Үгіт-насихат мәселелері мен партия тұрмысы аз көрсетіледі. Газет редакциясы жұмысшы-ауыл тілшілеріне басшылығы төмен, 65 тілшінің тұрақты 60 пайызы мақала жазып тұрады. Тілші хаттарында айқындалған кемшіліктерге соңына дейін бақылау жасалмайды. Аудандық тергеу-тексеру органдарына жіберілген хаттар уақтылы тексерілмейді. Күн тәртібі бойынша қабылданған алты баптан тұратын қаулыда, газет редакциясына аталған кемшіліктерді тез арада жоюдың шарасын жасақтау міндеттелген.

Сұрапыл кезеңде Атырау облысында бір орталықтан аудандарға радио хабарын беруге қажетті қысқа толқынды КВ-1,5 НК байланыс қабылдағышы болды. Енді ариаулы жабдықталған мекеме үйі қажет еді. Осыған орай облыста 1943 жылдың 5 маусымына дейін облыстық қаржы бөлімінің бастығы Абылғазин мен облыстық радио комитеттің бастығы Лавринаға тиісті қаржы көздерін іздеп тауып, студиядан аудандарға хабар беруді жүзеге асыру міндеттелді. Гурьев облыстық байланыс басқармасының бастығы Бердіғұловтың бұйрығымен Қосшағыл поселкесінегі радио орталықтың жұмысын жақсарту үшін техник А.Ф.Васильев 1943 жылы 4-10 қаңтарында іс-сапарға жіберілді. Ал басқарма бастығының өзі де осы аралықта мұнайлы аймақтағы барлық байланыс жүйелерін тексеріп, олардың жұмысын жақсарту үшін сапарға аттанды.

Соғыс жылдарында аудандарда жергілікті радиобабырын ұйымдастыру қанат жайды. Радио – сан мыңдаған тыңдаушылардың елдік рухты сақтап, жауға қарсы жұмылдыруда, жеңіске жетелеуде үлкен жасампаздық рөл атқарды. Жалпы, радиотыңдаушылардың ықыласын игерудің үш кезеңі бар: біріншісі – біраз үнсіздіктен кейін естілген диктор үні, немесе музыка. Екінші – аудиторияның тап сол сәттегі өте қажетсініп отырған мәселесін қозғау. Радионың оперативтілігін пайдаланып тыңдаушылар күткен көкейкесті тақырыпқа бару. Үшіншісі – әрбір бағдарламаның, радиожурналдың бұрыннан қалыптасқан тәжірибесіне байланысты тұындайды. Мәселен, хабардың музыкалық «шапқасын» немесе атып естісімен-ақ аудитория одан қандай қызықты, әрі ақиқат ақпарат алатындығын шамамен болжап отырады. Міне, радионың осы үш асыл қасиеті соғыс жылдарында пайда болып жандана түсті. Ғалым Н.Омашев

отты жылдардағы «ұзынқұлақ» радионың жұмысына былайша баға берді: «Отан соғысы кезінде Ж.Жабәевтың, С.Маршактың, Ф.Панферовтың, А.Тоқмағамбетовтың фашистерге атқан ұлы жебедей шумақтары, өткір памфлеттері алғаш рет қазақ эфирі арқылы таралып жатты... Мәскеуден Левитанның дауысы қалай сақылдап, жауды түршіктірген болса, қазақ жерінде Әнуарбек Байжанбаев дауысының күдіретті әсері елді ерлікке, еңсесін түзеуге шақырды. 1943 жылдың 1 тамызынан бастап Бас қолбасшысының кеңес жауынгерлерінің жеңісін жариялаған бұйрықтары беріліп тұрды. Бұйрық оқылған соң артиллериядан салют берілді. Соғысқа дейінгі музыка және әдебиет бөлімі кейін бірігіп, әдеби драмалық хабарлар бөлімі деп аталды. Олардың негізгі жанры публицистика мен деректі проза болды. Осы кезде радиофельетон, памфлет дамыды» [16].

Жылқосы ауданында 1943 жылы 18 тамыз күні Қосшағыл мен Құлсарыда радио хабарын беру нүктесі ұйымдастырылып, оған аудандық газет редакторы Жақсылықов басшылық етті. Радио жүйенің қазақ тіліндегі хабарының директорлығына Ермек Өтебаев пен Д.Жаналиев, орыс тіліндегісіне Ф.И.Новяк пен Чапурин жетекші болған. Радио хабары аптасына 3 рет беріліп, жергілікті ауданның саяси-әлеуметтік жаңалықтары мен орталықтан берілетін хабарларға қосылатын. Осыдан кейін ауданда радионүктелерін іске қосу күн санап өсе түсті. 1944 жылы 25 ақпан күні Қаракүмдағы жайылымдағы малшылардың бірігіп тыңдауы үшін «Азнакөл» ауылында радионүктесі хабар бере бастады. Бұл радиожүйесіне Куйбышев орталау мектебінің директоры Жанаев басшылық жасайтын болды, аудандық байланыс торабының бастығы Рахимберлин осы жерден 1 радиоұйымдастырушыны үйретуге кіріскен.

Облыста жалпы білім беретін мектептер мен орта оқу орындарда оқитын қыздарды радисті, телеграфист және телефонистка мамандығын дайындауға бетбұрыс жасалды. ҚК(б)П Мақат аудандық партия комитетінің 1943 жыл 3 шілде күнгі №44 бюро мәжілісінің § 12 бабымен қаралған оқушыларды отан қорғауға әзірлеудегі мәселесінде мектептерде әскери дайындық сыныптарын көрнекі құралдармен, спорт алаңдары қажетті оқу-жаттығу құралдарымен толық қамтамасыз етілмегені атап көрсетілді.

Соғыс жылдарында облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1944

жыл 25 тамыз күнгі № 170 (3255) санында «Өрісі қысқа, жасық газет» деген газет сыны жарық көрді. Мақалада Жылой аудандық «Социалистік ауыл» газетінің мұнай мен ауыл шаруашылығын өркендетудегі жұмысына сыни баға берілді. Аудандағы мұнайлы Қосшағыл, Құлсары кәсіпшіліктерінің жұмысына тоқталады. «Аудан шаруашылығының осындай шешуші салаларын көпшілікке көрсетуде ҚК(б)П Жылой аудандық комитетінің тілі – «Социалистік ауыл» газеті (редакторы Ерғалиев жолдас) тиісті дәрежеде жұмыс істей алмай келеді. Газет шаруашылықтың қай саласын да терең қамтып отырған жоқ. ... газет май, июнь, июль айларында мұнай туралы бірғана мақала жазған, бірақ онда да бірде-бір мәселені батыл қоя алмаған. Бұдан кейін «Социалистік ауыл» газетінде мұнай өнеркәсібінің мәселелері жекелей жазылмайды. Мәселен, газеттің осы үш айдағы сандарында Қосшағыл, Құлсары промсылдарында бұрғылау жұмысының, сол сияқты жерасты жөндеуінің жайы туралы бірде-бір мақала жазылған жоқ. Газет Өтеулиев, Беркәлиев, Шапошева сияқты алдыңғы қатарлы мұнайшылардың озат тәжірибесін көпке түсінікті тілмен кең, айқын әйгілеу орнына, хабар ғана берген. Қорытып айтқанда, «Социалистік ауыл» газеті ауданның мұнай өнеркәсібін оқылықтан шығару үшін мұнайшылар алдына қойылған тұжырымды міндеттерді жұртшылыққа насихаттай алмай отыр»[17].

Осындай «Газеттер сыны» айдары облыстық газетте тұрақты берілді. Мысалы, «Социалистік құрылыс» газетінің 1944 жыл 29 қазан күнгі №217(3302) санында «Өз міндеттерінің дәрежесінде» атты мақала берілді. «Социалистік Ембі» газетінің (редакторы М.Сатқанов) газетінің Отанға мұнай берудегі қызу еңбек көрігін қыздыра түсудегі ұнамды жұмыстары аталып өткен. Мұнай өндірудегі озық тәжірибелерді, мамандықты меңгерудегі социалистік жарысты өрістетудегі, әйелдер еңбегінің рөлін, қолайлы еңбек етуге жағдай туғызу т.б. мақалалар жарыққа шыққан. «Жастардың мұнай үшін күрестегі тамаша үлгісін газет көпке түсінікті тілмен, айқын мысалдармен жазып, осы тақырыпқа арнап, газеттің сол санында бас мақалада жазды. Бұл мақалаларда Доссордың атақты жас шебері Есенжанов Қаратау басқарған учаскенің бірінші жарты жылда ғана 1665 тонна мұнайды жоспардан тыс бергені, бұрғылау машинисі Қалдығариев пен слесарь Сергеевтің, мұнай шығару шебері Жұмабаевтың

тағы басқаларының тамаша тәжірибесі баян етілді. Ауданның мұнайшы әйелдерінің іс үлгісі газет бетінен түскен емес. Мұнай шығару шеберлері Хан Татьяна, Жұмағалиева Балжан, оператор Шағырова жолдастарды газет ауданның әйел-қыздарына үлгі етіп көрсетеді, олардың қол жеткен табыстарын Ембінің қыз-келіншектерінің майданға, Қызыл Армияға тартуы деп таниды. Мұнай шығару ісіндегі, қысқа әзірлектегі және басқа жұмыстарда орын алған кемшіліктерге қарсы газет жұртшылық пікірін ұйымдастыра білді» - деп ұнамды пікір білдірген.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Мақат ауданынан қан майданға өз еріктерімен сұранып кеткен жастардың саны көп болды.

Осылайша, халықпен бірге қайнасқан облыс баспасөзі мен радиосы неміс-фашистерді талқандаудағы мұнайлы аймақтың ерен еңбегін жан-жақты көрсете білді.

Пайдаланған деректер мен әдебиеттер:

1. АОММ. 15-к., 1-т., 238- іс, 27-30- п.п.
2. Қазақстан мұнайшыларының абыройлы ісі // Социалистік құрылыс. – 1940. – 7 желтоқсан.
3. Қарымсақов С. Мұнайлы Емба ХХ жылда; Мұқанов Қ. Даңқты мерекеге немен келеміз // Социалистік құрылыс. – 1940. – 23 қазан.
4. АОММ. 1-к., 1-т., 324- іс, 67-68-п.п.
5. АОММ. 14-к., 1-т., 49- іс, 5- п.
6. Женщины Казахстана – активные строители социализма (1918-1945). Сб. докум. и материалов. – Алма-Ата: Казахстан, 1981. – 336 с (241).
7. АОММ. 14-к., 1-т., 56- іс, 81-85- п.п.
8. ҚР ПМ. 708-к., 5-т., 2405- іс, 67-68- п.п.
9. Газет жұмысын соғыс мүддесіне бағындыру керек // Социалистік құрылыс. – 1941. – 27 қыркүйек.
10. Жеңісті жақындатқан жандар. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2005 ж. – 104 б.
11. С.Айғалиев. Қабырға газеттерінің жұмысы жаңа арнаға қойылсын // Социалистік құрылыс. – 1942. – 27 маусым.
12. АОММ. 369-к., 1-т., 2- іс, 15- п.

13. Б.Момышулының хаты // Социалистік құрылыс. – 1942. – 16 шілде.
14. Используем все резервы в добыче нефти // Прикаспийская коммуна. – 1943. – 10 июля.
15. АОММ. 2-к., 1-т., 209-іс, 135-п.
16. Омашев Н. Ақпарат әлемі. 2-том. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2006. – 424 б. (305).
17. Өрісі қысқа, жасық газет // Социалистік құрылыс. – 1944. – 25 тамыз.

Сұрақтар:

1. Ұлы Отан соғыс алдындағы облыс баспасөзі мен радиосы қандай даму үстінде болды?
2. БАҚ-на компартияның басшылығы қандай факторлардан көрінді?
3. Жергілікті өкімет органдары тұрғындар қолындағы радиоқабылдағыштарды жинап алуына қандай себептер болды?
4. Соғыс басталғаннан кейін ауданда газет пен радио жұмысы жаңа кезеңге қалайша бейімделді? Қабырға газеттерінің атқарған рөлі қандай?
5. Батыр Б.Момышулының мұнайшыларға арнап жазған хатының тарихи маңызы неде болды?
6. «Бұл соғыс – моторлар соғысы болды» деген сөз мағынасын түсіндіріп беріңіз.
7. Ақын А.Токмағамбетовтың Ембі мұнайшыларына арнап жазған поэмасының маңызы неде болды?
8. Аудандық «Нефтянник» газеті қалай ұйымдастырылды?
9. Ұлы Отан соғысы жылдарында ауданда радиожүйесінің жұмысын ұйымдастыру қалай жүрді?
10. Тьютордың басшылығымен ғалым Н.Омашевтың журналистік еңбектерімен терең таныса отырып, рефераттар дайындау.
11. Қаһарлы жылдардағы қазақ журналистикасының түрлері мен формаларының қандай түрлері болды?
12. Журналистер К.Ізтелеуов, М.Сатқанов, Н.Ф.Бурыкин, Ә.Кенжебаев және т.б. аудан баспасөзіне қосқан үлесі қандай болды?
13. Ұлы Жеңісті жақындатудағы Мақат, Доссор және Жылой мұнайшыларының еселі еңбектері туралы мазмұнды мәліметтер жинақтау.

3.5. Қызыл Тулы Новобогат ауданы

Ұлы Отан соғысы жылдарында жеңісті майданда ғана емес, тылда да қамтамасыз ету үшін халқымыз ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Майданға қажетті астық, ет, май, жүн, темекі және тағы басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін көптеп беру міндеті тұрды. Осы салада еңбек ететін ер азаматтар мен механизаторлар майданға кетіп, олардың орнын ересек адамдар мен әйелдер, жасөспірімдер басты. Міне, осындай қаһарлы кезеңде Новобогат ауданы еңбекшілері соғыстағы жауынгерлерді киіммен, тамақпен қамтамасыз ету міндетін жүзеге асыруға аянбай кірісті. Әсіресе, «Кете шағыл» колхозының С.Мусин басқарған сиыр фермасы малдың басын аман сақтап, сүт, сарымай тапсыру жоспарларын мезгілінен бұрын орындады. «Жанаталап» колхозының ферма меңгерушісі Ш.Шұғайыпова, К.Маркс атындағы колхоз сиыр фермасы меңгерушісі М.Оспановалардың ерен еңбегі зор болды.

Ауданның ауыл шаруашылығы саласында қол жеткен табыстар аз болмады. 1943 жылы 2 ақпандағы жеңіске орай Сталинград майданы жауынгерлері, командирлері мен саяси қызметкерлеріне арнап Новобогат ауданы еңбеккерлері төмендегідей мазмұнда хат жолдады: «Сіздерді Сталинград түбіндегі неміс-фашистерін талқандаудағы ұлы жеңістеріңмен қызу құттықтап және ҚазКСР, Гурьев облысы, Новобогат ауданының колхозшылары, колхозшы әйелдері мен қызметшілерінің ыстық сәлемін жолдаймыз. Қызыл Армияның даңқты қолбасшысы сүйікті көсеміміз жол.Сталиннің басшылығымен болған ұлы батырлық жеңіс бізді жаңа батырлық ерліктерге жасауға, мемлекеттік тапсырмаларды орындауға жігерлендіре түседі.

Новобогат ауданының колхозшылары, колхозшы әйелдері және қызметшілері Отанға деген сүйіспеншілігі, батыр Қызыл Армияға шын берілгендігімен Ұлы Қолбасшымыз жол.Сталин және Қызыл Армиядан «Қазақстан колхозшылары» танк колоннасын жасау үшін бір миллионнан астам қаржы жинағаны үшін Алғыс хат алды. Аудан еңбеккерлері қорғаныс қорларын жасауға, танк колоннасын жасақтауға сан миллион сом қаржы жинады.

Новобогат ауданы еңбекшілерінің патриоттық бастамасы жоғары бағаланып Жоғарғы Қолбасшы И.В.Сталиннен төмендегі мазмұнда құттықтау жеделхатын алды:

«Гурьевская область, Каз ССР.

Секретарю Новобогатинского райкома КП(б)К

Председателю Рай совета депутатов трудящихся тов. Казиеву

Передайте мой братский привет и благодарность Красной Армии колхозникам, колхозницам Новобогатинского района. Собравшим более одного миллиона рублей на строительство танковой колонны «Колхозник-Казахстана». И.Сталин» [1].

Осы құттықтау жеделхат аудан еңбекшілерін жаңа жеңістерге жетеледі. Көсемнің құттықтауымен жігерленген аудан колхозшылары танк колоннасын жасау үшін қосымша тағы да 1 миллион 500 мың сом жинады. Барлығы 2 миллион 500 мың сом жинады. Аудан еңбекшілері атынан Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің төрағасына төмендегідей мазмұнда жедел хат жөнелтілді:

«Біздің ауданның еңбекшілері Сіздердің жеңістерімен жігерлене түсіп Сіздерге 50 жәшік азық-түлік сәлемдеме – ет, печенье мен тәтті конфеттер, сондай-ақ РККА құрылғанына 25 жыл толу мерекесіне дайындық үшін қосымша 9 тоннадан астам ет дайындауда. Бір тонна 500 кг кондитерлік өнімдер. 10 тонна әр түрлі балықтар, оның ішінде 2 тонна ақбалық бар.

Қымбатты жауынгерлер, командирлер мен саяси қызметкерлер! Біздің ауданның еңбекшілері даңқты Қызыл Армияның неміс-фашистерін талқандауда және түбегейлі құртудағы жеңісі үшін аянбай барлық күш-жігерлерін жұмсайды.

Лениндік-Сталиндік партия жасасын!

Біздің ержүрек, даңқты Қызыл Армия жасасын!

Біздің сүйікті әкеміз және қазақ халықының досы жол.Сталинге ұзақ ғұмыр тілейміз!

ҚК(б)П аудандық комитетінің хатшысы:

(Құстамбаев)

Халық депутаттары аудандық кеңесінің төрағасы: (Қазиев)» [1, 7 п.].

1944 жылы 5 ақпан күні республикалық баспасөз беттерінде «1944 жылы мал шаруашылығын өркендету жөнінде республикалық

социалистік жарыс ұйымдастыру туралы» Гурьев облысының Новобогат ауданы колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің Қазақстанның барлық ауыл еңбеккерлеріне Үндеуі және оны мақұлдаған ҚК(б)П Орталық Комитетінің қаулысы жарияланды. Бұл патриоттық бастама бүкіл елді дүр сілкіндірді. Колхоздарының басым көпшілігі Нарын құмының ұйма шағылына, алақырға орналасқан, түйір дән сеппей, малды қысы-жазы жайып бағатын қиян шеттегі аудан малшыларының нар тәуекелге баруы үлкен ерлікке пара-пар еді. Аталған Үндеуде: «Соғыс кезінің аса қиын жағдайында өткен 1943 жылы біз ірі қараны 4200 басқа, қой мен ешкіні 13 мыңға, жылқыны 1350-ге, түйені 210 басқа жоспардағыдан артық өсірдік. Мемлекетке мал өнімдерін түгел тапсырып, алдағы жылдың есебіне өнім өткіздік... Шалғай мал жайылымдарында 12 мың бас мал бағылып отыр...». Бұдан әрі Үндеуде ауданның 30 колхозы түгелдей міндеттемесін орындағаны, әсіресе «Қызыл балық», «Бірлік ту», «Алғашық» колхоздарының мал шаруашылығындағы қол жеткен табыстары атап өтілді.

Сол кезді кейін ардагер журналист Ш.Дәуенов «Ешқашан ескірмейтін ерлік» атты мақаласында былайша еске алады: «Өзімнің туған ауылым – Манаштағы «Қызыл балық» колхозының соғыс жылдарындағы өмірі бүтінгідей көз алдымда. Майданға шақырылған ер азаматтар лек-лек боп аттанып жатты. Шақырудан ерекше пұрсат (бронь) алған балықшылар әскери тәртіппен қысы-жазы бірдей Каспий теңізінен балық аулап, майданға балық өнімдерін толассыз жөнелтумен болды. Елдегі шаруаның бәрі әйелдер мен жасы ұлғайған көрняларға, жасөспірімдерге қарап қалды. Қызыл Армияға таңдаулы аттар іріктеліп, дүркін-дүркін жіберіліп тұрды. ...Аудан еңбеккерлері майдандағы жауынгерлерге жылы киім, азық-түлік жинап жөнелту, жау тырнағынан босатылған аудандарға туысқандық көмек көрсету т.б. жөнінде де үлкен белсенділік танытты. Тек 1944 жылдың өзінде Орел облысына 1665 бас мал, 24 центнер тамақ өнімдері, 1100 түрлі үй бұйымдары, 100 мың сом ақшалай көмек берілді. Ал танк колоннасын жасау қорына 3 миллион сом қаржы жинап тапсырылды. Колхоз төрағасы Қуанәлі Құрмашев пен балықшылар сауда кооперативі төрағасы Жұқалтай Рахметов әрқайсысы 150-100 мың сом жеке қаржысын осы қорға қосып Жоғарғы Бас қолбасшының арнайы алғысына ие болды»

[2].

Аудан малшыларының патриоттық бастамасын республика колхозшылары бірауыздан қолдап, барлық газет беттерінде үлкен қызу еңбек додасын қыздырды. Мал басының саны артты, төл шығымы азайды, малдың өлімі бірнеше есеге кеміді.

Соғыс жылдарында мал шаруашылығын өркендетудің жоспарын артығымен орындағаны үшін Гурьев облысына Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы алты рет беріліп, кейін мәңгі сақтау құрметіне ие болды. Ал осы жетістіктерді қамтамасыз еткені үшін Новобогат ауданы Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің Қызыл Туымен марапатталып, оны ауданда мәңгі сақтауға қалдырылғаны баршаға аян. 1945 жылы 2 тамызда жарық көрген орталық «Правда» газетінің бас мақаласында новобогаттықтардың мал шаруашылығын өркендетудегі аса үздік көрсеткіштерге ие болғаны әдейі атап көрсетіліп, «аудан малшылары шын мәнінде ерлік еңбегімен Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің Қызыл Туын үш рет жеңіп алды» - деп жазады жоғарыдағы естелік мақаласында Ш.Дәуенов.

Новобогат ауданы ауыл еңбеккерлерінің қол жеткен табыстарын баянды етуде жергілікті баспасөз үлкен рөл атқарды. Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы атқарған қызметі туралы есебінде Новобогат аудандық партия комитетінің хатшысы М.Құстамбаевтың жиі мақала жазғаны мақтаныш тұрғысынан аталып өткен. Сондай-ақ, аудан халқының атынан қан майданда жүрген орденді, лейтенант Сәлім Қапақовтың фриштерді жайратқан ерлігіне риза болып хат жолданғаны осы газеттің бетінде жазылды. 1944 жылдың басында «Социалистік құрылыс» газеті редакцияларының жауапты қызметкерлері Новобогат ауданының Красин, «Социализм» колхозындарында болып, ауыл-село тілшілерінің семинарын өткізеді. Оқу семинарда газет тілшілеріне соғыс жағдайына сай мақала жазу, қабырға газеттерін шығарудың әдістерінен практикалық көмектер беріледі. 1944 жылдың 13 ақпан күні облыстық газетте жарияланған аудан орталығындағы монша жұмысындағы кемшіліктер жөні аудандық атқару комитетінде арнайы талқыланып, монша үйі жөнделіп, тамызық отын, басқа да құралдар әкеліп берілгені, сөйтіп сыннан қорытынды

шығарылғаны аталып өткен [3].

Новобогатта аудандық газет болмағандықтан жер-жерлерде қабырға газеттері мен жауынгерлік бетшелер шығарылып, ауыл адамдарының Отан қорғау қорына қаражат бөлу, жауынгерлерге сыйлықтар және жылы киім жинап беру жолындағы патриоттық бастамалары жазылып тұрды.

Көп ұзамай, аудан еңбеккерлерінің ұсынысына сай қол жеткен табыстарын баянды ету мақсатында аудандық газет ашу туралы мәселе көтерілді. Осы тілекке орай, ҚК(б)П Гурьев облыстық комитеті 1944 жыл 16 мамыр күнгі өткен №297 бюро мәжілісінің 1-бабымен төмендегідей қаулы қабылдады (Түпнұсқа):

«Новобогат ауданындағы аудандық газет туралы (ж.Төлебаев)

Новобогат ауданы облыстағы 20 мың қазақ тұрғыны, 30 колхозы, 123 мал фермалары және 90 мың мал басы бар – ең ірі мал шаруашылығы дамыған қазақ ауданы болып табылады, алайда күні бүгінге дейін аудандық газеттің болмауынан, аудан партия ұйымдарының малшылар арасында бұқаралық-үгіт жұмыстарын жүргізуде және колхозшылардың озат тәжірибелерін кеңінен таратуға мүмкіндік болмай отыр.

ҚК(б)П обком бюросы қаулы етеді:

1. Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінен сұралсын:

а) Теңіз аудандық қазақ газетінің таралымын қысқарту есебінен, 1944 жылдың I маусымынан бастап Новобогат ауданында қазақ тілінде таралымы 1000 дана болатын аудандық газет шығаруға рұқсат сұралсын.

б) КССР СНК-ның облыстық полиграфия және баспа ісі басқармасына қажетті редакция аппаратын ұстау үшін қаржы және баспа машинасын, әріптер бөлу міндеттелсін.

в) Новобогат аудандық газеті атауы «Колхозшы» болып беркілсін» [4].

Алайда, осындай қаулы қабылданғанмен Новобогат ауданында газет ашу жұмысы тек қана қағаз жүзінде қалып қойды. Бұл мәселе туралы сұраған сауалыма Атырау баспасөзінің бүгінгі таңдағы ақсақалы Шөпенғали Дәуенов маған былай деді: «Мен ол жылдарда Манаш ауылдық Кеңесінің хатшылығы қызметін атқарғанмын, осы қаулының негізінде ауданға баспа машинасы да келді. Бірақ жоғарғы билік өкілдері газет ашуға асықпады, аудандық газет тек қана 1953 жылы 18 ақпан күні «Малшылар үні» атауымен жарық көрді. Алғашқы редакторлығына

аупарткомның парткабинет меңгерушісі сауатты, білімді жігіт Төлеген Сатқанбаев тағайындалды».

Жоғарыда айтып өткеніміздей, аудандық газет жарық көргенге дейін Новобогат ауданында қабырға газеттері үлкен саяси-ұйымдастыру жұмыстарына мұрындық бола білді. Алайда бұл газетті тұрақты шығаруда босатылған қызметкерлер болмағандықтан кемшіліктер орын алды. Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1944 жыл 23 шілде күнгі №147 (3232) санында тілші Ж.Сүндетовтың «Қабырға газеттері мезгілінде шығарылсын» деген мақаласы осының куәсіндей: «Новобогат ауданының Молотов атындағы және «Жаңа талап» колхоздарында бастауыш партия ұйымдарының қабырға газеті жаңа жылдан бері шығарылмады. Редакция мүшелері таратылып жіберілді. «Жаңа талап» колхозының коммунистері, комсомолецтері жеткілікті бола тұрса да қабырға газетке мән берілмеді. Ал, партия ұйымы өзінің төл ісін естен шығарды. Газет шығарылу туралы жасалған жоспарлары жоғалып кетті.

Молотов атындағы колхозда ай сайын қабырға газет шығарылып тұрады. Бірақ сапасы кем. Газетте сын мәселелері, кемшіліктер көрсетіліп жазылмайды. Грамматикалық қателер көп жіберіледі. Газет бас мақаласыз шығарылады, немесе бас мақала орнына колхозшының, звено бастықтарының мақалалары жіберіледі.

Алдағы уақытта колхоз жанында шығарылатын қабырға газеттерінің редколлегия мүшелері сайланып, газет тиісті дәрежесінде шығарылатын болсын» [5].

Ел басына қатер төнген жылдарда халықтың еңсесін көтертіп, қол жеткен табыстарды бұқара арасында насихаттауды осы қабырға газеттері атқарды. Тартымды жасалған, жергілікті өмірден алынған нақты материалдарға толы қабырға газеттері колхоз, өндіріс, мекеме жұмыстарын жақсартуға ықпал жасады. Жасыратыны жоқ, баспасөз – компартияның үні болғандықтан бұл салаға оның тікелей басшылығы қажет еді. Аудандық партия комитетінің баспасөздің бұл саласына жасап отырған нашар басшылығы өз мәнінде болмады. Тілші Х.Қаусановтың «Социалистік құрылыс» газетінің 1944 жыл 20 тамыз күнгі №167 (3252) санындағы «Қабырға газеттеріне көңіл бөлінсін» атты мақаласында мекемелер жанынан газеттерді тұрақты шығаруға назар аударуды жоғарғы

билік өкілдерінің қатеріне берген. Оқып көрелік: «ҚК(б)П Новобогат аудандық комитетінің жанындағы бастауыш партия ұйымының атынан айына бір рет шығатын қабырға газеті бар. Ол І майда шыққан кейін тыйылып қалды. Редколлегия да бұл жөнінде жұмыс істемей отыр. Газетте көбінесе сын, өзара сын мәселесі, ол ұйымдағы жетістік, кемістіктер айтылмайды. Жалаң 2-3 мақаладан ғана құрастырып шығарады. Бас мақала мүлдем жоқ. Оның орнына жәйін мақалалар пайдаланылады.

Ал, өндіріс комбинаты, артельде, аудандық оқу бөлімінде қабырға газеттері мүлдем шықпайды. Аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімі бұл кемшіліктерді жоюға керекті шараны қолданбай отыр. Алдағы уақытта аудандық партия комитеті мекемелерде шығатын қабырға газеттеріне көңіл бөліп, олардың шығарылуын бақылап, талап етіп отыруы қажет» [6].

Дегенмен, осындай кемшіліктердің орнын толтыруда облыстық «Социалистік құрылыс» газеті көп жұмыстар атқарды. Аталмыш газет ауданның қаламы жүйрік тілшілері мен ақындарының хабарлары мен өлеңдерін көптеп басты. Сұрапыл жылдарда аудан ақыны атанған Ш.Дәуеновтың көптеген патриоттық өлеңдері жарық көргенін айта кеткен жөн. Солардың арасынан оның 1945 жыл 21 қаңтарда жарық көрген «Сәлем ыстық жүректен» атты өлеңін мысалға алуға болады:

«Балдан тәтті өлеңімді,
Қырмызыдай өнерімді.
Шын жүректен қайнап шыққан,
— Ал, сүйікті, сәлемімді,
Ел қорғаушы қырандар!
Қаһарланып қайраттанып,
Құрыштай бөл айбаттанып.
Шалғай ұшып, көкті жарып,
Жауға қарсы жарақ алып,
Шықтың құрыш ұландар!
Бұлтты тіліп самолетпен,
Бомбы оғын төгіп көктен,
Атакалап көк танктен,
Боратып оқ зеңбіректен,

Қырдың, жойдың жауларды.
Пасық арам сұмырайды,
Жорғалаған сұр жыланды,
Тұмсығына окпен ұрып,
Улы тілге найза сұғып,
Өкшелеп құдың қорқауларды.
Сталинишілер айбынды ерлер.
Ел қаруы ақ семсерлер,
Құрыш күшті талқандата,
Батыр Қызыл жауынгерлер,
Тездетейік жеңісті.

...Үдетейік шабуылды,
Сұм фашисті қандата,
Бірлігі мықты білекпен.
Жыр фонтанын атылдыра,
Жау қарасын батырғыза,
Ерлігінді ұран етіп,
Ел атынан жіберемін,
Сәлем ыстық жүректен» [7].

Қорыта келгенде, тарих қойнауына новобогаттықтар ерен еңбектерімен Ұлы Отан соғысы жылдарында, Жеңіс күнін жақындатуда осындай дәрежеде енді.

Пайдаланған деректер мен әдебиеттер:

1. АОММ 369- к., 1- т., 6- іс, 9- п.
2. Дәуенұлы Ш. Ешқашан ескірмейтін ерлік // Ата мекен. «Атырау» газетінің әдеби-тарихи серігі. № 36, желтоқсан, 2001 ж.
3. АОММ 1- к., 1- т., 1370- іс, 2- п.
4. АОММ 1- к., 1- т., 1272- іс, 42- п.
5. Сүндетов Ж. Қабырға газеттері мезгілінде шығарылсын // Социалистік құрылыс. – 1944. – 23 шілде.
6. Қаусанов Х. Қабырға газеттеріне көңіл бөлінсін // Социалистік құрылыс. – 1944. – 20 тамыз.
7. Дәуенов Ш. Сәлем ыстық жүректен // Социалистік құрылыс. – 1945.

Сұрақтар:

1. Новобогат ауданы Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің Қызыл Туымен не үшін марапатталды?
2. Алғашқы аудандық газетті ашу жұмысы қалай ұйымдастырылды?
3. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қабырға газеттерінің атқарған рөлі қандай?
4. Республика малшыларына арнаған аудан мал өсірушілерінің Үндеуінің тарихи маңызы неде?
5. Новобогат ауданы халқының соғыс жылдарындағы мал шаруашылығын дамытудағы қажырлы сибегіне тоқталыңыз?
6. Облыс баспасөзінің ардагері Ш.Дәуеновтың творчествосына шығарма жазу.

3.6. Индер ауданы – сұрапыл жылдарда

Еуропада 1939 жылдың 1 қыркүйегінен екінші дүниежүзілік соғыс өрті тұтанған сәттен бастап КСРО өз шекарасын қымтап, фашистік Гитлердің шапқыншылығына қарсы дайындық жұмыстарын бастады. Кеңес мемлекеті Қызыл Армия мен Соғыс-Теңіз Флотындағы әскерлердің санын арттырып, олардың жаңа техникамен қарулануы күшейтіліп, әскери кадрларды даярлауға назар аударды. «Жалпыға бірдей әскери міндеттелік туралы» жаңа заң қабылданды, ол заңда армия қатарына шақырылатындардың жасы 21-ден 19-ға түсірді. Жергілікті жерлерде бұқаралық әскери-қорғаныс ұйымдары – Осоавиахим, Қызыл Крест және Қызыл Жарты ай Қоғамы едәуір өсіп, саны өсті. Жастардың жетекшісі комсомолдар мен одақта жоқ жастар қолы бос уақытта әскери, техникалық және медициналық білім алып отырды. ПВХО, ГСО, ГТО және Ворошилов атқыштарының сан мыңдаған белгілерін иеленген жастар даярланды. Отан қорғау ісінде ауыл-село және жұмысшы тілшілері орын алған кемшіліктер мен олқылықтарды ашып, оны мақалалары мен хабарларына арқау етті. Газеттердің бетінде жарияланған тілші хаттары аяқсыз қалмады, жергілікті жерде талқылану жүзеге асты. Ес-

бол (Индер – Қ.С.) ауданындағы бұл бағыттағы жұмыстарға облыстық «Социалистік құрылыс» газеті белсене араласқан. Газет редакциясына түскен сын мақалаға орай, ҚК(б)П Есбол аудандық комитетінің хатшысы Тайшиевтың 1940 жыл 27 мамыр күні облыстық атқару кеңесі мен облыстық прокуратура жіберген №337 хатында төмендегідей жолдар бар (түпнұсқа): «Осымен Сізге аудандық партия комитеті хабарлайды, «Отан қорғау жұмысына басшылық керек» деген «Социалистік құрылыс» газетіне түскен тілші хатын орынды тергеп қарағанда 1939 жыл 23 қыркүйекке дейін отан қорғау жұмысының ұйымдастырылуы шамалы болып келгені анықталды. Сонан кейін аудандық партия комитетінің бюросында қаралып нақтылы басшылық берудің нәтижесінде бұл жұмыс жолға қойылып, бірнеше жаңаша өзгерістер туғызылды. Сондықтан қатеріңізге алуға. Бұл жөнінде отдел бастығы Шөпішевке тапсырылған, бірақта кезінде жауап бермей кешіктіріп тастапты» [1]. Күн өткен сайын Есбол ауданының басшылары отан қорғау шараларына басшылықты арттырып, жастар арасындағы әскери тәрбие беруі ісіне кеңінен араласты. 1940 жылы 7 қыркүйекте «Индерборстрой» мекемесінде жастарды әскер қатарына шақыруға арналған салтанатты митингі өткізілді, онда халықаралық жағдаймен ұштастырылып баяндама жасалынды. Соны көңілді концертке және би кешіне ұласқан.

Уақыт талабына сай аудандық партия комитетінде әскери бөлімдер ашылып, әскери-патриоттық жұмыстарға басшылық жасады. Бөлім қалың бұқара арасында әскери тәрбие берумен шұғылданып, заттай-ақшалай ұтыстар лотерияларын таратты. Одан түскен қаржылар отан қорғау жұмысына кететіні баршаға мәлім. Алайда осы жауапты жұмысты жүргізудегі орын алған кемшіліктерді жергілікті тілшілер облыстық газетке жазыпты. 1940 жыл 25 желтоқсан күні ҚК(б)П Есбол аудандық комитеті соғыс бөлімінің бастығы М.Бабаев газет сынына орай төмендегідей жауап хат жіберді: «Социалистік құрылыс» газетінің редакторына!

Осымен сізге ҚК(б)П Есбол аудандық комитетінің соғыс бөлімі XIV лотерия билетімізді қашан аламыз деген тілшілер хатына мына төмендегі түрде сізге хабарлаймыз. Бұл хатты тексеріп қарағанда негізінен бұл жолдастардан лотерия үшін ақша жинап алу дұрыс, бірақта ауданда жоқ болғандықтан аудандық Осоавиахим советі сол лотерия таратушы Қалиев

жолдасқа ақшаларын қайтарып береді, (подписщиктерге) жазылушыларға күні осы кезге дейін қайырмаған. Бұл жөнінде Қалиевке ескертіліп, ауком-сомол комитетіне тапсырылып комсомолдық мәселесін қарайды» [1, 1-п.]. Осылайша, бұл жұмысқа жауапсыздық танытқан қызметкер мәселесі өзі есепте тұратын ұйымда қаралатыны мәлімделген. Газет тілшілерінің хаты аяқсыз қалмайтындығын көрсетеді.

1940 жылдың орта кезінен бастап Гитлер командованияесі КСРО-ге басып кірудің «Барборосс жоспары» деп аталатын стратегиялық жоспарын жасаған еді, бұл жоспар бойынша фашистік Германия мен оның қол шоқпарларының құрғақтағы, өуедегі және соғыс-теңіз күштері КСРО-ға бір мезгілде шабуылдайтын болды. Міне, осындай халықаралық жағдайдың шиеленісуіне байланысты елімізде қорғаныс қуатын арттыру, соғысқа қарсы дайындық жұмыстары жүргізіле бастады. Әсіресе, баспасөздегі хабарларда Отан қорғаушылардың нормативтерін орындау, мылтық ату, велосипед жарысы, дене шынықтыру жарыстарын өткізуге назар аударылды. Еспол аудандық «Социалды мал шаруашылығы» газетінің 1940 жыл 6 қараша күнгі № 99 (550) санындағы «Отан қорғау жұмысы» атты мақаланы мысалға алуға болады: «Әсіресе ҚК(б)П аудандық комитеті жанынан соғыс бөлімінің құрылуынан бергі 2 жылға жақын уақыт отан қорғау ісіне көп жаңалықтар енгізді. Қазірде ауданымызда салт аттылар клубы бар. Бұнда бірнеше өздерінің мамандығына қарай өткен жаз айларында аттылы армиялылар әзірленіп шығарылды. Клубтан жақсы үйреніп шыққан аттар Гурьевке походы жасағанда облыстан премиеде (сыйлық – Қ.С.) алды. Отан қорғау кружоктарын жақсарту жөнінде 33 адам тұрақты жұмыс жасайды. ...Қазірде ауданымызда 61 бастауыш Осоавиахим ұйымы бар. Онда 2302 мүше жұмыс жасайды. ...Сондай-ақ Қызыл Крест қоғамында 16 бастауыш ұйым бар. Бұнда 703 адам мүше. Бұған 507 адам норма тапсырып шықты» [2].

Баспасөз ісіне тілшілерді кеңінен тарту, олардың белсенділігін арттыру мақсатында облыстық және аудандық редакциялар ұжымдары көпшілік-бұқаралық жұмыстарын жүйелі, жоспармен жүргізді. Олардың жиі бас қосуларын өткізіп, соғыс алдындағы баспасөздің алдындағы міндеттерге тоқталды. «Жақында облыстық «Социалистік құрылыс» газеті мен аудандық «Социалистік мал шаруашылығы» газетінің тілшілері мен

авторларының және активтерінің Есбол аудандық кеңесі болып өтті» – деп жазады тілші С.Айтжанов «Жұмысшы ауыл тілшілерінің кеңестері» атты мақаласында. – Кеңесте екі газеттің 1940 жылы және 1941 жылдың бірінші тоқсаны ішінде істелген жұмыстарының есебі тыңдалды. Кеңеске қатынасқан жұмысшы- ауыл тілшілері мен авторлар, активтер үлкен белсенділік көрсетті. Жұмысшы-ауыл тілшілерімен активтерден 7 адам шығып сөйледі» [3]. Одан әрі жиналыста газет беттерінде өндіріс мәселесімен қатар ауыл шаруашылығы туралы мәселелерін, атап айтқанда колхоздардың қоғамдық мал шаруашылығын өркендету, егіннен мол өнім алу, жер суландыру жөнінде айтарлықтай жазып отыратыны атап көрсетілді.

Облыс еңбекшілеріне кеңестік информация бюросының хабарларын тезірек жеткізу үшін ҚК(б)П Гурьев обкомы бюросының 1941 жыл 29 қыркүйектегі бюро мәжілісінде «Облыстағы радио желісі мен жергілікті радиохабарларын беру жұмыстарының жағдайы туралы» қаулы қабылданды. Қаулыда атап көрсетілгендей, бұқаралық ақпарат құралдарының осы маңызды саласына жергілікті партия комитеттерінің назарын аударып, радио желісі саяси сауатты, техникалық білімі бар мамандармен толықтыруға міндеттер қойылды. Есбол ауданының Кулагино поселкесіндегі, Мақат ауданының Байшонас мұнай кәсіпшілігіндегі радио желісінде өкіметке қарсы кереғар хабарлар беру фактісі орын алған.

Аталған жоғары партия ұйымының берген тапсырмаларын жүзеге асыру үшін ҚК(б)П Есбол аудандық комитетінің 1941 жыл 14 қазан күні бюро мәжілісінің §2 бабымен «Аудандық радио узелдің жұмысы жайлы» (баяндамашы Таженов) мәселе қаралды. Аудандық қатынас бөлімінің бастығы Ж.Таженовтың радио узелдің жұмысы туралы баяндамасын тыңдап, аудандық партия комитетінің бюросы қаулысында оның соғыс жағдайына байланысты жұмыстарын жақсарту туралы бірнеше міндеттерді атап көрсетті. Атап айтқанда:

«1. Радио узелдің жұмысын соғыс жағдайына сай жұртшылық тілегін қамтамасыз ететін жағдайға келтіріп, еңбек тәртібін ең жоғарғы сатыға қоятын болсын.

2. Облыстық партия комитетінен ауданның жергілікті хабарларын беріп отыру үшін, облыстық радио комитеті арқылы усилительмен (күшейткіш

аппарат – Қ.С.) қамтамасыз ету, узелдің аппаратын телеграфтан бөлек орынға көшіріп беруге және арнаулы маман жіберу сұралсын.

3. Ауандық НКВД бастығы Михаиленко мен қатынас бөлімі Таженовке 5 күн ішінде тұрғындар қолындағы радиоқабылдағыштарды актімен жинап алып, аудан орталығына дұрыс орынға сақтау тапсырылсын.

4. Радио узелдің қызметкерлеріне фашистік, сондай-ақ рұқсат етілмеген станциялардан трансляция (хабар беру) жасауға болмайтынын ескертіп оларға қатаң бақылау орнатылсын» [4].

Кейін 1945 жылы 14 наурыз күнгі КСРО-ның Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен бүкіл елдегі халық қолынан жинап алынған радиоқабылдағыштар қайтарып өз иелеріне берілді.

Елімізге фашистік Германияның басып кіруімен барлық идеологиялық қызмет соғыс жағдайына бейімделіп қайта құрылды. Газет пен радио алдына «Барлығы майдан үшін! Барлығы жеңіс үшін!» атты айбынды ұранды бұқара арасына кеңінен тарату міндеті қойылды. Облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1941 жыл 27 қыркүйектегі № 229 (2431) санында «Газет жұмысын соғыс мүддесіне бағындыру керек» деген мақала соның айқын көрінісі. Халқымыз барлық күш-жігерлерін Ұлы Отан соғысына жұмсап, Қызыл Армияның жеңісіне арнап жатқан тұста Есбол ауданы баспасөзі де бұдан тыс қалмағанын былайша атап көрсетеді: «...Отан соғысы басталғаннан бері бірқатар аудандық газеттеріміз өз жұмыстарын Ұлы Отан соғысының талаптарына сай қайта құра бастады. Халықтың қалың бұқарасымен байланысты бұрынғыдан да күшейтіп, оларды жауды талқандау ісіне жұмылдыруда. Большевиктік жалынды сөзді қалың бұқараға жеткізуде... «Социалистік мал шаруашылығы» (Еспол ауданы, редакторы С.Ерғалиев жолдас) газеті де өз жұмысын отан соғысы мүддесіне бейімдеп қайта құрып келеді. Отан соғысы күндеріндегі аудан еңбекшілерінің табыстарын көрсетеді. «Жаңа құрылыс» колхозының алдыңғы қатарлы колхозшылары Жетібаев, Мырзатаев, Көшкінбаев және Ахметов жолдастардың отан соғысы басталғаннан бері нормаларын екі-үш еседен орындап жүргендігін көрсетті.

Сонымен қатар газет аудан еңбекшілерінің, колхозшылардың майдан үшін, Қызыл Армияның жауды жеңіп шығуы жолында жанқиярлық еңбек етіп, отан қорғаудың сарқылмас қорын жасақтауға белсене ат салысып

отырғанын жазды» [5].

Есбол ауданы еңбекшілері қан майданда соғысып жатқан Қызыл Армия жауынгерлері үшін жылы киімдер жинау туралы республикалық патриоттық бастамаларға үн қосып қыруар жұмыстар атқарды. 1942 жыл 6 ақпан күнгі «Социалистік мал шаруашылығы» газетінде «Екпінді» колхозы жанындағы бастауыш партия ұйымының хатшысы К.Мұқышевтың «Халық қамқорлығы» атты мақаласында төмендегідей жолдар бар: «... Халық қамқорлығы дария – көптеген жылы киімдер жинап Қызыл Армия жауынгерлеріне жіберді. Атап айтқанда, ауыл еңбекшілері 39 шолақ тон, 34 желеткі, 54 байпақ, 2 етік, 40 бөрік, 40 пар ішкі киім, 16 қалың шалбар, 115 носки, 114 жүн қолғап барлығы 515 бас жылы киім жинап тапсырды. Отан қорғау қорына біздің Бөдене ауыл еңбекшілері 9 бас мал, 2374 сом ақша, 10845 сомның облигациясын берді. «Екпінді» колхозының председателі Есенжан Биғазиев жолдастың бір өзі 2 шолақ тон, 2 байпақ, 5 пар жылы шұлғау, бірнеше қолғап, носки және жылы іш киімдер, 8 бас ат құралдарын және отан қорғау қорына 1 бас малы мен 100 сом ақша, 750 сомның облигациясын, 3 қой терісі мен 3 килограмм жүн берді. Мектеп директоры Мұқышев 1 шолақ тон, 2 байпақ, 1 қалың шалбар, 3 пар қалың шұлғау, 6 пар қолғап, 3 пар носки, 2 бөрік тағы басқа бірнеше жылы киімдер берді. Колхозшы Ахметов 2 шолақ тон, 2 байпақ тағы басқа жылы киімдер беріп 2 жауынгерді толық киіндіріп шығарды» [6].

Соғыс жылдарында ел басына түскен қиыншылықты жеңуде әйелдер ерекше рөл атқарды. Олар майданға кеткен ер адамдардың орнын басып, егіс алқабында, мал фермаларында шешуші еңбек етті. «Социалистік мал шаруашылығы» газетінің 1942 жыл 30 қыркүйек күнгі санында Қ.Тастайбекованың «Колхоз әйелдері» атты мақаласы соның айқын дәлелі. Қазыбек ауылындағы «Еңбек» колхозының әйелдері колхоз жұмысына белсене қатынасып, жанқиярлықпен еңбек етіп, белгіленген еңбек күні минимум артығымен орындауда, звенолар арасында социалистік жарыс қыздырылуда. 55 жастағы Зейнеденова Бәлия егінді мезгілінде орып, ысырапсыз жинауда күндік нормасын 300 проценттен орындап, басқаларға үлгі болы. Және ол 4 күн ішінде колхоздың 300 қойын қырыққан. Егін ору жұмысындағы Тасмағамбетова, Мұқанбетовалар да күнделікті нормаларын артығымен орындап жүр» [7].

Республикалық газеттердің бетінде Гурьев облысы аудандарының Ұлы Жеңісті жақындатудағы рөлін ашып көрсету мақсатында «Казахстанская Правда» және «Социалистік Қазақстан» газеттерінің штаттан тыс тілшілерін тағайындау қолға алынды. «Казахстанская правда» газетінің жауапты редакторы К.Нефедовтің 1941 жыл 25 желтоқсан күнгі жазған қатынас хатында Есбол ауданынан тағайындалатын газет тілшісін бекіткен аудандық партия комитеті бюросы қаулысы көшірмесін, мінездемесін, анкетасы мен өмірбаянын Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің жанындағы Қазақ Телеграф Агентігі (ҚазТАГ) Алматы қаласы, Чайковский көшесі, 57 жіберуді сұраған [1, 163-іс, 299- п.]. Бұл жұмысқа аудан бойынша Нұрашев жолдас бекітіле тұрсада, алайда оның майданға кетуіне байланысты ҚазТАГ-тен 1942 жылы 5 қазанда екінші рет тілші сұраған қатынас хаты ауданға келіп түсті.

Осылайша, Есбол ауданындағы «Социалды мал шаруашылығы» газеті мен радио жүйесі қысқа уақытта жұмыстарын соғыс жағдайына бейімдеп, барлық үгіт-насихат және ұйымдастырушылық жұмыстарын Ұлы Жеңіс жолына бағыштады. Майдан мен тылдан мазмұнды мақалалар жариялап, халықтың Отанға берген өлшеусіз көмегінен, олардың көп патриоттық қозғалысынан, қимыл-әрекетінен хабарлар жазды. Ұлы Отан соғысының басталысымен өз жұмысын соғысқа бейімдеп қайта құрған аудан баспасөзі барша халықты жеңіске жігерлендірді. Газеттердің әр саны шыққан сайын жауға деген өшпенділікті күшейткен материалдар жарық көрді. Бас мақалалар, корреспонденциялар, очерктер, өлеңдер барлығы да майдан мүддесін көздеді.

Жауды талқандауда мерзімді баспасөзбен қатар радио хабарларының маңызы артты. Өндірістегі станок басында, орталық алаңдарда адамдар тік тұрып радиодан Кеңестік Информбюроның ұрыс майданындағы соңғы хабарларын тыңдауға асығатын. 1943 жылы 3 маусым күнгі ВКП(б) ОК «Аудандық жергілікті радиобабырын ұйымдастыру» туралы қаулысына сай, еліміздің барлық жеріндегі селолық кеңестер мен колхоздарға телефон желісі, радио арқылы хабар тарату міндеттелді. Аудандық газеттер шықпаған күні радио арқылы саяси хабарлар (Кеңестік информбюро жаңалықтары, елдегі және халықаралық жағдайлардан хабарлар) және аудан өмірінен еңбекшілердің майданға көмегі, шаруашылық-саяси

науқандардың жүрісінен, өндіріс, кеңшарлардың, колхозшылардың іс-тәжірибелерінен, социалистік жарыс қорытындыларынан, еңбек озаттарының сөйлеулерін ұйымдастыру, соғыстан келген хаттарды таныстыру және т.б. міндеттелді [7].

Мал шаруашылығы мәселесі аудандық басылым бетінің өзекті тақырыбына айналды. Есболдықтардың Новобогат ауданы малшыларының бүкіл республикаға арнаған үндеуін қызу қолдаған, аудан малшыларының озық бастамалары туралы хабарлар жиі басылды. Социалистік жарыс жеңімпаздарының еңбектері жан-жақты баяндалып, оларға арнап «Құрмет тақтасы» ұйымдастырылды. Қазан төңкерісінің XXV жылдығы арналған социалистік жарыс жеңімпаздары болып төмендегі еңбек адамдары табылған: «Екпінді» колхозы бойынша: Меңдікенов Құрманғали – түйе фермасының бастығы; Есқалиев Әлмембет – егін бригадирі, тары өсірудің шебері; Өмірғалиева Меңдікыз – егін бригадасының звеновой; «Передовик» колхозы бойынша: Жұмағазиев Отарбай – түйе фермасының бастығы; Отарбаева Бакен – түйеші, Үсенов Идріс – озат жылқышы, Жұмағазиев М. – жылқышы, Тоқаева Мәнер – сауыншы, Қапанова И. – сауыншы; «Бірлестік» колхозы бойынша: Демесинов Х. – қой фермасының шопаны, Есжанов Ұзақбай – жылқы фермасының бастығы, Жүндігулова М. – сауыншы; «Жаңа құрылыс» колхозы бойынша: Қожамұратов – жылқышы, Қожамұратова – жылқышы, Төлемисова – түйеші; «Бірлік күш» колхозы бойынша: Ағысынов Нұғман – қой фермасының шопаны, Торытаев – жылқышы; «Красный Октябрь» колхозы бойынша: Орынбаева К. – сауыншы» [8].

Есбол аудандық «Социалистік мал шаруашылығы» газетінің беттерінде жарияланған материалдарға қойылған айдарларда тамаша қойылғанын атап өткен жөн. «Қызыл Армия жауынгерлері үшін жылы киімдерді көп берейік!», «Отан қорғаудың сарқылмас қорын жасақтайық!», «Қызыл Армиямыздың барлық керектерімен қамтамасыз етейік!» «Озат малшылардың үлгісін таратайық!», «Социалистік жарысты өрістете берейік!», «Егін жыйнауды ойдағыдай аяқтау керек!» және т.б. Бұл сол бір отты жылдарда полиграфиялық қордың нашарлығына қарамастан газеттің сапалы да көркем шығуына жауап беріп қол қойған жауапты редакторлар С.Ерғалиев, Ғ.Қарабалин, Н.Тағамбаев, Қонаровтардың ерен

еңбегін ұмытпағанымыз дұрыс.

Соғыс жылдарында жазғы демалыстарында мектеп оқушылары үлкендермен қатар егіс даласында, дала төсінде шаршамастан еңбек еткенін мақтаныш тұрғысынан айтуға болады. Олар әртүрлі сенбіліктерге ұйымшылдықпен қатысып, отан қорғау қорына ақша аударды. Майданға кеткен әкелерінің орнын басып мал құрығын ұстады. Мысалы, академик М.Қозыбаев өзінің ғылыми еңбегінде Гурьев облысы, Есбол ауданының 15 жасар жылқышысы Есмұратов «Социалистік ауыл шаруашылығының үздігі» белгісімен марапатталғанын атап өтеді [9]. Немесе «Социалистік мал шаруашылығы» газетінің 1942 жыл 6 ақпан күнгі санындағы «Колхоз жұмысына көмектесуге әзірміз» атты мақала осының дәлелі: «Оқу жылы аяқталысымен біздің «Бөдене» орталау мектебінің оқушылары колхоз жұмысына көмектесу үшін 26 оқушы, 5 оқытушы колхоз жұмысын жасауға даяр. Қазірде бұлардан бір бригада, төрт звеновойлар ұйымдастырылып, оқушылардың еңбектерін дұрыс күйде колхоз председателімен келісім жасалып отыр. Отан соғысының екінші жазында өткізіліп отырған көктем егісін ойдағыдай өткізуде мектеп оқушылары нәтижелі еңбектер жасады. Ал пішен шабуды да жақсы еңбектер етіп, отанына сүйіспеншіліктің неше алуан үлгілерін көрсетеді». Немесе «Социалистік мал шаруашылығы» газетінің 1942 жыл 16 шілде күнгі санындағы «Мектеп оқушылары колхоз даласында» атты мақалада мектеп оқушыларының ерте тұрып, кеш жатып үлкендермен қатар еңбек етіп жүргенін былайша жазыпты: «Құрылыс аулындағы «Бірлестік» колхозының фермаларында, егін егу, пішен шабу жұмыстарында колхозшылармен бірдей жұмыс жасап, күндік нормаларын асыра орындап жүрген оқушылар бар: Мысалы, Сұлтанов, Мұратов, Ныязғалиев (пішен шабу жұмысында), Молдағалиев, Құрақов (жылқы, сиыр фермаларында), Жұмашев (егін жұмысында).

Міне, бұлар алға қарайда бұл қарқындарып бәсеңдетпей, колхоз даласында жұмыс жасап, өздерінің отан алдындағы патриоттық борышын ақтай бермек» [10].

Осылайша, Есбол ауданының бұқаралық ақпарат құралдары сұрапыл жылдарында тыл мен майдандағы ауыртпалықты «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен жұмыла көтере білді. Жоғарыда атап өткеніміздей, үгітшілер мен кітапханашылар әрбір үй немесе жұмыс ба-

сында колхозшылар мен жұмысшыларға газеттерден кеңестік информация хабарын жеткізіп, ал Қызыл Армия ірі жеңіске ие болған сәттерде шағын концерттер ұйымдастырған. Ел басына күн туған сол отты күндерде Есбол аудан еңбекшілерін патриоттық рухта тәрбиелеуде, мәдениетті насихаттауда аудандық «Социалистік мал шаруашылығы» үлкен жұмылдырушы күшке айналды. Газеттің беттерінде жарияланған өлеңдер мен әңгімелердің өзі Отан қорғаушылардың ұлттық санасын ояты, рухын көтерді, бірлігін, топтасқандығын бекітті, ерік-жігерін тасытты. 1945 жыл 9 сәуір күні аудандық газете жарияланған И.Нұрқасимовтың «Әділдер жеңбек әр қашан» атты өлеңінен үзінді келтіре кетсек орынды болар еді:

...Ел шетіне жау келсе,
Жаудың бетін қайырып,
Көктен, судан жерленде,
Әділдік көздеп әрқашан,
Соғысты сірә сүймедік.
Жолсыз тиген жау болса,
Үшті найза түйредік.
Шекараны күндіз, түн
Қырағыдай күзеттік.
Қырағы бейбіт атанған,
Жауынгер ел ек советтік,
Мәдіктанып өмірге,
Қуанышты болдық шат.
Колхоз, қала, ауылымыз,
Секілденді бау мен бак.
....Тәуелсіз өскен біз асау,
Бізге тек сірә барма жау,
Екпінге төтеп беретін.
Жасырын тиген жауызба,
Ұлы күшті жеңетін,
Әділдік ісі әрқашан,
Үстем болмақ дегенбіз.
Әділдіктің жолында,

Жеңіспенен шыныққан,
Алып күшті денеміз,
Жауды жеңіп шығуға,
Әрқашан біз сенеміз.
Жау ордасын ойрандап,
Қыйратамыз жеңеміз,
Бостандық сүйгіш халыққа,
Бостандық алып береміз,
Жауды жеңіп мәңгілік,
Тыныштыққа енеміз» [11].

Көп ұзамай неміс-фашистерді өз ұясы Рейхстагте талқандап, төбесіне Ұлы Жеңістің Қызыл туы тігілді. Сол күнгі «Сүйіншілеген» қуанышты хабар бүкіл елге, оның ішінде қазақ даласына да таралды. Есбол ауданына келіп жеткен тарихи күн былайша еске алынды: «– Әлі есімде, - дейді газеттің бұрынғы жауапты секретары І.Нұрқасымов, – Ұлы жеңіске арналған газеттің 9 май күнгі саны түнімен басылып, аудандық партия комитетінің арнаулы өкілдері салт атпен 20 шақты елді пунктке жіберіліп, митингілер өткізілді» [12].

Қорыта келгенде, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Есбол ауданының мерзімді баспасөзі мен радиосы халық күшін жеңіс жолына жұмылдырып, алдына қойған міндеттерді абыроймен орындады. Аудан журналистері мен тілші-авторлары газет беттерінде қаһарлы жылдардың ауыртпалығын халықпен бірге қасқая көтеріп, еңбекшілердің өндіріс, ауыл шаруашылығы және мәдениет салаларын табыстарын жан-жақты баяндай білді.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

1. АОММ 10- к., 1- т., 148- іс, 36-п.
2. Отан қорғау жұмысы // Социалды мал шаруашылығы. – 1940. – 6 қараша.
3. Айтжанов С. Жұмысшы ауыл тілшілерінің кеңестері // Социалистік құрылыс. – 1941. – 4 мамыр.
4. АОММ 10- к., 1- т., 156- іс, 62-64- п.п.
5. Газет жұмысын соғыс мүддесіне бағындыру керек // Социалистік

құрылыс. – 1941. – 27 қыркүйек.

6. Мұқышев Қ. Халық қамқорлығы // Социалистік мал шаруашылығы. – 1942. – 6 ақпан.

7. История советской радиожурналистики: Документы. Тексты. Воспоминания. 1917-1945. – М: Изд-во МГУ, 1991. – 440 с.

8. Октябрь мерекесінің XXV жылдығы атындағы Құрмет тақтасы // Социалистік мал шаруашылығы. – 1942. – 2 қараша.

9. Козыбаев М.К. (К 30-летию Победы в ВОВ). Комсомол Казахстана в годы Великой Отечественной войны. – Алма-Ата, 1975. – 47 с.

10. Мектеп оқушылары колхоз даласында // Социалистік мал шаруашылығы. – 1942. – 16 шілде.

11. Нұрқасимов И. Өділдер жеңбек әр қашан // Социалды мал шаруашылығы. – 1945. – 9 сәуір.

12. Елеуов М. Ауыл мәдениетінің өрісі. – Алматы: Қайнар, 1983. – 85 б (13).

Сұрақтар:

1. Ұлы Отан соғысы қарсаңындағы аудандағы саяси-әлеуметтік жағдай қандай болды?

2. Аудандық газеттің алдына қойылған міндеттер қандай еді?

3. Аудандық радио жүйесі жұмысын соғыс жағдайына бейімдеп құру ісі қалай жүрді?

4. «Газет жұмысын соғыс мүддесіне бағындыру керек» атты мақаланың мазмұны неде?

5. «Социалды мал шаруашылығы» газетінің соғыс жылдарындағы көтерген мәселелері қандай болды?

6. Жергілікті материалдарды пайдалана отырып, Есбол ауданы еңбекшілерінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы еңбегі туралы рефераттар дайындау.

7. Ұлы Жеңісті аудан халқы қалайша қарсы алды?

3.7. Маңғыстау түбегі – жеңіс жолында

Кенестер Одағы құрамында халқымыздың неміс-фашист басқыншыларына қарсы жүргізген азаттық соғысында асқан ерліктің үлгісін көрсеткені баршаға аян. Сондай ел басына күн туған шақта журналистер қаламы да қаруға теңелді. Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап-ақ түбекте жарық көрген «Колхоз жолы» (Шевченко) және «Сталин жолы» (Маңғыстау) газеттерінің беттерінде маңғыстаулықтарға соғыстың сипаты мен мақсатын, еліміздің басына төніп тұрған қатерлі қауіптің көлемін барынша көрсете білді.

Соғыс басталар тұста түбек халқы кеңес өкіметі енгізіп жатқан жаңалықтарға ден қойып, ел еңсесін көтеріп жатты. Маңғыстауда мал, балық шаруашылықтары кеңінен дамыса, Таушықта өндірілген көмір елдегі отынның мол көзіне айналды. Фашистік Германияның опасыздықпен жасаған шабуылын айыптаған бұқара халық үні алғашқы күндерден бастап аудандық газеттер беттерінде көрініс тапты. Соғыс басталған күні Шевченко аудандық «Колхоз жолы» газетінің 1941 жыл 23 маусым күнгі № 67 (1124) санында «193 миллион Совет халқынан Германияның фашист бандыларына мың мәртебе лағнет!» атты айдарына «Қала еңбекшілерінің ызасы» және «3000 адам қатынасқан митинг» және КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі Төрағасының орынбасары, Сыртқы Істер Халық Комиссары В.М.Молотов жолдастың 22 маусым күнгі радио арқылы сөйлеген сөзі топтастырылыпты. Бұл мақалаларда Отан соғысының сипатына тоқталып, халықты Ұлы Жеңіс жолында аянбай күресуге шақырды. Қалалық кеңес үйінің алдында өткен 22 маусым күні кешкі сағат 5-те 1200 адам қатысқан митингіде сөйлеген жолдастар сөзінде «Қызыл Армияның абыройы артып, даңқы шыға беру үшін еліміздің отан қорғау күш қуатын бұданда әрі беркіндіре беру үшін біздің ауданымыздың еңбекшілері де өздерінің өндіріс, шаруашылық постыларында еңбек өнімін молайтып, өндіріс шаруашылық жандарындағы отан қорғау ұйымдарының күшейту керек», - делінді. Баутин атындағы поселкеде болған балықшылардың митингісінде сөйлеген жолдастар «Біздің Қызыл Армиямыз мен Соғыс Теңіз Флотымыз, авиациямыз Германияның бұл доңыздық ісіне өз күшінен бірнеше есе артық күштермен соққы береді,

СССР-дан сыбағасын алып қан жұтады» деп, халықты жеңіске үндеді [1]. «Колхоз жолы» газетінің беттерінде әрбір колхозшыны, жұмысшы мен балықшыны уақытпен санаспай жеңіс үшін өнімді мол өндіруге шақырды. 1923 жылы туған Т.Сабырбаев дұшпандарды жеңіп шығу үшін «Біз мекемелерімізде және өндірістерде еңбек тәртібін бұрынғыдан да әрі күшейтіп жұмыс нормамызды артығымен орындап жауларымызға іс жүзінде соққы береміз» деді [2].

Ауданның еңбекшілері «Барлығы да майдан үшін, барлығы да жеңіс үшін!» атты патриоттық ұранмен мемлекеттік тапсырмаларды асыра орындауға атсалысты. «Қызыл Армияға жылы киімді көп жинап берейік!» атты айдармен газеттің әр санында майданға жіберіліп жатқан киім, азық –түлік өнімдері туралы мақалалар жарияланды. «Колхоз жолы» газетінің 1941 жыл 29 қыркүйек күнгі № 114 (1171) санында «Жауынгерлер үшін жылы киімдер» атты мақалада мынандай жолдар бар: «Аудан еңбекшілерінен сентябрьдің 25 дейін майдандағы жауынгерлер үшін 271 тері, 72 жылы көйлек, 106 іш көйлек, 64 носки, 462 жүннен тоқылған жылы носки, 308 қолғап, 48 байпак, 66 фуфайка, 71 жылы мақталы шалбар, 34 бөрік, 36 кг малдың жүні, 79 тюлень терісі, 11 етік, 20 тон тағы басқадай құнды бағалы заттар жиналды» [3].

Отан соғысы жағдайында газеттердің жұмысын қысқа мерзімде соғыс жағдайына құрып, қолда бар мүмкіншілікті пайдалана отырып күш пен қаржыны үнемдеу басты назарда тұрды. Осы тұста Маңғыстау аудандық «Сталин жолы» газеті қалыптасты. Жыл басында Маңғыстау ауданында «Сталин жолы» газетін ашу туралы мәселе қозғалып, 1941 жылы 16 қаңтарда ҚК(б)П Гурьев обкомы бюро мәжілісінің қаулысымен төмендегідей шешім алынды: «Об организации газеты в Мангистауском районе» (докладчик Королев).

1. Считать необходимым и целесообразным организовать районную газету орган Мангистауского райкома КП(б)К и исполкома райсовета народ. труд. на базе ликвидированной многотиражки Урало-Каспийского рыбтреста. Просить ЦК КП(б)К разрешить издание газеты и использовать указанную техническую базу многотиражки в Мангистауском районе.

2. Принять предложения Мангистауского РК КП(б)К и утвердить название газет «Сталин жолы», тиражом в 2000 экз., на казахском языке.

Секретарь обкома КП(б)К: Бекжанов» [4].

Уақыт талабына сай кез келген газетті ашу мәселесі Мәскеудегі орталық партия комитетінде шешілетін болғандықтан, ВКП(б)К Орталық Комитетінің хатшысы Важникке төмендегідей мазмұнда хат жолданды:

«Секретарю ЦК ВКП(б)К тов. Важнику.

Мангистауский район Гурьевской области организован в ноябре месяца 1939 года. В районе 14 аулсоветов, 26 животноводческих колхозов, и один рыболовецкий колхоз. Развернуть новое шахтное строительство, население 14000 человек, из них 1200 казахов. 27 колхозов имеют 33000 поголовья общественного скота.

В районе имеется 2 сельпо и одна специальная контора наркомторга, которая объединяет около трех десятков торгующих точек, также имеется 10 начальных и 12 неполных средних и 2 средних школы. ...что областные и центральные газеты немогут быть доставлена в район раньше 20 дней в особенности в зимний период.

Просим ЦК КП(б)К разрешить издать газету и помощь нам в организации ее в Мангистауском районе, одновременно считаем необходимым поставить в известность, что в Гурьевском Урало-Каспийском треста имеется полный комплект многотиражки, который считаем целесообразным использовать при организации райгазет.

Секретарь Гурьевского Обкома КП(б)К: Королев» [4, 36-п.].

Маңғыстау ауданында жаңа газетті ұйымдастыру үшін уақытша редакторлыққа Басаров Орынғали ұсынылып, х.д.аудандық атқару комитетіне мекеме үшін әзірлеу мен редакцияны жасақтау үшін қосымша қаржы көзін табу міндеттелді [5].

1941 жылдың 16 тамызы күні Гурьев облыстық партия комитетінің хатшысы С.Төлебаевқа жаңадан ашылған Маңғыстау аудандық «Сталин жолы» газеті үшін кадрлар мен баспахана құрал-жабдықтарын алуға сұрап аупарткомның үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Х. Әлібаев төмендегідей хат жазады: «Маңғыстау аудандық «Сталин жолы» аудандық газетті құруға 1941 жылдың сметасы және 15 мың сом дотация келді. Ендігі мәселе Гурьев обкомы бюросының қаулысы бойынша Маңғыстау ауданына берілуге тиісті типографияда болып отыр. Сондықтан, Сізден сұраймыз аудандық газеттің редакторы және газет шрифтыларын алу

жөнінде көмектесіп, газет редакторын жіберу мен типография құралдарын қайдан алатынымыз жөнінде хабар етуіңізді» [6].

Бұл хатқа төмендегідей жауап алынды: «Сіздің типография құралдарын сұрап жазған хатыңызды біз 22 август күні алдық. Типография материалдары туралы өлі шешілмей тұр. Жақында Консерв комбинатының басшылары арқылы Наркомрыбромнан комбинаттың бұрынғы көптиражды газетінің типографиялық базасын сендерге беру туралы рұқсат сұраған едік, хабар келмей тұр. Онан хабар келсе, сіздерге өзіміз хабарлаймыз.

Редакторды ауданның өзінен газет жұмысына шеберлігі бар, кадр тауып хабарлаңыздар.

ҚК(б)П Гурьев облкомының үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісінің орынбасары: Жантасов» [6, 44-п.].

Осындай ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде редакция құрамы қаламы қарымды, тәжірибелі, өз ісіне берілген журналист кадрлармен толықтырылды. 1941 жылы 23 қыркүйек күні Маңғыстау аудандық «Сталин жолы» газетінің редакторлығына Теңіз аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Меңдеш Жәрдемөв тағайындалды [7].

Сол жылдардағы уақыт талабына сай газеттердің таралымы да қатаң бақылауға алынды. КП(б)К Гурьев облыстық комитетінің 1942 жыл 21 сәуірдегі бюро қаулысымен «Колхоз жолы» газетінің таралымы – 1200, ал «Сталин жолы» газеті – 1000 данамен таралымы беркілді [8].

Елбасына күн туған шақта аудандық газеттер қандай мақияншылықтарға қарамастан тоқтаусыз жарық көріп тұрды. Шевченко аудандық «Колхоз жолы» газетіне 1941 жылдың қорытындысы бойынша 232 жұмысшы-ауыл тілшісінен 724 хат түскен болған болса, содан 533 хат газетке басылған. Тергеу орындарына 90 хат жөнелтіліп, тиісті жауаптар алынған. 101 хат кешігіп келуіне байланысты маңызы жойылғандықтан басылмаған. Жыл ішінде газеттің 156 саны жарық көріп әр саны 957 данамен жарық көрген. Газет редакторы Х.Тәреновтың жоғарғы органдарға жазған есебінде көрсетілгендей, Ұлы Отан соғысының тақырыбына арнап – 120, Отан қорын жасақтауға – 97, соғыс қимылын үйренуге – 130 және социалистік жарысты ұйымдастыруға арнап – 146 мақалалар берілген. Қызыл Армияға жылы киімдер жинауға аудан еңбекшілерін ұйымдастыруға редакция ұжымы белсене араласа отырып, 661 тон, 791 пар байпак, 290 фуфайкі,

516 құлақшын бөрік және 1732 жылы носки жіберілгені баяндалған. 1941 жылы Отан қорғау қорына 115 мың сом, 85 мың сом облигация, 150-ден аса ірі кара мал, «Қазақстан комсомолы» танк коллоннасын жасақтауға 20 мың сом және майдандағы жауынгерлер үшін 16 мың сомның сыйлығы жасақталып, жіберілген. Осылардың қатарында редакция қызметкерлері өз еңбекақылары есебінен 150 сом қосты [9].

Аудан көлемінде IV тоқсанға арналған баспасөзге жазылуды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінді, себебі 1941 жылдың 26 тамызы күнгі есеп бойынша Маңғыстау ауданының еңбекшілеріне «Социалистік құрылыс» - 203, «Прикаспийская коммуна» - 2, «Социалистік Қазақстан» - 53, «Казахстанская правда» - 3 және «Лениншіл жас» газеті - 16 данасы жаздырылып, барлығы 277 дана газет алынған. Алайда бұл көрсеткіш сол кездегі барлық сауатты адамдардың 5% қамтамасыз етті [10].

Қаһарлы жылдарда «Сталин жолы» және «Колхоз жолы» газеттерінің беттерінде сұм фашистерді аяусыз айыптаған аудан ақындарының өршіл өлеңдері жарияланып тұрды. «Колхоз жолы» газетінің 1941 жылдың 29 маусым күні № 70 (1127) санында С.Қисықовтың фашистердің қанқұйлы шабуылы басталғанда өзегін жарып шыққан ашу-ызасын былай деп төккен:

Фашист герман тарт қолыңды,

Қасиетті жерімнен,

Дән қараған соқыр тауық сұмырай,

Неге тайдың келісім,

Достық сөзіннен.

Қан бастыма көзінді,

Айдаған өлде ажалма,

Көрмейсің неге қарабет,

193 миллион елімді.

Қызыл ерлер кеменгерлер

Қайратын күшті асырып

Берекеңді қатты қашырып,

Сындырар мықтап белінді...,- деп, жырлады [11].

1922 жылы туған Жетібай Таңбаев «Майдандағы жауынгерге» атты өлеңінде:

...Егер маршал бұйрық берсе аттан деп,
Көк жүзінде қаптар сонда самолет.
Суда жүріп сүңгуір қайық корабль
Жерде жүйткір бронетанк, пулемет.
Сөйтіп олар алмақ болса бізден жер,
Жоқ қылар өзін жас жауынгер қызыл ер...,- деп жырласа,
Таушық селолық Кеңесінің Мұстахи Беймағамбетов «Біздің барлық ел дайын» атты өлеңін былай қорытындылайды:

...Құтырылған бандиттер,
Баспысы оның Гитлер,
Жоқ етілер дүниеден,
Жер бетінен сүртілер.
Болсада жаудың қандайын,
Жеңеміз біздер әрдайым.
Ұлы Сталин бастаған,
Біздің барлық ел дайын» [12].

Ал Ұлы Жеңістің хабары тиісімен Маңғыстау аудандық «Сталин жолы» газетінің 1945 жылы 1 мамыр күнгі №16 (162) бетінде Өтежан Алшымбаевтың «Жеңімпаз күш» атты өлеңі жарияланып, халқымыздың көптен күткен қуанышты жеңісіне арналған жүрек жарды тілегін былайша жеткізіпті:

«Бүгінгі тойды жыр ете,
Күйында киял жоғары үш!
Елімде, жеңіс мереке,
Бойымда шаттық қуаныш.
Қарсы алдық биыл жеңіспен,
Мерекелі майымды.
Жеріміз азат фашистен,
Қалпыма келді байырғы.
Өртеді жауды таптады,
Ашулы кектің жалыны.
Бейбіт күн келді бақтағы
Ашылды көктің жарығы.
...Ерлер жаудан босатқан,

Езілгендерге әл кіріп,
Жеңімпаз орын тарихтан,
Біздің ту алар мәңгілік!» [13].

Ұлы Отан соғысы жылдарында жаудан азат етілген елді мекен халықтарына қазақстандықтардың мол көмегі болды. Солардың сапында маңғыстаулықтар өз бастарындағы қиыншылықтарға қарамастан алдарындағы малдарын, қолдарындағы бағалы әшекейлерін шешіп берді, ақшалай қаржы жинады. Мысалы, Маңғыстау аудандық «Сталин жолы» газетінің 1943 жыл 22 сәуір күнгі № 12 (73) санында тілші М.Қозыбағаровтың «Қамқорлық күшейтіле береді» деген мақаладан осыны анық аңғарасыз: «Шетпе советі «Жаңа жол», «Ұшқын» колхоздарының колхозшылары мен колхозшы әйелдері жаудан босатылған аудандардың колхоздарына мал жиып беріп, қамқорлыққа алу жөніндегі инициативаны қызу қолға алды. Олар аз күннің ішінде 30 қой-ешкі жинап, семіртіп тапсыруға кіріскелі жатыр. Ауылда мал жинап беру жұмысы әлі қызу жүріп жатыр.

Сондай-ақ, ауыл еңбекшілері өздерінің арасынан кеткен жауынгер ұлдары Қызыл Армия семьяларына ұйымдасқан көмек көрсетуде. Жақында ауыл көлемінен 480 сом ақша, 43 килограмм астық, 1 әйел көйлегін жинап Қызыл Армия семьяларына берді. Бұл сияқты қамқорлықты колхозшылар бұдан былайда күшейте береді» [14].

Бүкілхалықтық патриоттық қозғалыстан ауданның оқу-ағарту саласының қызметкерлері де тыс қалмады. Елдегі соғыс салған қиыншылықтарға қарамастан мектеп оқытушылары оқу үдерісін үзбей өткізіп, ауылдағы қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. «Сталин жолы» газетінің 1944 жыл 6 сәуірдегі № 13(118) санында «Шахта орта мектебінде» атты мақалада ұжымның жұмысы баяндалып, соғыс жылдарындағы жас мұғалімдердің Қызыл Армия жауынгерлері отбастарына көмек бергені көрсетілді. Оқып көрелік: «Аудан орталығындағы Шахта орта мектебі 1943-1944 оқу жылына біркелкі тәуір әзірлікпен кіріскен еді. Мектептің ремонту қыс кезінде отынмен қамтылуы өткен жылдарға қарағанда анағұрлым жақсы болды. Мектепке тартылуға тиісті балалардың есебі толық алынды. Ата-аналар коллективі мектеппен тығыз байланыс жасап, көмектесіп отыратын болды.

Мектеп жетекшілері оқыту әдісін жақсарту мақсатында оқытушылардың сабағына жиі-жиі қатынасып олардың кемшіліктері методикалық мәжілістерде айтылып, кезінде жолға қойылып отырылады.

... Оқушы комсомолецтер күшімен аудан еңбекшілері арасына 9 рет пьеса қойылды. Оның 4 ақшалы, одан түскен қаржыға Қызыл Армия семьялары балаларына 33 байпак, 62 пар носки, 55 жылы көйлек, 72 пар жылы қолғап сатып алып берілді. Неміс басқыншыларынан азат етілген Ореал қаласының еңбекшілері мен Қызыл Армия семьяларына көмекке 1624 сом ақша жиналып берілді. Н.Есиев, мектептің оқу ісінің меңгерушісі» [15].

Қаһарлы жылдарда газеттің тірегі болған ауыл тілшілерінің хабарлары мен мақалалары тұрақты басылып тұрғанын жоғарыда атап көрсеткенбіз. Редакция қоржынына түскен хаттар мазмұнының аясы көбіне колхоз өмірі мен оқу-ағарту саласы болғанмен олардан тылдың майданға қосқан сүбелі үлесі болғаны анық көрінді. Газеттің штаттан тыс тілшілерінің бірі С.Берниязовтың 1945 жыл 5 мамыр күнгі № 17 (163) санындағы «Газет өміріне үнемі араласып келемін» деген мақаласы осының айғағы. «Мен «Сталин жолы» газетінің өміріне өткен жылдан бері көбірек араласып келемін. Бұл газетке көбіне екі мәселеден жазып келемін. Бірінші тақырыпта ағарту, екінші тақырыпта колхоз өмірі туралы. Газетке мақала жазуда ең алдымен жауаптылық, ұқыптылық, шындықты жазуды өз алдыма міндет етіп қойдым. «Сталин жолы» редакциясы қалай жазу керек, нені жазу керек, кезекте тұрған мәселелер не, осы жөнінен ауызша, не хат арқылы көмек беріп отырды. ...Алдағы уақытта газет өміріне араласудағы кемшіліктерімді жойып, газетке мектеп пен колхоз тұрмысын үнемі жазып тұруға уәде беремін» [16].

Отты жылдарда Маңғыстау ауданында баспасөз ісін ұйымдастыруда аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болған Хайролла Әлібаевтың ерекше еңбегі болғаны мұрағат құжаттарында айқындала түсті. 1945 жылы Ұлы Жеңіс күні қарсаңында жоғары еңбек көрсеткішке қол жеткізгені үшін Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет Грамотасына ие болды. Шевченко аудандық «Колхоз жолы» газетінің жұмысын соғыс жылдарында қайта құрып, майдан мен тылдағы айбынды ерлердің ерен еңбегін оқырмандарға жеткізуге басшылық жасаған редакторлар Х.Тәренов, М.Шахшаевтардың есімдерін ерекше атап өткеніміз

жөн.

Қорыта келгенде, Маңғыстау аудандық «Колхоз жолы» және «Сталин жолы» газеттері Ұлы Жеңіске лайықты үлес қосты, неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресте зор саяси, ұйымдастыру, насихат жұмысын жүргізді.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

1. Мәдибаев С. Қала еңбекшілерінің ызасы; Ғалымжан. 3000 адам қатынасқан митинг // Колхоз жолы. – 1941. – 23 маусым.
2. Сабырбаев Р. Қара ниет фашистерге екі есе соққымен жауап береміз // Колхоз жолы. – 1941. – 25 маусым.
3. Сейталиев Т. Жауынгерлер үшін жылы киімдер // Колхоз жолы. – 1941. – 29 қыркүйек.
4. ҚР ПМ 708-к., 5/1-т., 641-іс, 35-п.
5. МОММ 9-к., 2-т., 7-іс. 155-п.
6. МОММ 9-к., 2-т., 2-іс. 42-п.
7. АОММ 1-к., 1-т., 488-іс, 40-п.
8. АОММ 1-к., 1-т., 805-іс, 253-п.
9. МОММ 186-к., 1-т., 413-іс, 22-п.
10. МОММ 17-к., 1-т., 669-іс, 14-п.
11. Қисықов С. Тарт қолыңды // Колхоз жолы. – 1941. – 29 маусым.
12. Таңбаев Ж. Майдандағы жауынгерге; Бимағамбетов М. Біздің барлық ел дайын // Колхоз жолы. – 1941. – 9 шілде.
13. Алшымбаев Ө. Жеңімпаз күш // Сталин жолы. – 1945. – 1 мамыр.
14. Қозыбағаров М. Қамқорлық күшейтіле беріледі // Сталин жолы. – 1943. – 22 сәуір.
15. Есиев Н. Шахта орта мектебінде // Сталин жолы. – 1944. – 6 сәуір.
16. Берниязов С. Газет өміріне үнемі араласып келемін // Сталин жолы. – 1945. – 5 мамыр.

Сұрақтар:

1. Соғыстың басталғаны туралы хабарды маңғыстаулықтар қалай қарсы алды?

2. Аудандық «Сталин жолы» газеті қалай ұйымдастырылды?
3. Редактор Мендеш Жәрдемөв туралы не білеміз?
4. «Колхоз жолы» газетінің соғыс жылдарындағы атқарған қызметі қандай болды?
5. Ауданның жас ақындары шығармаларында отан қорғау ісі қалай бейнеленді?
6. Маңғыстаулықтардың Отан қорғау қорына қосқан үлестері қандай болды?
7. Кітапханадан Маңғыстау түбегінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік еңбектері туралы шығармаларды тауып, реферат әзірлеу.
8. Ауданның баспасөз саласына зор үлес қосқан Х.Әлібаев, Х.Тәренөв, М.Шахшасөвтер туралы мәліметтер тауып, реферат әзірлеп әкелу.

3.8. ЛИТО – катал цензура

Баршаға мәлім, соғыстың алдында Сталиннің жеке басына табынушылық зардаптары баспасөзге де үлкен зауал әкелді. Мансапақор элементтер мұны адал журналистеге жала жабу үшін пайдаланды. Ешбір кінәсі жоқ адамдар жазықсыз зардап шегіп, алды «үштіктің» үкімімен атылды, арты итжекенге айдалды. Тоталитарлық-өкімшілік жүйенің нығаюы баспасөз бетінде партиялық жолдастардың арасында іріткі салып, өзара ғайбаттау науқан алды. Күндіз жұмыста болған журналистер түнімен бірінің сыртынан бірі жоғарғы басшыларға арыз жазу, өтірік айту науқан алды. Мысалы, бұған сол бір сталиндік зобалаң кезіндегі облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің жауапты редакторының орынбасары Ғ.Аманғалиевтың төмендегі хаты дәлел:

«Окружком КП(б)К тт. Утеғалиев, Сидорову.

Докладная записка.

Сегодня осуждения и снятия за преступную деятельность редактора газеты «Социалды Құрылыс» Қожахметова прошел уже месяц, но до сих пор газета без редактора и без укомплектования соответствующими про-
вранными людьми.

До сих пор работал зав. партотделом редакции Несибекөв, не раз исключившийся на партии и оказавшийся членом антипартийной националистической «группы 16», а потому дальнейшее пребывание его на работе в редакции «СК» считаю невозможными.

Редакция получила от окружкома КП(б)К, кандидата ВКП(б) Мухамбетова Тулегена, присланного не а порядке укомплектования, а случайно. Его тоже придется проверить, так как имеются сигналы, говарующие о его с врагами народа - Хангеревым, Мендалиевым и др.

..Я лично предлагаю свое мнение:

1. Редактором надо посадить из окружкома тов.Тюлебаева, как окончившего газетное отделение КомВУЗа.

2. В поселке Тополи Испульского района, работает учителем комсомолец Изимбергенев К., хороший газетный работник. Он уволился от нас из-за грубости бывшего редактора Кожахметова. И за не представление течение 2 года квартира.

3. На консервном комбинате работает член ВКП(б) Марданов и в окружкоме - Ильясов, которые могут быстро стать хорошим журналистом.

...Зам.отв.редактор: (Амангалиев) [1].

Ұлы Отан соғысы жылдарында газет пен радиоға компартияның тоталитарлық-әкімшілік билігінің орнығуы күшейе түсті. Әрине, «жау жағадан алғанда, бөрі етектен тартпасын» деген ұстанымда болған шығар?!

Гурьев облысында да баспасөздегі құпияны сақтау бөлімі (лито) жоғарғы партия органдарының нұсқауларын басшылыққа ала отырып, еліміздің қас дұшпандары идеологиялық күресте мерзімді баспасөз деректерін пайдаланып кетпеуді қатаң ұстады. 1940 жылдың басында КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің баспасөздегі әскери құпияны сақтау бөлімінің төтенше өкілі және Баслита басшысы Н.Садчиков еліміздің барлық аймағына төмендегідей құпия қатынас хат жолдаған: «Қорғаныс Халық Комиссары атап көрсеткендей, әскери ұрыс қимылдарын баспасөзде жариялағанда ақ финдерге қарсы Қызыл Армия жауынгерлерінің, бөлімдерінің және қарсылыстарымыздың соғыс тактикасы нақты көрсетіліп отыр.

Дұшпандарымыз біздің баспасөзде жарияланған Қызыл Армия бөлімдерінің әскери ұрыс қимылдары нұсқауларын пайдаланып, олар өз әдістерін өзгертулері мүмкін. Осыған байланысты төмендегідей нұсқауларды ұсынамыз:

«Ақфиндерге қарсы ұрыс даласындағы біздің әскери бөлімдеріміздің, жеке жауынгерлердің соғыс әдістерін, сондай-ақ олардың бізге қарсы

қолданған әдістерін баспасөз бетінде баяндауға тиым салынады. Дұшпан әдістері көрсетілмесін. Майданнан жазылған жауынгер хаттары жергілікті баспасөзде жарияланбасын» [2]. Одан әрі әскери бөлімдерден немесе жұмысшы-шаруа милиция қызметкерлерінің қоймадан әскери ату құралдарын ұрлау фактілерін жазуды доғару қажет деп тапқан. Мұндай фактілерді дұшпандарымыз саяси идеологиялық күресте пайдаланып кететіндігі қатаң ескерілді.

Осындай мазмұндағы нұсқаулармен қаруланған әскери цензорлар облыста жарық көрген газеттердің әр бетінде жарияланған мақалаларды тексеріп, өндірістік объектілердің тұрған жері, өнім өндіру көрсеткіштері, адам күштері және т.б. мәліметтерді құпия ұстауға қажет болды. Бұл тақырыпқа қалам сілтеген журналистер от пен судың ортасында қалғандай еді. Сондықтан әр мақаланы жазған журналистер ертеңі күні тағдыры не болар деген үмітте отырды. ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы баспасөз және әдебиет істерінің жоғарғы басқармасының (Главлит) әскери цензоры Химичтің Гурьев облыстық лито бастығы Жұмағұловқа жіберген 1940 жылы 12 наурыз күнгі №77 қатынас хатында «Прикаспийская коммуна» газетінде жазған Гурьев өзен пристаны арқылы жүк тасымалдау көрсеткішін жазғанда деректерге мұқият болуды ескерткен.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында Гурьев облыстық баспасөз және әдебиет істері (лито) бөлімінің жұмысына тоқтала кетсек: 1941 жылдың 1 тоқсанында осы бөлімде 8 босатылған жауапты қызметкер, 7 адам қосымша жүктеме арқылы барлығы 15 адам еңбек етті. 1940 жылы Маңғыстау ауданындағы цензор мәселесі 1941 жылдың басында шешілетін болып келісілген. Осылардың ішінен тек қана 3 қызметкер: есепші, хатшы және курьерден басқалары партия мүшесі болған. Облитоның бастығы қызметін Шүкірғалиев атқарды. Аталмыш бөлім жоғарғы органдардан келген нұсқауларды жергілікті жердегі жауапты қызметкерлерге жеткізе отырып, баспасөздегі құпия мәліметтердің жарияланбауын күндіз-түні бақылаумен отырды.

Талапқа сай, барлық газеттердің идеясы – партиялық талаптарға бағындырылған, емле жағынан өте сауатты, сыртқы-ішкі көркемдігі өдемі болуы редакция ұжымының іскерлігіне, мамандықтарына байланысты бо-

латын. Байқаусызда кеткен қате бір әріп, бір тыныс белгісі, полиграфиялық сәл ауытқулардың артында көп жауапкершілік тұрды. 1941 жылы наурызда Гурьев облыстық баспасөз және әдебиет істері (лито) бөлімінің бастығы Шүкіргалиев Мақат аудандық НКВД-не «өте құпия» белгісімен төмендегідей хат жолдаған: «Сіздің Мақат ауданындағы төмендегі болып отырған кемшіліктерді жою жөнінде көмек етуіңізді сұраймын.

1. Аудандық газет «Большевиктік Эмба» («Социалистік Ембі» – Қ.С.) газетінің редакторы Ізтелеуов жолдас газетті цензорсыз шығаруға болмайтынын және оған өзінің құқығының жоқ екенін біле тұрып, 23 февраль және 26 февраль күнгі газеттерін цензорсыз шығарып жіберді. Екіншіден, цензордың жасырын сақталатын нөмірін өз бетімен жіберген. Міне бұл өкімет заңын бұзғандық.

2. Бұрынғы аудандық лито Құлтасов жолдас мемлекеттік құпия сөздерді сақтау жөнінде еш қандай жұмыс істемей келген. Мысалы, газетті оқымай нөмірге қол қоюға болмайтынын редактор Ізтелеуов жолдас жақсы біледі. Халық жауларының кітаптарынан кітапханаларды тазалау жөніндегі главлитоның бұйрықтарын кім көрінгенге, промыслдағы Тасбаев, Кузнецев дегендердің қолдарына беріп жіберген. Тағы басқа бірнеше кемшіліктер көп.

3. Аудандық радио комитеті цензорсыз материалдар жариялайды. Міне осы сияқты қылмыстардың кең өріс алуына аудандық партия комитетінің секретары Калашник жолдас көмектесіп отыр.

Осымен қылмысты адамдарды тиісті жолмен жазаға тартуыңызды сұраймын» [3]. Міне, осы жолдарды оқи отырып, газетті рұқсатсыз шығарған адамдарға НКВД арқылы жаза қолданудың соңы түрмемен аяқталатыны белгілі еді.

Аупартком бюро мәжілісінде жан-жақты тексерілген саяси сауатты, білімді адамдар газет цензорлығына беркіліп, олар көрсеткен кемшіліктер шұғыл талқыланды. Осы төртінтік жүйемен 1941 жылы 8 шілде күні Теңіз аудандық «Балықшылар үні» мен «Красный Каспий» газеттерінің цензоры болып, 1939 жылдан партия мүшесі, Наурызалиев Темір тағайындалды. ҚК(б)П Теңіз аудандық комитетінің 1941 жыл 14 шілде күні өткен №89 бюро мәжілісінің §5 бабымен облыстық цензор Жантасовтың жеделхатында көрсетілген олқылықтар талқыланады. Атап

айтқанда, «Балықшылар үні» газеті (редакторы Байменов) 1941 жылы 3 шілде күнгі Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің төрағасы И.В.Сталиннің радио арқылы Кеңес халқына арнап сөйлеген сөзін 8 шілде күні бергенде екі қате жіберіп, газеттің 10 шілде күнгі саны 40 данаға кем шығарылған. Осылайша оқырмандар қолына газет жетпей қалған. Қабылданған бюро мәжілісінің қаулысымен «Балықшылар үні» газетінің редакторы Байменов Бантайға жоғарыда көрсетілген кемшіліктерге жол бергені үшін бетке басылған партиялық ескерту беріліп, шығарылатын газеттің сапасы мен мазмұнын жақсартуға тапсырмалар міндеттелді [4].

Ұлы Отан соғысы жылдарында бұқаралық ақпарат құралдарының тасқынын тудыратын радио мен телефондар жұмысына да қатты шектеу қойылды. Себебі дұшпандық пиғылдағы адамдар жергілікті билеуші өкіметке берілген кез келген хабарды немесе жеделхаттар мазмұнын біліп қоймауы тиіс болатын. Еңбекшілер халық депутаттары Гурьев атқару комитетінің төрағасы Қ.Тастайбековтың 1941 жыл 22 қыркүйегіндегі №33/25 шешіміне сай, радио-телефондар арқылы құпия хабарларды беруге тиым салынды. Облыстық байланыс басқармасының бастығы Бердықұловқа бұл байланыс жүйесіне қатаң бақылау орнатып, орын алған кемшіліктер болса абонентті байланыс жүйесінен айыруға міндеттеді. Облыстық тергеу-тексеру органдарына мемлекеттік құпияны радио-телефон арқылы берген қызметкерлерді қылмыстық жауапкершілікке тарту тапсырылды [5].

1941 жыл 1 қараша күнгі №259 санында облыстық «Социалистік құрылыс» газетінде Қызыл Армия қатарына баруға бас тартқаны үшін партия қатарынан шығарылған адамдардың тізімі жарияланып кеткен. Бұл хабар бұқара арасында саяси жұмыстар жүргізуге кедергі жасаған үлкен қателік деп табылды. ҚК(б)П Гурьев обкомы бюросында арнайы талқыланып, жауапты жолдастар цензор О.Төлешев пен газет редакторы С.Сауырғалиевтарға партиялық жаза қолданылды. Көп ұзамай Қазақстан КСР Халық Комиссарлар кеңесі жанындағы әдебиет пен баспасөз ісі Бас басқармасының 1942 жыл 2 қаңтардағы №1/2 бұйрығымен «Социалистік құрылыс» және «Прикаспийская коммуна» газеттерінің цензоры О.Төлешев жұмыстан босатылды. Берілген бұйрықта аталмыш екі газеттердің беттерінде «баспасөзде ірі әскери-экономикалық құпия

мен саяси қате материалдардың жарияланғаны үшін» деген сын тағылды. Облыстық литоның бастығы Оңалбаевқа тез арада осы газеттер үшін саяси сауатты, ұқыпты маман табу міндетелді.

Бейбіт өмір сүріп жатқан еліміз үшін тұтқиылдан шабуыл жасаған опасыз жаудың қолында көптеген өнеркәсіп орындары қалды. Жау басып алған немесе майдан шебіне жақын маңдағы 10 млн. адам және 1523 өнеркәсіп орны, оның ішінде ірі 1360-ы, шығысқа, соның 220-ы Қазақстан жеріне көшірілді. Олардың арасында Гурьев қаласындағы Петровский атындағы зауыты да бар еді. 1941 жылы 16 тамыз күні КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен компартия болашақ жұмыстарына арналған «Соғыс-шаруашылық жоспарын» бекітті. Жоспар бойынша көшірілген өнеркәсіптерді тезарада іске қосу, майданға қажетті өнімдер шығаруды молайту шаралары белгіленді. Бұл науқан қатаң құпия түрде жүзеге асты. Сондықтан баспасөз бетінде әскери және мемлекеттік құпия тізімдер бойынша, эвакуацияланған зауыттар мен тұрғындар, жаңадан іске қосылған өнеркәсіп орындары, әскери бөлімдердің жасақталуы жайлы хабарлар берілуіне тиым салынды. ҚК(б)П Гурьев облыстық комитетінің хатшысы С.Төлебаев 1942 жыл 19 қаңтар күнгі №11/9 қатынас хатымен барлық аудандық газет редакторларына осы директиваны басшылыққа алуға нұсқау берген [6].

Баспасөз және әдебиет істері (лито) бөлімінің қызметінің түрі саналуан бағытқа жүрді. Темірдей тәртіп баспасөзге ғана емес облыстық литоның өз ішінде де орнады. ҚазКСР баспасөз бен әдебиет істерінің Бас басқармасының 1942 жыл 21 мамыр күнгі § 6 нұсқауына сай облыста 2 адамнан тұратын: обллитоның бастығы мен облыстық газеттің цензорынан құрылған комиссия құрылды. Олар қысқа мерзім ішінде облыстағы барлық құпия бөлім іс-қағаздарын бір жүйеге келтірді. Уақтылы кезеңдегі жауапты жұмыстарының қорытындыларын шығарды. Сондай-ақ, аудандық құпия бөлімдердің атқарған қызметіне баға берілді. Мысалы, сол жылғы «Социалистік Ембі» газетінің № 735-764 сандары цензорсыз жарық көрген. Жоспар бойынша аудандық газет айына 9 рет шығуға тиіс болатын, бірақ редактор бұны ескермеген. Бақсай аудандық бөлім бастығы Е.Ерекенов және Жылқосы ауданының төтенше уәкілі мамыр, маусым айларындағы белгіленген форма бойынша есебін тапсырмаған

болып шыққан. Аудандық «Социалистік Эмба» газетінің сол жылғы 11 маусым күнгі № 45 санында 44 орфографиялық, грамматикалық қателер, 14 маусымдағы № 46 саны 48 қателер, 22 маусым күнгі 48 саны 69 қателер табылған. Осындай кемшіліктерге жол бергені үшін газеттің жауапты редакторы Түрекенов пен аудандық цензор Отарбаевтың партиялық мәселелері ҚК(б)П Гурьев облыстық комитетінің бюросына ұсынылды.

Баспасөздегі құпияны қатаң сақтаудың ережелері жоғарғы партия ұйымдарының қатаң бақылауында болды. Жасалған тексеру нәтижесі көрсеткендей, әскери және мемлекеттік құпия деп танылған мәселелер газет беттерінде үнемі жарияланып отырған. Бұл жұмысқа жауапты лито қызметкерлерінің салақтығы бетке басылды. ҚК(б)П Гурьев обкомы насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Бабиннің аудандарға жіберген катынас хатында осы мәселелерге кеңінен тоқталады: «Жылқосы аудандық «Социалистік ауыл» газетінің 1942 жыл 2 қараша күнгі санында Қосшағыл кәсіпшілігіндегі Ұлы Қазан мерекесіне арналған мұнай өндіру көрсеткіштері көрсетілген. Дәл осындай кемшіліктер Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетіне де тән. Екі газет беттерінде партия билеттерін жоғалтқан хабарлар басылған. Есбол аудандық «Социалистік мал шаруашылығы» газетінің 1942 жыл 21 қараша күнгі санында «Ауылмен күрестің шаралары» атты аудандық атқару комитетінің шешімі жарияланған. Дәл осындай Теніз аудандық атқару комитетінің қаулысы 1942 жыл 25 қараша күні «Красный Каспий» газетінде берілген.

Бір бөлек газеттер (Бақсай, Есбол аудандарында) беттерінде партия мен үкімет басшыларының аты мен фамилиясы ашық жарияланып, 1942 жыл 22 ақпан күнгі санында басылған Қызыл Армия жетекшілерінің суреттері мен сөздері түсініксіз берілген» [6, 76- іс, 8- п.]. Одан әрі аудандық цензорларға басылым беттерінде осындай кемшіліктерді жібермеуге міндеттеген. Аудандық газет редакторларын жариялауға жатпайтын материалдар тізімімен таныстыру жүктелген.

Сұрапыл жылдарда лито қызметкерлеріне ерекше артықшылықтар берілді. Себебі идеологиялық майданның басты қаруы болған БАҚ құралдарына қатаң бақылау орнатып, олардың жұмысында әркез саяси қателіктердің болмауына жол берілмеу керек еді. Бұл саяси күрес тылдағы үлкен майданға айналды. Міне, осы міндет тұрғысынан лито

қызметкерлері тылдағы экономикалық өндірістің ең үлкен тамырына айналған майданға қажетті мұнай, көмір, темір, қорғасын өндіретін зауыттардағы жұмысшылар секілді броньге ие болды. 1942 жыл 16 мамыр күнгі Мәскеудегі Баслитоның құпия бөлімінің арнайы жіберген хатында республикамыздағы кейбір облыс цензорлары әскерге шақырылмай, ерекше үстемдікпен тылда қалдырылды. Атап айтқанда: Павлодар, Гурьев, Ақтөбе, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Семипалатинскі, Оңтүстік Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстары [3, 1-іс, 7-п.].

Алайда бұл жеңілдікке ие болмаған аудандағы лито цензорлары Қызыл Армия қатарына шақырылды. 1942 жылы 3 маусым күні Жылқосы аудандық литоның уәкілі Ж.Сақпановтың соғысқа кетуіне байланысты оның орнына ҚК(б)П аудандық комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқау бөлімінің бастығы Ж.Тасқарин беркіледі. Ал оның орынбасарлығына штаттан тыс насихатшы Ж.Оспашин тағайындалады [7].

Ұлы Отан соғысы жүріп жатқанда әскер қызметіндегілердің отбасыларына, Отан соғысының мүгедектерін еңбекке және тұрмыс жағынан орналастыру жөнінде, оларды азық-түлікпен және ең керекті тауарлармен қамтамасыз ету жөнінде үнемі қамқорлық жасалды. 1943 жылы 22 қаңтарда ВКП(б) Орталық Комитеті жергілікті жердегі кеңес төрағалары мен партия ұйымдарының жетекшілеріне әскери қызметшілердің отбастарына материалдық көмек көрсету жөніндегі жұмысты жақсартудың шаралары туралы қаулы қабылдады. Атырау облысында да жауынгерлердің отбасы мүшелері жұмысқа орналастырылды. Соғыс мүгедектерінің басым көпшілігі жаңа мамандықты меңгеріп, жұмысқа орналастырылды. Оларға ақшалай жәрдем көрсетіліп, пенсия тағайындалды. Дегенмен редакторларға баспасөз бетінде осы тақырыпқа қатысты кейбір мәселелерге назар аударуды талап етілді. ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы баспасөз әдебиет істерінің жоғарғы басқармасының (Главлит) басқармасы бастығының орынбасары Змиевскаяның 1944 жыл 5 қаңтар күнгі Гурьев обллита бастығы Крайновқа берген №6 құпия қатынас хатында осындай отбасыларға көмектерді берудегі кемшіліктерге тоқталды. Одан әрі баспасөздің бетінде мемлекет тарапынан берілетін көмектер немесе туғызылатын қолайлы жағдайлар жаппай берілмей жатыр деген хабарларды баспауға тиым салынған [3,1-іс, 6-п.]. Лито

басшыларының осылайша сақ болуды ескерткені бұқара халық арасында теріс пікір қалыптаспасын деген ұғымнан туса керек. Қаһарлы жылдарда саяси-үгітке ерекше көңіл бөлініп, жоғарғы компартия органдарының тиісті қаулылары арқылы бұл жұмысқа жаңа нұсқаулар берілді. Әсіресе, жергілікті республикалық, өлкелік, облыстық және аудандық баспасөз беттерінде, радиода діни адамдардың сөз сөйлеуіне тиым салынды.

Жарық көретін туындының газет бетінде сапалы шығуы үшін редакция ұжымы жан-жақты жұмыстанады. Барлық материалдар әдеби-стилистикалық өңдеуден өткізіліп, басылымның тілі мен стилі оқырманға әрі ұғымды әрі түсінікті болуы шарт. Редакциядағы ең ауыр, жауапты жұмыс осы кезең болып табылатынын барлық журналистер жақсы біледі. Алайда газет қызметкерлерінің жауапсыздығы, өндіріске немқұрайлылықпен қарауының соңы басылымның сәтсіз шығуына әкеп соқтырады. Мақат аудандық литоның төтенше өкілінің облысқа берген 1944 жыл 1 қаңтар мен 30 маусым аралығындағы жарты жылдық есебінде газеттердің сапасыз жарық көретіндігі қатты сынға алынып, төмендегідей орын алған кемшіліктерді атап көрсеткен: «Өткен жылдарға қарағанда жақсара түскен жұмысымызда кейбір кемшіліктерге жол берілді. Атап айтқанда 1 саяси қате кетті. Осыған байланысты қатты жауапкершілікті күшейте отырып, аудандық газеттер бетінде қате кетпеуі қадағалана түсті. Алайда газет бетін көркемдеуге редакторлар салақтыққа жол беріп отыр. Мысалы, «Нефтянник» газеті ұқыпты безендерілмейді. Биылғы жылдың 11 март күнгі газетке «11 март деп көрсету орнына апрель» деп кеткен, мен осыны анықтаған тұста газеттің 925 саны почтаға жіберіліп үлгерілген. «Социалистік Ембі» газетінің бір санында «жексенбі» деу орнына «сейсенбі» делініп кеткен. Шындығында, цензордың міндетіне газет бетіндегі қателерді табу жатпайды, оны анықтау газеттің жауапты редакторларының міндеті. Біздікі саяси қателерге жол бермеу. Алайда 6 айдың ішінде мен ешқандайда саяси қате таппадым, бірақ орфографиялық-грамматикалық қателер кететінін анықтадым» [3, 2- іс, 3- п.]. Газет қызметкерлерінің еңбегі - қиын да, ауыр да, мазасыз еңбек екенін осыдан аңғарарсың. Сондықтан олардан үнемі қырағы болу қажеттігі талап етілді. Редакцияда машинкада басылған қолжазба түпнұсқаға айналады. Оны үстінен қайыра оқытып, өндіріске жіберу үшін осы жұмысқа маманданған

корректорлар жауапты. Түпнұсқаны баспаханаға тапсыратын корректор қолында «Орфографиялық сөздік» пен басқа да корректорларға көмекші құралдар болуға тиіс болатын. Алайда сол кезде мұндай жағдай оларға туғызылмады, сондықтан газет бетінде аталған кемшіліктердің кетуі заңды құбылыс еді. Білімі жоқ адамға қателерді жөндеп, тыныс белгілерін ретімен қою, түпнұсқаны баспахана талабына орай өңдеу қиынға соғатын. Баспахананың материалдық жұтандығы, қаріп гарниутарларының жоқтығы, қағаздың сапасыздығы бәрі де соғыс уақытында түзеуге болатын оңай шаруа емес болатын.

Мақат ауданындағы орыс тілінде жарық көрген «Нефтяник» газетінің (редакторы Бурыкин) сапалы да, сауатты жарық көруіне ҚК(б)П Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Степановта қатты алаңдаушылық білдірді. Орталық Комитеттен облысқа, ауданға келіп түскен 1944 жыл 10 мамыр күнгі № 971 қатынас хатында анық көрініс тапқан: «Сіздерге «Нефтяник» газетінің (ҚК(б)П Мақат ауком үні) нашар көркемделген және көптеген грамматикалық, стилистикалық қателерге толы, көмескі басылған және сапасыз жарық көрген 3 санын жіберіп отырмыз. Мысалы, газеттің осы жылғы 19 ақпан күнгі санында 30 қате, 27 наурызда - 25 қателер кеткен. Газеттің тілі құрғақ, тартымсыз және жатық емес. Мұндай газеттер сауатсыздық пен мәдениетсіздікті көрсетеді. Ол еңбекшілер арасында саяси жұмыстардың басты құралына айнала алмайды.

«Нефтяник» газетіне аталған ірі кемшіліктерді жоюдың шарасын алуға терең ықпал жасауға көмек беру сұралады» - деп, одан әрі газет жұмысына басшылықты арттырып, бақылауды күшейту міндеттелеген [6, 122- іс, 20- п.].

Күн сайын жарық көретін басылымдарға жан-жақты шолу жасап отыру газеттердің сапасы мен мазмұнын арттыра түседі. «Соңғы поштадан» деген атаумен берілетін шолуда газеттердің күнделікті істерінде кездесетін кемшіліктерде қатты сыналады. Оны жоюдың жолдары көрсетіледі. Республикалық «Казахстанская правда» газетінің цензоры Герман Гурьев облыстық «Прикаспийская коммуна» газетінің 1944 жыл сәуір-мамыр аралығында жарық көрген сандарына шолу жасап, жоғарыда атап көрсеткендей кемшіліктерді анықтаған: «Просмотрены номера газеты с

№ 66 по №109 (включительно) за исключением №№ 68, 69, 72, 80, 106, 107, т.е. все апрельские и майские № № без перечисленных шести.

В просмотренных 38 номерах обнаружены следующие ошибки и нарушения: № 87 за 30/IV в заметке «Стахановский труд железно-дорожников» раскрывается средняя техническая скорость поезда. Там сказано: «...Коллектив паровозного депо Гурьев, Оренбургской дороги, добился значительных успехов» ...«При норме технической скорости 31 клм.в час бригада довела скорость до 34,2 клм.в час». Сведения о технической скорости поездов на железных дорогах запрещено публиковать в печати § 41 ДВП. Следовательно, разрешив в печать эти сведения, цензор допустил ошибку.

В №91 за 6/V в отчете о партсобрании на Гурьевском машиностроительном заводе был раскрыт масштаб этого завода и количество выпускаемой им продукции (как плановое так и фактическое. В статье сказано: «машиностроительный завод, где директором тов.Зейде выпускает в месяц 8-9 моторов вместо 17-18 мотров. В кузнечном цеху из 7 паровых молотов работает 1».

Публикация в газете таких сведений является нарушением § 45 ДВП.

В № 83 от 25/ IV в статье «Займы социалистического государства» было напечатано: «Народы Советского Союза... всегда готовы пойти на любые жертвы во имя победы над ненавистным врагом. Один надо бы: «одним» - с.г. из ярких примеров этого является выделение средств трудящихся из личных доходов и сбережении в займы государству».

С каких это пор подписка на государственные займы является жертвоприношением советских граждан? Такая установка политически неправильна и вредна. Неужели нельзя было обойтись без такого «обоснования»? Ведь в этой же статье через несколько абзацев говорится: «Все это (перед этим был приведен ряд примеров активного участия трудящихся в займах) говорит о неисчерпаемой (повидимому, хотели сказать «неисчерпаемости») нашей экономической возможности и решимости трудящихся города и деревни – приблизить час окончательной победы». А через 5 дней газета писала: «Государственные займы приносят значительной доход населению».

Таким образом совершенно ясно, что можно было обойтись без лишне-

го и вредного в данном случае упоминания о жертвах» [3, 2- іс, 10 - п.]. Бұдан әрі анықтамада мұнай саласындағы техникалық оқуды, скважиналарды жөндеудегі техниктер мен жұмысшылардың ісін көрсетуде «Прикаспийская коммуна» газетінің жұмысы баяу екендігін атап өтілген.

Облыстық баспасөз және әдебиет ісі бөлімінің қызметкерлері аудандық газеттерге шолуды тұрақты жасап, орын алған кемшіліктерді жоюдың шараларын көрсетіп отырған. Әсіресе, баспаханалардағы әріптердің әбден мүжілгендігінен газет шығаруда үлкен қателіктер орын алды. Мысалы, «ү» әрпі сол кезде «у» әрпінің үстіне бір сызықша қойылып жазылатын. Баспаханадағы ағаш әріптерінің мүжіліп тозғандығы мен машинаның қатты айналуынан сол сызықша кейде ұшыпта кететін. Соны қателіктіктерге соқтыратын. Бұл жөйт 1944 жыл 17 қараша күнгі облыстық литоның «Гурьев облыстық аудандық газеттерге жасаған шолуынан» анық аңғарылады: «ҚК(б)П Бақсай аудандық комитетінің тілі «Ленин жолы» газетінің 1944 жыл 12 октябрьдегі санында «ұлы халық ақыны» деген сөз «ұлы» деген сөз «улы» деп кеткен. ҚК(б)П Мақат аудандық комитетінің тілі «Нефтянник» газеті бұрынғы жіберілген қателіктерді жойған, алайда ҚК(б)П ОК X-XI пленумдарының шешімдерін жүзеге асыру бағытына арналған материалдарды жариялағанда орфографиялық және грамматикалық қателерді жіберу орын алған және цензорлардың қарау міндетіне кірмейтін газетті мәдениетті безендіру ісі төмен қалып отыр.

Тексеру қорытындысы көрсеткендей, облыстық литоның төтенше өкілінің анықтауынша аудандық баспаханалар газетті сапалы жарық көруіне жауапкершілік танытпайды. Маңғыстау аудандық «Сталин жолы» газеті жаңа әріппен басыла тұрса да, сапасыз басылып отыр. Баспахана жұмысына қатаң цензорлық бақылау орнату қажет» [3, 2- іс, 29-п.].

Ұлы Отан соғысы жылдарында баспасөзде жасаған қызметкерлердің өмірі оқ пен оттың арасында тұрды десек ешқандай қателеспеген болар едік. Газеттің әр саны кемшіліксіз шығуы үшін олардан жауапкершілік сұралды. Әсіресе, үнемі газеттің бірінші бетіне басылатын И.В.Сталиннің суреті клишесінің тозғандығы оларға басына бұлт үйірді. ҚК(б)П Гурьев облыстық комитетінің хатшысы С.Төлебаевтың 1944 жыл 14 наурыз күнгі аудандық газет редакторларына жіберген қатынас хатында осыны

ескертуді ұмытпапты: «Соңғы уақытта аудандық газет редакторлары тарапынан жауапкершілік сезілмегендіктен Сталин жолдастың портретінің клишесі сапасыз басылу фактісі бар, осы жылғы 23 ақпанда «Красный Каспий» газетінде теріс күйінде басылған. Дәл осындай кемшілік 26 ақпан күнгі № 9 санында тағыда қайталанған.

Ал, бұған керісінше «Балықшылар үні» газетінде осы жылғы 23 ақпан күнгі жолдас Сталиннің клишесінде ешқандай кемшіліктер болмаған. Кенестер одағының маршалдары да сәтті берілген. Бұдан шығатын қорытынды газет редакторлары тарапынан баспашылар жұмысына бақылаудың жоқтығы, олардан жауапкершілік талап етілмейтіндігі. Клишелердің сапасыздығы «Нефтяник» және «Социалистік Ембі» газеттерінің тарапынан да орын алған. ҚК(б)П обком газет редакторларынан, аупаркомның насихат-үгіт бөлімінен, газет цензорларынан жолдас Сталиннің клишесі басылған бірінші данасын жеке қадағалауды тапсырады.

ҚК(б)П обком Сіздерді жіберген кемшіліктер үшін қатаң жауапкершілік сұралатындығын ескертеді» – деген [6, 122- іс, 11- п.].

Қорыта келгенде, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жеңіс жолында баспасөз және әдебиет істері (литө) бөлімінің қызметінің де өз уақытында атқарған рөлі зор болды. Темірдей тәртіп болмаған жерде, жұмыстың нәтижелігі болмайтыны баршаға аян. БАҚ-қа орнықтырылған партиялық тәртіптің кейбір кезде «шаш ал десе, бас алатынның» кезіне кезіктіргенімен, оның бағыты жалпы мақсатқа тек қана Ұлы Жеңіске жұмылдырылды.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

1. АОММ 2-к., 1-т., 858- іс, 131- п.
2. АОММ 152-к., 2-т., 1- іс, 30- п.
3. АОММ 152-к., 2-т., 1- іс, 9- п.
4. АОММ 8-к., 1-т., 422- іс, 17- п.
5. АОММ 855-к., 1-т., 165- іс, 54- п.
6. АОММ 14-к., 1-т., 76- іс, 1- п.
7. АОММ 15-к., 1-т., 257- іс, 114- п.

Сұрақтар:

1. Сталиндік қуғын-сүргіннің баспасөзге әкелген зардаптары қандай болды?
2. Ұлы Отан соғысы жылдарында әскери құпияны сақтау қалай жүргізілді?
3. Облыстық цензор О.Төлешев жұмыстан не үшін босталды?
4. Корректор дегеніміз не?
5. Аудандық газеттердің жұмысын қадағалау қалай жүргізілді?
6. Облыстық «Прикаспийская коммуна» газетінің жұмысында орын алған кемшіліктер қалай бейнеленді?
7. Газеттердің сапасыз шығуына себеп болған объективтік жағдайларды анықтап көрсету.
8. Аудандық газеттердің сапасыз шығуының қандай себептері болды?
9. БАҚ-тың тілі мен стилі дегеніміз не?

IV БӨЛІМ. ҚАҺАРЛЫ СӨЗ ҚАМАЛ БҰЗАДЫ

4.1. Мұғалім О.Шонаевтың ерлігі

Онай Нұрымбайұлы Шонаев 1912 жылы 15 наурыз күні Бақсай ауданы, Сорочинко селосында дүниеге келген. Ата-аналары Қазан төңкерісіне дейін Карпов, кейін Жымпиты ауданындағы Лұқпан атты ірі байлардың малын бағып күнкөріс еткен. 1922 жылы олар қайтадан Сорочинко селосына қайтып келіп, мемлекеттік балық кәсіпшілігінде балық аулаушы ретінде 1933 жылға дейін еңбек етеді. Өмірдің тауқыметі Онай ағамыздың қабырғасын катаятып, буынын ерте бекітті. Бүгінгідей балалық шақтың қызықты күндерін басынан кеше алмады. Мұрағат деректерінде көрсетілгендей, О.Шонаев 1926-1927 жылдары жұмысшы қасында үйренуші, 1928-1929 жылдары Сорочинко балық қабылдау пунктіінде жұмысшы болған. Ол кезде Онай аға бастауыш сыныпта оқитын. Оқи жүріп күн көрістің қамы үшін қарын талдыра еңбекке араласты. Мектепті бітіргеннен соң 1929-1932 жылдары Гурьев қаласындағы педагогикалық техникумға түсіп, білімге деген құштарлығын ұштай түсті. Оқуды аяқтағаннан кейін Гурьев аудандық оқу бөліміне (1928 жылғы территориялық-әкімшілік өзгеріске сәйкес ол кезде Гурьев аудан орталығы болатын, қазіргі Махамбет ауданы соның құрамына кірді – Қ.С.) нұсқаушы, 1933-1934 жылы Гурьев аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызметін жалғастырады. Жастық жалыны еңбекте лаулаған жас жігіт барлық күш-жігерін халқының болашағына арнады. Әрбір тапсырылған жұмысқа жоғары жауапкершілікпен қарай отырып, ерекше ынта-жігермен кірісті. Сол кездегі халық арасындағы сауатсыздықты жою, бастауыш білім беру бағдарламаларының жүзеге асуына, қызыл отау жұмысына басшылық жасады. Гурьев округінің құрылуымен 1934 жылдың наурызы мен тамызы аралығында окружкомның оқу секторының және окрлитоның меңгерушісі, сол жылдың тамызы мен қыркүйегі арасында Жылқосы аудандық оқу бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалады. 1934 жылдың қыркүйек айының ішінде Кеңестік Армия қатарына шақырылып, Түркмен КСР-нің Чорджау қаласында әскери борышын абы-

роймен өтеп, елге оралады. Одан келген соң 1936 жылдың қараша айынан 1939 жылдың мамыр айына дейін қайтадан Бақсай (бұрынғы Гурьев) аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болып, сүйікті ісін жемісті атқара білді. Бұл шешімді кейін ВКП(б) Гурьев округтік комитетінің 1938 жыл 23 қазаны күнгі бюро мәжілісінде бекіткен. 1939 жылдың 3 мамырынан бастап Бақсай аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалады. ВЛКСМ қатарында 1930 жылдан мүше, 1938 жылы 28 қаңтарында партия мүшелігінің кандидат, 1939 жылы мүшелікке қабылданады [1].

Осылайша, өмір мектебінде шыңдала түскен жас жігіт Махамбеттің ауылдарында халықтың білімге деген сүйіспеншілік сезімін арттыруға бойындағы күш-қайратын аямады. Өзінің терең білімділігімен, жоғары ұйымдастыру шеберлігімен, қарапайым еңбекқорлығымен ерекше құрметке бөленді. Тағы да сол мұрағат қорындағы деректерге көз жіберсек:

«МІНЕЗДЕМЕ

КП(б)К мүшесі О.Шонаевқа

Шонаев Оңай 1912 жылы Гурьев облысы, Сарайшық поселкесінде кедей-шаруа отбасында дүниеге келген, білім орта, партия мүшелігіне 1939 жылы қабылданды, 1930 жылдан ВЛКСМ мүшесі. Партиялық жаза алмаған, ешқандай анипартиялық топтың құрамында болмаған, сотқа тартылмаған. 1932 жылдан халық ағарту жүйесінде еңбек етеді, бойында жігері мол жас, тапсырылған жұмысты абыроймен атқарады, төртіпті, саяси сауатты және салмақты.

КП(б)К Бақсай аудандық комитеті - насихат және үгіт бөлімі меңгерушілігіне ұсынған. КП(б)К облыстық комитетінің 1939 жыл 7/V бюро шешімімен осы қызметке тағайындалды.

КП(б) обком хатшысы: (Ищанова) [1, 12 п.].

1938-1941 жылдар аралығында О.Шонаевтың жана қырлары ашыла түсті. Алдымен оның баспасөзге, яғни газет ісіне деген сүйіспеншілік ынтасы артты. Жоғарғы билік өкілдерінің тапсырмасына сөйкес ауданның саяси-әлеуметтік дамуына бел шеше кіріскен білімді жігіттің уақытпен санаспай осы салаға да уақыт тауып басшылық жасайды. Облыстық партия комитеті 1938 жылы 1 ақпанда облыстағы қазақ тіліндегі газет-

тер үшін баспасөздегі құпияны сақтау бөлімі цензор жұмыс орнын ашады, бірақ аудандық газеттер үшін қосымша атқаратын қызмет болып табылды. Осыған байланысты көзі ашық, білімді О.Шонаевты Бақсай ауданында шығатын «Социалистік қой шаруашылығы» көптиражды газетіне осы қызметті қосымша атқаруды міндеттейді [2]. Кейін ҚК(б) П Гурьев облыстық комитетінің 1940 жыл 19 мамыр күнгі №10 бюро мәжілісінің § 35 бабымен О.Шонаев Бақсай аудандық ЛИТО өкілі болып тағайындалады. Оңай ағамыз күн сайын оқырман қолына тиетін газетті оқырманнан бұрын қолына алып, түн ауа әр бетті мұқият тексеруге міндетті болды. Сөйтіп, газеттің бетінде жарияланған материалдардың идеясы жоғары, емле жағынан өте сауатты, сыртқы-ішкі көркемділігі көз тартарлықтай әдемі басылып шығуын қамтамасыз етті. Журналистика тәртібі бойынша, әрқашан мерзімді басылымдар ешбір қатесіз жарық көруге тиіс. Кейде байқаусызда кеткен әріп қатесі, тыныс белгісі, полиграфиялық бір ауытқудың өзі газеттің мазмұны мен көркемдігіне қатты нұқсан келтіретін. Бұл үшін кейін жоғарғы партия органдары газеттің редакторымен бірге, аудандық цензордың да «сыбағасын» қатты беретін. ҚК(б)П Бақсай аудандық комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі қызметінде жүріп, О.Шонаевтың қазіргі Махамбет аудандық «Жайық шұғыласы» газетінің ірге тасын қалаушы, яғни осы газетті алғаш ұйымдастырушы екендігін бөле айтқым келеді. Әсіресе, жаңа құрылған Бақсай ауданында газет ашу мәселесін жоғарғы партия органдарына бірнеше мәрте қоя білді. Тіпті олардың тарапынан ешқандай қолдау болмаған соң ақыры Мәскеуге ВКП(б) Орталық Комитетіне арнайы хат жолдайды. Мен оның түп нұсқасын Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатынан кездестіріп, әдемі көк сиямен өрнектеліп жазылған О.Шонаевтың қолы көзіме оттай басылғанын жасырғым келмейді. Міне, сол хат:

«В отдел пропаганды и агитации ЦК ВКП(б).

Бақсайский район Гурьевской области КазССР организован в январе месяца 1938 года. Район является крупным экономическим смещенно-развитым хозяйством, где имеем: 28 сельских Советов, 36 колхозов, из которых 19 колхозов является рыболовецкими, имеем в районе два каракулеводческие совхозы со 100000 голов овец и один овощной совхоз. На-

селение района более 40000 чел. Партийная организации составляет 1300 чел.- комсомольцев. Отсюда становиться ясно, что парторганизация района должна по боевому руководить хозяйственной деятельностью района и коренным образом улушить постановку партийно-политическо работой на селе систематический улушая партийную пропаганду. Безусловно, что и провдении этой важнейшей работы районная газета явилась бы таким необходимы оружием нашей партийной организации.

К сожалению этого органа печати (районной печати) райком КП(б)К уже два года не имеет. Наша неоднократные настояния об организации районной газеты перед Гурьевским обкомом КП(б)К и даже перед ЦК КП(б)К остаются безрезультатными, несмотря на то, что обком КП(б) дан указания подобрать редактора, которого мы выбрали, утвердили на бюро и его же утвердил обком, но этому подбору прошел несколько месяцев времени, а все же газета неорганизованы и эта работы сейчас позабыта. Поэтому считая необходимое организацию районной газеты, просим отдел пропаганды и агитации ЦК ВКП(б) вмешаться в это дело и помочь нам в организации районной газеты, ибо назрел момент организации ее....

Секретарь Баксайского

РК КП(б) Харченко

Зав.АПО РК Шунаев.

8/VIII-39 г. №401. пос.Яманка. Баксайского р-н. Гурьевской обл. КазССР».

Осы хатты алысымен ВКП(б) Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі Қазақстанның жоғарғы партия органдарына төмендегідей мазмұнда қатынас хат жолдайды:

«ВКП(б) Управление пропаганды и агитации от 11 сентября 1939 г.

Секретарю ЦК КП(б)К тов.Кулитову Д.Г.

Направляем Вам письмо секретаря Баксайского РК КП(б)К тов.Харченко, в котором ОК просит разрешить издание районной газеты.

Ознокомтесь – есть ли в Баксайском районе условия для издания газеты - кадры, а также полиграфическая база. Высните, чем району могут помочь в этом отношении область и республики.

Если ЦК КП(б)К найдет возможным удовлетворить просьбу Баксайского райкома об изданий газеты, то высылайте в ЦК ВКП(б) решение ЦК(б)

К по этому вопросу и докладную записку об обеспеченности издания кадрами, полиграфической базой, помещением и бумагой.

Зам.нач.Управления ПиА ЦК ВКП(б): Антропов».

Казакстан Компартиясы(большевиктер) Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі Гурьевтегі партия ұйымымен байланыс жасап, Бақсай ауданында газет ашудың барлық мүмкіндігін жасап жатқандығын ескертіп төмендегіше жедел хат жолдайды:

«Телеграмма № 3/96027/IX – 39 г.

Зам.нач.управления пропаганды и агитации ЦК ВКП(б) тов.Антропову.

ЦК КП(б)К на Ваш запрос от 11.IX – 39 г. за №826-А о возможности издания Бақсайской райгазеты Гурьевской области сообщает:

Дано указание Гурьевскому обкому КП(б)К выяснить все возможности в районе и области для издания газеты в Бақсайском районе. В данное время нами запланирована организация Бақсайской райгазеты на 1940 год.

Решение ЦК КП(б)К и докладную записку по этому вопросу вышлем дополнительно.

Зам. зав.отдела пропаганды и агитации ЦК КП(б)К: Платонов» [3].

Міне, осындай хаттардың нәтижесінде 1941 жылы 19 наурыз күні Бақсай аудандық «Ленин жолы» газетінің тұңғыш саны жарық көреді.

Баршаға мәлім, ол кезде халықаралық жағдай қатты ушығып тұрды. КСРО үкіметі фашистік Германия, Италия, Финляндия, Жапония және Қытайдағы қуыршақ өкіметпен арадағы саяси байланысы өте төмен болды. Еліміз соғыс жағдайында өмір сүрді, сондықтан бұқара арасындағы саяси-үгітке қатты мән берілді. О.Шонаев газетпен бірге бұқара арасында саяси үгітті жан-жақты жүргізуде жергілікті радиохабарларын ұйымдастыруға да көп көңіл бөлді. Радио байланыс құралы ғана болып қойған жоқ, сонымен қатар ол саяси хабардың, бұқараны тәрбиелеудің де құралы болды. О.Шонаев басқарған үгіт-насихат бөлімі 1940 жылдың 9 сәуірі күнгі өткен аудандық партия комитетінің бюро мәжілісіне осы мәселені күн тәртібіне енгізіп, бұл бағыттағы жұмыстардың жоспарлары мен жауапты жолдастарды бекіттірді [4].

Ұлы Отан соғысы басталысымен Бақсай ауданы еңбекшілері барлық

күшті жауды жеңуге бағыттады. Бүкіл халық ел қорғау жұмысына жұмыла кірісті, тылда да үлкен майдан жүріп жатты. Колхозшылар қолындағы бар асыл заттарын ғана беріп қана қоймай, жылы киімдер, ауыл шаруашылығы өнімдерін мольнаан өндіруге бел шешті. Уақытпен санаспай ер адамдар орнын басқан әйелдер, буыны қатпаған балалар егін, мал шаруашылығына араласты. Міне, осы тұста бұқара арасындағы саяси үгіттің күшін арттыруға арналған ҚК(б) Бақсай аудандық комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі О.Шонаевтың Гурьев облыстық «Прикаспийская коммуна» және «Социалистік құрылыс» газеттерінде бірнеше мақаласы жарияланды. Аталмыш мақалалармен таныса отырып, Оңай ағаның қаламы екі тілде де озық жаза алатыны анық байқалады. «Прикаспийская коммуна» газетінің 1941 жыл 12 ақпан №35 санында «Партийная пропаганда и агитации в Бақсайском районе» атты мақаласы басылыпты [5].

Көп ұзамай облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1941 жылы 10 сәуір №84 (2286) санында «Бақсай ауданындағы саяси үгіт» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Ауданда өткен жылдары бұл бағыттағы қол жеткен табыстарға тоқталады [6].

Ұлы Отан соғысы жүріп жатқанда халықтың сол кездегі адамзаттың қас жауы атанған сүм фашистерге деген өшпенділігі артта түсті. Еліміздің аспанындағы бейбіт аспанды тас-талқан етіп, жерімізді қанға бояған жауға деген олардың ыза-кегін қайнатты. Міне, осы тұста қалың бұқара арасындағы саяси-көпшілік үгітті күшейте түсуді уақыттың өзі талап етті. Күллі үгіттің бәрі бірдей тылды нығайту ісіне, жауды талқандауға қалың бұқараны жұмылдыру ісіне бағытталды. Үгітшілер Ұлы Отан соғысы, Информбюроның хабары, жауынгерлік эпизодтар, фашист баскесерлерінің жан түршігерлік аюандықтары туралы материалдарды көбінен пайдаланды. О.Шонаевтың 1941 жылдың 19 қыркүйек №222(2424) санында «Саяси үгіттің күші» атты мақаласында осы мәселе сөз болады [7].

Сұрапыл соғыс кезінде майданға мотормен жүретін техникалар үшін мұнайды көптеп өндіру міндеті тұрды. Сол кездегі мұнайлы аймақ Кавказ соғыстың зардабынан өнім бере алмай қалды. Сөйтіп, Қазақстан мұнай мен оқ жасаудың берік тылына айналды. Міне, осы міндет биігінен жоғары сенім көрсетіліп жоғарғы партия ұйымдары О.Шонаевтың қызметін

облыстың мұнайлы аймағына ауыстырады. Гурьев облыстық партия комитетінің 1941 жылы 11 қыркүйектегі №121 § 3 бюро мәжілісінің шешімімен О.Шонаев ҚК(б)П Мақат аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалады [8]. Бақсай ауданының бұл қызметіне Елмұрза Ерекенов кіріседі.

Мақат ауданында да О.Шонаев бар күш-күш жігерін қалың бұқара арасындағы саяси жұмысқа арнайды. Майданға қажетті мұнайды көптеп өндіру үшін мұнайшыларды қанатты сөздермен жігерлендірді. Сол кездегі Асқар ағамыздың «Мұнайшылар, мұнай бер! Соны сізден сұрайды ел!» өлеңі барлық жерге ұран болып ілінді. Күн сайын жаңа мұнай алаңдары ашылып, жаңа кәсіпшіліктер іске қосылды, мұнай судай тасыды.

Отан алдындағы борышын өтеу үшін О.Шонаев өз еркімен майданға сұранып, бірнеше рет жоғарғы партия органдарға арыз түсіреді. Кейін арызын қанағаттандырып, облыстық партия комитеті 1941 жыл 5 желтоқсан күні РККА қатарына шақырылған О.Шонаевқа жолсапары мен отбасы үшін 500 сом мөлшерінде сыйақы береді. Сөйтіп, ол алдымен Ақтөбе қаласында құрылған ұлттық дивизияның І-ші батальоның комиссары болып тағайындалып, майданға жүріп кетеді.

...1944 жылы әскери академияны бітіріп Балтық жағалауында от пен оққа оранған соғысқа енеді. Ол 76 дивизияның штаб бастығы болып жүріп, Тарту қаласы үшін болған ұрыста бірнеше рет жауынгерлерді шабуылға бастап шыққан. Осы ұрыстардың бірінде О.Шонаев ерлікпен қаза табады. Тарту қаласы үшін Ұлы Отан соғысы орденінің І-ші дәрежелі және Қызыл жұлдыз орденімен марапатталады.

Соғыстан кейін көп жыл өткен соң Эстониядағы Тарту қаласының №13 мектебі «Қызыл ізшілерінің» көмегімен оның бейіті табылады. Сол мектептің оқушылары өз пионер дружинасына оның есімін береді. Тарту қаласының пионерлерінің бастамасымен металлолом жинақталып, О.Шонаевтың есімі жазылған эксковаторда шығарады.

...1982 жыл 23 наурыз. Махамбет селосындағы Оңай Шонаев атындағы орта мектепте ерекше оқиға аталып өтті. Ол – аулымыздың аяулы ұлы халқымыздың жарқын сәулетті өмірі үшін өз жанын пайда еткен Оңай Шонаевтың туғанына 70 жыл толуына арналған болатын.

Мінбеге асыл азаматтың зайыбы Хадиса апай көтерілді:

– Құрметті достар! Сүйікті балаларым!

Мен әр кезде де сіздердің орталарыңа жеткенше асығамын. Себебі мен үшін Оңай ағаларың сендердің қастарыңда жүрген сияқты болады да тұрады. Соғыс менің жүрегіме де жазылмайтын жара салды. Ал, бүгін ағаларың үшін мынадай құрмет көрсеткендеріңе шексіз ризамын. Отан үшін, бостандық үшін жаның пида еткен ер азаматтардың есімін ардақтап, еске түсірген халқыма, Кеңес үкіметіне, жергілікті басшыларға шексіз алғысымды білдіремін! Енді соғыс болмасын. Дүниеден оның атын өшірелік!» деп сөзін аяқтады [9].

Шонаевтың ерлігі осылайша есімізде мәңгі сақталмақ. «Ер есімі – ел есінде» деген осы.

Пайдаланған деректер мен әдебиеттер:

1. АОММ 1-к., 2-л - т., 4598- іс, 3, 22 - п.п.
2. АОММ 2- к., 1- т., 210- іс, 267- п.
3. ҚР ПМ 708- к., 3/1-т., 836-іс, 57, 58, 59-п.п.
4. АОММ 16-к., 1-т., 32- іс, 30-п.
5. Шунаев У. Партийная пропаганда и агитация в Баксайском районе // Прикаспийская коммуна. – 1941. – 12 февраль.
6. Шонаев О. Баксай ауданындағы саяси үгіт // Социалистік құрылыс. – 1941. – 10 сәуір.
7. Шонаев О. Саяси үгіттің күші // Социалистік құрылыс. – 1941. – 19 қыркүйек.
8. АОММ 1- к., 1- т., 488- іс, 21- п.
9. Сүндетов Қ. Ер есімі – ел есінде // Жайық шұғыласы. – 1982. – 23 наурыз.

Сұрақтар:

1. О.Шонаевтың өмірбаяны туралы не білеміз?
2. «Цензор» деген қандай қызмет болып табылады?
3. ВКП(б) ОК жазылған хаттың мазмұны не болды?
4. О.Шонаевтың жазған мақалаларында көтерілген мәселелер қандай?

еді?

5. Ұлы Отан соғысындағы О.Шонаевтың ерлік жолдары қандай болды?

6. Махамбет селосында ер есімі қалай аталып өтті?

4.2. Журналист Т.С. Амандосов және «Социалистік құрылыс»

Қазақстан журналистикасының негізін салуда және оның ірге тасын қалыптастырудағы өзіндік орны бар зор тұлғалардың бірі жерлесіміз – профессор Тауман Амандосов. Республиканың түкпір-түкпіріндегі бұқаралық ақпарат құралдарында еселі еңбек етіп жатқан қаламы ұшқыр, сөз маржанын терген журналистердің барлығы да оның еңбектерімен сусындаған десек қателеспегенде болар едік. Бар саналы ғұмырын журналистерге арнаған ұстаздың көп жылғы ізденістен туған ғылыми-теориялық шығармаларын қолына ұстамаған жан жоқ шығар, бәлкім?!

Ғалым, публицист, қоғам қайраткері М.Қозыбаевтың профессор Т.Амандосовтың 75-ке толуына орай жазған мақаласында мынадай жолдар бар: «Мен ұйқыдан шырт оянып кеттім. Осыдан 35 жыл бұрын туған күні туралы куәлігі жоқ, бірақ туған жылы ғана белгілі Тауман Салықбайұлы Амандосовқа оның достары 1921 жылы желтоқсанның 5-інде өмірге келдің деп растаған паспорт тапсырып, 40-та тұңғыш мүшел жасын тойлағаны есіме түсті. Маңдайыма тепшіп тер шықты. Апырмай, сол ағаның 70-ке келгенін де тойлай алмадық, мүшел жасына бес ай жетпей дүние салды. Қазір ортамызда жүрсе, 75 жасқа келгенін тойлаймыз деп әуре-сарсаң болып жүгіріп жүрер едік-ау. «Өзі жоқтың көзі жоқ» деген-ау. Батыр, тоқта, артында қалған ел, достары, шәкірттері – көр емей кім? Жок, Такең аға туралы бір тебіреніп, қадыр-қасиетін алар кез келді» [1, 264 б.].

Т.Амандосовтың алғашқы еңбек жолы, соның ішінде баспасөзге басқан қадамы облыстық «Атырау» газетінің редакциясында басталғаны баршаға аян. Алайда бұған дейін тек айтылумен шектелген профессордың алғашқы еңбек жолын мұрағат құжаттарымен баяндауды жөн санадым. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған ғалымның өз қолымен толтырған іс қағазында мынадай жолдар бар: «Амандосов Тау-

ман Салықпайұлы 1921 жылы Гурьев қаласында туғанмын, ұлым – қазақ, әлеуметтік тегім – кедей шаруа, ата-аналарым өмір бойы мал бағумен айналысқан, Қазан төңкерісінен кейін қайтыс болған. Қазіргі әлеуметтік жәйім – қызметші, ВЛКСМ қатарында 1937 жылдан мүшесім, білімім – аяқталмаған орталау» [2].

Тауман ағамыз ата-анасынан жастай айырылғасын әке жағынан туыс келетін ағасының қолында тәрбиеленеді, алайда 1933 жылы ол қайтыс болғасын Гурьев қаласындағы балалар үйіне орналастырылады. 1937 жылы интернат әкімшілігі Орал қаласындағы № 4 орта қазақ мектебіне оқуға жібереді, бірақ денсаулығына байланысты Х сыныптан кейінгі оқуын Гурьевте жалғастырады. Орал қаласындағы орта мектепте оқып жүріп, 1940 жылдың 10 маусымынан 1 қазаны аралығында Батыс Қазақстан облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі жанындағы балалар үйінде тәрбиеші, 1940 жылдың 1 қазаны мен 1941 жылдың 1 сәуірі аралығында Орал қаласындағы өзі оқыған № 4 мектепте аға пионер вожатый болып қызмет атқарады. Гурьевке келгеннен кейін 1942 жылы 11 ақпаннан 1942 жылдың 21 маусымы аралығында Ембімұнай тресіне қарасты № 1 құрылыс монтаж мекемесінде кадр бөлімінің орынбасары, 1942 жылдың 15 мамырынан 1942 жылдың 21 тамызы аралығында осы мекеменің кадр бөлімінің бастығы болып еңбек етеді. Осыдан кейінгі оның еңбек жолы 1942 жылдың 19 қыркүйегінен бастап облыстық «Социалистік құрылыс» газетінде жалғасады.

Қаршадайынан еңбекке араласқан Тауағаны тағдырдың ауыр жолы өз қатарынан ерте есейтіп, ойы салмақты азамат қатарына қосады. Онымен редакция үйіндегі алғашқы кездесуін жазушы, әрі өмірлік жандосы болған Б.Қорқытов былайша еске алады: «Редакция босағасын аттаған күші көзіме айрықша көрінген адамның бірі сол Төкең болды. Ол маған тәлімді де тәжірибелі, тіс қаққан көнігі қызметкердей көрінді. Сұрастыра, таныстыра келгенімізде ол да редакцияға менің алдымда ғана келіп, енді-енді қалыптасып келе жатқан балаң қызметкер болып шықты. Бір аяғының протез екенін көріп-білгенімде соғысқа алғаш араласып, Отан үшін бір аяғын беріп оралған жауынгер болар деп ойлап едім, ол ойым оғаш болды. Жетімдіктен көрген жәбірі екенін білгенімде, сондай азаматты кемтар қылып қойған тағдырға өкпе-назымды басқаларға айтпағанмен

өз ішімен өкінішпен күйіндім» [3, 111 б.]. Расында да, бала кезде тап болған оқыс оқиғадан кейін (ағамыздың аяғын қой бағып жүргенде жылан шағып алған – Қ.С.) үлкендердің дәрігерге көрсетпеген надандығынан, бір аяғы кесіліп мүгедек болып қалғаны қасындағы жолдастарын қатты налытқаны жасырын емес еді.

Бұл кезде фашистік Германия опасыздықпен елімізге шабуыл жасап, ел басына қатер төнген ауыр жылдар болатын. Жоғарғы билік өкілдері газет-радионың жұмысы мен құрылымын соғысқа бейімдеп қайта құрды. «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» деген айбынды ұран барлық еңбекшілермен қатар баспасөз саласындағы қалам ұстаған журналистерді де жігерлендіре түсті. Сол кездегі журналист жұмысы бір мүшесі кемтар адам түгелі, он екі мүшесі сау адамға оңайға түспейтін. Уақытпен есептесу, жазуға қолайлы сәт іздеу дейтін атымен жоқ. Қағаз, қаламың аншының құрал-жабдығындай, солдаттың қару-жарағындай үнемі жаныңда жүруі тиіс болатын. Барлық жазылған материалдар мен газеттің жанрларынан туындаған дүниелер тек қана жеңісті жақындатуға арналды. Тағы да Б.Қорқытовты сөйлетсек: «Бүгін алып, газетке бүгін беретін, кезек күттірмейтін жедел материалдар да болады, ойланып-толғанып жазатын проблемалық мақалалар да болады, не бір еңбек адамы, не бір тұтас коллектив жайында алды-артын екшеп, зерттеп-зерделеп жазатын дүниелер де болады. Тауман көбінесе осы соңғы айтылған екі бағытта жазатын еді. Сол кездегі Төкеңнің қаламынан туған мақалаларды осы күні іздестіріп жинаса, бір шағын кітап болып шығарына күмән жоқ» [4, 76 б.].

Облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің бетінде жарияланған журналист Т.Амандосовтың әр хабары мен корреспонденцияларынан, очерктерінен облыс еңбекшілерінің жанқиярлық еңбек үлгілерін, Ұлы Жеңісті жақындатуға баға жетпес үлес қосқанын анық аңғарасың.

Әсіресе, 1942 жылы елімізде орын алған соғыс-саяси жағдайымыз тылды нығайту, майданның мұқтаждарына өнімді көптеп өндіру жөнінде халықтың бұрынғыдан да көп күш жұмсауын талап етті. Ұлы Отан соғысы кезінде самолет пен танк моторлары үшін жанар май көп керек болды. Майданға қажетті мұнайды өндірудің көлемін арттыру мен әрбір килограммын үнемдеу баршаның ісі. Міне, осы талап тұрғысынан жазылған

Т.Амандосовтың «Жанар майды үнемдеу үшін күрес» атты хабары мұнайшыларды қырағылыққа шақырады: «Нефтепровод конторының коллективі өз жұмысын Отан соғысының тілегіне сай қайта құрып, барлық жерде де барлық нәрсені үнемдеу үшін күресуде. Олар май, су качалькаларының орынсыз жүруіне тиым салып 9 (станция) жанар майды тек орынмен ғана жұмсап отырды.

Соның арқасында сентябрь айында Нефтепровод ойдағыдай үнемдей білді. Соның ішінде техникалық жағудан, шаруашылыққа пайдаланудан айтарлықтай үнемдеме жасады. Мәселен 6-ыншы станция план бойынша жұмсауға берілген мұнайдан 22,5 процент, Қосшағыл станциясы 8 процент үнемдеді» деп, ұжымның қол жеткен табыстарын өзгелерге тәжірибе ретінде ұсынады. Сонымен қатар осы ұжымда еңбекті нәтижелі ұйымдастыру бағытында, әсіресе таяп келе жатқан қысқа әзірлікте орын алып отырған кемшіліктердің де бар екенін журналист Т.Амандосов сол айдың 11 қазан күнгі жариялаған «Нефтепроводта қысқа әзірлік жұмысы күшейтілсін» атты сын мақаласында атап өткен. Оқып көрелік: «...Нефтепровод конторында қысқа әзірлік жұмысы әлі нашар жүргізіліп отыр. Мысалы, Сағыз, Доссор, Қосшағыл арасындағы дамбыларды өңдеу өте нашар дәрежеде. Ал Қайнар, Бита бөлімшелерінде қысқа әзірлік жұмысы қолға алынған жоқ.

Бұл кемшілікті Нефтепровод басшылары «жұмысшы күші аз, бізге мұнай комбинаты жұмыс күшін бермейді» - деген сылтаумен дәлелдегісі келеді» [5] – деп мекеме әкімшілігіне басқа жақтан көмек күтпей қолда бар жұмысшы күшін пайдалануға нұсқау жасайды.

Қаһарлы күндердегі Т.Амандосовтың әрбір мақалаларының тақырыптары да опасыз жауды тезінен талқандауға шақырған ұрандай еді. Сол кездегі өзі қойған тақырып кейін ағамыз республика баспасөзінің теориясын зерттегенде арқау болады. «Тақырыпты дұрыс таңдай білу деген сөз – дәл нақ кезеңінде қалың бұқараның назарын аударып, барынша қызықтыра түсетін өмір фактісі туралы әңгімелеу, белгілі бір мәселенің проблеманы көтере білу деген сөз» [6, 170 б.]. Автордың «Майданға мұнайды көп жіберейік», «Жабұлы қазақ жабуымен қалды», «Балықшы Балым», «Артта қалушылықты жою керек» және т.б. мақалаларының атауы осының айғағы.

Сұрапыл кезеңде жазылған Т.Амандосовтың мақалаларының арасында ауыл шаруашылығы тақырыбы да көптеп қамтылған. Майданға балықты, тарыны, майды, темекіні және т.б. қажетті заттарды көптеп жіберудегі облыс жұртшылығының еселі еңбегі кеңінен мақалаларының арқауы болған. Автордың «Тоқсандық жоспарын орындады» атты хабарында былай деп жазады: «...Қала маңындағы балықшы колхоздар үшінші тоқсанның программасын мерзімінен бұрын орындап, Жоғарғы Бас Командованиенің дербес қорына жоспардан тыс мыңдаған центнер балық тапсырды. Гурьев моторлы балық аулау станциясы да (директоры Жүнісов жолдас) балық аулаудың тоқсандық жоспарын орындады» деп жазса, «Балықшы Балымда» төмендегідей жолдар бар: «Мұқашева Балым Ново-лицевой балық заводына Отан соғысы күндерінде келді. Балым аз мерзімнің ішінде балық аршуды тез меңгеріп кәпелімде тез көзге түскен. Балым балық тұздаудың сан тәжірибелерін толық меңгерген. Әсіресе, ол әртүрлі балықты тұздағанда, оларды түрлеріне қарап мұқият бөледі де оған сәйкес ерітеді. Тұзды өте жақсы ерітіп балық тым ащы болып кетпеуін қамтамасыз етеді. Балықты тұз қадкаларына салғанда, оның аралықтары жіктеліп салынып, аралаларына тұз мол ене алатындай орналастырады. Балық тұздаудың осындай негізгі әдістерді жүзеге асырғанның арқасында, Балым Мұқашева жолдас бастаған әйелдер бригадасының тұздаған балық анағұрлым сапалы болды» [7].

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы баспасөз бетінде жарияланған халықтың қаһарлы үні, ащы күлкісі жауға оқ болып атылды. «Тылдағы баспасөз фашизмді әшкерелумен қатар, елі ішіндегі орын алған олқылықты, жіберілген кемшіліктерді қатал сынға алып, оны түзетуге жөн сілтеп, жол көрсетіп отырды» деп жазды кейін профессор Т.Амандосов [8, 261 б.]. Автордың облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің беттерінде жарияланған шығармаларының арасында бірнеше сын материалдар жарияланған. «Жабуды қазан жабуымен» қалды», «Қызыл кустарь» артели неге артта қалып отыр?», «Электроток коллективі жұмысын әлі жөндей алмай отыр», «Коммунальдық-шаруашылық конторы жұмысты бір қалыпта істеуге тиіс» және т.б. атауға болады. Енді осылардың бір-екеуіне тоқтала кетсек: «Алып Отан соғысының қазіргі қаһарлы күндерінде әрбір өндіріс кәсіпорнына берілген план – Отанның Ұлы тапсырмасы. Сондықтан сол

өндіріс орындары үшін тапсырмаларын орындаудан артық үлкен абырой жоқ. Бірақ бір қатар өндіріс орындары өздерінің бұл міндеттерін орындай алмай келеді.

Мысалға электроток конторын алайық. Ол үшінші тоқсанның планын оққылықпен өткізді, октябрь айында да жұмысты жаман істеп келеді. Доссор, Мақат станцияларының жұмыстары да қанағаттанарлық емес. Жанар майды үнемдемей, планнан артық жағушылық электротокта мықты орын тепкен. Тек қана сентябрь айының өзінде Гурьев станциясы 21 тонна, Мақат 33 тонна жанар майды планнан артық жаққан. Жанар майды артық жағуда Ескене, Доссор электростанциялары да қалысып отырған жоқ. ... Электроток конторындағы орын алып отырған қазіргі кемшілікке бұдан әрі жол беруге болмайды» деп мекеме жұмысын сын садағына алса, «Жабулы қазан жабуымен» қалды» атты мақаласында сатира жанрын өсем қолдана білген. Оқып көрелік: «17 әпрель күні. Бірақ март айының екінші жартысында № 2 магазиннің не істеп, не қойғаны жайлы есеп бухгалтерияға әлі түскен жоқ. «Ким жолдас, отчет тапсырайшы, уақыт өтіп барады» - деп Шагиев оның құлағының құрышын қандырды. Есепшінің көп қыңқылын жақтырмаған Ким тіпті «отчет» деген сөзді есіткісі де келмей жүрді.

Отчеттың ұзақ уақыт тапсырмауында бір сыр бар екен. «Қазаншының қайдан құлақ шығарса да еркі бар» дегендей, «сатушының қайдан құлақ шығаруына да қақы бар» деп түсініп, Ким магазинге түскен затты оңды-солды шашпасын ба, ақша мен мүліктің есебін тәмәм былықтырып, ақырында оның мойнынан мыңдаған сом ақша мінбесін бе?!

Міне, отчет тапсыру енді ұят. Былықтар бадырайып тұр» [9]. Осылайша, журналистінің өткір қаламы мемлекет мүлкін талан-таржыға салған жүгенсіздерді өшкерелеп, дүкеншінің тәртіпсіздігін жабуға тырысқан мекеме басшыларына қоса, қалалық прокурор Малюковтың бұл іске немқұрайлы қарап отырғанында сынаған. Заманның қатал кезінде аузынан от шашқан қала прокурорының қызметіне сын айту Тауағаның батылдығын дәлелдейді. Профессор Т.С.Амандосов соғыс кезінде сатира элементтерін пайдаланып сын мақалалар жазу өз нәтижесін бергенін былайша түйіндейді: «Ұлы Отан соғысының ауыр күндерінде сатира жанры тек қана майдандық баспасөзде ғана емес, тылдағы баспасөзде де кең етек

алды. Тылдағы баспасөз фашизмді әшкерелеумен қатар, ел ішіндегі орын алған олқылықты, жіберілген кемшіліктерді қатал сын мен сықаққа алып, оны түзетуге жөн сілтеп, жол көрсетіп отырды» [10].

Соғыс жылдарында Т.Амандосов жазған мақалалардың мазмұны сан-алуан. Уақыт көтерген мұнай мен ауыл шаруашылығының өзекті мәселелері бүкіл ел тағдырын шешуге арналса, мәдениет тақырыбына арналған хабарларында оқу-ағарту, саяси білімді арттыру, үгітшілік жұмыстарын күшейту мәселелері қамтылған. Бұл тақырыптарды көтергенде ол хабар жанрларының әр түрін тиімді қолдана білген. Оқырмандарға хабардың тез жетуіне, фактілердің ескіріп кетпеуін басты назарда ұстаған. «Оперативтілік – хабар жанрының бұлжымас заңы. Фактіні – жарқын, ұтымды көрсету, тұжырымдылық – міне, осылардың бәрі хабар жанрына қойылатын негізгі талаптар» – деген профессор Т.Амандосовтың тұжырымы осы кезде қалыптасқаны ақиқат [8, 154 б.].

«Комсомол жастардың екі апталығын үлгілі өткізейік» атты мақаласында ҚЛКЖС (комсомол – Қ.С.) Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес, облыстың қалың бұқара арасына көпшілік әдебиет кітаптарының таралуы мен жеткізілуіне жүргізілген екі апталық тексеру қорытындысы сөз болған. «Қалалық Коғиз коллективі бұл апталықты қарсы алып, өз жұмыстарының қорытындыларын көрсетті. 1942 жылы сатылуға тиісті әдебиет кітаптарды түгел дерлік сатып бітірген. Атап айтқанда сатылуға тиісті 1167 әдеби кітаптарды, 4044 балалар әдеби кітаптарын, 9360 түрлі халық шаруашылық кітаптарды сатып бітірген.

Ал Отан соғысы жайлы жазылған сатылуға тиісті 68454 брошюрадан тек қана 200 қалған. Бұлар да тез уақытта сатылып болмақшы. Әдеби кітаптарды, оқушылардың оқу кітаптарын сатуда оларды сатып алушылардың тілегіне сай етіп, көрнекті түрде орналастыру, мәдениетті таза, төртіп ұстау арқылы өте жақсы сатушылар Донскова әдеби кітаптарды сатушы, Ширшова оқу кітаптарын сатушы, жақсы нәтижелер көрсетті...» деп барлық жастарды жарияланған екі апталықты үлгілі өткізуге шақырған. Сондай-ақ, «Көсем кітабын оқу өрлеу туғызды», «Қалалық парткабинет туралы» деген мақалаларында қалалық партия кабинетінің, балық консерві заводы әкімшілігінің саяси оқудың енбек өнімділігін арттыру мен жақсартуда жұмысшылардың тілегіне сай

жүргізбей отырғанына тоқталған [11].

Қай кезде де мұнай өндіру көлемін арттыру мен еңбекті тиімді ұйымдастыруда маман кадрлардың да шешуші рөл атқарғаны белгілі. Осы бағытта Гурьевте № 9 кәсіптік-техникалық мектептің (қолөнершілер) бірнеше жылдан мұнай кәсіпшілігіне мамандар әзірлеуде қол жеткен табыстары аз болмады. Мысалы, 1943 жылы мектеп облыс шаруашылығы үшін 201 жас маман дайындап шығарды. Олардың арасында 48 слесарь, 19 бұрғышы, 19 оператор, 34 ағаш шебері, 22 электромонтер, 22 электросварщик және де тағы басқа да мамандық иелері болды. Аталмыш мектептегі оқыту процесі мен тәжірибе сабақтарының жүргізілуіне тереңірек педагогикалық зерттеу жүргізген Т.Амандосовтың соғысқа дейін балалар үйіндегі мектептерде ұстаздық еткені әсер еткені анық. «Мұнай промыселдері үшін жас кадрлар» атты мақала осының дәлелі: «Жастар мектептегі екі жыл өмірлерінің ішінде өздерінің іскерлігін, өз мамандықтарын меңгеруде зеректігін білдірді. 32 оқушы мектепті отлучно, 46 оқушы жақсы бітірді. Олардың ішінде өзгеше көзге түскендер: Электромонтер мамандығын алған Любин, слесарьлар: Шишлов, Пономорев, Полякова, Анисимова жолдастар бар. Сварщик мамандығына оқыған Казаков жолдас өз мамандығын жақсы меңгерді. Ол бұрынғы оқытушы – мастер, қазіргі №9 өнершілер мектебінің директоры Сүндетов жолдастың орнына оқытушы – мастер болды. Оқушы Хан жолдас Н. Заводындағы қымбат двигательдерге сварка жасады» - [12] дей келе, мектепте теориялық сабақтардың дұрыс өтпегенін, балалар арасында тәрбие жұмыстарының нашарлығына тоқталды. Автор оның негізгі себептерін көрсетуді де ұмытпапты, атап айтқанда, екі жылдың ішінде мектеп әкімшілігі басшыларының барлығы тұрақты жұмыс істемей ауыса берген. Жаңа оқу жылына қабылданған балалардың оқуы үшін оқу құралдары, жатахана үйін ретке келтіру және т.б. мәселелерді осы мақаласында көтере білген.

Қашанда газет жұмысының нәтижелігі ауыл-село тілшілерімен қарым-қатынаста болу. Олармен үнемі байланыста болу - редакцияның басты шарты. Журналист Т.Амандосовтың газет бетінде жариялаған материалдарының арасында тілшілермен арадағы қатысты жақсарту, тілші хаттарында көрсетілген сын-ескертпелердің аяқсыз қалмауын ескерткен

тілші хаттарына шолулары да бар. «Тілші хаттары газеттің мазмұнын байытады, нөмірдің ажарын келтіреді. Бұл хаттардан біздің адамдарымыздың ой-дәрежесі, саналылығының көрінісі байқалады. Еңбекші хаттары – қоғамдық пікір білдірудің, төменнен көтерілген сынды өрістетудің ең бір ебдейлі құралы» деп жазады кейін профессор Т.Амандосов [8, 114 б.].

«Социалистік құрылыс» газетінің 1944 жыл 27 қазандағы санында жарияланған «Мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының дәрежесін көтеру керек» атты шолуында автор хат жазған тілшілер хаттарындағы кемшіліктерді орынды пайдаланып, былай дейді: «Облысымыздың оқу-ағарту жұмысы туралы ауыл-селодағы тілшілеріміз жиі жазып тұрады. Олар биылғы оқу жылының өткен жылдардан біркелкі төуір басталғанын айта келіп, өлде де оқу-тәрбие жұмысында болып отырған кемшіліктер туралы дабыл қағуда. Бақсай ауданының «Қызыл үй» орта мектебіндегі оқу-тәрбие жұмысы туралы тілші Ашықбаев жолдас былай дейді: «Мектеп үйі оқу жылы басталмастан бірнеше күн бұрын толық оңдаудан өтті. Оқу құралдары мен класс мүліктері даяр болды. Оқуға тиісті балалар мектепке түгел тартылды. Мектеп маман оқытушылармен толық қамтамасыз етілді, оған керекті отын толық даяр болды. ...Маңғыстау ауданындағы «Қарашағыр», «Ортаеспе», «Тұщыбек» мектептерінде әскери істі үйрету сабағын оқыту ойдағыдай емес. «Қарашағыр» мектебіндегі әскери кабинет тәртіпке келтірілмеген. Сабақ мезгілінде пайдалануға тиісті құралдар жеткіліксіз. Тілші Алиев жолдас: «Тайсойған» орталау мектебі (Қызылқоға ауданы) оқу жылын нашар әзірлікпен қарсы алды. Оқуға тиісті балалар мектепке тегіс тартылмады. Жақсы оқытушы кадрлар толық жеткілікті емес. Мектеп төңірегіндегі колхоздар оған еш қандай қамқорлық көрсетпей отыр. Мектептен ауылы алыс оқушыларды көлікпен қамту ісі де тәртіпке келтірілген жоқ. Орын алған кемшіліктер мектептегі оқу-тәрбие жұмысының жақсаруына едәуір кеселдік келтіріп отыр» дейді.

...Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру мақсатында, оларға жергілікті өнеркәсіп пен колхоздар үнемі көмектесуге міндетті. Бірақ, Қызылқоға, Маңғыстау аудандарында бұл жұмыс қолға алынбай отыр. Мекемелер мен колхоздардың басшылары мектепке барлық жағынан да үнемі жәрдемдесіп, жас ұрпақтарды тәрбиелеу ісіне

көмектесуді өздерінің құрметті борышы деп түсінуі тиіс. Оқу-ағарту жұмысының дәрежесін көтеруге, жас ұрпақтардың сапалы оқып, саналы тәрбие алуына барлық жағдай туғызылсын» деп қорытындылайды [13].

1942-1945 жылдары журналист Т.Амандосовтың Атырау облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің бетінде жарық көрген мақалаларымен танысқан сайын, оның журналист шеберлігін ұштай түсу үшін көп еңбектенгенін анық аңғарасың. Тақырып таңдау, хабарлар ұйымдастыру, рейд қорытындыларын жариялау, тілші хаттарына шолу секілді әр түрлі жанрларды толық меңгерген. Осы еңбекқорлығы кейін республика журналистикасының тарихы мен теориясын зерттегенде, ұстаздықты ғылыммен ұштастырғанда ашыла түсті. Ол туралы қаншама шәкірттері естеліктер мен кітаптар жазды, тамаша ақындар өлендерін арнады. Бүгінде солардың арасынан жарқырып көрінген ағамыздың төл шәкірті, ізбасары – ақын, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Жақыптың «Ұстаз» атты өлеңімен осы еңбекті қорытындыласақ:

«Өтті өмірден, өтті өмірден Тауаған», –

деген хабар естіп жатыр бар адам.

Қала жақта қаралы күй шертіліп,

Ауыл жақтан естіледі қаралы ән.

Иыққа сап өзің жатқан табытты,

Көрдіңіз бе күңіренген халықты?

Аяулысы, арысынан айрылып,

Үлкен-кіші қайғы жұтып, қамықты.

Талай жанға жасап өттің жақсылық,

Мейірімінді көрмеді ешкім жатсынып.

Ғұмыр бойы Тау боп өткен Тауаға-ай,

Енді сізді тұрмыз тауға тапсырып.

Бәйтеректей биік болып қалдыңыз,

Адалдықтың ақ жолын да салдыңыз,

Қаламгерлер қаламында қалдыңыз,

Шәкірттердің жанарында қалдыңыз,

Жүректерге сапарыңыз басталды

Аяулы ағай, жарық болсын алдыңыз!

Хош, асыл жан, ұстаздардың ұстазы,

Ұмытпаймыз бейнеңізді мәңгі біз» [14, 182 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:

1. Қозыбаев М. Тарих зердесі (Арыстар тұғыры). 2 кітап. – Алматы: Ғылым, 1998, 280 б.
2. АОММ 1-к., 2-л-т., 272-іс, 1-п.
3. Қорқытов Б., Қуанышбайұлы Қ. Облыстық «Атырау» газеті. «Атырау-Ақпарат» баспаханасы, 2008. – 200 б.
4. Қорқытов Б. Жылнама «Еріктен» басталады. – Алматы, «Арыс» баспасы, 2003. – 105 б.
5. Амандосов Т. Жанар майды үнемдеу үшін күрес; Нефтепроводта қысқа әзірлік жұмысы күшейтілсін // Социалистік құрылыс. – 1942. – 9 қазан.; – 1942. – 11 қазан.;
6. Амандосов Т.С. Қазақ Совет баспасөзінің жанрлары. «Мектеп» баспасы. Алматы – 1968. – 243 б.
7. Амандосов Т. Тоқсандық жоспарын орындады; Балықшы Балым // Социалистік құрылыс. – 1944. – 17 қыркүйек.; – 1944. – 1 мамыр;
8. Амандосов Т.С. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. «Мектеп» баспасы. Алматы – 1978. – 272 б.
9. Амандосов Т. Электроток коллективі жұмысын әлі жөндей алмай отыр; «Жабулы қазан жабуымен» қалды; Социалистік құрылыс. – 1942. – 30 қазан.; – 1944. – 8 қыркүйек.
10. Тауман Амандосов: Өнегелі өмір / ред. басқ. Ф.М.Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 328 б. (68-69 б.)
11. Амандосов Т. Комсомол жастардың екі апталығын үлгілі өткізейік; Көсем кітабын оқу өрлеу туғызды; Қалалық парткабинет туралы // Социалистік құрылыс. – 1942. – 24 қазан. – 1943. – 21 қыркүйек.; – 1944 – 19 мамыр.
12. Амандосов Т. Мұнай промыселдері үшін жас кадрлар // Социалистік құрылыс. – 1943. – 20 тамыз.
13. Амандосов Т. Мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының дәрежесін кө14. Жақып Б. Айдындағы Аспан. – Алматы: Атамұра, 1996. – 192 б.

Сұрақтар:

1. Профессор Т.Амандосовтың өмірбаяны туралы не білеміз?
2. Жазушы-драматург Б.Қорқытовтың естеліктеріндегі оның бейнесі қалай суреттелінді?
3. Журналист Т.Амандосовтың шеберлігі мен тәжірибесі қалай қалыптасты?
4. Мұнай тақырыбы журналист көтерген мақалаларының негізгі арқауына қалай айналды?
5. «Жабулы қазан жабулы» атты мақала не мәселені көтерді?
6. Профессор Т.Амандосовтың хабар жанрына берген анықтамасы қандай еді?
7. Журналистінің саяси және халық-ағарту тақырыбына жазған мақалалары қандай?
8. Профессор Т.Амандосовтың Қазақ журналистикасының жанрлары мен функцияларына арнап жазған ғылыми шығармаларын атаңыз?
9. Облыста ғалымның атын мәңгілік есте қалдыру мақсатында қандай шаралар жүзеге асырылды?

4.3. А.Токмағамбетов – өлке баспасөзінде

Көрнекті қазақ ақыны Асқар Токмағамбетов – өткен ғасырдағы әдебиеттің зор тұлғасы. Еліміз өткен тарихи кезеңдердің барлығы да Асқар шығармаларынан көрініс тауып, халқымыздың жарқын бейнесі шынайы сомдалды. Ақынның шешендік толғаулары, әсем лирикасы, өткір сатирасы, прозасы мен пьесалары әдебиет жанрларының дамуына қосқан ерекше мұра.

Ақындық таланты ерте оянған А.Токмағамбетовтың шығармалары «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан»), «Лениншіл жас» («Жас Алаш»), «Қазақ әдебиеті», «Ара» және т.б. газет-журалдарында кеңінен жарық көрді. А.Токмағамбетов шығармаларындағы патриоттық, Отан сүйгіштік сарыны Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шығармаларында айқын көрініс тауып, халықты Отан қорғауға, неміс-фашистеріне қарсы жеңіске жұмылдыруға шақырды. Отты жылдарда туған шығармаларының арасында Гурьев (Атырау) облысының мерзімді баспасөз бетінде жарық

көрген туындыларының тарихи маңызы бар. 1943 жылы майданға творчестволық сапармен барып келе жатқанда, жолшыбай Гурьевте бір ай аялдайды. Соғыс басталғанға дейін орденді ақынымыз бір рет облысымызда болғандығын жерлесіміз Б.Қорқытов былай деп еске алады: «Соғыс басталардың алдында келіп, мұнай кәсіпшіліктерін аралап, «Майлы сүт», «Мұнайлы магистраль» деген жол-очерктер топтамасын жазыпты, газетте «Бұқарбай батыр» поэмасының үзіндісі, «Қажымұқан палуан» деген мақаласы басылыпты. Соғыс басталғанда «Біз жеңеміз» деген өлеңін жазыпты, ол 1941 жылғы 29- маусым күні газетке шығыпты» [1, 34 б.].

Гурьевте жүргенде Асқар ақын облыстың мұнай кәсіпшіліктерін, ауыл шаруашылық аудандарын аралап, тылдағы еңбек адамдарының тыныс-тіршілігімен танысады. Әр сапарынан туған шығармаларын газет редакциясына тапсырып, облыс еңбекшілерін майдан үшін, жеңіс үшін мол өнім өндіруге жұмылдырды. Тылдағы еңбек еткен адамдардың іс-қимылдарына арналған туындылары астарлы оймен, шұрайлы тілімен жазылды. Майданға бірінші кезекте ұрыс тағдырын шешетін соғыс техникалары үшін Ембі мұнайы қажет еді. Соғыстың алғашқы кезінде жау қолында қалған орталықтағы мұнай алаңдары істен шыққандықтан, Ембі мұнайшыларының өнімін кедергісіз молынан өндіру міндеті тұрды.

Міне, осы міндет тұрғысынан жазылған алғашқы А.Токмағамбетовтың фельетоны «Социалистік Эмба» газетінің 1943 жыл 13 қаңтардағы № 4 (537) санында «Честное слово» атты тақырыппен жарық көрді. Фельетонға он жыл еңбек етсе де, мұнай өндірісінен еш хабары жоқ, ертелі-кеш кеңседен шықпайтын «ауырдың үсті, жеңілдің астымен» күл көрген қызметкермен арада болған әңгіме арқау болады. Гурьевке жана келген ақын мұнай өндірісінің технологиясымен танысу үшін мекемеде отырған бастықтан былайша сыр тартады:

«Менің қазбалап сұрауға білетінім аз, сондықтан:

– Сіз маған скважин дегенді түсіндіріңізші деп едім; ол ойланып тұрып.

– Скважин! ... деген, скважин емес пе? Честное слово соның қазақша переводын білмеймін.

– Жоқ, оның переводы емес, скважинаның қандай жұмыс атқаратынын маған керекті. Ол иығы мен қоса миығын көтерді де:

– Скважин ...ну ...ол басқасына қарағанда онша неважен... делі

қымтырылып. Оның соңына түсуге бұл мәселеге сауатым шамалы. Сондықтан скважинды жылы жауып қойып:

– Эксцентришке? ...деп едім, ол мырыңдаңқырап сөйлеп:

– Әрине, май көбірек болса екі центнерде беретін болса керек...деп салды.

Жок, сіз түсінбедіңіз, ол машина ...дегенімше, ол іле жөнелді.

– Ә, сіз соны айтасыз ба? Честное слово ...ол менің есітбеген сөзім. Сондықтан, мен оған толық жауап бере алмаймын. Әйтеуір «көкек басты» темірді көреміз. Оның әкесіні аты жадымда жок, жазы-қысы жоғарылы-төмен ыргатылып тұрғаны... ғажап қой өзі, жем шұқыған тауық секілді, бір зат...», [2]– деп, қазақшасына шүлдірлетіп шамалы шала орысшасын қосқан, әлі күнге қачалканы білмейтін мұнайшыны сын садағына алады.

Әрине, соғыс жылдарында тылда мол мұнай өндіру үшін жұмысшылар күндіз-түні жанқиярлықпен еңбек етсе, конторда «құйрығы он жыл отырып жауыр болсада, он ауыз сөз білмейтін» жалқаулар, тоғышарлар, жемқорлар бар екендігіне осы фельетон дәл жауап береді.

А.Тоқмағамбетовтың Гурьев мұнайшыларының арасында болып, жазған жалынды жырларының қатарында «Мұнайшылар, мұнай бер, Соны сізден сұрайды ел» деген поэмасының шоқтығы биік. Ер Исатай туған жер, Ер Махамбет жүрген жерден майданға мұнай беру, ақын тілімен айтқанда «самғай ұшатын самолетке», «табаны тасты тасқа ұратын танке», «толқынды тоқсан төңкеретін пароходқа» қажет еді. «Май бұлақ» ұрыс даласында Қызыл Армияның жеңісінің қайнар көзі екендігін, сондықтан әр килограмм қара май жауға атылған зеңбіріктің оғына бағаланды. «Бөрі де майдан үшін, бөрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен көбіне түнде өтетін жиналыстарда мұнай мәселесі күн тәртібінен түспейтін еді. Жиналыста сөйлейтін шешендер сөздерін ұрандатып бастап, ұрандатып аяқтайтын. Барлығының айтатыны мұнайлы аудандар жау қолында қалды, ендігі міндет – Ембі мұнайын еселеп өндіру. Сондай жиналыстардың бірін сөз зергері, соғыс жылдарында мұнайлы Ембиде өткізген З.Қабдолов былайша еске алады: «Жиналыс басқарып отырған адам орнынан тұрды:

– Сөз ақын Аскар Тоқмағамбетовке беріледі.

Ақын есімінің ардақтылығы сондай, зал толы жұрт дүр көтеріліп, клуб ішін күндей күркірете қол соқты. Сахна төріндегі биік мінбеге шыққан

орта бойлы, толықша, сұйықтау сарғылт шашын шалқасынан қайырған уяң жүзді ақсары кісі залдағыларға айрықша ибамен қарап, өзіне деген жұртшылық құрметінің аяқталуын ұзақ күтті. Асқар өзіне дейінгі шешендер секілді сөз сөйлемеді, өлең оқыды» [3, 159 б.].

Мұнайлы Гурьев өңірі емес, түгел республика түкпір-түкпіріне тарап, ел боп жатқа соққан патриоттық поэма «Социалистік Эмба» газетінің 1943 жылғы 23 қаңтар күнгі № 7 (540) санында жарияланды:

«...Көтеріп туын жеңістің,
Абырой, даңқ атақпен,
Балаларың өндетіп,
Елге жетсін десеңдер,
«Жеңдік!» деген ұлы үнді,
Жер көк айтсын десеңдер,
«Жауды құрттық» дегенді,
Ел боп айтсын десеңдер,
Елмен бірге қосыла,
Бар күш айтсын десеңдер,
Кремльден Сталин,
Алғыс айтсын десеңдер,
Мұнайшылар – мұнай бер,
Соны Сізден сұрайды ел! –деп, [4]

жеңіске тілектес жандардың бойындағы сезімдерін көрсете келіп, мұнайды көп өндіруге шақырды.

Қаламгердің Атырауда жазған шығармаларының арасында тек мұнай өндірісі емес, ауыл шаруашылығындағы кемшіліктерді сатира тілімен түйрей шаншыды. Теңіз ауданы (Құрманғазы) «Балықшылар үні» газетінің 1943 жыл 27 ақпан № 16 (16031) санында жарияланған А.Тоқмағамбетовтың «Өтініш» атты көлемді поэмасы нақ дәлел. Шығарма көршілес Бақсай ауданындағы «Жаңа күш» колхозы (соғыс жылдарынан соң орталығы № 11 ауыл болған Есбол колхозы, кейін «Заурал» кеңшары) колхозшыларының арасында мал шаруашылығын өркендету, еңбек тәртібін сақтауға, еріншек, тартыншақтықты жоюға арналыпты. Ауылдағы Биғаш, Тәтилер сияқты «сылдыр-суайт», «алма піс, ауырма түс» дейтін кейбір «кербездерді», Отан соғысы жағдайында

колхоз өндірісіне жан-тәнімен арласпайтындарды колхоз жиналыстарында батыл сынап, оларға жол бермей, тез түзету керектігін көрсетеді. «Кеңестің бастығы бар сылбыраған» дегендей колхоздардағы бос белбеу, сылбыр салдыр-салак, колхоз шаруашылығына жауапсыз қарайтын басшылардың да шын бет-бейнесін ашады.

«Өтініш» поэмасы «Бақсай ауданы «Жаңа күш» колхозы жайында стахановшылар мәлімдемесі» деп берілген. Өлеңнің толық мәтіні төмендегідей:

I

Жайықтың жатқан ел ек жағасында,
Кең қойнау мал жайылым даласында.
«Жаңа күш» дейтін колхоз атын алып,
Көп болды жайласқалы біз осында.
Мал десе: қора-қора малымыз бар,
Көп көрген тәжірибелі шалымыз бар.
Білетін шаруаның жай-жағдайын,
Ақылғөй, кеңес берер кәріміз бар.
Жаз – жайлау, қыста – қыстау қонысымыз,
Қойнауы Тайсойғанның өрісіміз.
Өркендеп өрісте мал желіде төл,
Болмаушы ед жайылымнан кемісіміз.
Сиырдың жерге тиіп әукелері,
Мүйізі келіншектей сәукелелі.
Желіні жерге соғып, сүті лықсып,
Жеңгейдің сауса толған дәу шелегі.
Жылқымыз қырдың тағы құланындай,
Желіксе, желге ұстатпай қыр аңындай.
Құлыны – қулықшаның құйын атып,
Құлдырап салған ойнақ бір аңырмай.
Бұл – бәрі байланысты иесіне,
Шығасы болуы да, кіресі де.
Жөнделсе қыста қора, жазда жайлау,
Жүкпайды жұттың майлы күйесі де.

II.

Жақсы емес, жағдайымыз біздің биыл,
 Қорасыз, тонды сызда жатыр сиыр.
 Қыс жұмсақ, абыройды сол жауып тұр,
 Қымқырып шөп жегізбей жалғыз түйір.
 Мерттен аттан құлап бастық жатыр,
 Өзіне дей алмаймыз қас қып жатыр.
 Жығылып жылқышымыз екі бірдей,
 «Қүдекен» бастықтарды қақшып жатыр.
 Сағындық бастықта бар орынбасар,
 Бос белбеу, босаң жігіт, іске нашар.
 Батырып бір адамға сөз айта алмай,
 Баладай бетін басқан, II жасар!
 Киімді қыста киген желегейлеу,
 Етегі жиналмайтын делегейлеу.
 Ұқсатпай барды-барша, жоқты-жоқша,
 Көмескі жүрген жағы көлегейлеу...
 Жаз шапқан жиылған жоқ пішендері,
 Көп болды ол айкайлап, күшенгелі.
 Айтқанын ада-жуда істете алса,
 Бұл күйге малы биыл түсер ме еді.
 Тұрса да қамыс тиіп тұмсығына,
 Дұрыстап соға алған жоқ жылы қора.
 Жел сокса, жерге тапа, қарға көміп,
 Кеткелі дайын-ақ тұр біржола.
 Кеңестің бастығы бар сылдыраған,
 Әуес-ақ суайт сөзге сылдыраған.
 Еңсесі көтерілмей, міні түсіп,
 Күн жаумай үсті басы былжыраған.
 Жас десе, жас-ақ жігіт, көрі де емес,
 Жиырманың сегізінен әрі де емес.
 Шашылған шаруасын ұқыптауға
 Икемді, іске ықшамды, көнігі емес.
 Колхозда жақсы адам көп Оңайлардай,

Іс қалмас олар барса оңайланбай,
Желбуаз, көпірге көңіл бөлмей,
Еңбегін берген көпке көп ойланбай.

III.

Еріншек, тартыншақ бар, итіншек бар,
Суыққа төзімі жоқ, ши тірсек бар.
Назданып «байым-бастық» деп жататын,
Сылтаушыл жоқ нәрсеге түртіншек бар.
Біресе басым дейді, тісім дейді,
Еш адам кеселіне түсінбейді.
Алты ай жаз шайдан басы көтерілмей,
Табілге бір еңбек күн түсірмейді.
Басталып ауруы қыңқылменен,
Аяғы жалғасады ыңқылменен.
Бір құлаш «справка» түсіріп ап,
Сумандап отырғаны ку тілменен.
Атақты соның бірі Биқаш қана,
Тастап ап ақ жаулығын қиғаш қана.
Керіліп, құр көкірек көтерумен,
Болып жүр Биқаш биыл шын маскара!
Белгілі, дүкеншінің Қанжаны бар,
Сылқым соқ, сылдыр-суйт, жанжал құмар.
«Мал байдан, жан құдайдан» деп жатқаны,
Қанжанның енді қандай арманы бар.
Тәти бар келіншегі завферманың,
Біреуі сөзге келсе шап берменің.
«Алма піс, аузыма түс» дейді дағы,
Жей береді күйеуінің ап келгенін.
Бұларға басқа кім бар бұйыратын,
Қысылса күйеулері сыйынатын.
Шолжандап еркелейді асқа тойып,
Атанып ауылына ерке қатын.
Басқалар соны көріп шамданады,

Солардай болғысы кеп қамданады,
«Несі артық, бізден оның» деу көбейіп,
Соғылмай қора-қопсы, мал қалады...
Осындай олпы-солпы кемістікпен,
Өткен жыл аз дән алдық егістіктен.
Азамат атқа мінген ел қорғап жүр,
Ел едік біз солардан жеңіс күткен.
Артылса екі есе боп еңбегіміз,
Көмекті көп көрсетсек елдегі біз.
Немістің қанішерін қоймай қырып,
Ап-анық көрініп тұр жер бетіміз!
Ендеше, бағалайық еңбек ерін,
Майданда бағаласын елдегі ерін.
Еңбекті өрістетер есеп-қисап,
Есеппен көрінбей ме еңбек өнім?
Ал, бізде жөнделген жоқ есеп жағы,
Есептің көбіректеу өсек жағы.
Есебін өткен жылдың қорытқан жоқ,
Колхоздың бұл бір басым, кесел жағы.
Білмейді көп колхозшы не тапқанын,
Не орын, ала жаздай не шапқанын.
«Ертеңмен» емексітіп счетоводтар,
Асықпай жатыр үйде, төсек қалың...
Ретсіз басылған жоқ шабуылдау,
Медпункт, ветпункттер ...жатқан лау.
Дарқылдап, даңғойланып, аты-жөнсіз,
Көбейіп бара жатыр аттан құлау...
Жөнделсе мың осындай былықтары,
Жалқаулық, шалағайлық қылмыстары.
Істеуге біз еңбекті дайын тұрмыз,
Созуға, жауды құртып, қызықты әрі...
Көрсө де бұларды аудан бастықтары,
Қолға алып бір қысқан жоқ бастықты әлі.
Бастығы РайЗоның Арсыланов,

(Бір үйге жайды біле бас сұкпады.
Көп тілек айтпасаң да басқаларға,
Обком мен райкомға басқармаға...
Сыпайы, сықақ тілмен жеткізе гөр -
Осы айтқан өтінішті, Асқар аға!

Асқар Токмағамбетов. 9 февраль 1943 жыл».[5]

А.Токмағамбетовтың шығармаларының басты ерекшелігі оның өмірдің көлеңкелі жақтарын сатира тілімен анықтап, көкейге қонымды ой-пікірлер, тапқыр бейнелі сөздерді шебер пайдаланады. «Социалистік Эмба» газетінің 1944 жыл 29 желтоқсан күнгі № 47 (645) санында басылған «Кесірлі «кейбір» атты фельетонында колхозға барған кейбір газет тілшілерінің төрағамен ішіп-жеп, хабарларды шала дайындап әкелетіндігін, оқырмандардың кейбірі газетті ұйқы шақыру үшін пайдаланса, облыс орталығындағы мекеме басшылары қатынас хатты орысша дайындайтындығы, ал хатшыларының шалағай істерін, сауатсыздығын былайша әшкерелейді:

«...Қазақ ауылына қатынас қағазды,
Кейбіреу орысша жолдап жатады,
Алдағы хаттың жауабын сұрай,
Қанатын бір хат қомдап жатады.
Онайлау хаттар орнына келіп,
Қиындау хаттар жылдап жатады,
Кейбірін хатшы көшіріп жатады,
Түсінбегенін өшіріп жатады.
Кейбірін бүктеп жыртып жатады,
Түп-тұғыйымен құртып жатады.
Кей жерін түсінбей керісінше жазады,
Кей жерін ыңғайының келісінше жазады.
Хатшыға қалай кінә тағарсың,
Аудан мен облыстың перісінше жазады» [6].

Қорыта келгенде, Атырау облысының мерзімді баспасөзінің беттерінде ақын, журналист, жазушы, публицист, сатирик Асқар Токмағамбетовтың біраз шығармалары жарық көрді. Бұл фельетондар мен сатира тілімен жазылған поэмаларында өмір шындығы өткір суреттеліп, қазақ әдебиетінің алтын қорын жаңа образдармен толықтырды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:

1. Қорқытов Б. Жылнама «Еріктен» басталады. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2003. – 105 б.
2. Тоқмағамбетов А. Фельетон. «Честное слово» // Социалистік Эмба. – 1943. – 13 қаңтар.
3. Қабдолов З. Сыр. Замандастар жайынан. – Алматы: «Қазақстан». – 1975. – 184 б.
4. Тоқмағамбетов А. Мұнай бер! (Ембі мұнайшыларына хат) // Социалистік Эмба. – 1943. – 23 қаңтар.
5. Тоқмағамбетов А. Өтініш (Бақсай ауданы «Жаңа күш» колхозы жайындағы стахановшылар мәлімдемесі) // Балықшылар үні. – 1943. – 27 ақпан.
6. Тоқмағамбетов А. Кесірлі «кейбір» // Социалистік Эмба. – 1944. – 29 желтоқсан.

Сұрақтар:

1. «А.Тоқмағамбетов – қазақ әдебиетінің зор тұлғасы» деп неліктен аталды?
2. Атырау өлкесінде дүниеге келген ақын шығармаларының негізгі арқауы не болды?
3. Ақынның тіл тазалығын сақтауға арналған қандай өлеңдері бар?
4. «Мұнайшылар, мұнай бер, Соны сізден сұрайды ел» атты поэмасының тарихи маңызы қандай?
5. «Өтініш» поэмасы қай шаруашылық еңбеккерлеріне арналды? Поэмадағы ауыл көрінісі қалай бейнеленді?
6. Ақын шығармаларындағы бюрократтық, қырсық мінез, еріншектер бейнесі қалай сомдалды?
7. Тьютордың басшылығымен ақын шығармаларынан реферат дайындау.

4.4. «Социалистік Эмба» – отты жырлар отауы

Ұлы Отан соғысы жылдарында Мақат аудандық «Социалистік Эмба» (ары қарай – С.Э.) газеті өз жұмысын соғыс тілегіне қарай құрып, сан оқырмандарын жауға қарсы өшпенділікке тәрбиелеуде үлкен рөл атқарды. Соғыс жылдарында жарияланған өлеңдерде аудан еңбекшілерінің еңбектегі табыстары, жаумен шайқастағы қаһарман ерліктері көңілге қонымды, көркем етіп жырланды.

Соғыс оты тұтанған шақта «С.Э.» газетінің 1941 жыл 29 маусым күнгі № 57 (377) санында жарияланған Доссорлық ақын Нұрбай Қанатбаевтың «Біз жеңеміз» атты өлеңінде майдан өмірі шындықпен жырланып, біздің соғыс отанды қорғау, әділ соғыс, жеңіс біздің жақта деген сарын айқын сезілді:

– Біздің елдің саясаты,
Тыныш тұру ұрынбай.
Сау кетпейді соқтыққан жау,
Өз жерінде қырылмай,
Оқ атты герман жоқ жерден,
Соғысуға бізбенен.
Аймақты, байтақ жеріме
Өтуге фашист көздеген.
Іске аспай ойы жауыздың
Фашистер кейін шегінді.
Қызыл әскер қырандар,
Бастырмайды жауға жерімді.
Біз жеңеміз, жеңеміз
Женуге тартқан ұран бар,
Қирата соққы береміз.
Қызыл әскер қыран бар,
Су үстінде ойнайды,
Қызыл флот қайратты.
Құртпай жауды қоймайтын,

Асқан алып айбатты,
Көктен шүйғып алдырмас,
Қайтпас қызыл сұңқар бар.
Отанға қол салдырмас,
Сан миллион сұңқарлар,
Шекарада бері карай,
Ешкім аттап өтпейді.
Қаны судай төгіліп,
Аттаса тірі кетпейді.
Сан миллион көп халық,
Отан үшін аттанад,
Арандай шапқан жауыздар,
Саз балшықтай тапталад.
Қамқоршымыз Сталин,
Нұрын шашып әлемге,
Қайратына халқының,
Масаттанып мақтанад.
Ал жолдастар! Еңбек ет,
Қарқынды бойлай үдетіп.
Өнегенді өркендет.
Күшті қосып, бірлесіп,
Аттанайық қалмастан
Ұлы еңбек майданға.
Молайтайық мұнайды,
Керекті соғыс сайманға» [1].

Облысқа танымал болған ақын Далабай Жазықбаевтың Батыс майданнан жіберген өлеңдерінде патриоттық пафос үні естіліп, фашистік басқыншыларды тезірек талқандауға шақырды. Қолына граната ұстаған солдаттардың кеудесі кекке толып, екі аяқты хайуан дұшпандарды бірінен соң бірін жер жастандырып жатқаны көз алдына келеді. Қан майданда таң алдында жауынгерлердің қол жеткізген алғашқы жеңісін «С.Э.» газетінің 1942 жыл 8 тамыз күнгі № 61 (493) санында «Танертенгі бір жеңіс» атты өлеңінде былайша суреттеді:

– Ашуланып атты таң,
Таралып қызыл шапағы.
Жорғалады жыландай,
Жау паналап жотаны,
Кей кезде от шашырап,
Түтіндейді төңірек,
Өтеді атқан оқ зулап,
Жердің жонын тілгілеп,
Жақын енді қан майдан,
Кескілесер жекпе-жек.
Ол, сескенбес ондайдан,
Біздің ерлер жау жүрек!
Талай-талай майданда,
Сермеді олар семсерін,
Екі аяқты аюанға,
Жібермеді ел кегін.
Оң келгенге оқ атты,
Тап бергенін түйреді,
Көрсетті солай қайратты,
Сескенуді білмеді,
Аудармады еш уақыт,
Алған беттен маңдайын.
Әні, қолда гранат,
Жарылуга түр дайын,
Жаудың кетті тынымы,
Енді төзіп жатпады,
Тұра-тұра ұмтылды,
Қалың өрттей қаптады,
Жаңғырықты айнала,
Шуылдаған айқайдан.
Кескілесер жекпе-жек,
Ашылды күткен қан майдан,
Көруші едім жарқылдап,
Атылғанын жасылдың,

Сондай-ақ біздің гранат,
Гүрс!...Гүрс етті. Басылды үн,
Жусап қатал жатты жау,
Қара жерді құшақтап,
Көтерілді көк түгін,
Күлімдей түсті шығыс жак» [2].

Ұлы Отан соғысы жылдарында ақын Асқар Тоқмағамбетов Гурьев облысының бірқатар аудандарында, мұнайлы Ембіде болғаны туралы әлденеше рет жазылды. Мұнайшылардың өнімді мол бергені, жауға қарсы «Көк ала бұлтты кескілеп» самолетті ұшырудың, «Табаны тасты тасқа ұрып» танктер өргізудің, «Толқынды тоқсан төңкеріп» пароход жүргізудің шарты болмақ. Атақты «Мұнайшылар, мұнай бер, Соны сізден сұрайды ел!» атты өлеңі «С.Э.» газетінің 1943 жылғы 23 қаңтар күнгі № 7 (540) санында жарияланды:

«...Күндердің күні туғанда,
Ел бақытқа енгенде,
Жер гүлстан болғанда,
Жайықтың бойы жадырап,
Жағалай елге толғанда,
Жайшылықта май бұлақ,
Ел ырысы боларсың,
Ер басына күн туса,
Ер құрышы боларсың,
Аса бір соққан желді күн,
Желге қарсы самғайтын,
Ерқанаты боларсың,
Теңізін тебе жүзетін,
Толқынын толғай сүзетін,
Қолғанаты боларсың! –
Десе бабаң: - май бұлақ,
Күнің туды бұрқырар,
Нелер ғасыр жыл жатқан,

Жылы құрыш құндықтан,
Жер бетіне зырқырар,
Сондықтанда, сұрайды ел,
Ел тілегі: мұнай бер!...» [3].

А.Тоқмағамбетовтың шығармаларының басты ерекшелігі оның өмірдің көлеңкелі жақтарын сатира тілімен анықтап, көккейге қонымды ой-пікірлер, тапқыр бейнелі сөздерді шебер пайдаланады. «Социалистік Эмба» газетінің 1944 жыл 29 желтоқсан күнгі № 47 (645) санында басылған «Кесірлі «кейбір» атты фельетонында қолхозға барған кейбір газет тілшілерінің төрағамен ішіп-жеп хабарларды шала дайындап өкелетіндігін, оқырмандардың кейбірі газетті ұйқы шақыру үшін пайдаланса, облыс орталығындағы мекеме басшылары қатынас хатты орысша дайындайтындығы, ал хатшыларының шалағай істерін, сауатсыздығын былайша әшкерелейді:

«Кейбір бізде тілші болады,
Колхозға барып бір ақ қонады,
Бастықпен шайдың үстінде отырып,
Қызулы-қызулы әңгіме соғады,
Кезеңді жерде бір түрткен болып,
Әр нәрсенің басын шалады.
«Так что» бәрі анық болды деп,
Қағазын бүктеп қалтаға салады.
Сол үйден ұзап шығып кетпей-ақ,
Түртілген қағазы түсіп те қалады.
Қайтадан бару: не так важно деп,
Ойда қалғанын жазып бағады,
Әйелін еркек, еркегін әйел деп жазып,
Артынан санын бір-ақ соғады.
«Қате-кетіпті, түзетуге» деп,
Басылып шыққан соң безек қағады.
Кейбір сөздің түйінін таппайды,
Түйінін тапса түйірін таппайды.

Бір сөзді бастап, бітірмей тастап,
Дәлелсіз кейін, орынсыз мақтайды.
Тарихтан қозғап, төптіштей келіп,
Бүгінгі ісіне бір-ақ тоқтайды.
Ең кемі повесті, романға айналып,
Бір мақалаға барлығын топтайды,
«Тамаша жазылған мақала еді» деп,
Басылмай қалса он жыл жоқтайды.

Кейбір жолдастар кезі келгенде,
Қазақша газет сатып алады,
Отырып оқу, онайға соқпайды,
Шалқадан түсіп жатып алады.
Әр сөздің басын ежелеп жатып,
Ұйқысы келіп бетін жабады,
Беті бүркеніп, көзі жұмылды ақ,
Есіней түсіп ұйықтап қалады,
Сусыған газет бетінен түсіп,
Ақырын жылжып жерді табады.
Жердегі газет жұмсауға дайын,
Ала салып бірі базарға шабады,
Ет орап әкеп майлыққа жұмсап,
Ақыры жыйнап пешіне жағады.
Қазақ ауылына қатынас қағазды,
Кейбіреу орысша жолдап жатады,
Алдағы хаттың жауабын сұрай,
Қанатын бір хат қомдап жатады.
Оңайлау хаттар орнына келіп,
Қиындау хаттар жылдап жатады,
Кейбірін хатшы көшіріп жатады,
Түсінбегенін өшіріп жатады.
Кейбірін бүктеп жыртып жатады,
Түп-тұғыйымен құртып жатады.
Кей жерін түсінбей керісінше жазады,

Кей жерін ыңғайының келісінше жазады.

Хатшыға қалай кінә тағарсың,

Аудан мен облыстың перісінше жазады» [4].

Осылайша Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газеті отты жылдарда жауға қарсы арналған жырларды насихаттап, Ұлы Жеңісті жақындатуға өз үлесін қосты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қанатбаев Н. Біз жеңеміз // Социалистік Эмба. – 1941. – 29 маусым.
2. Жазықбаев Д. Танертеңгі бір жеңіс // Социалистік Эмба. – 1942. – 8 тамыз.
3. Токмағамбетов А. Мұнайшылар, мұнай бер, Соны сізден сұрайды ел! // Социалистік Эмба. – 1943. – 23 қаңтар.
4. Токмағамбетов А. Кесірлі «кейбір» // Социалистік Эмба. – 1944. – 29 желтоқсан.

Сұрақтар:

1. «Социалистік Эмба» газеті өз жұмысын соғыс жағдайына бейімдеп қалай құрды?
2. Ақын Н.Қанатбаевтың өлеңіндегі отан қорғау мәселесі қалай көрінді?
3. Ақын Д.Жазықбаевтың творчествосы туралы не білеміз? Шығармаларын атаңыз.
4. Орденді ақын А.Токмағамбетовтың «Мұнайшылар, мұнай бер, Соны сізден сұрайды ел!» атты поэмасындағы мұнайшылар еңбегі қалай бейнеленді?
5. А.Токмағамбетовтың тілшілер жұмысындағы кемшіліктерді көрсеткен өлеңі қалай аталады?
6. «Кесірлі «кейбір» атты фельетонның негізгі мазмұны не болды?
7. Фельетон дегеніміз не? Профессор Т.Амандосовтың осы жанрға берген бағасы қандай?

4.5. Ұлы Жеңіс жаршысы

Өткен ғасырдың қойнауында кеткен адамзат баласы үшін ауыр қасірет әкелген неміс-фашистердің басқыншылығына қарсы Ұлы Отан соғысында әр күнгі табыстарымызды жырға қосқан ақындар аз болмады. Солардың қатарында жас мұнайшы Зейнолла Қабдоловта ақындық қаламын қолына іліп жыр төкті. Оның өлеңдерінде қан майдандағы жауынгерлердің жаумен шайқасындағы қаһарман ерліктері көркем, көңілге қонымды етіп жырланды. Әр жолдары халықты Ұлы Жеңіске, жауды талқандауға шақырып отырды. Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетімен тығыз байланыста болған ақынның 1945 жыл 23 ақпан күнгі № 6 (65) санында «Майдандағы жеңістер» атты өлеңі жарық көрді. Қызыл Армияның майдандағы қарқынды қадамын ақын былайша суреттейді:

Сонау батыс... Ұлы майдан –

Көңіренген жер мен көк.

Қүдіреті күшті майдан

Атылған оқ, ұшқан доп.

Тербелгендей теңбіл аспан,

Атой салған дауыстан.

Ол – Армия майдандасқан,

Ата жаумен алысқан.

Зіркілінен зеңбіректің

Жер тебіреніп, сілкінген.

Айбатынан ер жүректің,

Жаудың тобы іркілген.

Болғандай-ақ «заман ақыр»

Жаудың жойып тынысын.

Құртып жатыр өңкей батыр,

Кекке жанып қылышын.

Соның бірі – біздің жақтық,

Елдің ері жасанған.

Ғабидола – танкист даңқты

Қайырғали қаһарман.

Орыс, қазақ, өзбек, қырғыз...
Барлығында бір жүрек –
Ұлы достық. Байлау – жалғыз
Міне, осында күш, тірек.
Өшпен, кектен кеудедегі
Асқар асу тау құлар.
Ашынған сол кеуде кегі,
Енді бұған кім шыдар!
Жау қуылды елден тегіс
Үңгіріне өзінің.
Қашты неміс, асты неміс,
Жол қылып жүр өлігін.
Жоқ етіліп жер бетінен
Сүм фашистер... Гитлер.
Қызыл ерлер өз қолымен
Берлинге ертең ту тігер.
Сонда, азаттық сүйген жандар
Толқындата жер жүзін.
Асқар асар, көкке самғар
- Жеңіс! – деген жалғыз үн [1].

Бұл өлең жолдарынан қазақ халқының ерлігі, майдан мен тылдың бірлігі айқын бейнеленді. Кеңестер елінің аясында татулығы жарасқан бірнеше ұлы ынтымағының өмірлік күшін жас ақын поэзия күдіретімен берді.

Төрт жыл қан майданда жаумен шайқасқан ерлерімізден «Жеңіс» деген қуанышты хабарда келіп жетті. Осылайша кеңес халқының әділ ісі мен адал еңбегі Ұлы Отан соғысында жеңуші болып шықты. Біз жеңдік! Осы жеңісті баянды етудегі Ембі мұнайшыларының қажырлы еңбегі өткір бейнеленген ақын А.Токмағамбетовтың «Мұнайшылар, мұнай бер, соны сізден сұрайды ел» деген әйгілі өлеңін қалай тыңдағанын былайша есіне алды: «Соғыс кезі еді. Ембі мұнайшыларының еңбектегі ерлікке үгіттеген жиындар күндіз емес, ылғи түнде өткізілетін. Сондай жиналыстардың бірі Доссордағы мұнайшылар клубында болып жатты.

– Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!

...Жиналыс басқарып отырған адам орнынан тұрды:

– Сөз ақын Асқар Тоқмағамбетовке беріледі.

Ақын есімінің ардақтылығы сондай, зал толы жұрт дүр көтеріліп, клуб ішін күндей күркірете қол соқты» [2].

Ержүрек Қызыл Армия өзінің соңғы шешуші шабуылы кезінде Берлин қаласын толықтай алды. Қызыл Ту күзғындар үңгірі Рейхстагтің төбесінде желбіреді. 1945 жылдың 9 мамыр күні таң алдында Отанымыздың жүрегі – Мәскеу радиосынан «Жеңіс!» деген хабар берілгенде, бүкіл халық аяғымен тік тұрды. Қалың бұқара көшеге қаптай ұмтылып, қуанышты көңілдерін көкке өрлетті. Мұнайлы аймақ Мақат ауданында да еңбекшілер бұл күні ертеңгілікте қуаныш пен шаттыққа бөленіп, қолдарына қызыл ту көтеріп, жалпылай жеңісті тойлауға жиналды. Көп адамдар қатысқан қуанышты жиындарда еңбек ерлері сөз сөйледі. Майданға мыңдаған эшелон жанар-жағар май жөнелткен мұнайшылар әсте де еңбек қарқынын бәсеңдетпеуге уәде берісті. Ол үшін қара алтынды өндіру бұрынғының үстіне арттыра беру керек деп бел шешті.

Сол күнгі жұртшылықтың қуанышты күндері «Социалистік Эмба» газетінің 1945 жыл 12 мамыр күнгі №18 (663) санында «Жеңімпаз Қызыл Армияның мерейі үстем болсын!» атты айдарымен берілген бетте Зейнолла Қабдоловтың да «Жеңіс» деген өлені жарияланды.

Май – 9...Сағат дәл - 10 ...- Ура!.. Ура!..

Беттерін трибунаға қойған тура;

Саптанған Армиядай қалың халық,

Бөледі Ембі атасын Айқай... шуға!

« Жасасын Ұлы Сталин! Армиямыз!». –

–Деген үн көкке самғап ұшты дуда.

Әшекей – ою, ұран, плакаттар,

Портрет!..алаң толды қызыл туға!..

–Тыңдандар! мұнайшылар құлақ салып,

Тыңда ел – туысқандар тыңда халық! ..

Көп күткен Жеңіс күні – бүгінгі күн;

Біткен күн бүгін фашист ойранданып.

Лениннің жолыменен дана Сталин.

Жеткізді бізді бұған аман алып.

Дегенде: - көп қол соғып үнге басты–

Музыка көкті тербеп, жерді жарып.
Сөздері: Жойылды сұм бітті неміс...
Басылды соғыс өрті.. жоқ қан төгіс!..
Тынбастан мұнайлы Ембі қарқынға бас!..
Ел үшін ендігі алтын алады өріс!..
Табысты күннен-күнге үдетеміз!
Серт етті – мұнайшылар бәрі тегіс.
Ұласты қуанышқа шаттық, бақыт
Той болды Сталиндік Ұлы Жеңіс! [3].

Міне, осылайша сан миллиондаған бейбітшілік сүйгіш халықтың аңсап күткен Ұлы Жеңісіне жас мұнайшы-ақын Зейнолла Қабдолов өзінің тырнақ алды өлеңдерін арнады. Академик жазушы-ғалым атанған ағамыздың ақындығын қалыптастыруға Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетінің қабырғасы үлкен роль атқарғаны көрініп тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Майдандағы жеңістер // Социалистік Эмба. – 1945. – 23 ақпан.
2. Қабдолов З. Сыр. – Қазақстан, 1975. – 159 б.
3. Қабдолов З. Жеңіс // Социалистік Эмба. – 1945. – 12 мамыр.

Сұрақтар:

1. Академик З.Қабдоловтың өмірі мен творчествосы туралы не білеміз?
2. Жас ақынның Қызыл Армияның ерлік жолына арналған қандай өлеңі бар?
3. Ақын шығармаларында қазақ халқының ерлігі, майдан мен тылдың бірлігі қалай бейнеленді?
4. Мақаттық мұнайшылар Ұлы Жеңіс күнін қалай қарсылады?
5. З.Қабдоловтың «Жеңіс» атты өлеңіндегі халықтың қуанышы қалай берілді?
6. Ақын З.Қабдолов алғаш рет қашан айтысқа түсті?
7. З.Қабдоловтың «Жайық қызы» атты өлеңінің мазмұны туралы не

білесіз?

8. Тьютордың басшылығымен «Бүтін бітім» атты кітаптан рефераттар дайындау.

4.6. Өлке баспасөзінің тарланы

Атырау облысының, оның ішінде Мақат ауданының баспасөзін қалыптастыруда және оның дамуына сүбелі қосқан қаламгерлер аз емес. Атап айтқанда, сонау 1937 жылы 29 шілде күні алғаш рет ірге тасы қаланған «Ембі жұмысшысы», 1938 жылы 2 наурыз күні қайтадан «Социалистік Ембі» атауымен жарық көрген аудандық газеттің бастауында болған Құлмағамбет Бөріқұлаков, Кенжеғали Ізтелеуов, Мұхаметияр Сатқанов және Тәжібай Текеевтердің есімін құрметпен атауға тиіспіз.

Жеке мұрағатымда сақталған Мақат аудандық газеттерінің көшірмесінен ол туралы біраз деректерді жинақтай келе, Тәжібай ағамыздың шебер ұйымдастырушы редактор, қаламы жүйрік журналист және азулы айтыс ақыны болған деген ой түйіндедім.

Тәжібай Қабасұлы Текеев 1923 жылы Орал губерниясы, Гурьев уезі, Доссор поселкесінде дүниеге келген. Алғашқы еңбек жолы 1941 жылы шілдесінде «Социалистік Ембі» газетінде әдеби қызметкер ретінде басталды. Бірақ көп ұзамай, 1941 жылдың желтоқсанында ел басына қатер төнген шақта неміс-фашистермен шайқасуға аттанады. Қан майданда Қызыл Армияның 183-ші барлаушылар дивизиясы құрамында жаумен шайқасқан. 1943 жылы ауыр жарақат алып туған жеріне оралады. Жоғарыда аты құрметпен аталған редактор М.Сатқановтың майданнан жараланып елге оралып емделіп жүрген, кейін өзінен кейін редактор болған Тәжібай Текеевке жасаған қамқорлығы туралы А.Елеусінов «Тарланбоз талант» атты мақаласында былай дейді: «Осындай толғаныста жүргенде сол бір ақылгөй ағасы келіп, өмір ағысын жаңа бір арнаға бұрып жіберді. Ол Сатқанов Мұхаметияр есімді азамат болатын. Сол тұста Мақат аудандық «Социалистік Ембі» газетінің редакторы. ...Өзі жаралы жауынгердің азапты тағдырынан хабардар болғанға ұқсайды. Редакцияға бекітілген тарантаспен вокзалдан күтіп алғаны тегіннен тегін емес. Тіпті жанқалтасына азын-аулақ ақша да салып жіберген-ді. Хабарсыз кеткен

соң ат басын бұрып өзі келіп тұр. Алдыңғы ұсынысын қайталап, «біреу күннен қалмай жұмысқа шық» - деп кетті [1]. Қамқор ағасы оны бірден жауапты хатшы қылып тағайындайды. Міне, осы аудандық газеттің жауапты хатшылығын 1943-1947 жылдары абыроймен атқарып, 1947 жылдан бастап редакторлық қызметке тағайындалады.

Т.Текеев редакторлық болған тұста мұнайлы ауданның газеті бірнеше рет одақтық, республикалық байқаулардың жүлдесіне ие болады. Елге ақын, айтыскер ретінде танылып, публицистикалық шығармалары, әңгіме, очерктері мерзімді баспасөз беттерінде тұрақты жарияланып тұрды. Аға ұрпақ өкілі ретінде ол талай журналистерді тәрбиелеп шығарды. Олардың арасында Қаржаубай Сұлтанғалиев, Аманкелді Жылқышиев, Серік Мұхамбетов, Сайлаубай Тәжбентаев, Сабыр Өтепбергенев, Мақсұт Нетаалиев, Өтеген Нәукиев және т.б. белгілі журналистер бар.

Т.Текеев 1959 жылы КСРО Журналистер одағының I съезіне делегат болып сайланған. Мақат аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық кеңестің депутаттығына бірнеше рет сайланады. Отан алдындағы абыройлы еңбегі жоғары бағаланып I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен және т.б. көптеген мерекелік медальдермен марапатталған. Мақат ауданының құрметті азаматы. 1994 жылы 23 қыркүйек күні дүниеден озған. Ауданның құрметті журналисі ретінде аты аталып, Доссор поселкесінен үлкен көшеге есімі берілген.

Тәжібай Текеев – журналист. Жоғарыда айтып өткенімдей, оның барлық ғұмыры Мақат аудандық газетінде өтті, яғни екінші үйі болып кеткен десекте артық емес. Журналист қашанда қырағы көз, кемшіліктерді елден бұрын көре білетін ерекше мамандық иелері. Журналист Т.Текеевтің Ұлы Отан соғысы кезінде «Социалистік Эмба» газетінде жарияланған мақалаларын оқи отырып осы ерекшеліктерді айқын аңғарасың. «Байланыс конторындағы басты олқылықтар жойылуы керек» атты сын мақалада газет, хат-хабар таратудағы аудандық байланыс жүйесінің жұмысы сын садағына алынады. «...Мұқыр станциясына «Соц.Эмба» газетінің нағыз керекті сандары бармай қалған. Новобогатшылардың үндеуін Ақшелек ауылының колхоздарындағы колхозшылар уақытында талқылай алмады. Сол сияқты Сталин жолдастың 23 февральдағы бұйрығы жарияланған газет саныда жетіспей қалған.

Мұның себептері неде? – деп сұрағанымызда аудандық баспасөз тарату бөлімінің меңгерушісі – Сәрсенбаев – Чорт знает, біз жібердік... Әйтеуір беда...- деп құрғақ жауап береді,- деп газет, журналдардың таратылуына тұрғындар ренішін білдіріп, жұмысты жолға қоюды ескертеді[2].

Тәжібай Текеев – редактор. Жауапты немесе уақытша редактор ретінде қол қойған газеттерді оқи отырып, Тәжібай ағамыздың ерекше қолтаңбаларын көреміз. Әсіресе газет бетін құрудағы шеберлігі, материалдарды орналастыруы оқырманның назарын өзіне аударып, жүрегіне дөп тигізер ерекшелігі көзге түседі. Мысалы, «Әділ іс пен адал еңбектің жеңісі» атты бас мақалада («Социалистік Эмба», 12 май, № 18 (663), 1945 ж.) төрт жылға созылған соғыстың ауыр зардабын шеккен халықтың жеңісті күнге жеткенін қуанышпен баяндайды. Ұлы Жеңіс жолында мыңдаған ауыр вагон «қара алтын» жөнелткен мақаттықтардың сол күнгі қуанышты көңіл-күйлерін төмендегіше білдіреді: «Ауданымыздың мұнай промыселдарындағы еңбекшілер 9 май күні ертеңгілікте қуаныш пен шаттыққа бөленіп, қолдарына қызыл ту көтеріп, жалпылай жеңістің жиынына жиналды. Көп адам қатынасқан жиындар барлық жерлерде де болып көптеген өндіріс озаттары ол жиындарда шығып сөйледі. Бірақ, барлығының да сөз бастамасы бірыңғай болып келеді: - Жеңіс жетті. Жау біржолата жеңілді. Данышпан Сталин бүгінгі жеңіс күнінен біздің совет халқын, Совет Отанын аман-сау алып келді! Жаса Сталин! Жеңімпаз Қызыл Армия жасасын!

Ембінің ендігі қара алтыны – мөлдіреген мұнайлы еліміздің игілігіне шаруашылығына жұмсалынсын. Ол үшін мұнайды бұрынғының үстіне асыра өндіруіміз керек» [3].

Журналистиканың жазылмаған заңы бойынша бас мақаланы редактор немесе жауапты хатшы жазатын болса, осы материалда Тәжібай ағамыздың қолтаңбасы жатырғанын аңғару қиын емес. Т.Текеев газетті безендіруді, газет полиграфиясын, газет өндірісін және оның техникасын терең меңгерген тапқыр қаламгер. Ол қол қойған газеттерді ақтара отырып, ешбір орфографиялық немесе емле қателерін кездестерген жоқпын.

Республикадағы мұнайшылар туралы жарық көрген дара басылымның беттерінде ақын Асқар Токмағамбетовтің «Мұнайшылар, мұнай бер! Соны сізден сұрайды ел»,- деген патриоттық рухқа толы өлеңі аққұс

болып еліміздің түкпір-түкпіріне таралғаны баршаға мәлім. Газеттің әр санында жеңісті жақындатуға сүбелі үлес қосып жатқан мұнайшыларды еңбек қарқынын төмендетпеуге шақырған материалдар көп болды. Т.Текеев редактор ретінде қол қойған «Социалистік Эмба» газетінің 1945 жыл 1 мамыр №16 (661) санында «Мұнайшылар! Жарыс озаттарының қатарына бөріңде қосылыңдар!» атты айдарымен берілген бетте көлдей 4 мақала және 2 өлең жарияланған. Бұл жауапты хатшы, әрі уақытша редактор Тәжібай Текеевтің журналистік шеберлігі десекте болады. Материалдарда мұнайды көптеп өндірудегі бұрғышылар мен мастерлердің еңбегі «Сариев басқарған бұрғышылар», № 2 учаске коллективі озып шықты» атты мақалаларда көрінді.

Тәжібай ағамыз қол қойған газет беттерінен болашақ академик, заңгер жазушы Зейнолла Қабдоловтың бірнеше өлеңдерін жариялағанына куә болдым. Мысалы, «Социалистік Эмба» газетінің 1945 жыл 12 май №18 (663) санында «Жеңіс» атты өлеңі.

Тәжібай Текеевтің редакторлық қызметіне белгілі қоғам қайраткері Саламат Мұқашевта үлкен баға берген. 1962 жылғы Н.С.Хрущевтің аудандарды тарату реформасынан кейін көптеген аудандар таратылғанда Жылой мен Мақат бірігіп, Ембі өндірістік ауданы құрылады. «Сол жылы Ембі парткомының органы болып «Ембі» газеті шықты. Оның алғашқы редакторы етіп Тәжібай Текеевті бекіттік. Біразға дейін газет Доссордан басылып, шығып тұрды. Кейіннен редакцияны Құлсарыға көшіргенде, Текеев орталыққа келуден бас тартты. Онысы дұрыста болды. Көп кешікпей аудандар қайта құрылды. Т.Текеев «Мұнайшы» газетін қайта ашып, оның редакторы болды», - деп, оның жұмысына үлкен баға береді.

Тәжібай Текеев – ақын. Отты жылдарда жарық көрген сарғайған аудандық газет беттерінен оның бірнеше өлеңдері жарияланғанын көріп, көшірмелерін түсіріп алдым. Қан майданнан жаралы оралған қаламгер солдаттың әр өлеңдері елдің еңсесін рухани жағынан көтеруге бағышталды. Ақын Тәжібай Текеевтің «Социалистік Эмба» газетінің 1945 жыл 23 февраль № 6 (651) санында «Еңбектегі жеңістер» атты өлеңін оқып көрелікші:

–Мынау Ембі... Ұлы еңбек –

Сыбанған сом білектер.

Іс киынын бұлар жеңбек
Еңбек сүйгіш жүректер.
Кеудесімен көк тіреген
Кереметім - буровой.
Тігіренткен жер жүрегін,
Техникалы терең ой.
Қайратына долотоның
Қойнын ашты қар жер.
- Жетістікке жетсін қолың,
Мұнайшылар мұнай бер.
Бер мұнайды әр учаске
Кешегіден, бүгін көп!
Түсіндерші бәрің бәске,
- Кім озады бүгін! – деп.
Татьяна Хан мастердей
Қаркын болса тобыңда.
Артық мұнай әр бес күнде
Он тонналап қолыңда.
Егоровтай ерінбесең
Еңбек саған бас иер.
Жер мұнайын алып берсең,
Сені бүкіл ел сүйер.
Мігір таппай Әбдеш сынды
Ісің бітпей, үй көрмей.
Сүйсең сондай жұмысыңды,
Қалмақ емес іс өнбей.
Мықты болсаң Мүкитовтай
Жуасып жер жайланар.
Шапшаңдығы тап ұршықтай
Роторың айналар.
Көп айналсын роторлар,
Качакілер иілісін!
Өндіріліп артық майлар,
Жеңіс қорға құйылсын!

Мейлі Ембі мұнайынан
Мола тапсын немістер!
Бұдан былай ұдайынана,
Арға берсін жеңістер! [4].

Осылайша мұнайшыларды мол өнім алып майданға жөнелтуге, сөйтіп халқымыздың ұзақ күткен жеңіске үлес қосуға шақырды.

Тәжібай Текеев – айтыс ақыны. Ұлы Отан соғысы жылдарында дауыппаз ақын Жамбыл салған жолмен ақындар айтысы қайта жаңғырды. Қаһарлы жылдардың қауырт оқиғаларын тез көріп, жедел бейнелеуде, майдандағы қимылдар мен жауынгерлердің ерлік бейнесін жасауда поэзия шеберлері елеулі еңбек етті. Отанды сүю мен ел қорғау тақырыбы ақындардың жаңа тынысын ашты. Солардың сапында ақын Тәжібай Текеев айтыс өнерінің қыры-сырын терең меңгерген, ойы жинақты, көркемдік жағынан анағұрлым жатық сөз зергері атанды. Оның дәлелі ретінде ақын Т.Текеевтің ақындар Сұраубай Үттібаев, Зейнолла Қабдолов және маңғыстаулық Мұқамбетовтермен айтысын оқығанда көзің жете түседі.

Айтыс кезінде Комсомол мұнай кәсіпшілігі атынан түскен ақын Т.Текеев майданда дұшпанды жеңуге, тылда майдан мүддесіне лайықты еңбек етуге үндеді. Мысалы, Қошқар атынан айтысқа түскен С.Үттібаевтің:

...Сөйлейін кезегімде Қошқар жәйін,
Сөйлесем ағызамын тілдің майын.
Жұлделі жүйрік едім бөйгені алған,
Тыныс бар шаршамайтын шапқан сайын.
Ембінің алтын отау – Қошқарының
Табысын таскындатып мен жырлайын,
Лайсаң Отан соғысы күндерінде
Мұнайым болып тұрды күнде дайын.
Келемін айдан-айға сөзден шығып,
Берілді Отаныма арзан майым.
Істейміз жазғы күндей қыс күнінде
Жарыста социалистік шаршамаймын.
Аудан мен облыстан үш ту алдық
Бұлардан қолымдағы айырылмаймын.
Тойымыз Қазақстан мүшелінде

Табыспен таң қалдыра ағындаймын.
Ал, өзің қалай жүріп, қалай тұрсын
Айтып бер өндірісіңнің ішкі жәйін?

Тәжібай:

Ау, Сәке, көп мақтадың Қошқарынды,
Білемін сырлы сөзді қосқаныңды.
Дауым жоқ артығымен орындадың,
Серт еткен міндетің мен жоспарыңды.
Бірақта, қысқа жақсы әзірмен деп,
Айтпаңыз ондай маған оспағыңды.
Аралап кеше өзіңмен шыққанымда,
Санама тоқығанмын бос жағыңды.
Отырсыз әзірліктен түк өндірмей,
Кеткем жоқ «ПГ»ларды көзім көрмей,
Жалаңаш эксцентрик «еңіреп» тұр.
Панасыз жан ашыр жоқ жетімдердей,
«Қыс болса бұзыламыз сәлем айтқын –
Ауданға» - деп қалды ғой қолың сермей.
Қатпақшы выкидной линия,
Қыста ертең, қойсаң бұған көңіл бөлмей,
Комсомол әзірленді қыс кезінде,
Электер цехым түсті жұрт көзіне,
Гараж бен мастерской озат шығып,
Тұрғызып жатыр жаңа цех өзіңе,
Қошқарда осылардай озат барма
Қарт жырау жауап берші бұл сөзіме?...

Айтыстың бұдан әрі жалғасында Т.Текеев өндірістегі кемшіліктерді ашып көрсетіп, оны жоюдың жолдарын көрсете келіп:

...Ерлерім еңбектегі қолы жеткен
Табыстан айрылмасқа айналысты.
Ұлы той Октябрь мен Қазақстан,
Сыйлыққа шығарамыз жойқын күшті,
Біз бұрын қаракшыдан айналамыз.
Тазартып кемшіліктен алдағы істі», - деп қорытындылайды [5].

Жоғарыда атап өткеніміздей, академик З.Қабдоловтың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы алғашқы тырнақ алды өлеңдері «Ұлы Жеңіс жырышысы» атауымен берілді. Ал заңғар жазушы айтысқа келу тарихын ол былай шертеді: «Атақты Жамбыл бастаған ақындар айтысы сол кезде күллі Қазақстан бойынша дәстүрге айналды. Айтыс болмайтын жер жоқ. Доссорда да айтыс болып жатты. Мен айтысқа қатыстым. Сол тұстан күні бүгінге дейін «Мұнайшы» газетінің редакторы болып істейтін Тәжібай Текеев дейтін кісі де өлең жазатын. Мен сол Тәжібаймен айтыстым. Онымыз аудандық газеттің бір бетін тұтас алып жарияланды» [6]. Сол ақындар айтысы Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газетінің 1945 жыл 10 сәуір № 657 санында «Бір қосып жер асты ісін, гараж күшін – күресті күшейтелік мұнай үшін!» тақырыбымен жарияланды. Аламан жыр сайысы 1945 жылдың 27 наурыз күні Доссор поселкесіндегі мұнайшылар үйінде өтеді. Бұл күнді шақырылған қонақтар мен зал іші толған тыңдаушылар асыға күтеді. Шымылдық ашылысымен БК(б)П Орталық Комитетінің партия ұйымдастырушысы Қожағұлов сөз сөйлеп айтыстың тарихи маңызына тоқталады, одан әрі сөзді Қазақстан Жазушылар одағының Гурьев облысындағы өкілі С.Хайдаров жалғастырады. Ол ақындардың әрқайсысын жеке таныстырғаннан соң, барлығын сахна төріне шақырады. Алдымен мұнай өндіру бөлімі атынан халық ақыны Жүсіпов Құмар мен силовой станциясы атынан жас ақын Аманшин Берқайыр, екінші айтысқа - № 1 учаске атынан жас ақын Мұратов Сәрсен, № 2 учаске атынан жас ақын Түйешиев Түрекеш, үшінші айтысқа – жер асты жөндеу бригадасы атынан жас ақын Қабдолов Зейнолла, өндіріс қоймасы атынан жас ақын Текеев Тәжібай шығады. Алғашқы айтыста Құмар ақын силовой станциясының барлық кемшілігін жіпке тізіп беріп, жас ақын Берқайырды жеңіп шығады. Жұрттың назарын аударған айтыс жерасты жөндеу бригадасы мен өндіріс қоймасы арасындағы жыр додасы болды. Сөз шеберліктерін өлеңмен өрнектеген екі жас ақынға барша дүйім жұрт риза болған. Сол күні айтысқа қатысқан барлық ақындарға салт дәстүрімен сый құрмет көрсетіледі. Енді сол айтыстан қысқаша үзінді берсек:

ЗЕЙНОЛЛА

Қоймасы қара алтынның Доссор – Алып,
Атақты промысел аты қанық.
Дүниеде теңдесі жоқ қара алтынды,
Суырып жер астынан жатыр алып.
Кеудесі көк тіреген буровойлар,
Тынбастан күні-түні өнге салып.
Шапшытып жер мұнайын аспанға ата,
Ақырғы жеңіске түр дабыл қағып.
Таянып келе жатқан ұлы тойға,
Білемін жеңіспенен баруы анық.
Сол Доссор көлемінде мұнайлы алап,
Қас қақпай күні-түні тұрмын қарап.
Насоспен штанганың қозғалысын
Мұлт етпей тексеремін қолмен санап.
Кеселге келе қалған қарсы тұрам
Толған күш – тұла бойым қару жарақ.
...Сөйле гараж! Сөз бердім енді саған
Келесің қалай жүріп, тартынбастан –
Тәжібай, баяндашы көне маған.

ТӘЖІБАЙ

Жан емен сөз бергенде үндемейтін,
Тетігі бұл өлеңнің тілде дейтін.
Ендеше сүйір тілмен сүйкенемін,
Ақыным болсаң мені күндемейтін.
Зейнолла естуші мең, көрдің бе әлде
Ақбөкен қарсы шабат желге дейтін.
Желгенде жетегіне желді ертпеген
Жүйрік жоқ одан бетер жерде дейтін.
Ақбөкен – Автомобиль – одан да артық
Шабыста ынтықпайтын, терлемейтін.
Трактор тегеурінді сом темірден
Жеңіл мен ауырыңды тергемейтін.

Қарамы қап тауындай зат болсада,
Жасқанбай сүйреп өрге өрмелейтін.
Өр кеуде тракторым – алып танкі
Майданда алға құлаш сермелейтін.
Інінде айуанды бірінші боп,
Советтік танкі езеді – осы сертім.
Сол танкі Сталиндік ту байлаған,
Берлиннің биігіне шығады еркін.
Ақбөкен – Автомобиль жүйріктерім,
Трактор қуаттымыз күші керім.
Екеуі ел ісінде – ер пішінде
Келеді көтерісіп салмақ керін.
Жаннаттай жайлы орынды – гараж дейді
Бұлардың тынығуға келген жерін.
Келсе егер, осы жерге кеудесіне,
Күш қосат мамандарым – слесарім,
Жасқанбай жер астына қолым салдым.
Мұнайға көмектестім деп мақтандың,
Мақтаныш – білмеймісің бірі екенін,
Атамыз Абай айтқан бес дұшпанның
Шынында менсіз сенің күнің бар ма,
Табысқа талай сені сүйреп бардым.
Қолтықтап көтермесем көрер едің,
Мен жоқта – ісің де жоқ, жатып алдың,
Ал енді, өзің тыңда, сұрайын жай –
Мұнымды есіне ұста бұдан былай,
Осы жыл басталғаннан промысел,
Борышты 162 тонна мұнай.
Осының жартысына жауаптысың,
Алмаймыз кемтігіне енді шыдай.
Гараждың тракторын көп күттірдің,
Жүргізіп бірде былай, бірде олай.
260-шы скважинада
Көрсеттің шабандықтың түрін ұдай.

Орнына 3 тәуліктің жетеу істеп,
Неліктен құтың қашты тап осылай...» [7].

Осылайша ел басына күн туып, ерлер қан майданда жаумен шайқасқанда сөз зергерлері атанған ақындар легінде Зейнолла мен Тәжібай отты жырларымен Ұлы Жеңіске зор үн қосты. Жас ақындардың өлеңінен тастай түйінген мұнайшылардың қажырлы еңбегі жан-жақты көріне түсті. Еңбек ерлерінің өнегелі істері мақтан етілді, артта келе жатқандары сын садағына ілінді.

Тәжібай Текеев ағамыз тек ғана мақаттықтардың айтыс ақыны болғаны емес, сол кездері облыс құрамында болған Шевченко мен Маңғыстау аудандары арасында болған айтысқа шыққан. Төменде айтыстан қысқаша үзінді берсек:

Текеев

—Ақынның айтар кезі асыл сөзін,
Шешеннің табар кезі сөздің тезін.
Айтыс деп жиналған жұрт құлақ түрсе,
Кетпей ме бойды билеп күшті сезім.
Терейін алтын, күміс сөз жақсысын,
Неғылам көп айтылған сөздің жезін.
Жаңаша жырдан желі тарта біліп,
Дәуірде сталиндік айтар кезім.
Байлығын мақтан етіп ауданымның,
Бұлақтай ағытайын жырдың көзін.

Мұқанбетов

—Сөйледің байлығыңды, Тәжібайым,
Белгілі айтпасанда сенің жайың.
Ақыным маған кезек бергеннен соң,
Байлығын Маңқыстаудың баяндайың.
Қаптаған өрісімде төрт түлік мал,
Келемін алға басып күн-күн сайың.
Жарыста алған сертті орындауда,
Кем болып мен сенен қала алмаймын.

Жақсарған малдың күйі ауданымда,
Келеді басып алға шаруа жайым.
Салайын сұлу өнге сөзбен өрнек,
Байлықтың аудандағы күйін тербеп.
Өсіріп малдың басын аман сақтап,
Келемін күннен күнге құлаш сермеп...[8].

Бұл айтыстан ауыл шаруашылықты мекенге айналған түбектегі қол жеткен табыстар мен кейбір шешімі таппаған мәселелер ашып көрсетілді. Әсіресе, мал басын аман сақтау, төл санын көбейтуге баса назар аудару керектігі көрсетілді. Қоғамдағы келеңсіз жақтарды жойып, мемлекеттік мүлікті мұқият сақтауға шақырды. Жоғарыдағы үш сайыстан Тәжібай Текеевтің айтыс өнеріндегі шеберлігі тыңдаушыларын өзіне тартып ғана қоймай, олардың қуанышы мен қайғысына ортақтасып, қол жеткен табыстарын паш етті.

Қорыта келгенде, қырық жыл Мақат аудандық газетіне қол қойған редактор Т.Текеевтің өмір жолы туралы жазылар да, айтылар да өңгіме көп болмақ. Денсаулығының кемтарлығына қарамастан тәуліктеп жұмыс істеп, демалуды білмеген газет ісіне шын берілген Тәжібай атамыздың өнегесі көпке үлгі боларлық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елеусінов А. «Тарланбоз талант». Жеңісті жақындатқан жандар. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2005 ж. – 104 б.
2. Текеев Т. «Байланыс конторындағы басты олқылықтар жойылуы керек» // Социалистік Эмба. 24 март, № 12 (610).1944 ж.
3. Әділ іс пен адал еңбектің жеңісі // Социалистік Эмба, 12 май, № 18 (663), 1945 ж.
4. Текеев Т. Еңбектегі жеңістер // Социалистік Эмба, 23 февраль № 6 (651), 1945 ж.
5. Ақындар айтысы. «Озат боп бәйгі аларлық жарыспенен, - Баралық мерекеге табыспенен!» // Социалистік Эмба, № 35(660), 1944 ж.
6. Қабдолов З. Жебе. Әдеби толғаныстар мен талдаулар. – Алматы. «Жазушы», 1977.- 268 б.

7. Ақындар айтысы. «Бір қосып жер асты ісін, гараж күшін – күресті күшейтелік мұнай үшін!» // Социалистік Эмба, 10 апрель, № 657, 1945 ж.

8. Ақындар айтысы. Шевченко және Маңғыстау аудандары арасындағы айтыс // Колхоз жолы, 28 сентябрь, № 33 (1471), 1945 ж.

Сұрақтар:

1. Т.Текеевтың өмірі мен творчествосы туралы не білеміз?
2. Т.Текеевтің алғашқы еңбек жолы қалай басталды?
3. Редактор Т.Текеевтің журналистік шеберлігі қандай болды?
4. Т.Текеевтің жүйрік айтыс ақыны ретінде қалай танылды?
5. «Бір қосып жер асты ісін, гараж күшін – күресті күшейтелік мұнай үшін!» атты айтыс қалай өтті?
6. «Социалистік Эмба» газетінің тарихи жолдарынан не білесіз?

4.7. «Атырау» газетінің – төл батыры

Ұлы Отан соғысында қорқу дегенді білмеген, тапқырлығымен, жауды батыл бассалуымен, қорғаныстағы табандылығымен өзін танытқан жауынгер жерлесіміз Кеңестер Одағының Батыры Қайырғали Смағұлов болатын. Қ.Смағұловтың осы ерлігі Керчь түбінде болған ұрыста айқын көрініп, кейін жазушы Ф.Мүсіреповтың «Қазақ солдатты» романына арқау болғаны баршаға аян.

Шындығында, ержүрек батырдың алғашқы қуанышын барша жұртқа таратқан және ерлік жолын кеңірек баяндаған «Социалистік құрылыс» («Атырау») газеті еді. 1945 жыл 15 қаңтар күні Гурьев облыстық газетінің редакторы С.Сауырғалиевтың жоғарғы органдарға берген «1944 жылғы облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің жұмысы туралы» атты 57 беттен тұратын есебінде былай деп жазылыпты: «Біздің жерлесіміз Кеңестер Одағының Батыры Қайырғали Смағұлов 1944 жылдың көктемінде Гурьев қаласында және қалаға іргелес «Теңдік» колхозында, бірнеше аудан орталығында болды. Сондай-ақ, жол. Смағұлов қаладағы өндірісте, қалаға іргелес бірнеше шаруашылықтарда өткен митингілерде сөйлеген

сөзінде еңбекшілерді майданға беретін көмекті күшейтуге шақырды. Жол. Смағұловтың Гурьев қаласындағы кездесулері баспасөзде кеңінен жарияланды. Газет бетінде еңбекшілермен болған кездесулер мен оның ерлік жолына арналған ісі туралы 11 мақала және осы газеттің 2 беті арналды» [1].

Тұңғыш рет батырдың ерлігіне арнап «Социалистік құрылыс» газетінің 1944 жыл 1 сәуір күнгі № 65 санында ақындығымен көзге түскен Б. Қорқытовтың «Үстем болсын мерейің!» атты төмендегі өлеңі жарияланды:

–Толқынды Каспий көлінен,
Бетегелі белінен,
Ақ Жайықтың төрінен,
Қырандайын қомданып,
Ел намысын қолға алып,
Майданға сапар шеккенде.
– Ел шетіне жау тисе,
Ер азамат жатар ма?
Ұран сап жауға аттанбай,
Таңынан тартып талайын,
Сағағына алмастың,
Қызыл жоса қан қатпай,
Ел қаһарын қолыма,
Қару етіп ілермін.
Ел еңсесін үстіме,
Шым болаттан суарып,
Сауыт етіп киермін.
Батыр қазақ салтымен,
Жауды жеңу даңқымен,
Жасанған жауға тиермін.
Ел қамы үшін егесіп,
Жайық үшін жандасып,
Майданда жауды талқандап,
Жеңіспен елге келермін, –
Деп ежелгі ұранмен,

Бас иіп серт еткенде,
–Үстем болсын мерейің! –
Деді солай туған жер,
Ерлігі дастан туған ел,
Қылдай шыңнан өткенде,
Шебіне майдан жеткенде,
Қаһарлы қарт Кавказдың,
Күзды қыл шыңында.
Көмірлі Донбасс жерінде,
Украина елінде,
Ойда келсе ойда атып,
Қырда келсе қырда атып,
Құралай көзден күнде атып,
Түстің көзге ерекше,
Күн сәулелі Қырымда.
Асау Азов көлінен,
Белес-белес дөңінен,
Өткенінде мүдірмей,
Ырза боды ер халқың,
Кектескен жауды кескілеп,
Өкпе тұстан тескілеп,
Бүйірінен сыққанда.
Көрікті қала Керьтің,
Түбегінен тура етіп,
Жау қорғанын бұзғанда,
Өшпес даңқ мәңгіге,
Алдың Батыр атағын,
Белдескен жауды жыққанда,
Адамның алғыр қыраны,
Женістердің ұраны,
Тау бүркіті – Сталин,
– Өжет мінез, өркеуде,
Таза қанды, бүкпесіз,
Даңқты қазақ баласы,

Ерлігіне ырзамын, –
Деп Кремль төрінен,
Бергенде алғыс құттықтап,
Елмен бірге қуанып,
Көңілді көкке көтеріп,
Шаттық шынға шарқ ұрып,
Ел атынан айтамын,
– Мерейің үстем болсын, – деп,

«Социалды құрылыс» («Атырау») газетінің 1944 жыл 9 сәуірдегі №71 (3156) санында батырдың ерлігіне орай мынадай хабар беріліпті: «КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жыл 17 ноябрьдегі Указы бойынша Керчь бұғазынан өткені, Керчь жарты аралында табан тірейтін орын алғаны және сонымен бірге асқан ерлік көрсеткені үшін 58 офицерлерге, сержанттар мен қатардағы жауынгерлерге Кеңестер Одағының Батыры деге атақ беріліп, Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі тапсырылды. Солардың ішінде қазақтың даңқты ұлдарының бірі жерлесіміз Ысмағұлов Қайырғали бар» [3].

Көп ұзамай газет редакциясына майдан даласынан Батырдың ерлігі туралы баяндаған облысымыздың мұнайшылары мен балықшыларға арнаған хаты келді. Хатты газет ұжымы «Ел сенімін ер ақтар, ер есімін ел сақтар» деген айдармен жариялапты, оқып көрелік:

«Қымбатты жерлестеріміз!

Мен бірінші рет Дондағы Ростов жанында соғысқа кірдім, онда танктерді қиратушы топта болдым. Алғашқы екі күнде мен жаудың танктерін құрта алмай жүрдім. Үшінші күні түнде біз бір станциясының түбіне жылжып жеттік, тыңдасақ танктердің дыбысы естілді. Сақшыны ең әуелі мен көрдім. Жанына жорғалап жеттім де, аяғынан тартып жықтым, сол бойда түншықтырып өлтіріп те тастадым. Танкистердің бәрі ұйқыда. Біз танктерді өртедік. Тек бір танкист қана аман шыққан еді, біз оны ұстап алып, өз бөлімімізге әкелдік. Бұл жолы мен «Ерлігі үшін» медалін алдым.

Мен Новороссийск үшін, Орджоникидзе үшін болған ұрыстарға қатынастым. Біздің бөліміміз Кавказдың талай қалалары мен селоларын азат етті.

Өткен жылғы октябрьдің аяқ кезінде біздің құрамамызға Керчь жарты

аралына түсу жөнінде бұйрық берілді. Катерге 20 адам мінді. Дауылды қараңғы түнде катер Қырымның жағасына жетті. Немістер бізді көріп қалды. Оқ қардай борады. Жағаға жүз метрдей жер қалғанда, катерді қайырға отырғызып алмау үшін секіріп суға түстік. Немістер бізді көп адам деп ойлап, 12 танк пен екі батальон жаяу әскерін жіберді ...тапсырма орындалды.

Керчь бұғазынан өтіп, жарты аралда табан тірейтін жер алғанымыз үшін біздерге Жоғарғы Кеңестің Указымен Кеңестер Одағының Батыры атағы берілді, Ленин ордені мен «Алтын жұлдыз» медалін алдық.

Қадірлі жерлестерім!

Қызыл Армия кеңес жерін неміс басқыншылардан толық азат ететін күн, жаудың барлық істеген зұлымдықтары үшін одан өш алатын күн жақын. Ал майдандағы табыс сіздердің Отан алдындағы борышыңызды өтеуіңізге, Қызыл Армияға көмектесуіңізге байланысты.

Майдандықтар атынан мен сіздерді күш аямай, арымай-талмай, еңбек өнімділігін арттыруға, жоспарлы тапсырманы асыра орындауға шақырамын...» [4].

Ұлы Отан соғысы барысында қазақ халқы майдандағы өз ұлдарына арнап жазған хатын 1943 жылы 6 ақпан күні «Правда» газеті басып шығарды. Газеттің «Даңқты қазақ халқы советтік Отан үшін күресте» деген бас мақаласында хаттың орасан зор маңызы бар екені баса көрсетіліп, қазақ еңбекшілерінің тылдағы және қазақ жауынгерлерінің майдандағы ерліктерін жоғары бағалаған болатын. «Правда» газетінің бас мақаласы 1943 жылы 9 ақпан күні өткен Атырау облыстық партия комитетінің № 231 бюро мәжілісінде талқыланып, насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі С.Төлебаев хабарлама жасады. Қабылданған қаулыда, жоғарыдағы екі хаттың дұшпанды талқандаудағы маңызын облыс жұртшылығына кеңінен насихаттаудың шаралары белгіленді [5].

Халықтың өз ұлдарына арнаған жалынды үндеуі майдан шебіне тез жетті. Жауға қарсы шайқастан кейін, окоптар мен блиндаждарда отырып, жауынгерлер мен командирлер халықтың шын жүректен жазылған хатын демдерін ішіне ала оқып, тыңдады. Сөйтіп, олар «Туған қазақ халқына» деген жауап хат жазды. Солардың қатарында жерлесіміз Кеңестер Одағының Батыры Қ.Смағұловта бар болатын. Оның «Облыс

еңбекшілері, мерекені лайықты табыстармен қарсы алыңыздар» атты хаты Қазан төңкерісін лайықты табыстармен қарсылауға шақырды. Осы хаттан қысқаша үзінді келтіре кетсек:

«Даңқты Қызыл Армия Отан соғысы майдандарында жеңісті шапшаң жүргізіп, кеңестің қалалары мен селоларын азат етуде. Олар өздерінің қолбасшысы Сталин жолдастың бастауымен жеңістен жеңіске жетіп, гитлершіл басқыншыларды өз үңгірінде талқандауға бел байлады. Ал, тыл жауынгерлері майданға деген көмекті арттыруда. Міне, бұл табысқа сіздерде ортақсыздар.

Ардақты жерлестер! Майдандағы жеңісті тылда шыңдау – сіздердің айбынды міндеттерің. Тыл мен майдан біртұтас лагерь екендіктеріңді естен шығармаңдар. Жеңіс күнін тездету үшін аянбай жұмыс істеңіздер. Біздер сіздерді осыған шақырамыз.

Ембі мұнайшылары! Мұнайсыз соғысуға болмайды. Сондықтан Октябрь алдындағы социалистік жарысқа қосылып, Комсомол промыселі коллективінің үндеуіне жауап ретінде алған міндеттемелеріңізді абыроймен орындап шығыңдар. Ембі мұнайын мол беріп, жеңіс сағатын тездету үшін аянбай күресіңдер. Скважиналар қорын толық пайдаланып, кідірісті болдырмай, промыселді қысқа жақсы әзірленіздер. Міне, Қызыл Армияның қазіргі жеңімпаздық шабуылы сіздерден осыны талап етеді.

Жайық-Каспий тресінің балықшылары! Сіздердің алдыңызда балықты мол аулау міндеті тұр. Ол үшін өз өндірістеріңде жігерлі жұмыс істеп, жылдық жоспарларды кемеліне келтіріп, майдан мен елімізге жоғары сапалы балық беріңіздер...

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Колхоз малын аман өсіріп, мемлекеттік мал өсіру жоспарын асыра орындап, елімізге мал шаруашылығы продуктыларын мол тапсырыңыздар. Новобогатшылардың үндеуі бойынша алынған міндеттемені Октябрь мерекесіне орындап шығатын болыңыздар. Малдың қысқы жайылымын дұрыс пайдаланып, қысқа әзір болыңыздар...

...Облыс еңбекшілері! Октябрь алдындағы социалистік жарысты өрістетіп, мерекені лайықты табыстармен қарсы алатын болыңдар.

Қайырғали Ысмағұлов, Кеңестер Одағының Батыры» [6].

Міне, осылайша облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің ұжымы

кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарында қан майданда шайқасқан жерлесіміз Кеңестер Одағының Батыры Қ.Смағұловтың ерлігін паш етіп, жеңісті жақындатуға да өз үлестерін қосты.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:

1. АОММ 1-к., 1-т., 1370-іс, 13-п.
2. Қорқытов Б. Үстем болсын мерейің! // Социалистік құрылыс. – 1944. – 1 сәуір.
3. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жыл 17 ноябрьдегі Указы // Социалистік құрылыс. – 1944. – 9 сәуір.
4. Ел сенімін ер ақтар, ер есімін ел сақтар // Социалистік құрылыс. – 1944. – 1 мамыр.
5. АОММ 1-к., 1-т., 986-іс, 174-п.
6. Смағұлов Қ. Облыс еңбекшілері, мерекені лайықты табыстармен қарсы алыңыздар // Социалистік құрылыс. – 1944. – 26 қыркүйек.

Сұрақтар:

1. Жазушы Ф.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романы өмірге қалай келді?
2. Редактор С.Сауырғалиевтың есебіндегі батыр Қ.Смағұловтың туған жеріне келуі қалай көрсетілді?
3. Б.Қорқытовтың батырға арналған өлеңінің мазмұны не болды?
4. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жыл 17 ноябрьдегі Указында не көрсетілді?
4. «Ел сенімін ер ақтар, ер есімін ел сақтар» атты хаттың тарихи мазмұны неде?
5. Кеңестер Одағының Батыры Қ.Смағұловтың «Облыс еңбекшілері, мерекені лайықты табыстармен қарсы алыңыздар» атты үндеуі кімдерге арналды?
6. Қ.Смағұловтың өмірі мен қызметі туралы не білеміз?

ҚОРЫТЫНДЫ

1941 жылы 22 маусымда басталған Ұлы Отан соғысы бейбіт сүйгіш халықтардың қашанда жеңіске ие болатын жарқын үлгісін көрсетті. Жауға қарсы мейірімсіз күрес пен Отан қорғау идеясы бұқаралық ақпарат құралдарының алдына үлкен міндеттер қойды. Баспасөз бен радио облыс халқының қоғамдық санасын қалыптастырып, өткір күшін соғыста жеңіп шығуға бағыттады. Қысқа уақытта еліміздің басқа жерлеріндегі секілді Атырау облысының газеттері мен радиосы соғыс жағдайына бейімделіп, қалың бұқараны Отанға берілгендік пен ерлік, жеңіске сенімділік рухында тәрбиелейтін нағыз саяси үгітшінің және ұйымдастырушының міндетін атқара білді.

«Барлығы да майдан үшін! Барлығы да жеңіс үшін!» атты айбынды ұранмен, сия-қаламын қару етіп асынған облыс журналистері майдандағы жауынгерлер мен тылдағы еңбек иелерінің батырлық бейнесін әсемдеп сомдады. Фашистердің арам пиғылы мен жауыздық әрекеттерін өшкерелеп, халықты жаудан кек алуға және өшпенділікке үндеді. Соғыс кезіндегі журналистерде уақытпен есептесу, жазуға қолайлы сөз іздеу дейтін атымен болмады. Қағаз, қаламы аңшының құрал-жабдығындай, солдаттың қару-жарағындай үнемі жанынан табылды. Барлық жазылған материалдар мен газеттің жанрларынан туындаған дүниелер тек қана жеңісті жақындатуға арналды.

Соғыс жағдайына өткен Атырау облысының мерзімді баспасөзіне жаңаша әскери бағытта еңбек етуге тура келді. 1941 жылы 26 шілде күні «Социалистік құрылыс» газетінің редакторы болған С.Төлебаев облыстық комитетінің хатшылығына тағайындалды. «Прикаспийская коммуна» газетінің жауапты қызметкерлері Аркадий Николевич Столяров «Красный Каспий» (Теңіз), Николай Федорович Бурыкин «Нефтяник» (Мақат) газеттерінің редакторлығына жіберіліп, баспасөздің бұқара арасындағы идеологиялық қуатты күшін арттыра түсірді.

Қаһарлы жылдардағы Атырау облысының газеттері мен радио жүйесі осы талаптарға толық жауап беріп, өзінің борышын абыроймен атқарды. Оқырмандар жүрегіне сан миллиондаған таралыммен жол тартқан

газеттің де, саңқылдаған дауысына ұйыған радионың да күдіретті күшіне бас имеске болмайды. Облыстық «Социалистік құрылыс», «Прикаспийская коммуна» газеттері мен аудандық «Балықшылар үні», «Красный Каспий» (Теңіз), «Социалистік Эмба», «Нефтянник» (Мақат), «Социалды мал шаруашылығы» (Есбол), «Социалды ауыл» (Жылой), «Ленин жолы» (Бақсай), «Колхоз жолы» және «Сталин жолы» (Маңғыстау) газеттері беттерінде жарияланған, жергілікті радио жүйелерінде оқылған публицистикалық шығармалар мен материалдардың барлығы дерлік еңбекшілерді жеңіске жетелей білді.

Қолына қару алып, жауға аттанған журналистер Секер Айтжанов, Сабыр Батырбаев, Сибат Ғабдуллин, Ғайса Ізтелеуов, Ақантай Саркүлов, Мүстах Шайхимов, Мұқан Қанатов, Оңай Шонаев, Далабай Жазықбаевтар ұрыс даласынан оралмады. Бұлармен қатар соғысқа аттанған Хамит Ергалиев, Тәжібай Текеев, Нұрбай Қанатбаев және т.б. ұрыс даласында ерліктің үлгісін көрсетті. Олардан кейін облыс журналистері армиясының қатарына келіп қосылған Тауман Амандосов, Берік Қорқытов, Шөпенғали Дауенов, Кенжеғали Ізтелеуов, Сүлеймен Сауырғалиев, Жолдас Аймұратов, Мажит Машанов, Павел Иванович Богданов, Федор Иванович Егоров, Бантай Байменов, Мақсот Жалмұқатов, Құлмағамбет Бөрікұлақов, Қожахмет Ізімбергенов, Дошу Шененов, Мұхаметяр Сатқанов және т.б. еңбекшілердің қуатты күшін мадақтаған патриоттық өлеңдер мен мақала, очерктер жазды.

Сұрапыл шақта қазақтың халық ақындарының поэзиялық айтыстары қайта жанданды. Саттығұл Жанғабылов (Маңғыстау), Сұраубай Үттібаев (Мақат), Құмар Жүсіпов (Есбол), Дәулетқали Мұратов (Бақсай), Бисенбай Қартқожақов (Бақсай), Берқайыр Аманшин, Зейнолла Қабдолов (Доссор) аудандар атынан айтысқа түсіп, тылдағы адамдарды жан аямай еңбек етуге шақырып, бұл саладағы кемшіліктерді өткір сынға алды. Айтыспен еңбек адамдарын майдандағы ерлік табысқа лайық іс істеуге шақырды.

Ембі мұнайшыларына арнап хат жазған айбынды гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының, Кеңестер Одағының Батыры Қайырғали Смағұловтың облыс еңбекшілерімен болған кездесулері туралы облыс газеттері мен радио хабарларында кеңінен атап көрсетіліп, майданға аттанған жауынгерлерді рухтандырып, тылдағы еңбек адамдарын

қаһармандық іске шақырды. Республикалық «Қыздар, тракторға, комбайн штурваліне!», «Қызыл Армия жауынгерлеріне жылы киімдерді көп және тез жіберейік!», танк, авиация құрамаларын жасауға қаржылай көмек беру, жау қоршауында қалған ленинградтықтарға қажетті азық-түлік, жылы киімдер жіберу және т.б. үндеген патриоттық бастамалар газет пен радиода үзілмеді.

«Прикаспийская коммуна» газетінде «Неустанно готовить резервы для – фронта» (1942 жыл 15 наурыз), «Пошлем эшелоны подарков героям – ленинградцам!» (1942 жыл 15 мамыр) атты атты мақалалардың тарихи маңызы зор болды. Қызыл Армияға жылы киім жинау ісінде аудан еңбекшілерінің белсенді қызметі туралы «Сталин жолы» (Маңғыстау) газетінің редакторы Қ.Таренов, «Социалистік Эмба» газетінің редакторы К.Ізтелеуовтердің есептері тыңдалынды.

Қаһарлы жылдарда Гурьев облыстық және аудандық баспахана ұжымдары да уақытпен есептеспей, күндіз-түні майдан хабары басылған газеттер мен үнпарақтарды шығарды. Дегенмен, аздаған қиыншылықтарға байланысты барлық аудандарда «Американка» баспа машинасын, қазақша өріптер, әр түрлі линейкалар мен квадраттарға сұраныс болғанын айтпасақ болмайды.

Соғыс жылдарында баспасөздің төменгі буыны аталған қабырға газеттерінің рөліне назар аударылды. Күлсары, Қосшағыл, Доссор мұнай кәсіпшіліктерінде жарық көрген «Жауынгерлік листок», «За нефть», «Сталиндік вахта» газеттерінде жұмысшылардың майданға қажетті «қара алтын» тасқынын ұйымдастырудағы еңбегі жарқырай көрінді.

Ұлы Отан соғысының уақытында Кеңестік Информбюроның хабарлары жергілікті жерлердегі радиотораптарына берілді. Адамдардың топтасқан еңбек ұжымдарында, өндірістерде және қызыл мүйістерде жиналған тыңдаушыларға арнайы радио нүктесі қойылды. Сөйтіп, майдандағы соғыстың барысы мен Қызыл Армияның жеңісті жорықтары туралы хабарлар олардың арасында асқан еңбек өрлеуін туғызды.

Жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің қозғалысын өрістету бағытында бірқатар ұйымдастыру шаралары жүзеге асты. Қабырға газеттерінің редакторларының, ауыл тілшілерінің оқу-семинарлары тұрақты өткізілді. 1944 жылы облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің жауапты

қызметкерлері Новобогат ауданының Красин, «Социализм» колхоздарында болып, осындай шараны жүзеге асырды. Облыстық газеттердің штаттан тыс тілшілері болған Н.Марданов (Бақсай), Ж.Ерғалиев (Жылқосы), Есенғалиев (Новобогат), З.Сапахов (Есбол), М.Жиенбаев (Мақат), О.Ажығалиев (Теңіз), А.Бағатдуинов (Гурьев, мехзауыт), Ш.Сабырқұлов (Жаманқала) және т.б. мақалаларында тылдағы ерліктер баяндалды.

Уақыттың тудырған қиыншылықтарға қарамастан облыстық «Прикаспийская коммуна» және «Социалистік құрылыс» газеттерінің материалдық-қаржылай жайы төмендемеді. 1941 жылдың қорытындысында «Социалистік құрылыс» газетінің кірісі 642 200 сом, шығысы 634 100 сом болып, редакция есеп шотында 65 мың сом қалған.

Қаһарлы жылдарда Бақсай аудандық «Ленин жолы» газеті еңбекшілерді майдан мен тылдың бірлігін арттырып, жеңіс жолында қыруар қызметті жүзеге асырды. Бұл аудандағы баспасөздің дамуына сүбелі үлес қосқан, облыстың әлеуметтік саласында өзіндік қолтаңба қалдырған кейін Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан О.Шонаевтың ерлігі жас ұрпаққа үлкен өнеге. Аталмыш газетке 1938 жылдан Таңдай селосында жарық көрген «Социалды қой шаруашылығы» атты көптиражды газеттің редакторы болған М.Жалмұқатов басшылық етті.

Отты жылдарда журналистикаға алғашқы қадам жасаған, кейін Қазақстанда осы ғылымды қалыптастыруға зор үлес қосқан жерлесіміз – профессор Тауман Амандосов. «Социалистік құрылыс» газетінің бетінде жарияланған оның әр хабары мен корреспонденцияларынан, очерктерінен облыс еңбекшілерінің жанқиярлық еңбек үлгілерін, Ұлы Жеңісті жақындатуға баға жетпес үлес қосқанын анық аңғарасын. Т.Амандосовтың әрбір мақалаларының тақырыптары да опасыз жауды тезінен талқандауға шақырған ұранға айналды.

XX ғасырда болған сұрапыл шайқаста ерліктің ең жоғарғы үлгісін танытқан комсомолдар мен жастар еді. Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған Б.Нысанбаев, А.Афанасьев, Г.Канцев, И.Березин, М.Баймұқанов, Қ.Смағұлов, Ф.Мазуров, И.Махорин, жауынгерлік «Даңқ» ордендерінің толық иегерлері Ш.Еркінов, Ғ.Әбілов, Г.Шамин, Е.Польнин және т.б. комсомолдың төл түлектері. Олардың нағыз жан беріп, жан алысқан шайқастағы ерлігі туралы облыстық, аудандық газеттер мен ра-

дио жан-жақты хабарлар ұйымдастырды.

Компартияның баспасөзге орнаған шексіз билігінің де облыс журналистері тағдырын тәлкекке салғанын айтпасақ болмайды. «Социалистік құрылыс» газетінің тұрақты авторы болған, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі С.Шәріпов, 1932 жылдан Теңіз аудандық «Красный Каспий» газетінің редакторы В.Шаншиков өртүрлі сылтаумен жазықсыз шапа шегіп, түрмеге қамалды.

Жауларымыздың идеологиялық үгітін тыңдауды болдырмау мақсатында жеке меншіктегі радиоқабылдағыштарды НКВД бөлімі арқылы мемлекетке жинап алынды. 1941 жылы 27 тамыз күні өткен ҚК(б)П Мақат аудандық комитетінің бюро мәжілісінің қаулысымен жеке тұрғындар қолынан алынған 117 мүлікті мұқият сақтауға, тек қана 8-ін аудандық байланыс және насихат-үгіт бөлімдерінде пайдалануға қалдырған. Радио хабарларын ұйымдастырушылар (диктор, техник) жергілікті НКВД бөлімінің қатаң тергеуінен өткеннен кейін ғана бұл жұмысқа беркіткен. Заман талап еткен темірдей тәртіп кейін Ұлы Жеңісті жақындатуға себепші болғаны да жасырын емес.

Көрнекті қазақ ақыны А.Тоқмағамбетов – өткен ғасырдағы әдебиеттің зор тұлғасы атанды. Еліміз өткен тарихи кезеңдердің барлығы да Асқар шығармаларынан көрініс тауып, халқымыздың жарқын бейнесі шынайы сомдалды. Ақынның шешендік толғаулары, әсем лирикасы, өткір сатирасы, прозасы мен пьесалары әдебиет жанларының дамуына қосқан ерекше мұра.

А.Тоқмағамбетов шығармаларындағы патриоттық, Отан сүйгіштік сарыны Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шығармаларында айқын көрініс тауып, халықты Отан қорғауға, неміс-фашистеріне қарсы жеңіске жұмылдыруға шақырды. Отты жылдарда туған шығармаларының арасында Гурьев (Атырау) облысының мерзімді баспасөз бетінде жарық көрген туындыларының тарихи маңызы бар. Соғыс басталғанға дейін орденді ақынымыздың «Майлы сүт», «Мұнайлы магистраль» деген жол-өчерктер топтамасы, «Бұқарбай батыр» поэмасының үзіндісі, «Қажымұқан палуан» деген мақалалары «Социалистік құрылыс» газетінде басылды. А.Тоқмағамбетовтың облыстық газетте 1941 жыл 27 маусым күнгі №149 санында «Талқандаймыз жерінде», 1941 жылғы 29 маусым күнгі

№ 151 санында «Біз жеңеміз» деген өлеңдері жарияланды. 1943 жылы майданға творчестволық сапармен барып келе жатқанда, жолшыбай Гурьевте бір ай аялдайды. Гурьевте жүргенде Асқар ақын облыстың мұнай кәсіпшіліктерін, ауыл шаруашылық аудандарын аралап, тылдағы еңбек адамдарының тыныс-тіршілігімен танысады. Әр сапарынан туған шығармаларын газет редакциясына тапсырып, облыс еңбекшілерін майдан үшін, жеңіс үшін мол өнім өндіруге жұмылдырды. Тылдағы еңбек еткен адамдардың іс-қимылдарына арналған туындылары астарлы оймен, шұрайлы тілімен жазылды. Майданға бірінші кезекте ұрыс тағдырын шешетін соғыс техникалары үшін Ембі мұнайы қажет еді. Соғыстың алғашқы кезінде жау қолында қалған орталықтағы мұнай алаңдары істен шыққандықтан, Ембі мұнайшыларының өнімін кедергісіз мольнан өндіру міндеті тұрды. Мұнайшылардың өнімді мол бергені, жауға қарсы «Көк ала бұлтты кескілеп» самолетті ұшырудың, «Табаны тасты тасқа ұрып» танктер өргізудің, «Толқынды тоқсан төңкеріп» пароход жүргізудің шарты болмақ. Атақты «Мұнайшылар, мұнай бер, Соны сізден сұрайды ел!» атты өлеңі «Социалистік Эмба» газетінің 1943 жылғы 23 қаңтар күнгі № 7 (540) санында жарияланды.

Сөйтіп, Атырау облысының газеттері мен радиосы Ұлы Отан соғысы кезінде гитлершіл Германияға қарсы күресте еңбекшілерді рухтандырып, жеңіс жолында аянбай еңбек етуге жігерлендірді. Газет беттерінде жарияланған мақалалар мен радио арқылы оқылған өлеңдер, публицистикалық шығармалар болсын әр адамның өз Отанын сүйуге, батырларша ерлікпен шайқасуға шақырды. Жауға оқ болып атылған қаһарлы сөздері мұздай құрсанған қамалды тас-талқан етті. Ел басына күн туған шақта ең жоғарғы беделге ие болған ақпарат құралдары халқымыздың қаһармандығы мен ержүректілігін жан-жақты насихаттап, қалың бұқараның жауынгерлік рухын көтерді, жаңа ерліктерге бастады, жеңіске жетуге болатынына сенім ұялатты.

МӘТІНДІК МАТЕРИАЛДАР

- АОММ – Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты.
БҚ ОММ – Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты.
ҚР ПМ – Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты.
ҚРОММ – Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты.
МОММ – Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағаты.
Окружком – округтік партия комитеті.
Уезком – уездік партия комитеті.
Облком – облыстық партия комитеті.
Аупартком – аудандық партия комитеті.
Аужаском – аудандық жастар комитеті.
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы.
ВКП(б) ОК – Бүкілодақтық Коммунистік партия (большевиктер) комитетінің Орталық Комитеті.
ҚКП(б) ОК – Қазақстан Коммунистік партия (большевиктер) комитетінің Орталық Комитеті.
КИЖ – Коммунистік журналистер институты.
ТАСС – Кеңестер Одағының Телеграфтық Агентігі.
ЛИТО – әдебиет пен баспасөздегі құпияны сақтау.
ВДНХ – Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесі.
П.к. – облыстық «Прикаспийская коммуна» газеті.
Б.ү. – Теңіз аудандық «Балықшылар үні» газеті.
К.К. – Теңіз аудандық «Красный Каспий» газеті.
Соц. Қаз. – республикалық «Социалистік Қазақстан» газеті.
СМШ. – Еспол аудандық «Социалды мал шаруашылығы» газеті.
С.к. – облыстық «Социалистік құрылыс» газеті.
Соц.а. – Жылыой аудандық «Социалистік ауыл» газеті.
С.к.ш. – Таңдай с. «Социалистік қой шаруашылығы» көптиражды газет.
С.Э. – Мақат аудандық «Социалистік Эмба» газеті.
Н. – Мақат аудандық «Нефтянник» газеті.
«Вперед» («Алға») – Гурьев-Астрахань темір жол құрылысын салушыларға арналып шыққан көптиражды газет.
Л.ж. – Бақсай аудандық «Ленин жолы» газеті.
К.ж. – Маңғыстау аудандық «Колхоз жолы» газеті.
К. – Новобогат аудандық «Колхозшы» газеті (бірақ жарық көрмеді).
С.ж. – Шевченко аудандық «Сталин жолы» газеті.
Ж.ш. – Махамбет аудандық «Жайық шұғыласы» газеті.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ:

1. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы атыраулықтардың ерлігіне ғылыми еңбек жазған авторларды атаңыз?

- a) Қ.Досқалиев. А.Қ.Ахмет. Ғ.Н.Нығметов. Ә.Мұқтар. Қ.С.Мұхитов.
- b) Л.Бердіғожин. Х.Б.Табылдиев. Ғ.Н.Нығметов. Ә.Мұқтар. Қ.С.Мұхитов.
- c) Қ.Досқалиев. Х.Б.Табылдиев. Ғ.Н.Нығметов. Ә.Мұқтар. Қ.С.Мұхитов.
- d) Қ.Досқалиев. Х.Б.Табылдиев. Ғ.Н.Нығметов. Ә.Озғанбай. Б.С.Нығмет.
- e) Қ.Досқалиев. Ғ.Қайырғалиева. С.О.Қуаныш. Ә.Мұқтар. Қ.С.Мұхитов.

2. Атырау облысы баспасөзі мен радиосы соғысқа қалай бейімделді?

- a) хабар жанрларын жаңартты.
- b) Барлық күш мұнай өндіруге!
- c) Бір адам барлығы үшін, барлығы бір кісі үшін!
- d) Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!
- e) газеттің шығуы мен радио хабарларын беру уақыты өзгерді.

3. Бүкілодақтық Информбюро қашан құрылды?

- a) 1.02.1942.
- b) 21.07.1941.
- c) 24.06.1941.
- d) 14.09.1941.
- e) 22.04.1942.

4. Мемлекеттік Қорғаныс комитеті қашан құрылды?

- a) 22.09.1942.
- b) 30.06.1941.
- c) 16.11.1941.
- d) 19.10.1942.
- e) 21.08.1942.

5. «Гурьев к. әуе шабуылынан қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар» атты облатком шешімі қашан жарық көрді?

- a) 22.06.1941.
- b) 30.11.1942.
- c) 19.10.1942.
- d) 31.10.1943.
- e) 3.02.1942.

6. «Социалистік құрылыс» газетінің редакторы С.Төлебаев обком хатшылығына қашан беркілді?

- a) 26.07.1941.
- b) 1.12.1941.
- c) 25.08.1942.
- d) 14.09.1943.
- e) 24.04.1940.

7. «Красный Каспий» газетінің редакторлығына А.Н.Столяров қашан тағайындалды?

- a) 8.08.1941.
- b) 30.12.1943.
- c) 22.09.1944.
- d) 5.05.1942.
- e) 13.10.1941.

8. Редактор С.Сауырғалиев облыстық газетке қай жылдары жетекшілік етті?

- a) 1933-1943.
- b) 1941-1945.
- c) 1942-1944.
- d) 1941-1947.
- e) 1941-1955.

9. Батыр Б.Момышулының Ембі мұнайшыларына арнап жазған хаты «Социалистік құрылыс» газетінде қашан жарияланды?

- a) 4.06.1942.
- b) 3.01.1944.
- c) 29.11.1942.
- d) 16.07.1942.
- e) 30.12.1943.

10. «Прикаспийская коммуна» газетінде «Пошлем эшелоны подарков героям – ленинградцам!» атты үндеу қашан жарияланды?

- a) 29.07.1943.
- b) 15.05.1942.
- c) 9.12.1941.
- d) 23.04.1942.
- e) 25.06.1943.

11. Ұлы Отан соғысы кезінде облыстан қан майданға қанша жауынгерлер аттанды?

- a) 42508.
- b) 46508.
- c) 52508.
- d) 87508.
- e) 34508.

12. Соғыс жылдарында облыста қанша газет жарық көрді?

- a) 2 облыстық, 7 аудандық.
- b) 2 облыстық, 6 аудандық.
- c) 2 облыстық, 10 аудандық.
- d) 2 облыстық, 11 аудандық.
- e) 2 облыстық, 9 аудандық.

13. Редактор В.А.Шаншиков не үшін қатаң жазаланды?

- a) «редакция қаржысын талан-таражға түсірді, газет қағазын сатқан».
- b) «редакция жұмысынан қол үзді, партия тапсырмасын орындамады».
- c) «редакция қаржысын талан-таражға түсірді, маскүнемдікке салынды».
- d) «редакция қаржысын талан-таражға түсірді, партия тапсырмаларын орындауға енжарлық танытты».
- e) «бай-кулактың қызына үйленді, партия тапсырмаларын орындамады».

14. ВКП(б) ОК «Майдандағы арнаулы тілшілердің жұмысы туралы» атты қаулысы қашан шықты?

- a) 25.01.1943.
- b) 17.09.1942.
- c) 14.02.1944.
- d) 5.05.1942.
- e) 9.08.1941.

15. 1942 жылы неше майдандық, армиялық, дивизиялық-бригадалық газеттер шықты?

- a) 3 майдандық, 9 армиялық, 500 дивизиялық-бригадалық.
- b) 11 майдандық, 85 армиялық, 450 дивизиялық-бригадалық.
- c) 33 майдандық, 104 армиялық, 200 дивизиялық-бригадалық.
- d) 12 майдандық, 76 армиялық, 700 дивизиялық-бригадалық.
- e) 13 майдандық, 93 армиялық, 600 дивизиялық-бригадалық.

16. Гурьев қ. майданға жауынгерлер шақыру пункті қашан ашылды?

- a) 7.07.1941.
- b) 27.08.1941.
- c) 22.06.1941.
- d) 1.09.1941.

е)3.07.1941.

17. Мәскеу к. Ұлы Қазан мерекесіне арналған әскери шеру радиодан қашан берілді?

а)22.06.1941.

б)9.05.1945.

с)7.11.1941.

д)2.02.1943.

е)1.09.1941.

18. Жеке тұрғындар қолындағы радиоқабылдағыш неліктен мемлекет қарамағына уақышша алынды?

а)өндіріске кедергі болды.

б)дүшпандар хабарын тыңдамау.

с)бос уақытты өткізбеу үшін.

д)малшыларға жетпеді.

е)мемлекет қажеті үшін.

19. КП(б) Гурьев обкомының «Облыстағы радио желісі мен жергілікті радиохабарларын беру жұмыстарының жағдайы туралы» қаулысы қашан қабылданды?

а)5.05.1943.

б)1.10.1942.

с)3.09.1941.

д)21.04.1943.

е)29.09.1941.

20. Соғыс жылдарында журналист Қ.Бөріқұлақов еңбек еткен орын?

а)облыстық партия комитетінің хатшысы.

б)облыстық «С.к.» газетінің редакторы.

с)«Социалистік Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі.

- d) облрадиокомитеттің төрағасы.
- e) облыстық партия комитетінің нұсқаушысы.

21. Памфлет дегеніміз не?

- a) француз тілінде әсірелеу деген ұғымды білдіреді.
- b) сатиралық шығармалардағы поэтикалық әдістердің бірі.
- c) белгілі бір адамды, затты әзіл тұрғысынан бағалайды.
- d) бізге жат бір қоғамдық құрылысты сынап жазады.
- e) бір автордың творчестволық сәтсіздіктерін іліп-шалып, келемеждеу.

22. Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған атыраулықтар:

- a) Б.Нысанбаев. Б.Бақтығалиев. Қ.Смағұлов. А.Афанасьев. Г.Канцев. И.Махорин. Ф.Мазуров. И.В. Лапшин.
- b) Б.Нысанбаев. М.Баймұқанов. Ш.Қамбаров. А.А.Албин. Г.Канцев. И.Махорин. А.И.Шербинин. И.Березин.
- c) Б.Нысанбаев. Е.Шүкіров. Қ.Смағұлов. М.С.Ряднин. Г.Канцев. Т.Ф.Иванов. Ф.Мазуров. И.Березин.
- d) Ю.Шонаев. М.Баймұқанов. Қ.Смағұлов. П.А.Мирошхин. Г.Канцев. И.Махорин. Ф.Мазуров. И.Ф.Бакиров.
- e) Б.Нысанбаев. М.Баймұқанов. Қ.Смағұлов. А.Афанасьев. Г.Канцев. И.Махорин. Ф.Мазуров. И.Березин.

23. Ұлы Отан соғысы кезіндегі газет бетінде кеңінен берілген айдарлар?

- a) Майданға жылы киім жыйналық!
- b) Газеттерге көптеп жазылайық!
- c) Сауатсыздық жойылсын!
- d) Аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын!
- e) Бір адам барлығы үшін, барлығы бір адам үшін!

24. Соғыс жылдарында «Социалистік ауыл» газетінің редакторы кім болды?

- a) Ж. Ергалиев.
- b) Т. Текеев.
- c) М. Жалмұқанов.
- d) Ә. Жаңғазиев.
- e) Т. Сатқанбаев.

25. Гурьев к. Қазақ опера театры қашан келіп концерт қойды?

- a) 24.08.1942.
- b) 25.06.1941.
- c) 11.05.1945.
- d) 2.02.1943.
- e) 5.05. 1944.

26. Журналист Т.Амандосов еңбек жолын бастаған басылымның атауы?

- a) «Социалистік Қазақстан».
- b) «Колхоз жолы».
- c) «Социалды ауыл».
- d) «Жем жұмысшылары».
- e) «Социалистік құрылыс».

27. Ескене мұнайшылары көтерген патриоттық бастама атауы?

- a) «Ескене мұнайшылары».
- b) «Қазақстан мұнайшысы».
- c) «Қазақстан самолеті».
- d) «Қазақстан танкісі».
- e) «Қазақстан колхозшысы».

28. Мақала дегеніміз не?

a) қоғамдық құбылыстар мен оқиғаларды зерттеп ұғынудың, талдап және жинақтаудың қорытындыларынан туған идеяның негізінде жазылатын публицистикалық шығарма.

б) сұрақ-жауап түрінде белгілі бір тұлғаның оқиға мен факті жөнінде журналистке айтқан әңгімесі, сұхбаты.

с) хат түрінде жазылған шығарма.

д) шығарма авторының өз идеясын, туындының тұтас идеялық-мазмұнын оқырманына алдын ала аңғартуға бағдарлаған қысқа текст.

е) театр спектакліне, кинофильмге, концертке немесе өнердің басқа салаларына талдау жасап, баға беріп жазған шығарма.

29. Соғыс жылдарында «Прикаспийская коммуна» газетінің редакторы кім болды?

а) С.В.Вернов.

б) П.И.Богданов.

с) Г.Б.Иодко.

д) Н.В.Потоцкий.

е) В.П.Кириличев.

30. Шевченко аудандық газетінің атауы?

а) «СМШ».

б) «Жаңа жұртшылық».

с) «Колхозшы».

д) «Сталин туы».

е) «Сталин жолы».

31. Атыраулықтар қаржылай үн қосқан республикалық патриоттық бастамалар?

а) «Қазақстан мұнайшысы». «Қазақстан мұғалімі».

б) «Қазақстан балықшысы». «Қазақстан көміршісі».

с) «Қазақстан мұнайшысы». «Қазақстан балықшысы».

д) «Қазақстан колхозшысы». «Қазақстан сакшысы».

е) «Қазақстан жылқышысы». «Қазақстан балықшысы».

32. Отты жылдарда баспасөзде жиі көрінген мақаттық мұнайшы қыздар?

- a) А.Ахметова. А.Жөкеева.
- b) И.Закарина. Т.Жылысова.
- c) А.И.Зараковская. Ж.Манапова.
- d) Б.Доспаева. Н.Шағырова.
- e) М.Әбдіғалиева. Л.Есимова.

33. Атыраудан шыққан тұңғыш флот адмиралы?

- a) В.Г.Клочков.
- b) Л.А.Владимировский.
- c) К.К.Рокоссовский.
- d) И.В.Панфилов.
- e) Н.Ф.Ватутин.

34. А.Токмағамбетовтың «Мұнай бер! (Ембі мұнайшыларына хат)» атты өлеңі қашан жарық көрді?

- a) 28.06. 1941.
- b) 21.01. 1944.
- c) 02.05. 1942.
- d) 23.01.1943.
- e) 4.04.1943.

35. Кеңестер Одағының Батыры Қ.Смағұлов туралы роман жазған қазақ жазушысы?

- a) Ғ.Сланов.
- b) М.Иманжанов.
- c) Ғ.Мүсірепов.
- d) Ә.Нұршайықов.
- e) Ә.Шәріпов.

36. Новобогат ауданы колхозшыларына Алғыс жариялаған Қызыл

Армияның бас қолбасшысы?

- a) М.Н.Тухачевский.
- b) Г.К.Жуков.
- c) И.Э.Якир.
- d) И.В.Сталин.
- e) И.П.Уборович.

37. «Американка» деп не аталды?

- a) цинкограф.
- b) баспа машинасы.
- c) фотосурет.
- d) газеттің құрылымы.
- e) корректура.

38. Қаһарман ұшқыш қыз Х.Доспанованың туған жері?

- a) Жаманқала с.
- b) Қаратөбе а.
- c) Байшонас с.
- d) Ганюшкин с.
- e) Сағыз с.

39. Мақатта жарық көрген орыс тіліндегі газеттің атауы?

- a) «Вперед».
- b) «Известия».
- c) «Гудок».
- d) «Нефтяник».
- e) «Дорожник».

40. Отты жылдарда «Социалды мал шаруашылығы» газетінің редакторы кім болды?

- a) Д.Шененов.
- b) С.Ерғалиев.

- c)С.Көптілеуов.
- d)І.Нұрқасимов.
- e)У.Машанов.

41. Республикада 1941-1945 жылдар аралығында қанша газет шықты?

- a)249.
- b)300.
- c)190.
- d)450.
- e)229.

42. ҚР Президенті мұрағатында сақталған Теңіз ауданы баспасөзіне арналған құжаттар қалай аталады?

a)«Теңіз аудандық «Балықшылар үні» газетінің 1945 жылғы жұмысы туралы баяндама».

b)«Теңіз аудандық «Балықшылар үні» газетінің 1943 жылғы жұмысы туралы баяндама».

c)«Теңіз аудандық «Красный Каспий» газетінің 1943 жылғы жұмысы туралы баяндама».

d)«Теңіз аудандық «Балықшылар үні» газетінің 1942 жылғы жұмысы туралы баяндама».

e)«Гурьев облысы, Теңіз аудандық «Красный Каспий» және «Голос рыбака» («Балықшылар үні») газеттерінің жұмысы туралы».

43. «Социалистік Эмба» газетінің редакторлары:

- a)Ш. Молдабеков. М.Сатқанов.
- b)К.Ізтелеуов. М.Сатқанов.
- c)Т.Текеев. Н.Несібеков.
- d)Т.Мұхамбетов. О.Шонаев.
- e)К.Жаншурин. К.Ізтелеуов.

44. Бақсайда «Ленин жолы» газеті қашан жарық көрді?

a) 05.05.1941.

b) 19.03.1941.

c) 28.07.1942.

d) 22.04.1943.

e) 11.02.1944.

45. Соғыс жылдарында қабырға газеттерінің дені қай атаумен жарық көрді?

a) «Ленин жолы».

b) «Сталиндік вахта».

c) «Сталиншіл».

d) «Жауынгерлік хабаршы».

e) «Қызыл Ту».

46. Б.Байменов қандай газеттің редакторы болды?

a) «Колхоз жолы».

b) «Балықшылар үні».

c) «Социалды жол».

d) «Социалистік Эмба».

e) «Ленин жолы».

47. ҚК(б)П ОК «Республикалық және облыстық, аудандық газеттердің жұмысын қайта құрудың жүрісі туралы» атты қаулысы қашан қабылданды?

a) 6.09.1942.

b) 05.11.1941.

c) 12.09.1944.

d) 9.08.1941.

e) 23.04.1942.

48. 1943 ж. облыстық айтысқа қатысқан халық ақындары кімдер болды?

- a) Қ.Сыдиықұлы, М.Сүндетов, Қ.Жүсіпов, Д.Мұратов, Ә.Сәрсенбаев.
- b) Б.Аманшин, С.Үттібәев, Х.Ергалиев, З.Серікқалиев, Х.Көбжанұлы.
- c) З.Серікқалиев, Е.Домбаев, Қ.Жүсіпов, Н.Әбуталиев, Б.Өтебайұлы.
- d) Ж.Нәжімеденов, Д.Жазықбаев, Б.Қорқытов, Д.Мұратов, Д.Тілегенов.
- e) С.Жанғабылов, С.Үттібәев, Қ.Жүсіпов, Д.Мұратов, Б.Қартқожақов.

49. Атыраулық жауынгерлік «Даңқ» орденінің толық кавелерлері:

- a) Ш.Еркінов, Ф.Әліпов, Г.Шамин, Е.Полынин.
- b) Ш.Еркінов, Ф.Әліпов, Г.Шамин, М.Баймұханов.
- c) Ш.Еркінов, Ф.Әліпов, Қ.Смағұлов, Е.Полынин.
- d) Ш.Еркінов, Ф.Әліпов, Б.Нысанбаев, Қ.Смағұлов.
- e) Ш.Еркінов, Ф.Әліпов, Г.Шамин, Г.Ф.Канцев.

50. Соғыс жылдарында «Колхоз жолы» газетінің редакторы кім болды?

- a) Ж.Сәрсенбин.
- b) Ж.Төпесұлы.
- c) Н.Несібеков.
- d) Т.Мұхамбетов.
- e) Қ.Таренов.

51. «Прикаспийская коммуна» газетінде ефрейтер Ф.Жұмабековтың хаты қашан жарияланды?

- a) 6.12.1942.
- b) 9.10.1942.
- c) 22.06.1941.
- d) 9.05.1945.
- e) 1.06.1943.

52. Тарихшы Х.Бекхожин теңіздік газеттерге қандай баға берді?

- a)балықты көп аулауға шақырды.
- b)тас жол салуға жұмылдырды.
- c)жауды жеңуге үгіттеді.
- d)мал өнімін молайту.
- e)теміржол салуға шақырды.

53. Жалғансайлық жас ақын Д.Көптілеуовтың өлеңдерінің мазмұны не болды?

- a)егіншілерге арналды.
- b)отанды сүю.
- c)сауыншылар еңбегі.
- d)Боксақ каналын қазу.
- e)Жайық суы.

54. Облыстық «Социалистік құрылыс» газетінде аудандық газеттерге шолу қалай жүргізілді?

- a)«Соңғы пошта».
- b)«Газет сыны».
- c)«Апталық айдары».
- d)«Редактор мінбесі».
- e)«Тілшілер хабарлайды».

55. «Сталин жолы» (Шевченко) аудандық газетінің тұңғыш редакторы кім болды?

- a)Х.Әлібеков.
- b)О.Басаров.
- c)Т.Мұхамбетов.
- d)Н.Несіпбеков.
- e)Ж.Сәрсенбин.

56. Газеттерге компартияның басшылығы қандай фактордан көрініс тапты?

- a)сын айдары.
- b)газетке шолу.
- c)рейдтік тексеру.
- d)ЛИТО.
- e) өндірістік кеңес.

57. А.Тоқмағамбетовтың «Өтініш» атты поэмасы қай аудан колхозшыларына арналды?

- a)Теңіз ауданы, Қошалақ с.
- b)Жылой ауданы, Ақкиізтоғай с.
- c)Бақсай ауданы, «Жаңа күш» колхозы.
- d)Мақат ауданы, Доссор с.
- e)Есбол ауданы, Кулагино с.

58. Бақсайлық «Ленин жолы» газетінің редакторлары кімдер болды?

- a)Т.Сатқанбаев, Ф.Үбенев.
- b)М.Жалмұхатов, А.Ибраев.
- c)Ғ.Аманғалиев, Б.Қыстаубаев.
- d)Қ.Есеев, Б.Байменов.
- e)Қ.Кенжалиев, К.Ізмұқанбетов.

59. Соғыс кезінде газет жұмысында қандай қиыншылықтар кездесті?

- a)бет құрушы болмады.
- b)кадр және полиграфиялық қор жетіспеді.
- c)корректор жетіспеді.
- d)аудармашы болмады.
- e)керосин жоқ болды.

60. Ұлы Отан соғысы барысында қазақ халқының өз ұлдарына арнап жазған хаты «Правда» газетінде қашан жарияланды?

- a) 5.05.1942.
- b) 6.02.1943.
- c) 22.06.1941.
- d) 2.02.1943.
- e) 9.05.1945.

61. «Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам»...деп басталатын роман кейіпкері?

- a) Т.Токтаровтың есейген шағы.
- b) Қ.Смағұловтың балалық шағы.
- c) Г.Ф.Канцевтың жасөспірім шағы.
- d) Б.Нысанбаевтың өмірі.
- e) М.Баймұқановтың балалық шағы.

62. «Нефтяник» газетінің редакторы кім болды?

- a) М.Н.Албин.
- b) Н.Ф.Бурыкин.
- c) М.И.Матвеев.
- d) Г.Б.Иодко.
- e) А.Н.Столяров.

63. Гурьев-Астрахань теміржолын салушыларға арналып шыққан көптіражды газеттің атауы?

- a) «Гудок».
- b) «Вперед».
- c) «Известия».
- d) «Сталинец».
- e) «Путь коммунизма».

64. ВКП(б) ОК «Аудандық жергілікті радиохабарын ұйымдастыру» туралы қаулысы қашан шықты?

- a) 9.07.1942.
- b) 3.06.1943.
- c) 6.11.1943.
- d) 22.10.1941.
- e) 12.09.1942.

65. «Қазақтың Левитаны» деп кім аталды?

- a) Ә.Дүйімбаев.
- b) Т.Өтебаев.
- c) Л.Сейітов.
- d) Ә.Байжанбаев.
- e) С.Масғұтов.

66. «Бұл соғыс-моторлар соғысы болды» деген нені білдіреді?

- a) танктер соғысы.
- b) мұнайды мол өндіру.
- c) көмірді мол өндіру.
- d) қорғасынды көп балқыту.
- e) мысты көп қорыту.

67. Бас Қолбасшы И.В.Сталин теңіздік пионерлерге не үшін Алғыс білдірді? Құжат «Социалистік құрылыс» газетінде қашан жарияланды?

- a) қой төлдетуге белсене араласқаны үшін. 22.01.1945.
- b) кеңшар жұмысына көмек бергендері үшін. 4.09.1942.
- c) егін жинауға қатысқандары үшін. 23.04. 1943.
- d) сенбіліктерге араласқандары үшін. 5.05.1942.
- e) танк коллонасына 160 мың сом жинады. 9.04. 1943.

68. Маңғыстау аудандық «Сталин жолы» газеті қашан шықты?

- a) 5.05. 1942.
- b) 25.03.1943.
- c) 24.01.1944.
- d) 16.01.1941.
- e) 23.02. 1942.

69. Соғыс жылдарында баспасөзде жиі көрінген журналистік жанрлар?

- a) поэзия мен проза.
- b) памфлет пен карикатура.
- c) роман мен эссе.
- d) очерк мен заметка.
- e) мақала мен репортаж.

70. Новобогат ауданында 1.06.1944 ж. жарық көрмек болған газеттің атауы?

- a) «Малшылар үні».
- b) «Сталин туы».
- c) «Ленин жолы».
- d) «Колхозшы».
- e) «Балықшы».

71. Жас ақын З.Қабдоловтың Қызыл Армия жеңісіне арнаған өлеңі қалай аталды?

- a) «Парад».
- b) «Майдандағы жеңістер».
- c) «Москва».
- d) «Үшкышқа».
- e) «Сүр мерген».

72. Гурьев облыстық орыс драма театры өнерлерін Қосшағылда қашан көрсетті?

- a) 31.12.1944.
- b) 4.09.1943.
- c) 27.03.1945.
- d) 12.10.1942.
- e) 26.12.1941.

73. Жаралы жауынгер Т.Текеев қай газетте еңбек жолын бастады?

- a) «Социалистік құрылыс».
- b) «Ленин жолы».
- c) «Балықшылар үні».
- d) «СМШ».
- e) «Социалистік Эмба».

74. А.Токмағамбетовтың тілшілерді сынаған сықақ өлеңі қалай аталады?

- a) «Жайбасар».
- b) «Кесірлі «кейбір»».
- c) «Жағымпаз».
- d) «Тасатар».
- e) «Ошаған».

75. «Жайық кызы» атты өлеңің авторы?

- a) И.Жақанов.
- b) З.Қабдолов.
- c) Ә.Еспаев.
- d) Ш.Қалдаяқов.
- e) Ә.Бейсеуов.

76. Публицистика дегеніміз не?

- a) талдамалы жанр.

- b) саяси-көркем проза.
- c) кіші көлемді жанр.
- d) ақпараттық хабар.
- e) өткір сынды проза.

77. Публицист Б.Бұлқышевтың очерктері жарияланған одақтық газет?

- a) «Правда».
- b) «Комсомольская правда».
- c) «Известия».
- d) «Труд».
- e) «Гудок».

78. Соғыс кезінде жазушы С.Сейітов «Қанатты қыз» атты очеркін кімге арнады?

- a) Алия Молдағұловаға.
- b) Хиуаз Доспановаға.
- c) Маншүк Мәметоваға.
- d) Сара Есоваға.
- e) Мария Хакімжановаға.

79. Клише дегеніміз не?

- a) фотосуреттің металдағы кері бейнеленген өрнегі.
- b) матаға салынған фотопортрет.
- c) қорғасыннан күйылған фотосуреттер.
- d) ағаштағы безендірілген сурет.
- e) фотосуреттің пленкаға күйылған түрі.

80. «Социалистік құрылыс» газетіндегі «Өрісі қысқа, жасық газет» (25.08.1944) атты мақалада қай басылым сыналды?

- a) «Ленин жолы».
- b) «Социалистік ауыл».

- c) «Красный Каспий».
- d) «СМШ».
- e) «Малшылар үні».

81. Новобогат ауданы Бас Қолбасшы И.В.Сталиннің Алғыс хатымен не үшін марапатталды?

- a) «Қазақстан балықшысы» танк колоннасына 2 млн. сом қаржы жинаған.
- b) «Қазақстан егіншісі» ұшағына 1 млн. сомнан астам қаржы аударған.
- c) «Қазақстан мұнайшысы» танк колоннасына 1 млн. сом жинаған.
- d) «Қазақстан колхозшылары» ұшақ колоннасына 1.5 млн. сом аударды.
- e) «Қазақстан колхозшылары» танк колоннасын жасау үшін 1 млн. сом астам қаржы жинаған.

82. «Социалистік мал шаруашылығы» газетінде өлеңдері жиі жарық көрген журналист есімін атаңыз?

- a) З.Қабдолов.
- b) І.Нұрқасымов.
- c) С.Жанғабылов.
- d) С.Үттібаев.
- e) С.Хайдаров.

83. Соғыс жылдарында «цензор» қандай қызмет атқарды?

- a) радиодағы музыкалық хабарды тексерді.
- b) газетте саяси қателер кетпеуін қадағалады.
- c) радиожүйесін басқарды.
- d) телефон байланысын тыңдады.
- e) кітапханалар жұмысын бақылады.

84. Т.Амандосовтың есімі қай селодағы мектепке берілді?

- a) Махамбет с.
- b) Тасқала с.
- c) Таңдай с.

- d)Күлсары с.
- e)Миялы с.

85. «Мұнайшылар мұнай бер, Соны сізден сұрайды ел» атты поэма кімдерге арналды?

- a)колхозшыларға.
- b)мұнайшыларға.
- c)теміржолшыларға.
- d)мұғалімдерге.
- e)құрылысшыларға.

86. Ақын Н.Қанатбаевтың отан қорғауға арнаған өлеңі қалай аталады?

- a)мұнайды көп өндіру.
- b)отанды қорғау, жеңіс біздің жақта.
- c)майданға азық-түлік жіберу.
- d)майданға киім дайындау.
- e)ысырапсыз егін жинау.

87. Соғыс жылдарында Гурьев облысы Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл туын неше рет жеңіп алды?

- a)5.
- b)6.
- c)9.
- d)1 .
- e)3.

88. «Ешқашан ескірмейтін ерлік» атты мақаланың авторы?

- a)Т.Текеев.
- b)Ш.Дәуенов.
- c)С.Сауырғалиев.
- d)Ж.Аймұратов.

е)С.Шәкімов.

89. Партия қызметкері О.Шонаевтың мақалалары қандай басылымдарда жарияланды?

- а)«Балықшылар үні». «Социалды құрылыс». «Нефтянник».
- б)«Прикаспийская коммуна». «Социалистік құрылыс». «Ленин жолы».
- с)«Социалды мал шаруашылығы». «Сталин жолы». «Колхозшы».
- д)«Социалистік Эмба». «Прикаспийская коммуна». «Колхоз жолы».
- е)«Красный Каспий». «Социалистік құрылыс». «Ленин жолы».

90. «Сражающемся Сталинграду» атты кітаптың авторы кім?

- а)Қ. Батырбаев.
- б)Ж.И.Ишмуратов.
- с)К.Досқалиев.
- д)П.Р.Букаткин.
- е)Ә.Кенжебаев.

91. Журналист Т.Амандосовтың «С.к.» газетінде жарық көрген мақалаларының тақырыбы не болды?

- а)қоғамдық тәртіп.
- б)мұнай, ағарту, құрылыс.
- с)дәрігерлік қамту.
- д)көлік қатынасы.
- е)азық-түлік.

92. Теңіздік газеттердің цензорлығына кім тағайындалды?

- а)Қ.Таренов.
- б)Т.Науырзалиев.
- с)Ғ.Аманғалиев.
- д)Ш.Молдабеков.
- е)Б.Байменов.

93. Доссорлық Д.Жазықбаевтың өлеңдерінің арқауы не болды?

- a)туған жер.
- b)махаббат.
- c)Ұлы Жеңіс.
- d)мұнай.
- e)теміржолшылар.

94. Соғыс жылдарында өршіл өлеңдерімен баспасөзде танылған қазақтың халық ақыны?

- a)М.Иманжанов.
- b)Х.Ергалиев.
- c)М.Төлебаев.
- d)Ғ.Мүсірепов.
- e)Л.Хамиди.

95. «Бір қосып жер асты ісін, гараж күшін – күресті күшейтелік мұнай үшін!» («С.Э.») атты ақындар айтысы қашан өтті?

- a)1.09.1944.
- b)10.04.1945.
- c)5.05.1944.
- d)25.03.1943.
- e)4.08.1942.

96. Газет беттерінде қазақ жауынгерлері тенелген батыр-бабалар?

- a)Төлеген. Ертөстік. Қабанбай. Шақшақ. Әбілқайыр.
- b)Ер Тарғын. Махамбет. Исатай. Қобыланды. Алпамыс.
- c)Қаражан. Бекболат. Жанбосын. Ахмет.
- d)Едіге. Қамбар. Болатбек. Абылай.
- e)Қамбар. Қобыланды. Марабай. Алпан.

97. «Қазақ совет баспасөзінің жанрлары» атты кітапты жазған ғалым?

- a) Т.Қожакеев.
- b) Т.Жауыров.
- c) М.Қозыбаев.
- d) Т.С.Амандосов.
- e) Х.Бекхожин.

98. «Социалистік құрылыс» газетіндегі (20.08.1944) «Қабырға газеттеріне көңіл бөлінсін» атты мақала авторы?

- a) Н.Марданов.
- b) Х.Қаусанов.
- c) Ә.Спанов.
- d) Ж.Аймұратов.
- e) Ә.Жұмағалиев.

99. «Үстем болсын мерейің» атты өлеңнің авторы кім?

- a) Ш.Дәуенов.
- b) Б.Қорқытов.
- c) Т.Жаңабай.
- d) Қ.Жүсіп.
- e) Х.Ерғалиев.

100. Сықақ өлең дегеніміз не?

- a) кемшіліктерді шарж арқылы беру.
- b) кемшіліктерді өлеңмен сынайды.
- c) сын-ескертпелерді карикатурамен беру.
- d) ой-пікірді ауызша ескерту.
- e) өлеңмен мадақтау.

101. Ақын Ш.Дәуенов «Сәлем ыстық жүректен» («С.қ.» 21.01.1945) атты өлеңі кімдерге арналды?

- a) мұнайшыларға.
- b) малшыларға.

- c) балықшыларға.
- d) Ел қорғаушы қырандарға!
- e) сушыларға.

102. «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңнің авторы кім?

- a) Нүрпейіс.
- b) Жамбыл.
- c) Шашубай.
- d) Кенен.
- e) Доскей.

103. «Шығыстың қос шынары» деген атаққа не батыстан шыққан батыр қыз?

- a) А.Бараева.
- b) М.Мәметова.
- c) З.Фабдуллина.
- d) С.Маева.
- e) Б. Елгондиева.

104. Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан теңіздік сазгер-күйші?

- a) Қ.Ізтелеуов.
- b) С.Көшекбаев.
- c) С.Айтжанов.
- d) С.Фабдулин.
- e) А.Сарқұлов.

105. С.Айғалиевтың «Қабырға газеттерінің жұмысы жаңа арнаға қойылсын» атты мақаласы «Социалистік құрылыс» газетінде қашан жарық көрді?

- a) 11.03.1943.
- b) 29.12.1944.

- c) 02.11. 1942.
- d) 04.10. 1941.
- e) 27.06. 1942.

106. 1942 ж. елімізге қарсы үгіт жүргізген шетелдік қандай радио?

- a) «Америка дауысы».
- b) «Шанхай».
- c) «Неміс толқыны».
- d) «Азаттық».
- e) «Мұсылман хабаршысы».

107. «Прикаспийская коммуна» газетінде жауынгер Р.Әбішевтің ерлігі туралы хабар қашан басылды?

- a) 09.12.1942.
- b) 23.04.1943.
- c) 05.03.1944.
- d) 27.01.1945.
- e) 12.09.1941.

108. Ұлы Отан соғысы қарсаңында өлкемізге КИЖ бітіріп келген журналистер?

- a) Ш.Қожахметов. С.Сауырғалиев. Қ.Бөрікұлақов.
- b) У.Машанов. Қ.Сұлтанғалиев. Қ.Ізтелеуов.
- c) Ш.Молдабеков. Ф.Аманғалиев. С.Сауырғалиев.
- d) В.Шаншиков. К.Жаншурин. С.Төлебаев
- e) Н.Несібеков. Т.Мұқамбетов. К.Есеев.

109. Соғыс жылдарында «Красный Каспий» газетінің таралымы қандай болды?

- a) 1000.
- b) 800.
- c) 2000.

d) 1200.

e) 1500.

110. Соғыс қарсаңында облыстық газеттерде жұмысы жиі көрінген екіінді құрылыс?

a) Бақсай каналы.

b) Көшім каналы.

c) Куйвышев - Орынбор.

d) Бухара - Самара.

e) Гурьев – Доссор – Қосшағыл.

111. «Газет жұмысын соғыс мүддесіне бағындыру керек» атты мақала «С.к» қашан жарияланды?

a) 1.04. 1942.

b) 27.09. 1941.

c) 20.07.1941 .

d) 02.03.1943.

e) 23.08.1942 .

112. Соғыс жылдарында Қызылқоға ауданында қандай газеттер таралды?

a) қолжазба газеттер.

b) республикалық, облыстық.

c) қабырға газеттері.

d) орталық.

e) Ақтөбе облысының басылымдары.

**113. Аудандық газеттерде Сталин портреттері неліктен сапасыз ба-
сылды?**

a) қағаз сапасыз.

b) клише тозды.

c) баспашылар кінәлі.

d) бояудың жоқтығы.

е) керосиннің болмауы.

114. «Верстальщик» деп кімді айтамыз?

- а) слесарь.
- б) қорғасын қайнатушы.
- с) бет құрушы.
- д) қағаз кесуші.
- е) курьер.

115. А.Токмағамбетовтың «Социалистік құрылыс» газетінде «Женіс біздікі» атты өлеңі қашан жарық көрді?

- а) 8.05.1945.
- б) 23.12.1944.
- с) 3.10.1943.
- д) 25.01. 1945.
- е) 29.06. 1941.

116. Баспасөздегі мемлекеттік құпия қалай аталды?

- а) ТАСС.
- б) ҚазТАГ.
- с) Информбюро.
- д) РОСТА.
- е) ЛИТО.

117. «Ұлы Отан соғысы қарсаңы мен соғыс жылдарындағы Қазақстан мұнай өнеркәсібінің даму тарихы» атты ғылыми еңбек жазған атыраулық ғалым?

- а) Х.Б.Табылдиев.
- б) Қ.С.Мүкитов.
- с) А.Қ.Ахмет.
- д) Н.Сармурзина.
- е) С.О.Қуаныш.

118. А.Токмағамбетовтың «Честное слово» атты сықак өлеңінің кейіпкері кім еді?

- a) оператор.
- b) есепші.
- c) от жағушы.
- d) сауатсыз инженер.
- e) бұрғышы.

119. Новобогат ауданы Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің Қызыл Туымен не үшін марапатталды?

- a) мұнайды мол өндірді.
- b) мал шаруашылығын өркендетті.
- c) озық ағарту саласы.
- d) үлгілі саяси-көпшілік жұмыстары.
- e) егіннен мол түсім алды.

120. Орыс тілінде «Нефтяник» газеті қанша таралыммен жарық көрді?

- a) 800.
- b) 2000.
- c) 1800.
- d) 1500.
- e) 1000.

ҰСЫНЫЛАТЫН ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР

1. Букаткин П.Р. Западный Казахстан в годы ВОВ Советского Союза (1941-1945 гг.). – Алма-Ата, 1967. – 278 с.
2. Ишмуратов Ж.И. Трудовые подвиги и помощь фронту трудящихся Гурьевской области в период ВОВ (1941-1945 гг.). – Алма-Ата, 1971. – 302 с.
3. Доскалиев К. Сражающемся Сталинграду. – Алма-Ата, 1983 г.
4. Табылдиев Х. Социалистік Гурьев тарихы (1917-1937 жылдар). Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация қолжазбасы. – Алматы, 1972. – 287 б.
5. Нығыметов Ф.Н. Қазақстан комсомолдарының республика темір жолдары құрылысына қатысушы (1926-1941 жж.). Тарих ғылымдарының ... қолжазбасы. – Алматы, 1971. – 225 б.
6. Мұқтар Ә.Қ. Қазақ мұнайының тарихы (1940 жылдарға дейін). – Алматы: «Өлке», 2006. – 224 б.
7. Мұхитов Қ.С. Ұлы Отан соғысы қарсаңы мен соғыс жылдарындағы Қазақстан мұнай өнеркәсібінің даму тарихы (1938-1945 жж.). Тарих ғылымдарының ... қолжазбасы. – Алматы, 2000. – 128 б.
8. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860-1958). – Алматы «Мектеп», 1981. – 240 б.
9. Газет жанрлары. Жалпы редакциясын басқарған Т.Амандосов. Алматы, Қазмембас, 1963. – 240 б.
10. Амандосов Т.С. Қазақ Совет баспасөзінің жанрлары. «Мектеп» баспасы. Алматы – 1968. – 243 б.
11. Амандосов Т.С. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. «Мектеп» баспасы. Алматы – 1978. – 272 б.
12. Тауман Амандосов: Өнегелі өмір / ред. басқ. Ф.М.Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 328 б.
13. Қожакеев Т. Сатиралық жанрлар. – Алматы: «Мектеп», 1983.
14. Ыдырысов Т. Шеберлік бастауы. – Алматы: «Мектеп». – 1984.
15. Қабдолов З. Сыр. – Қазақстан, 1975. – 159 б.
16. Қабдолов З. Жебе. Әдеби толғаныстар мен талдаулар. – Алматы. «Жа-

зушы», 1977. – 268 б.

17. Отты жылдар (күжаттар жинағы). – Алматы: Асем-Систем, 2005. – 192 б.

18. Адамдар. Тағдырлар./Люди. Судьбы/ (күжаттар жинағы) Алматы: – Асем-Систем, 2005. 304-бет + 16 жапсырма бет.

19. Женщины Казахстана – активные строители социализма (1918-1945). Сб.докум. и материалов. – Алма-Ата: Казахстан, 1981. – 336 с.

20. Қорқытов Б. Жылнама «Еріктен» басталады. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2003. – 105 б.

21. Қорқытов Б., Қуанышбайұлы Қ. Облыстық «Атырау» газеті. «Атырау-Ақпарат» баспаханасы, 2008. – 200 б.

22. Қорқытов Б. Атырау арыстары. – Атырау: Ағатай, 2008 – 226 бет + фотосуреттер. – 203 б.

23. Қозыбаев М. Тарих зердесі (Арыстар тұғыры). 2 кітап. – Алматы: Ғылым, 1998, 280 б.

24. Омашев Н. Ақпарат әлемі. 2-том. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2006. – 424 б.

25. Жақып Б. Айдындағы Аспан. – Алматы: Атамұра, 1996. – 192 б.

26. Жеңісті жақындатқан жандар. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2005 ж. – 104 б.

27. Ергалиев Хамит. Өмір өрнегі: Эссе, очерк, публицистика. – Алматы: Жалын, 1986. – 384 бет. ж.

28. Аманжолов К. Ерлік жолымен. – Алматы: Жалын. – 1977. – 112 б.

29. Атырау журналистикасының шежіресі (Бас редактор-құрастырушы Төлеген Жаңабай) – Атырау: «Ақ Жайық» баспаханасы, 2009-152 бет + 8 бет жапсырма.

30. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник докум. /Отв.редактор Л.Д.Дегитаева. – Алматы: Асем-Систем, 2005. – С 336 – Архив Президента РК).

31. «Летописи продолжаться», типография КГП «Атырау-Ақпарат» – 269-стр. 2010 г.

32. Облыстық «Атырау» газеті. «Атырау-Ақпарат» баспаханасы, 2008 ж. 200 б.

33. Атырау: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2000. – 384+72 түрлі

түсті жапсырма.

34. Жылыой қаламгерлері. Алматы: «Исламнұр» баспасы, 2005. – 392+24 б. жапсырма.

35. Сүндетұлы Қ. Атырау баспасөзінің тарихы (1917-1955 жж.) Оқу құралы. – Алматы, 2014. – 320 бет.

36. Сүндетұлы Қ. Қазақстанның батыс өлкесіндегі баспасөздің дамуы (1917-1940 жж.). Монография. – Атырау, 2008. – 163 б.

37. Асуы мол алпыс жыл / Құраст. Б.Сисенов; Атырау: «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасының «Шежіре» шығармашылық орталығы, 2014, 250-бет.

38. Дәуірімен үндес «Дендер» / Атырау: «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасының «Шежіре» шығармашылық орталығы, 2014, 291-бет.

39. Елеуов М. Ауыл мәдениетінің өрісі. – Алматы: Қайнар, 1983. – 85 б.

40. Советский Союз в годы Великой Отечественной войны. – Москва, «Наука». – 1985. – 123 с.б.

41. Шишов Н.И. В борьбе с фашизмом: (Интернац. помощь СССР народам европейских стран, 1941-1945 гг.). – М.: Мысль, 1984. – 270 с.

44. КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. 9-ое изд., исправил. и доп. – М., 1985. Т.7. с.113.

45. Дәуенұлы Ш. Ешқашан ескірмейтін ерлік // Ата мекен. «Атырау» газетінің әдеби-тарихи серігі. № 36, желтоқсан, 2001.

46. Тәжбентай С. Кісілік арналары. – Атырау, 2002, 248 б.

47. Қонысқалиев А. Майлы қиян – Мақат. – Алматы: «Өлке», – 2005. –296 бет.

48. Елеусінов А. Боздақтың пәк қаны. – Алматы: «Исламнұр», – 2010. –240 бет.

Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ

ҚАҺАРЛЫ ЖЫЛДАР ШЕЖІРЕСІ
(1941-1945 Ж.Ж.).

«Атырау-Ақпарат» ЖШС директоры Төлеген Берішбай

Редакторы Зиза Есенғалиева
Көркемдеуші-дизайнер Сәуле Сариева

Басуға 29.06.2015 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84\16
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «Palatino»,
Шартты баспа табағы 18,5. Таралымы 100 дана. Тапсырыс № 827

Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі 29 а
тел(факс): 8(7122) 45-86-60